



ՇՈՒԱ ՐՍՏԱՅԵԼԻ

ՋՕԵԱՐԻՑ ԴՈՒԴԻ
ՋԱՆԱՆԴԷՅ



А у д а р ғ а н
Хамза АБДУЛЛИН





ШОТА РУСТАВЕЛИ

**ЖОЛБАРЫС ТОНДЫ
ЖАҢАНГЕЗ**





ქართული
ნაციონალური
ბიბლიოთეკა

С(Груз)1
III81

Or 603
109 R

P $\frac{0743-060}{M402(07)-74}$ 96-73

© «Жазушы»—1974

საქართველოს
პარლამენტის
ბიბლიოთეკა
ბიბლიოთეკა



АЛҒЫ СӨЗ

Грузин халқының ұлы ақыны және терең ойшылы Шота Руставели XII ғасырдың екінші жартысында дүниеге келді де XIII ғасырдың бірінші жартысының аяқ шеніне дейін өмір сүрді.

Шотаның 800 жылдық тойының қарсаңында грузин ғалымдары ақынның өмірі мен творчествосын зерттеу саласында көптеген ғылыми жұмыстар жүргізді. Соның нәтижесінде, Шота туралы ежелден белгісіз болып келген жұмбақтар шешіліп, кең әлем бүгінгі таңда Ортағасырдың дәнiшпан ақыны туралы аса бағалы деректерге ие болып отыр.

Дастанның кіріспесі мен соңғы сөзінде ақын өзінің Тамарамен де, Давидпен де тұстас екендігін еске салып кетеді. Давид Сослани Тамараға 1189 жылы үйленеді. Демек, Шота бұл дастанын 1189 жылға дейін бастаған. Егерде Давидтің 1207 жылы, ал Тамараның — 1213 жылы қайтыс болғандығына зер салсақ, дастанның 1207 жылға дейін жазылып біткендігі де айқындала түседі.

Шота Руставелидің туған жері — қазіргі Рустави селосының жанындағы (Месхетия) Рустави қорған-сарайы. Бұл ол кезде Шотаның әкесі Чахуркели-бектің жеке меншігіндегі ғимарат болған.

Кейіннен осы қорған-сарай «Нино қорған-сарайы» атанып кеткен. Қорған-сарайдың олай деп аталуына, аңыздың айтуына қарағанда, Шотаның сүйген қызы Ниноның қорғанның биік дуалынан құлап өлуі себеп болған-мыс.

Бұл — Грузияның «алтын ғасырды» бастан кешкен шағы. Кавказда да, Орта Азия мен байтақ қазақ жерінде де Араб Халифатының үстемдегі түгелдей ыдырап, екеуінде де екі үлкен мемлекет еркін дәуірлеген кез. Солай болғанымен де, бұл Кавказ бен Хорезмнің мәдени өміріндегі араб-иран ықпалының мейлінше басым кезі. Бұл кезде Жебе-Ноян мен Сұбетай-Батырдың түмендері Кавказ түгіл, Отырарға да жете қойған жоқ-ты.

Шота дастанында өзі туған Грузиясының баламасы етіп Аравия мен Үнді-



станды, оған тең келетін ең ірі күшті мемлекет ретінде Хорезм Империясын алатыны да осыдан. «Жаһангезді» зер сала оқыған қандай ғалым болса да, осы тұжырымға тоқырайтыны сөзсіз.

Үшінші Георгий мен оның қызы Тамара-патша арабтар мен ирандықтарды ата жауы деп санаса да, оқу орындарында грузин шәкірттеріне олардың тілін үйретуді, классикалық әдебиетін жаттатуды ерсі деп есептемеген. Ал Шотадан сәл бұрын өмір сүрген бірнеше ақындардың шығармалары бастан аяғына дейін көне иран әдебиетімен шектесіп жатады. Тмогвелидің «Висрамиани» мен Хонелидің «Амира-Дареджанианин» ғалымдардың фарсыдан аударылған шығармалар деген шешімге келулері де дәлелсіз емес.

Талай ғалымдар Шотаның мұсылман еместігіне күдіктенген. Бұған себеп — кеменгер Шотаның өз заманындағы шығыс мұсылман елдерін үлкен махаббатпен жырлауы. Мұндай әдіс, шынында, ұлы ақынның ұлы дастан жазудағы ақындық тілектерінен туады деп түсінугіміз керек.

Дастанда, дұрысында да, Аравия мен Үндістан, Хорезм мен Шығыс Түркстан сияқты кілең мұсылман мемлекеттері жыр етіледі. Бірақ дастандағы қандай сурет-сипаттаманы алсақ та, соның бәрінде де грузин елінің, грузин халқының түр-нұсқасының таңбасы жатыр. Асылы, ұлы ақын қай-қайдағы шалғай жатқан елдерді суреттей отырып, өзінің туған Грузиясын тебірене, күңрене жыр еткен. Оның асқан ұлылығы да, тұңғыш даналығы да, сайып келгенде, міне, осында.

Екіншіден, Тамараға Шотаның іштей ғашық екенін, «Жаһангездің» дүниеге келуіне де осы жағдайдың басты себеп болғандығын естен шығаруға болмайды. Қол жетпес алыс арманды ұлы ақын осылай айтпағанда, қалай айтуға тиісті?.. Әрбір дана өз жүрегіне өстіп табына алса, арман не?

Тұлпар алысқа шабады, сұңқар жаз жетпес қияға самғайды. Әрбір тұлпар ақын өз елінің шеңберінде ғана қалып қоймай, қиядан қомданып, құлашын кеңге жаяды да, өзінің бүкіл әлемдік екенін әйгілейді, барлық адамзаттың ой-арманын көксейтіндігін паш етеді. Олар ұлттық немесе діни шеңбер дегенді білмейді, білгісі де келмейді.

Бірақ осының бәрін сол кездегі таптар діни соқпақтан шыға алмай жүрген Грузияның дүмше сопылары түсіне қойған жоқ. Олар Шотаны Мұхаммет дінінің мұрагері, соның ой-идеясын арашалаушы жыршысы деп түсінді. Сөйтіп, өздерінің діни жолдағы шолақ түсініктерін қару етіп, Шотаға қарсы шықты.

Шотаның бертін келе өз елінен безіп, Иерусалимге мәңгі кетуіне де осы жоғарғы қоғамның діншіл жендеттері себеп болғанды.

Қалай болған күнде де, Шотаның өмірге көзқарасы дүниедегі барлық халықтардың асыл арманымен шектесіп жатады. Ол жалынды жырымен қазіргі біздің заманымызбен де тілдесе алды. Ол өз халқының ұлттық мінез-құлқын, әдет-ғұрпын айнаға түсіре отырып, бүкіл жер шары халықтарының арасындағы достықтың жыршысы екендігін әйгіледі. Барлық әлемдік озат ой-пікірдің табысын да, намысын да сақтап қала білді, ескі антик тарихының алтын дәуірімен де үндестік таба алды. Ұлы Шота әлем алдында осы ерекшеліктерімен айырықша бағалы.

Шота тілімен айтқанда, жырдың екі қасиеті бар: біріншісі — оның асқақтығы мен құлашының кеңдігі; екіншісі сол алып жырдың таза Аспанмен тілдесе алатын таза махаббатты жырлай білуі. Махаббаттың тәңірісі — жыр. Жыр құдіреті — махаббат.

Шота дастанының өнбойында тіршіліктің тылсымына толы Жер өлемі Аспан тазалығының алдында тағзым етеді. Ақынның тұжырымынша, Аспан арайы Жердегі махаббат сияқты таза



сезімдерге ғана өз шапағынан сәуле бере алады. Дастан қаһармандары Аспан тазалығынан сусынданған, өзгелерге өнеге боларлықтай, ғибрат берерліктей, көдімгі Жердегі қарапайым адамдар. Қарапайым болғанымен, олардың жаны да, тәні де әрі сұлу, әрі таза, әрі асқақ. Демек, Шота сұлулыққа табынушы емес, сұлулықты жасаушы. Шотада Жер сыры мен Аспан тылсымын ұштастыра алатын сиқырлы күш бар.

Шота Руставелидің туған, өскен және білім алған жері — Месхетия: XI ғасырда салынған Гелат академиясы. Ақын мұнда тек ғылымнан ғана емес, сонымен бірге өнердің де барлық түрінен жан-жақты білгір болып шығады. Жақ тарту, қылыш шабу, аң аулау сияқты рыцарлық өнерге де құштар болады.

Шота теңіз жанды, теңіз сырын терең білген адам. Қара теңіздің асау толқындарында тербелу, тау шыңдарына шығып, күнренген теңіз күйін тыңдау Шота үшін шаттық шегі болған сияқты.

Шота академияны үздік бітіреді. Бітірген күні үлкен той болып, сол тойға қыз патша Тамара да келеді. Жігіттер сан алуан өнер сынынан да өтеді. Қай саладан сайысса да адамзаттың болашақ дәнiшпан жыршысы өзiн биiк өнер өрінен көрсете алады. Оның ерекше өнерлілігі Тамараны да қайран қалдырады: Тамара Шотаның басына өз қолымен алтын гүлдер шоғын (тәж) кигізеді. Осы бір сәтте патша қыздың нәркес көздерінен ұшқан ұшқын дана ұланның жүрегіне жебедей қадалып, мәңгілік дақ қалдырғанға ұқсайды. Кім білсін, егер осы бір оқиға болмаса, кейін бүкіл жаһанды сазды әуенте бөлеген, адам сезімін мұңды жырмен тербеткен мынау «Жолбарыс тонды жангез» дүниеге келер ме еді, жоқ па?

Содан соң Шота біраз жыл патша сарайында тұрады: Шота үшін ең бақытты, сонымен бірге мәңгі еңпей, жалыны барған сайын шалқи түскен

шерлі кезең басталады. Кенеттен, Шотаға Грецияға сапар шегуге тура Шота мен Тамараны айырылысуға мәжбүр етеді. Себебі — ол заманда қара қауымнан шыққан кісіге ерге шығуға патша қызы еріксіз болатын.

Грецияға жүрер алдында Тамара ақынға: «Жүрек сезімің телегей-теңіз махаббат жырына айналып, қағаз бетіне түссе!» — дегендей ишарат білдіреді...

Батыста бірнеше жыл өнер бұлағынан сусынданған Шота туған еліне оралғанда, Грузия өзінің дана перзентін құшағын айқара ашып, қарсы алады.

Грецияда жүріп бастаған дастанын Шота еліне келіп аяқтады.

Үлкен жыр жорығын аяқтаған ақын, асыл арманының асқарына шықса да, бақыт баспалдағына қадам баса алмайтын халге душар болды: феодалдық қоғамның діни көсемдері ұлы ақынның шалғай болашақпен үндесіп жатқан жалынды жырын найзаның ұшымен қарсы алды. Надан дүмшелер өз ақынын шеркеудің жауы деп тапты. Тіпті, Тамараның өзі де, әуелі ақынды қаржы-қазына уәзірі етіп тағайындағанымен, кейіннен, үстем таптың озбырлығына төтеп бере алмай, дәрменсіздік білдірді.

Сөйтіп, Месхетия топырағынан жаралған дана ақын өзін поэзия алыптарының сапына қосты, бірақ, амал қанша, оның есесіне туған елін мәңгі тастап, XI ғасырда Иерусалимде грузиндер салдырған Киелі Крест монастыріне сапар шекті. Алайда сұлу жырды пір тұтатын грузин халқы өзінің асқан дәнiшпан ақынының тау бұлағындай мөлдір жырынан нәр алып, оны мәңгі қорек етті...

Грузин халқы ертеkte де, аңызда да ұлы ақынның атын жоғарыда айтылған Киелі Крест монастырімен байланыстыратын. Осыған орай, 1960 жылы ақын-академик Ираклий Абашидзең басқаруындағы грузин ғалымдары (А. Шанидзе мен Г. Церетели) Иеруса-



лимге барып, монастырь қабырғасына салынған Шотаның суретін тапты, ақынның осы монастырде жерленгендігін анықтады.

Шотаның жырында, дұрысы, Батыстан гөрі Шығыстың әсері басым. Оны біз, біріншіден, өте көп кездесетін араб, иран, түркі сөздерінен және жиі кездесетін (Фатима, Үсейін, Үсен, Нұрадин, Шәймерден, Рамаз) шығыс аттарынан байқаймыз.

Екіншіден, Шота Құранды да жатқа білгенге ұқсайды. Мысалы, Автандилдің мешітке барып:

**«Жаппар ием, рахметі мол!
Сүйенетін сен тірегім.
Жебе өзің құлыңды адал,
Құламасын бәйтерегің.
Оттан, судан, жыңнан, мұңнан
Сақтамасаң, қайтер едім?
Шалып құрбан, жалбарынам,
Сынама да айтамын мұң!»**—

деп оқыған намазын кейбір Құран еурелерінен айырып болмайды.

Үшіншіден, «Жаһангезде» қазақтың, түркменнің ертеректі мен дастандарына ұқсас жерлер толып жатыр. Мысалы, бір ханның баласының перінің қызын іздеп бара жатып, үңгірдегі диюларға тап болуы, одан алтын сандықтар ішінен қарулар тауып алуы немесе Қобланды мен Алпамыштың жорықтан оралғанда, аталарының — құлға, аналары мен сүйген жарларының — күңге айналударын естулері, тағысын тағылар...

Демек, Шота бізге сырымен де, жырымен де жақын.

Грузияның ұлы ақыны қазақ еліне үстіміздегі ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан (К. Вальмонттің аудармасы арқылы) бастап таныс. Сол кездегі қазақ зиялыларының «Жаһангезді» оқымағаны кем де кем. Ал қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовты алатын болсақ, ол Одақ бойынша Шота ту-

ралы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізгендердің бірінші тобына жатады.

«Жолбарыс тонды жаһангезді» соңғы қырық жылдың ішінде қазақ тіліне аудару мәселесімен шұғылданып жүрген ақындардың саны өте көп. Бірақ солардың ішінде ұлы шығарманы игере алған бір де бірі болмады. Поэзиялық және ғылыми тұрғыдан көз салсақ, тек Х. Абдуллин аудармасының солардың бәрінен де жоғары, дара тұрғанын байқаймыз.

* * *

Шота дастанының кіріспесінде шын мағынасындағы ақындық шығарма жасау үшін ақынның қамтитын ауқымы алыс, тынысы кең болу керектігін, тек осының өзі ғана ақынның ақындығын дәлелдей алатын қасиеттерге жататынын айтып айтады.

Шотаның жыр жолдарының әуенділігі мен ішкі ұйқасымдарының өте жиі кездесуі және сөздер арасындағы үндестіліктің басымдығы — оның өлеңдеріндегі ересен бір әсемділіктің белгісі.

Ақынның метафоралар мен афоризмдерді құйылтып, құбылтып, дастанның әрбір шумақтарының көңіл күйіне сәйкестендіре бере білетін әдісі де Шотаның теңдесі жоқ үздік жүйрік екендігінің айғағы.

Кейіпкерлерді бейнелегенде, ақын оларды гүлдерге, асыл тастарға, жұлдыздарға, ай мен күнге, немесе арыстан мен жолбарыс сияқты айбарлы аңдарға теңеп отырады. Осының бәрінде де жаңағы атаулардың әрқайсысын дастандағы жыр шумақтарының көңіл күйіне сәйкес қолданады.

Мысалы, «раушан» — сұлулық пен тазалықтың баламасы. Ал раушанның сабағындағы тікенектер — сұлулықтың қорғанышы. Егер Шота кейіпкерін толған айға теңесе, онда сол кейіпкерінің көңілді, шаттықты шағын сипаттағаны. Ал жаңа туған не тұтылған айға теңе-



се, онда — кейіпкердің бір сәтсіз сағатқа душар болғаны.

Осындай қуанышты я ренішті кезеңдерді жырлағанда да Шота сол жырлардың әрқайсысының өзіне лайықты әуен беріп отырады. Мысалы, көңілді немесе аң аулау сияқты оқиғаларды желдірмелетіп, көтеріңкі етіп, ал қайғылы және шерлі оқиғаны — басыңқы етіп беріп отырады.

Шығыстың қай ақынын алсаң да, метафора ретінде, айды, күнді, жұлдызды, нұрды көп келтіреді. Бұл олардың творчестволық ерекшелігі. Ал Шотада метафорасыз жол жоқ десек те қате айтпаған болар едік. Мысалы: «ақық» — кірпіктің, «раушан» — жүздің, «меруерт» — тістің, «арыстан» — ердің, «күн» — бетінен шапақ шашқан сұлу қыздың баламасы.

«Жаһангездің» өлең жолдары 16 буынды шаіриден тұрады. Шумақтағы төрт жолдың төртеуі де (а-а-а-а схемасы бойынша) бір-бірімен ұйқасып отырады. Шота дастанына ең ауыр түрді таңдап алған сияқты. Өйткені, ерте замандағы Шығыстың ұлы ақындары бірін бірі керемет сыйлай отырып, бірі мен бірі шексіз бәсекеде болған, бірінен бірі қалай да болса (түрден де, мазмұнан да) асып түсудің амалын іздейтін болған.

Дастанның арғы тегі грузиннің сегіз буынды халық жыры болғанымен, бұл сол кездегі әлем әдебиетіне келген кесек жаңалық «Жаһангез» — көп жылғы ой толғаныстарының жемісі. Бұған ақын, сөзсіз, үлкен дайындықпен келген, алдында оңай алдырмас жыр қамалының тұрғандығын түгелдей сезінген.


Ізгі адамгершілікті, таза махаббатты, адал достықты, халықтар мен елдер арасындағы бейбіт өмірді түпсіз теңіздің асау толқынындай айбарлы күшпен жырлағанда, Шота жырдың сұлулық өміріне қажетті барлық поэтикалық

әдістерді түгелдей қолданып баққан. Өлең шумақтарын аса көркем дәстүрлі, әсем де әшекейлі бояулармен нанымды бейнелеп, оқырманның жүрек қылын сұлу сазбен шертіп, жан сезімін ояудың жолдарын іздестірген. Ақының қолданатын аллитерациялары мен ассонанстары (бір жолда тұрған сөздердің алдыңғы я соңғы буындарының ұйқасуы), консонанттар (бір жолда тұрған сөздердің бірінші әріптерінің біркелкі болып келуі) мен атақты Руставелилік маджамдары (әр мағналы біртекті сөзден құрылған ұйқасым) осы ізденістерге қосылатын басты үлестер. Шотаның телегей-теңіз дастанына айырықша көрік беріп, оны өзгелерден дара ұстап тұрған да осылар.

Дастанның қазақшасын оқып отырғанда, оқырман өзін жаңа бір жыр дүниесіне тап болғандай сезінеді. Мұның құпиясы аударма авторының тек Руставелиге ғана тән поэтикалық әдісті түгелдей түсініп, түгелдей сақтай алуында жатыр. Оқушы мұны түсініп оқуы керек.

Біз аударманы әуелі С. Иорданишвилидің жолма-жол аудармасымен салыстырып қарап көрдік. Мұнда біз тек мазмұнда алшақтық жоқтығын анықтадық. Ал енді аударманың поэтикалық жағына зер салу үшін Шота туралы біраз ғылыми-зерттеу кітаптарды оқуға тура келді. Сөйтіп қана аудармашының тек аудармашы емес, сонымен бірге оның үлкен зерттеуші екеніне көзіміз жетті.

Аудармашының өз сөзіне қарағанда, ол әуелі барлық көркем аударма варианттарын салыстырып отырып, жолма-жол аударғанда, кейіннен сол жолма-жол аудармасын Шотаның өз әуеніне қарай түгелдей қайта жасап, көркем дастанға айналдырған. Ал орысша көркем аудармалардың ішінен тек Руставелиге ғана тән ерекшеліктер мен әсемдіктерді іріктеп, сұрыптап ала білген.



Аудармада да, түпнұсқадағыдай, әр жолдың ішінде ішкі ұйқастар жиі кездесіп отырады:

«Мен білемін, сен нұр едің мөлдір сезім аранасындай».

Бұл жолдың бәрі де аллитерация мен ассонанстардан тұрады. Ал:

«Қыран құстар қырды қоймай құрлар менен қыргауылды»

деген жолдан біз аударма авторының консонанттарды тамаша шеберлікпен пайдаланғанын байқаймыз.

Егер:

«Мөлдір бұлақ, балғын құрақ, басымдағы бақ жұлдызым»,—

деген жолды алатын болсақ, онда біз бұл жолда Шотаның қолданатын ақындық компоненттерінің бәрі бар екендігін анықтаймыз.

Әдетте Шота осы ішкі ұйқасымдарды:

«Күн сөнсе егер, гүл де семер — дауыл жығар дара ағашты»,—

деген сияқты етіп, жолдың бірінші жартысында қолданып отырады. Ал Хамза Шотадан үйренген ақындық әдісін одан әрі дамыта қолданады. Мұнда біз кейде жолдың бірінші жартысының аяғындағы сөздер мен екінші жартысының басындағы сөздердің ұйқасып отыратынын («Сөздерінен сең тулады, сел шулады құлап үстен») көрсек, кейде бүкіл жолдағы бірнеше сөздердің соңғы буындарының («Тартқан сыйым: асыл бұйым— көңіл күйің үдер мүлде») ұйқасып отыратынын көреміз.

Кейбір шумақтар:

«Сүйгеніммен дидарласып, шыңдарға асып көңілдендім.

Дерт боп жанған, өртке айналған жүрегіме өмір бердім.

Досыма да, қасыма да сыр шертуді өлім көрдім,

Таң боп атқан әр заматтан махаббаттың шөлін көрдім!»

сияқты болып, түгелдей кілең руставелилік ішкі ұйқасымдардан құрылып отырады.

Руставелилік маджамдарды да аударма авторы, мақтауға тұрарлықтай етіп, шебер бере білген:

«Хожам, істі қолыма алып орныңды мен баса алмаспын, Бәрін тастап, елді бастан, сіре, өзіңнен аса алмаспын!»

Дастанда афоризмдер мен метафоралар тіпті көп. Аудармашы оларды, әрқайсысын өз орнында, өз қалпында бұлжытпай түсіре білген.

Ауыстырмалы метафоралар ретінде қолданылған атауларда жеткілікті. Олар: Күнкелбетті (Солнцеликий), Жарқынжүздім (Ясноликая), Раушан (Роза), Шұғла (Светило), Нұр (Луч солнца) тағы басқалар. Бәрі де бас әріппен жазылған.

Салыстырмалы метафораларға келсек, жағдай тіпті басқаша:

«Көріп патша Құрма Ағашын пейіште еркін өсе берген. Салды айғай: «Бұл — күн нұры көшемізге нөсері енген!»

Мұнда: «Бұл — күн нұры» деп Құрма Ағашын (Нестанды) күннің нұрына салыстырып отыр.

«Жүзі — раушан, ерні — райхан, меруерт тісі тізбектеліп», деген жол да осындай.

Міне, — мұның бәрі де «Жахангезді» аударуда кездесетін ерекшеліктер. Былай айтқанда, Руставелидің адам жанын әсерлі күйге бөлейтін сиқырлы өлеңдерімен рухталынған ойларын басқа тілге көшіру мейлінше қиын: мазмұнын толық берсең, сұлулығы ақсап, сұлулығын толық берсең, мазмұны сылти басып қалып отыруы ықтимал. Сол үшін, алдымен, дастанның тұңғық рухын терең түсінген жөн. Тек сонда ғана аударманың идеялық ішкі сырына оның



сыртқы сұлулығы сайма-сай келіп, бір бірімен ұдайы үйлестік және үндестік тауып отыруы мүмкін. Х. Абдуллиннің сарылып отырып, көп жыл істеген еңбегі бізге осыны айтады.

Ақынның әрбір өлең жолдарында адамның жан-жүйесін әуенді әнмен әл дилейтін, сұлу сезімді баурап, өсіріп отыратын бір сиқырлы күш бар. Күміс күлкілі сол жолдар жан-жақтан сылдырап келіп қосылған сала-сала бұлақ тасқынындай бір бірімен келісімді үйлестік тауып, өріліп келіп бір арнаға құйылып жатады.

Міне, Руставели жырларындағы осындай тылсымға толы құбылыстарына егіле білмеген ақынның оның шығармасын аударып, көдеге жарата алуы неғайбыл. Ал Х. Абдуллин осы бір кесек дүниеге кірісер алдында кездесетін қиындықтардың бәрін де сезінген адамға ұқсайды. Аударма ғылыми тұрғыдан жасалған. Ол өлең-жырды жан-тәнімен сүйіп оқитын, жыр дүниесіндегі сұлулықты жақсы айыра білетін қазақ халқына Шотаның кім екенін жеткізе айтып бермек болған.

Шота сияқты алыпты аударатын ақынның, шынында да, өз поэзиясын ғана терең түсінетін, өз елінің жырын ғана ұршықтай иіре алатын ақыны болып қалуы жеткіліксіз. Ол сонау Гомерден бастап кешегі Абайға дейінгі бүкіл әлемдік өлең-жырды, әсіресе, Шотаның ақындық арнасының бір саласы — классикалық Шығыс поэзиясын жақсы білуге тиісті. Біз Шотаны аудармақшы болған адамға, ең алдымен, осы тұрғыдан қараймыз. Біздіңше, Хамзаның күші де осында.

Осы аударма арқылы қазақ поэзиясына бұйра бөрікті, күміс кіселі Шотаның дәл өзі келгенін байқайтындаймыз. Ашып айтқанда, біз мұнда Шотаның тау тасқынындай ақындық рухының түгелдей сақталғанын көреміз.

Екіншіден, үлкен дастанның бастан аяғына дейінгі біркелкі құлпырмалы да

ырғақты сарыны, бәсеңдетілмей, күлкілі көтеріңкі қалпында берілген. Шотаның өлең шумақтарының бір әуенде, бір салмақта, Шотаның өзіне ғана тән асқақтықпен аударылуы арқылы қазақ жырына да жаңа бір қосымша сипат пайда болған.

Үшіншіден, аударма авторы Шота теңеулерін, метафоралары мен афоризмдерін өз қалпында түсіре алған.

Шота шәірлары мен қазақ жырларының силлабикалық болып келуі де дастанның сыртқы түрін қазақ өлеңдеріне жақындата түседі, түсінікті ете түседі. Сөйтіп, «Жаһангездің» бізге тек ішкі мазмұнымен ғана емес, түрімен де, барлық ақындық әсем әуенімен де жақын екенін аңғарамыз. Осыны ең алдымен дастанды аударған адамның білгені, сақтай алғаны қатты қуантады.

Бұл жөнінде академик Мұхтар Әуезов былай дейді: «Грузин поэзиясының біздің поэзияға ұқсайтын біраз өзгешелігі де бар. ...грузин өлеңінің күллі ырғағы көбінесе я жеке дыбыс, я топ дыбыстардың қайталап келіп отыратын үндестігіне сүйенеді. Аллитерация, ассонанс үлгісі. Бұл ерекшелік бірқыдыру тілде өзіндей ғып шығаруға қиын соғатын болса, қазақтың ескі, жаңа поэзиясының барлығында да ұдайы кездесіп отырады. Руставели өлеңінің өзінде бар жерлерге келгенде, біздің аударушылар сол үндестік ырғақтың қай түрін болса да емін-еркін қолдана алады».

Аударманың ішкі жан-дүниесі мен сыртқы тұр-сипаты да тең түсіп отырады. Мұнда ұлы ақынмен үлкен үндестік бар. Дастандағы оқиға желісін, кейіпкерлер бейнесін, автордың асқақ ой сезімін аудармашы түгелдей ұға білген. Дастанда жырланатын не қилы көңіл күйі, табиғат суреті, кейіпкерлер портреті, саят, ұрыс-майдан суреттері — бәрі де қазақшасында әдемі айтылып, жалын жанды, мінсіз мүсінді сұлу жырға айналған. Дастанды кесек алғанда, замана рухы, өмір тынысы, интонация-

лық екпін, ескек жібек желдей жылы лебіз — бері де адамның эмоциясына салған жерден-ақ ерекше әсер беретін қалпында шалқып жатады.

Ең бастысы — өлең шумақтары, Шотаның бейнелеу әдісімен шектесе отырып, қазақтың өзінің төл-тума шығармасы сияқты жатық, айтар ойы анық болып дүниеге келген.

Аударма авторының тілі сауатты және мәдениетті.

Х. Абдуллин жеті мың жолға таяу аударманың көпшілігін төрт буынды ұйқастармен берген. Төрт жолдың төртеуін де төрт буынды ұйқастармен беру қаншама қиын болса, соншама сұлу. Мұндай ұйқасымның тағы бір аса айырықша қасиеті — оның (дастан қаншама ұзақ болса да) қайталанбауы. Оның үстіне осы жеті мыңға жуық жолдың ішінде ұйқасымнан тыс тұрған бір де бір жол жоқ. Демек, әр шумақтағы төрт жолдың төртеуі де ұйқасып отырады. Бұған тармақтарда жиі-жиі кездесіп отыратын ішкі ұйқасымдарды қоссақ, қазақ өлеңдерінде бұрын аз кездесетін сұлулықты көреміз. Осының бәрі де аударма авторының өз басына өзі тілеп алған барып тұрған ауыр, барып тұрған қиын әдісі. Соның өзінде де мазмұн мен түр, тізе қосып қатарласа, бі-

рінен бірі қалып қоймай, ерегісті екпінмен алға қарай жүйткі түседі.

Хамза Абдуллиннің 25 жыл еңбек етіп, қазақ жыр әлеміне тарту еткен бұл баға жеткісіз дүниесін әдебиетіміздің өміріндегі аса бір үлкен, айта қаларлықтай мәдени табыс деп таныған жөн.

Сонымен, алдарыңызда ұлы ақын Шота Руставелидің ұлы поэмасы — «Жолбарыс тонды жаһангез».

Академиялық дәлдікпен, поэманың өзіне тән өлшеулерімен, үйлесім-үндестіктерімен, ішкі-сыртқы ұйқастарымен, ассонанс, консонанттарымен аударылған поэма бүгінгі оқушыларға (әсіресе жастарға) жат көрінуі де мүмкін. Алайда, Гомердің «Одиссея», «Илиада» поэмаларын, Дантениң «Доғағын», Гётениң «Фаустын» әр ұлттық әдебиеттің өз әуеніне бағындырып еркін аударуға рұқсат болмасақ керек.

Адам баласының дүниелік алтын қорына жататын көркем шығармалар өз қалпында, өз бояуларында, өз стилінде аударылуға тиісті. Хамза осы жолмен аударған. Мен де осыны дұрыс көрдім.

Ғабит МҮСРЕПОВ,
жазушы-академик.





КІРІСПЕ

- 1 Жасаушы ием кең әлемді құдіретіңмен бір өзіңнің,
Жерге рухтан ұрық септің күшіменен күн көзінің,
Тәж-тах тартып патшаларға өзіңе ұқсас нұр лебізді,
Адамға арнап бердің бәрін гүлге оранған жер жүзінің.
- 2 Өзің, тәңрім, тұрған сақтап тіршіліктің түр-нұсқасын,
Жебеп, қорға! — Қараңғы орға жығып Ібліс, нұр құшпасын.
Көкке ұшыр күнәмді көп! Азапқа ауыр төзгіш басым!
Өзімді өрлет, — залымдардың жүрегіне түн қыстасын.
- 3 Патшаны да, қалқан тосып, қас жауымен қанжарласқан,
Шашы — құндыз, көзі — жұлдыз, ханшаны да алшаң басқан,
Дәріптейін, жыр нәсерін түйдек төгіп, тайсалмастан,
Кім бал жұтпас, құштарланып, —
көрсө бұл қос жайсаңды асқан.
- 4 Тамараның айтам көркін көз құрышын қандырғандай,
Өремін шір сұлу сөзден өзекті өрт қып жандырғандай.
Сия етемің жасын көздің бір қарасы талдырғандай,
Жүректерге қадалсын жыр өшпес белгі қалдырғандай.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ҰЛТТЫҚ АРХИВ ЖӘНЕ
КІТАПХАНА КӨПЕТІ

- 15 Патша қызды жырлайын бір етіп еміс-еміс мадақ,
Шұғла кірпік, қастары — ай, жүзі — гәуһар, күміс қабақ,
Ерні — жақұт, тісі — меруерт, түсі — алқызыл пүліштей-ақ:
Тас қырнаса қорғасынмен, шын ұста да тыныстамақ.
- 6 Маған керек оттай жүрек, өлең де ерек оқтай күші,
Тұңғиықты терең ойдың парасатты жақтаушысы.
Мадақтайық Тариэльді, көркі — әлемнің мақтанышы,
Үш батыр дос тағдыр қосқан: күндей көпке жаққан ісі.
- 7 Еңірейін еске ап ерек Тариэльді бағы қашқан,—
Күңренейін! Үстімнен кеп құлағандай тағы да аспан!
Руставели — әйгілі атым, тазартылған жаны ластан,
Тіздім сәндеп ескі ертекті — меруертті жамырасқан.
- 8 Мен бір жырау Руставиден, — патша қызды жырлап тағы,
Қапас түнге аттанарда қолбасшыны ордадағы
Дәріптеймін. Ғашықтарға сусын таппас сиқырдағы,
Бер шифа су я мәңгі ұйқы жер астынан қап-қараңғы.
- 9 Грузиннің ертектерін шыққан ескі Шығыс жақтан,
Оңтүстіктің меруерті деп сан қолдарда сылдыр қаққан,
Тіздім әкеп әшекейлеп түзу жібек жіпке тартқан,
Ару патша азабымды азайтсын деп, құрмай қақпан.
- 10 Көздерінен тартты ол садақ, күтем нәзік көз қарасын,
Махаббаттың оғы тиіп кездім ғалам кең даласын.
Жанға керек жайлы орын — мейлі денем күлге айналсың,
Үш ересен қаһарманға жүрегімнен жыр арналсын,
- 11 Қуанышпен алу парыз жіберілген тағдыр ісін,
Дихан жыртса жер қыртысын, қанға бояр ер қылышын.
Ғашық жандар асқақ заңғар жасаса да шер үлгісін,
Алдында елдің айыпсыз боп: «Ағат емес — дер — бұл ісім!»
- 12 Жыр — бір рух, адам жанын әлдиге алып, дарынды ашқан,
Самғайтұғын, сырты жылтыр бос мәнерге табынбастан.
Сөз тәңірімін, өткір ойлы, тындайтұғын зарымды аспан.
Асқақтықтан арылмастан жаңа сазды сарынды ашқам.
- 13 Ат саңлағы ұзақ жолда талмай шауып терді ақтарар,
Дәлдеп ұрған ұшқан допты жеңіс табар, ардақталар.
Сөз шебері жыр тізгінін босатар да шаңды ақтарар,
Өрен өлең өрге өрлеген, көлбей зулап, жарға аттанар.

- 14 Әлсіз, нәрсіз өлеңшіні кетсе егерде шабыт тастап,
Қисық буын сәнсіз сөзді керегі жоқ босқа бастап?
Тізгініңді тежеместен, қиыстырып жырла да асқақ,
Ерегісте, екі дай боп, ұшқан допты ұр құлаштап.
- 15 Ақын емес одан-бұдан өлең жазған жиып-теріп,
Әлде біреу мақтар деген үмітке үміт үйіп беріп,
Бос күшеніп, болмашы бір ұйқастарға шүйгіп келіп,
Бақырады: «Күшті өлең!» — деп, іштей жанын күйік керіп.
- 16 Кей ақын бар жәй әшейін «өнер» деген сөзбен дерттес,
Одан үркіп шабыт қашқан, жыр сазымен жүрек шертпес.
Айтар ем мен: жас садақшы қалың нуға кірді елтеп,
Аңға батпай, торғайды атты — бұл жүйрік пе соңына ертпес?
- 17 Ал біреулер жазады өлең достары мен қыздар үшін,
Сауықтарда айтады әзіл көрсетпек боп жыр үлгісін,
Ондай өлең сәл әуенмен толғанта алар тыңдаушысын,
Бірақ үлкен дастандардан көреміз біз ақын күшін!
- 18 Тек ақынды азап шеккен тауып шабыт, ұғар басым!
Таңдаулысын іздеп таудан талса да ұшып, шыдар лашын.
Жасап солай жалын құсқан мәңгі өлмейтін шығармасын,
Ханшаға ақын шертсін күйді, ағытсын да жыр арнасын.
- 19 Мен кім? Тыңда: сыйлаушымын Тамараны өрге өткізіп,
Ол туралы өр сезіммен інжу сөзден меруерт тіздім.
Барыс түсті патша қызға жүрегімді тербеткізіп,
Дәріптеуге қияпатын қиялымды ер жеткіздім.
- 20 Мен — жыршысы асқақ та әсем күнәдан пәк махаббаттың,
Жырым, сырым —
түпсіз терең арнасы айдын тылсым заттың,
Мәлдір аспан әлеміне бізді бір күш шарықтатқан,
Ал күйігі қырсықты істің серігі емес рахаттың:
- 21 Сол махаббат сырын шешу данышпанның болса ісі,
Күрмеліп тіл, өз тағдырын қорғауға да жетпес күші.
Күйтшілдікке бой сұнушы, арбауменен шыққан тісі
Адамның да аласұрған, талып-қажып, қашар түсі.
- 22 «Мәжнүн» мен «ғашық» деген — мағынасы бір араб сөзі,
Епсіз ғашық бос қиялмен жау жияды өзіне өзі.
Асқан биік кәмелетке жете аларсың, етсең төзім,
Берілсең тек құштарлыққа — құмға толар екі көзің.



- 23 Шұғла төккен жарық күндей лаула, егерде болсаң ғашық,
Ер бол, асқан сұлулықтың айғағындай, толсаң тасып,
Дархандықпен, даналықпен жарыста да өг алшаң басып,
Қандай сенен шықпақ сері сәл қайғыдан қалсаң жасып?
- 24 Махаббат — бір ғажайып түс, тұңғиық сыр тылсымындай,
Асқақ ойлы қос ғашықты қосақтаған қыл-сымындай:
Адал достық — мөлдір бұлақ, бос нәпсі — ылас, кір суындай,
Мұның бәрін әркім ұқпас, ең алдымен жыршы ұғынбай.
- 25 Алыс кетіп сүйгеніңнен көзден меруерт төккенде жас,—
Әуестіктен аулақтап қаш, ауыр азап шеккенде бас!
Жалбарынып Жалғыз Жанға жүректі де, өкпеңді де аш,
Сиқыр сұлу арбай күлсе, жайнай гүлше өппен де рас.
- 26 Жарамсақтар жалған назды болмас нәзік махаббатты!
Әр күн сайын жаңа ғашық жояр балдай шын ләззәтті,
О, жастықтық — бос мастықтық, білмес сәтін рахаттың,
Азғырудан тек аулақ жан табар дербес салтанатты!
- 27 Болсаң ғашық, түнде ұйықтамай, көтере біл ғашық дертін,
«Сүйгенім!» деп, егіл еңреп, шер пернесін басып, шертіп,
Өзің ғана жыла, жындан, жан жарасын қасып еркін,
Сүйгенінен үрейленген үдей де алар, шашып өртін.
- 28 Құпияда болсын дәйім сүйгенді ойлап еңрегенің,
Жүрегіңнің ізгі сырын естімесін ел дегенің!
Тазалықтың дымын құртар өсек сөздің өрлегені,
Махаббаттың күй отында, сезсең қайғы кернегенін.
- 29 Айту ағат көрінгенге ғашығыңның тылсымдарын!
Сыйлай алсын пәк жүректер ғашықтықтың шын сырларын:
Құпияда ұстап берік бір-бірінен қымсынғанын,
Тұңғиықта тұнып жатқан жұмбақтардың білсін бәрін.
- 30 Құпия аян болса әлемге, ғашығыңды өрттемес пе,
Өрт емес-ау, өзегіне өзің берген дерт те емес пе?!
Сақталынса саф алтындай арадағы серт те, егес те,
Жауыз жандар батылданып:
«Жүрек сырын шерт!» — демес те.
- 31 Еңрей білген ерді, рас, шын махаббат қажамай ма,—
Елден безсең, дүние кезсең, ұқсап жүзген азалы айға?!
Ой түнегін үркіт мүлдем көкті тілген нажағайдай!
Ғайбаттықтан қаша алғанды әділ қауым жазалай ма?






И х и к а я

АРАВИЯ ПАТШАСЫ РОСТЕВАН ТУРАЛЫ

- 32 Аравияда Ростеван ту ұстаған патша еді асқан,
Әсерлі үнді көсемді үлгі әлем мақтап, жақтады аспан.
Пейілі мен мейірін кең досы түгіл, жатқа да ашқан,
Қыран еді ол қан майданда ең алдағы сапта басқан.
- 33 Патшада ұл жоқ: жанған гүл —
шоқ, жұбанышы — жалғыз қызы,
Күн боп жайнап шұғла төксе, сөнген көктің бар жұлдызы.
Не кербезді өр мінезді бір қарауға зар қылды өзі,
Мақтауға оны тек сөз тапқан дана ақындар бал мінезді.
- 34 Тинатин деп атайтұғын даңққа туған ердің қызын:
Жайнап гүлдей, жанып күндей нұрға көмген жердің жүзін.
Жиып бір күн айбарлы әмір уәзірлерін зер мінезді,
Ағытты лез ой теңізін, сел боп басып шердің ізін.
- 35 Деді патша: «Жауап күтем бұл сөзіме таппай тағат:
Райхан нарттай шешек атпай, солубына жетсе сағат,—
Жас гүл өсіп, бақ түрге енер,— әрине, ол іс емес ағат,
Күн шұғласын түнек басса, қап-қара түн жаяр қанат.

Оч 603
109R





ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

- 36 Төрімнен де көрім таяу. Сөнді таңы өмірімнің,
Тумақ бар-ды, өлмек — зар-ды, қартайғанда шөгуім — мұн.
Атқан арай даттамай ма батқан айдай сөнуімді,
Алсын тахты күндей қызым, көркі болып көңілімнің.
- 37 Үзгірлері берді жауап: «Уа, патшамыз, асқан бағы!
Солса да алгүл, бізге даңғыл — бақытыңның баспалдағы.
Қызың — гүл-шоқ, теңдесі жоқ — жұпар исін шашқан шағы.
Сәулелі аймен таласа алмас жұлдыздар да аспандағы.
- 38 Қайғыланба, қамқоршымыз! Райхан, тіпті, солған емес.
Бір өзіңнен басқа ақылы бізге ақыл болған емес.
Қызыңызға орныңды бер өзімізбен құр да кеңес,
Күн боп ару шұғла төксе, бөленілер нұрға белес.
- 39 Болса да әйел бағынайық, қолды жайып жалғыз хаққа,
Жарамсақтық жасамаймыз — лайық, тіпті, Ай-қыз тахқа.
Жарқырап ол, жарық көкте із тастаған жұлдызша аққан,
Арыстанның нәсілінен қаша да алмас алғыс, даңқ та!»
- 40 Автандил-ді ер қолбасшы бір уәзірдің айбынды ұлы,
Айдай әсем, күндей көсем, гүл бағының сай бұлбұлы.
Жүзі — гәуһәр, белі — өрімтал. Жаратты хақ қай күн мұны?
Әйтеуір сол патша қыздың нұрынан ол бай гүлдеді.
- 41 Ер жүрегін күлген гүлдей зілдей ауыр жара басты,
Күн сөнсе егер, гүл де семер — дауыл жығар дара ағашты,
Нұр сүйді ойнап, Раушан жайнап, біткен қайта жараны ашты!
Махаббат — ерт! Жандырап ол: алды-артына қарамас-ты.
- 42 Тахтан түсіп, патша үні өшіп, бір тұңғыық ойға кетті!
Автандил де, ұқсап гүлге, бақыт нұрын бойлап өтті:
«Тинатинім — ойлайтыным, сыйлайтыным — жоймақ дертті.
У орнына беріп зәмзәм басарсың ба бойдағы өрті?»
- 43 Жар сап патша оятты елін — барлық ұлы Аравиясын:
«Тағымды алсын жалғыз қызым, билеп елдің ақ ордасын.
Бақыт көрсін, ел көгерсін, төгіп Нұрым күн шұғласын,
Шар тараптан келіп халқым Перизатқа исін басын.
- 44 Келді арабтар: би мен бектер, мәртебелі төрелер де,
Берілді орын биік төрден Автандилдей өрелі ерге.

Келді алдияр Сограт та тағзым етіп көнелерге.
Алтын тахтың шұғласы алтын ұқсады алтын жебелерге.

- 45 Отырғызып қызды тахқа, шат үмітпен қанаттанып,
Басына әкеп кигізді әмір алтын төжді тұрған жанып.
Оранғанда киімге асыл қыз қолға алтын таяқты алып,
Құлпыртты үйді, көзді тартып, жанған күндей сияқты анық.
- 46 Қарт патша мен қалың әскер Перизатқа иді басты,
Құлады Айдың аяғына. Әндер де әсем күйге ұласты.
Сырнай-керней аспанға өрлей, айқара ашты сый құлашты.
Қыз, кірпігі шұғла шашып, бір өксіп, бір тиды жасты.
- 47 Жас қыз көріп әлеуметтің нұрлы әлпетін, ақ ниетін,
Жуды жаспен, раушан гүлдің бақшасындай, алма бетін.
Айтты патша: «Ата мәз боп, бала сүйіп жояр дертін,
Мемлекетті қолға алмасаң, кері жүрек тияр ма өртін?»
- 48 Төкпе босқа көздің жасын! Тоқтат, қызым, еңреуіңді!
Патшалардың бол патшасы түсін де істі меңгеруді.
Қоршап жерді, көз бол елге, ойлап жұртқа тең келуді,
Даналықпен үйрен де тез ұлы істерге оң беруді.
- 49 Көң мен гүлге күн шұғласын төгер бірдей аямастан,
Сен рахым ет бәріне елдің, кіші, үлкенге қарамастан.
Жомарт болсаң, қайтып табар үйірін де үркіп қашқан,
Теңіздерден шыққан өзен теңізге кеп толқып тасқан.
- 50 Жомарт патша — пейіште өскен өнімі мол алма ағашы,
Жомарт жанның жауыздардың алдында да мол бағасы.
Мейманыңа есік ашсаң — мейрім сенде болар басым,
Берген—келер, жасырғанды—қайтып, мәлім, таба алмасың».
- 51 Зейін салып тыңдады қыз ата сөзін парақатты,
Той басталды. Патша ағытты бір бағытты насихатты.
Әсем әндер еселеді, кеселер де сылдыр қақты,
Тинатин — нұр, шапақ шашып, күлімдеген күнді ұялтты.
- 52 Бас ұстаз да келді жетіп шәкіртіне — Күнкелбетке,
Айтты ару: «Шығарылсын мол қазынам мынау шетке!
Қыз күнімде жиған жасау — бәрі де енді мемлекетке!» —
Деді дағы бөлді аямай тойда отырған әлеуметке.

- 53 Жаста жиған қазынасын Нұр Арнасы түгел шашты,
Жарлыны да, зарлыны да ұшан-теңіз дәулет басты.
Жиһаз толған, алтын салған сандығының аузын ашты!
«Атам сөзі,— деді,— ғибрат, тарат барлық геуһар тасты!
- 54 Қазыналық қоймалардың жасырмай-ақ ашсын кілтін,
Амилахор берсін жарлық, жеткізілсін табын жылқым!»—
Деп, қыз патша бөлді жұртқа, ренжімей түгел мүлкін,
Қас қаққанша алды талап — көз құрты ғой дүние шіркін.
- 55 Бар халайық қалды байып, алғандай бір жауды шауып,
Берді желдей бедеулерді, кенелді енді ел олжа тауып,
Патша қыздың сый-сауқаты төгілді де қардай жауып,
Жарылқады жамиғатты, қыза түсті ойын-сауық.
- 56 Тағамды үйді. Тәтті шарап кеселерге толқып ақты.
Алтын сарай қабылдады үймелеген көп қонақты.
Бірақ патша бір жазбады, қар жауғандай, қас-қабақты,
Сыбырласты сарайдағы сыбайластар ізгі атақты.
- 57 Күндей жүзі көз шағылтқан ер Автандил арыстандай,
Аты-шулы әскер басы, шапшаң да өткір барыс паңдай,
Согратпен кеңесті, қос сөз саңлағы жарысқандай:
«Ойға шомды кәрі патша, тілсіз, жағы қарысқандай.
- 58 Байқайсың ба, ол, төніп төмен, түпсіз терең ойға енген,
Жұртқа кінә қоймаса да, алдиярды қайғы жеңген».
Сонда Автандил Согратқа айтты, еппенен тартып жеңнен:
«Түнерсе өмір — сөз тастайық, шығарайық соққан сеңнен».
- 59 Сұңғақ сері Согратпен қатарласып, дұрыс тұрып,
Патша алдына келді иіліп, кеселерін соғыстырып,
Күлкі ерлерді кернесе де, ұлы өмірдің түрі — үскірік.
Уәзір сөзі құйылды-ай кеп сең сырғандай ығыстырып:
- 60 «Мәлім маған тіл қатпауы, ойға шомып, алдиярдың,
Араб елі әлсізденді: өз байлығын алдырар кім?
Өзіне емес, өзге үшін өкіне өкісіп, жан қияр кім?
Өз қызыңды өкпелетпе, әлі де алда мал жияр күн!»
- 61 Патша ағзам Согратты тыңдады да, күлімдеді.
Күлімдеді, жүрегі әбден тұрсадағы тілінгелі.



Жауап қатты — беттерінде ешбір толқын білінбеді:
«Патша сараң!» — деген — надан бұл қартайған күнімде енді»

- 62 Елдің қамын ойлауменен қазір әбден қатқан басым,
Көрім таяу — оған айғақ үстін күміс жапқан шашым,
Мәлім мынау кең өлкемен дана көсем таба алмасым,
Сақтай алар мемлекеттің қуаты мен ақ ордасын.
- 63 Қызды өсірдім мәпелеумен, қызыл гүлдей еркелетіп,
Ұл тумады мен тұлғалы елді өсірер көркем етіп.
Тартып садақ, лақтырып доп, ерек шыққан ерте жетіп,
Тек Автандил ерегіссе өрлей алар, өрт үдетіп!
- 64 Ростеванды жас қаһарман ілтифатпен тыңдады енді,
Ер күлкісі меруерт тістен бөлме ішіне шұғла берді.
Шапақ атқан ай жүзі де халайықты нұрға көмді,
Айтты патша: «Қисық күлкі құлпырта алмас тұлғалы ерді.
- 65 Қожаңа абзал құлдық етпей, айта алмассың: «Ақтала алам!»
Деді Автандил: «Шертемін сыр, пәрмен берсе хақтағалам!
Өжет болсам өршеленген — өлтірмессің, мақтана алам,
Сағымды да сындырмассың қаһарланған шақта маған!»
- 66 Айтты патша: «Тіпті, сірә, сөгіп сені кінәламан!»
Жалғыз қызы — қарашығын айтып ішті ант кінәлі адам.
Берді жауап Автандил де: «Уа, ұстазым — ғұлама адам,
Тоқтатпасаң думанды, ел айыптар деп шұбаланам.
- 67 Сен — гүл, мен — күл. Қорамсақта қомдалулы жебелер де.
Арызым бар — мінсін атқа сардарлар мен төрелер де.
Қуә болсын саятта олар «өзім оздым!» деген ерге.
Епсіз ерек еліргендер қошаметке бөленер ме?
- 68 Айтты шешен ұлы көсем: «Ерлігіңе таңғаламын!
Мен де дайын. Жүйрік жебе шешсін дауды! — Заңғар алдым.
Айтсын саят жеңгендігін: патшаның я паң баланың,
Аң қанымен жуғанда біз Аравияның сәнді алабын».
- 69 Бәсекеге қатысуға Автандил де әзірленді.
Көрді ол кербез көсемменен әзілдескен үзірлерді:
«Амал қанша, қарсы шықпақ қыранға ұлан қазіргі, енді,
Жеңілгенге — үш күн аза! Шара бар ма жазуға енді!»




- 70 Айтты ағызам: «Он екі аңшы алам қосып нояндарға,
Қорамсаққа сықап олар жебелерді қояр маңға.
Ал өзіңмен Шаймерденді. Қанына аңның тойар маңда,
Тараңыздар! Жиылыңдар таңсәріде оянғанда!»
- 71 Құлдарға айтты: «Ерте тұрып, кезіп байтақ кең даланы,
Аңшыларға қарсы айдаңдар, қуып барлық жерден аңды?»
Той тарады. Келген қонақ, кең сарайдың керней алдын,
Бытырасты, шуға бөлеп көркі Әдемге тең қаланы.
- 72 Ақбоз атты Ақ Қызғалдақ қарсы ап апшақ таң сәулесін,
Патша үйіне келді таяу басына орап ақ сәлдесін.
Жүзі жайнап, оттай ойнап, сылаң сұңқар жоқ теңдесі,
Күтті арабтың қарт патшасын, жасқанады одан несін.
- 73 Атқанда таң, батып Шолпан, тастап жерді, тау мен нуды,
Ұлы патша, жүйрік мініп, саятшыдай белін буды.
Салт аттылар, қиқу салып, кең даланы үрей қылды.
Жұлдызша аққан жүйрік киік, маралды оқтар күрей қуды.
- 74 Айтты патша нояндарға: «Жүріңдер тез, қалмай еріп,
Көк жебеден отырыңдар керегінде маған беріп».
Жасыл дала болды ала үркіп қашқан аңнан өріп,
Жүрді әскерлер құлағанын санап, үйіп, жиып-теріп.
- 75 Жөңкілген аң шартарапқа қашты жая зор құлашты,
Құлан, киік, бұғы, марал тастан, сайдан орғып асты.
Шіренісіп, тартып садақ, патша менен жас жолбарыс,
Сасқан аңды ығыстыра жүйріктерге қамшы басты.
- 76 Тұманданған қою шаңның аржағына енді күн де,
Аққан ыстық қанның буы басты белес белді мүлде.
Босап қалған қорамсақтар толды түгел жебелерге,
Оққа ұшып тулады аңдар, аунай құлап шаң мен гүлге.
- 77 Аңдарды асау аласұрған қуды құлдар дамыл алмай,
Күрсінді көк жерді жуған қанды ойынды қабыл алмай,
Жеткенсін сәт — әскерлер шат, нұрға жүзі шағылғандай,
«Арыстан!» — деп мақтады ерек Автандилді жағынғандай.
- 78 Кең даланы шарлап кезді аң үстіне аңдарды үйіп,
Шөл таусылды, басталды өзен және зәулім заңғар биік.

Тығылды аңдар қопаларға. Екі ер елді таңғалдырып,
Доғарысты саятты тез белестерде шаң қалдырып.

- 79 «Мен тура аттым!» —
«Жоқ, ол бекер, көп өлген аң менен түсті» —
Деп Автандил және Ростен ат үстінде өзiлдестi.
Екеуi де құлдарына: «Өртке айналған бұл егестiң
Жасқанбай-ақ әдiлдiгiн айтыңыздар қазiр»,— дестi.
- 80 Дедi құлдар: «Әдiлдiгiн айтсақ, патша, сөкпе бiздi!
Шәкiртiңнiң жеңгенi аян, сөксең де егер көпке бiздi.
Айтамыз бiз ақиқатын атсаң да оқпен өкпемиздi,
Өр мергендiк Автандилге дербес қасиет шөккен iзгi.
- 81 Бiз санадық: жебеменен құлаттың сен екi мыңын,
Бiрақ, патша, екi мыңы артық болды Автандилдiң.
Атқан оғы нысанаға тидi түгел барлық оның,
Сiздiң оқтың бiраздарын жерден таптық айтсақ шынын.
- 82 Естiп патша ерегiсте өзiн ашық жеңген ердi,
Дедi, маз боп: «Теңдесi жоқ ежелден бұл мерген едi!»
Патша — бұлбұл, бақтың гүлiн сұлу сазбен тербеп ендi,
Аударды ерге ықыласын дәл тапқандай шерге де емдi.
- 83 Патша мен ер тоғайды орай тынығуға қадам басты,
Қаудай қалың қол найзасы жарқ-жұрқ етiп жалаңдасты.
Ал он екi ер ерек шебер — саятшылар дәл алғашқы —
Бастады ойын өзендi өрлей, саялап тау — жалаң тасты.





II хикая

АРАВИЯ ПАТШАСЫНЫҢ ЖОЛБАРЫС ТОНДЫ БАТЫРДЫ КӨРГЕНДІГІ ТУРАЛЫ

- 84 Жанында өзен, шылбырынан ұстап әсем бір қара атты,
Отыр өксіп жап-жас жігіт бейне арыстан, нұр сымбатты.
Ер-тұрманы інжуленген төңіректі жарқыратты,
Булығып ол, мөлдір жасты көздерінен сорғалатты.
- 85 Үстін жапқан жолбарыстың тарғыл тоны алтынданып,
Сол теріден киген беркі сәуле шашты, шалқып жанып.
Зерлі қамшы қолына алып, жүзі жанған қалпында анық,
Таңқалдырды қарт патшаны бұрылмастан, салқынданып.
- 86 Шат боп патша әлгі адамға бір ноянын жібергенде,
Отырды ол, күдер үзіп өмірден де, жігерден де.
Көзден — ақық кеселерден — жауды жаңбыр түнергенде,
Ноян — аң-таң: тіл қата алмай өзін өзі ол шідерлеуде.
- 87 Патша әмірін жеткізе алмай жас ноянның зәресі ұшты.
Ақырында, көрікті ердің келбетіне таң боп күшті,
Айтты: «Алдияр шақырады...» — тіл күрмелді, шоши түсті.
Ал ер үнсіз — алақандай оған жалпақ жердің үсті.

- 88 Тыңдамай ер ноян сөзін, тереңірек ойға батты,
Сезбеді де патша әскерін, шулай шауып, қойған атты.
Жүрегінен жалын лаулап бойда қанын жорғалатты,
Шерлі көзден ақық түсті ыстық жасты сорғалатты.
- 89 Қияға өрлей қанат қаққан қиялына ол берілгендей!
Құл тіл қатты: жұмбақ жанның сыры елес боп көрінгендей.
Ашылмаған раушан гүлдей жұмып берік еріндерін,
Еңреді ұлан шерлі удан көкірегі керілгендей.
- 90 Құл қайтты да патшаға айтты: «Ғажап жанның көрдім өзін,
Тыңдар емес, бірақ, патшам, ол дәл сіздей ердің сөзін.
Көргенде өзім шұғла жүзін, көрге айналды менің көзім,
Өзімнің де жаным енді табар емес тегін төзім!»
- 91 Ростенге бұлттар төніп, қабақтарын қайғы жапты,
Он екі ер, жарлық тыңдап, патша алдынан орын тапты:
«Аттаныңдар, алып құрал, шабыңдар тез бұзбай сапты!
Шәлкесті ұстап әкеліңдер!» — Қалың әскер жауға шапты.
- 92 Жер қайысқан қол қозғалды. Сезді арыстан селк етті де,
Сенді шерлі ой лап етіп, үрей оты желп етті де.
Аравияның қалың қолы қозғалғанда қаулап өрттей,
«Сұмдық!» — деді ер, өңі қашып, жойып беттен келбетті де.
- 93 Қайғы толған көздерінен сұртті жасты ол жеңіне,
Қорамсағын қойды байқап, қанжарды асып оң беліне.
Атқа отырып құстай ұшты — босқа құды ел желіге,
Жөнелді есіп! — Құлдар сөзін құлағына ілмеді де.
- 94 Қалың әскер жерді жапқан бұл бір шәлкес ерді құды,
Амал қанша, ол арабтарға берді кенет шерлі уды.
Құлдарды оқсыз өлтіруге ғажап батыр белді буды,
Бастарымен соғыстырып, кейбіреуін жерге де ұрды.
- 95 Бар әскерін соңына ертіп, құды алдияр қаһарланып.
Қамшы басты жүйрігіне Автандилмен қатар жанып.
Жете алғаны жерге құлап, тапты орнын жатар барып,
Түнерді аспан Ростенге тағдыр уын татарда анық.
- 96 Ұлы патша спаспетпен, тізе қосып, қатар шапты,
Жат жаһанкез саңлағымен, сағымға еніп, жұлдызша ақты.



Ұшты жүйрік, бейне Меран, үстінде Күн шұғла жақты,
Ростеван болды есалаң көріп көзбен бұл мазақты.

- 97 Патша екенін білсе де анық, назар бөлмей тартып тізгін,
Қас қаққанша ғайып болды ғажап ұлан орғып біздің, —
Жер жұтты, әлде жын боп кетті арасында бір ілездің,
Орай шапқан саятшылар белгісін де көрмеді іздің.
- 98 Таң боп әскер, бос далақтап, шапты кезіп кең алапты,
Жын ба ол келген бір зәматқа? — Білу қиын бұл ғажапты.
Көбі әскердің өлім тапты, болды көбі жарақатты,
Айтты патша: «Сәтсіз бұл күн, тәңірім бізге бұлтын жапты».
- 99 Күнімізді қараңғы етіп, зар еңретіп, артты азап,
Шаттықты енді қасірет жеңді, жүрек шерлі, батты мазақ.
У іштім де: мұң үстімде — жоқ ешкім де дертті жазар,
Тәңірім өзі бұл ұяттан етпесе азат, шаттық аз-ақ!»
- 100 Патша ордаға атты бұрды. Бар халайық көрді жайды,
Бітті саят, бітті сейіл, әлеуметті жеңді қайғы.
Тарады ерлер үйлеріне кезген шаршап белді, сайды,
Кеңесті де: «Патша ызалы — қайғысы оның сенге ұқсайды».
- 101 Белмесіне кірді патша қабағынан жауғандай қар,
Жанында — жас баласындай, абзал ұлан Автандил бар.
Сарайлықтар ыдырасты, патша өңінен көріп ызғар.
Бітті ән-күй, сырнай-керней, даңғыл-дұңғыл даурығулар.
- 102 Патша шерін паш етпекке Күнкелбетке хабар жетті,
Кірді Шұғла, тұтылдырған барлық жарық планетті.
«Ояу ма ұлы алдияр?» — деп, сызылып кеп тағзым етті,
Берді жауап: «Мұң бір ғажап патшаны улап әлсіретті».
- 103 Жанында отыр Автандил тек, басқа ешкім жоқ нояндардан,
Терең ойлы алдиярды түнертпестен қояр ма арман».
Деді ару: «Айт патшаға қайғы-мұңды жоя алмаған,
Мазасын да келмейді алғым, болса егерде оянбаған».
- 104 Дереу патша деді: «Қайда қарашығым, жалғыз қызым, —
Мөлдір бұлақ, балғын құрақ, басымдағы бақ жұлдызым?»
Баяндады: «Көрді де қыз ордаға енген өмір күзін,
Бата алмады, кетті көрмей атасының шерлі жүзін».

- 105 Деді Ростен: «Келсін қазір, көргім келді тірегімді!
Көртайғанда жұбанышым тыңдасын кеп тілегімді.
Үстен серпе бұлтты қуып, емдесін де жүрегімді,
Білсін, неге нұрлы өмірден үздім екен күдерімді».
- 106 Ибалықпен паң Тинатин келді кіріп сұр пішінде,
Ақ дидары, көктегі айдай, сәуле шашқан түн ішінде.
Жанына алып сүйді патша құшып қызын үй ішінде,
Деп: «Әрдайым, Жарық Айым, жалғыз жаным у ішуде!»
- 107 «Ұлы патшам, — деді қызы, — ессе сізді басқан қайғы,
Қандай қыран ызғарланған қаһарыңнан жасқанбайды?!
Күйінішің күнді түн қып, бұлтқа бөлер аспанда айды.
Ізгілі ойға бойлай білсең, мұң қайталап басталмайды!»
- 108 «Сүйген қызым, — деді патша, — мені ауыр қайғы жеңді,
Қайғым тарар тұрсам естіп сенің нәзік даусыңды енді.
Сен — шифа су, мүбәрәк боп, дерттеріме берген емді,
Кінәлама! Бұл жазымыштан жаным менің жәбірленді.
- 109 Мен көрдім бір ғажап ерді келген басқа шалғай шеттен,
Күн жүзінен оның жанған жерге шұғла талмай жеткен.
Шақырған ем білейін деп жанғандығын қандай дерттен,
Кетті қашып. Енді жаным жалындауда арманды өрттен.
- 110 Шақырсақ та қайрылмады — түсінбедік, ойға баттық,
Жіберген ем құлдарымды — бәрін жерге домалатты.
Ай жүзінен сүйгізбестен, жындай ұшып бара жатты,
Өң бе, түс пе? — Түсінбедім, көрген емен мұндай затты.
- 111 Бұл ғажайып! У ішкендей содан бастап азап шектім,
Кеше болған ойын-тойды енді ұмыттым, жасым төктім.
Мүмкін ол жын, жерді алдауға өкілі боп келген көктің,
Менен енді шаттық қашты, түпсіз терең ойға шөктім!»
- 112 «Ұлы патшам! — деді қызы, — шыдамдық қыл алып дәрмен
Жар болушы жасағаннан сағатта ауыр күт те жәрдем.
Қамқоршымыз пендесіне қорек берген тәтті нәрден,
Зұлымдыққа мұрындық боп жіберместі жерге пәрмен!
- 113 Жерде туып, адамзаттан жаралған ұл болса егерде ол,
Кете де алмас қашып бізден, табармыз да іздеуге жол.

Болса егерде бір сиқыр күш — қайғыланба, бақытты бол,
Ашық онда жынға жер, көк, барлық тарап: оң мейен бой.

- 114 Тыңда өзімді, алдиярым, патшалардың сен патшасы, —
Тағың берік, қол астында Аравияның кең даласы.
Жұмса сансыз шапқыншыны, келер олар хабар тасып:
Білер анық — жын ба ол көктен, әлде оның жерде анасы».
- 115 Тыңдады әскер, түгел келіп, Ростеванның жарлықтарын:
«Жол азабын мойынға алып, жер шарлаңдар барлықтарың,
Шөлкесті ұстап әкеліңдер! Мен кеше одан зарды ұққамын,
Елдерді алыс аралаңдар жоғалғанды жар ғып бөрің».
- 116 Шапқыншылар шар тарапқа ғажап жанды іздеп кетті,
Бір жыл шарлап дүние кезді, көктем де өтті, күз кеп жетті.
Ала да алмай еш деректі, қайтып елге бұрды бетті.
Сандалушы сорлыларды мұңды әуенді күй тербетті.
- 117 Айтты құлдар: «Ұлы патша! Көріп аштық, жалаңаштық,
Елден бездік, шөлді кездік, көп жерлерге хабар шаштық.
Барыс тонды шөлкесті іздеп қайғы үстіне қайғы ұласты.
Басқа іздесін, сіз бұйрық бер, демалуға — бізге жастық!»
- 118 «Шынында да, — деді патша, — данышпан ғой менің қызым,
Ол — жын екен көктен түскен күйдіруге жердің жүзін.
Арбаушы сұм бұл дүниеде қалдырды рас қанды ізін.
Шаттанайық, шанышсадағы бетке аяусыз тағдыр бізін!»
- 119 Деп алдияр, сергітпек боп елді мұңнан бұйрық берді,
Жиды ордаға әнші, биші — не өнерпаз жүйріктерді.
Келгендерге аямастан Ростеван сыйлық берді, —
Білген емес мынау ғалам мұндай батыл бұйрықты ерді.
- 120 Бөлмесінде тыныққан-ды ер Автандил елден артық,
Форминын да қолына алып, әндер салып, күйлер тартып.
Кіріп сол сәт құл-бәдәуи патша қыздан сәлем айтып,
Деп тек: «Сізді Ай Шапағы шақырады!» — кетті қайтып.
- 121 Бұл хабармен қанаттанып, ер Автандил аспанға ұшты,
Киді сәнді киімдерін, қуанышы тасқан күшті.
Шаттанды алғаш кездесем деп таза арумен аспан түсті.
Махаббат — шың, ұстады ұлан шыңға қадам басқан құсты.

- 122 Кірді батыр қуанды да сарайына асылзаттың,
Оған арнап төккен талай жасын мөлдір махаббаттың.
Теңсіз сұлу шаңқай түсте шұғла шашқан күнді ұялттың,
Жұлдыздарды нұрмен бөлеп, жай боп жерді жарқыраттың.
- 123 Ақтышқаннан үстінде ішік екі иығын жауып басқан,
Бұйра жаулық, бейне теңіз, көгалдана толқып тасқан.
Кірпіктері тізіп қойған жебелердей, жүрек шанышқан.
Сүйген оның алма мойнын қос бұрымы қатарласқан.
- 124 Селдір перде бетін жауып тұр екен қыз батқан мұңға,
Лағыл жүзі мың құлпырып төңкерді көз Автандилға.
«Орындық бер!» — деді ару бір қап-қара батпан құлға:
Ер қиялын шарықтатты ашақ ай боп атқан тұлға.
- 125 Айтты батыр: «Жетектейді шын бақытқа ілтифатың,
Күн шұғласын қою шашса, Ай жоғалтар түр сипатын.
Күрмеледі қызыл тілім қаға да алмай ой қанатын,
Шеш сырыңды, көрсет жолды арманыңа ем табатын.
- 126 Автандилге берді жауап қыз патша да күн келбетті:
«Іштен жанып, сырттан күйдің, көрмей гүлдей күлген бетті.
Таң қаларсың, айтсам сырды, деп: «Күніме түн кеп жетті», —
Түсін, сардар, қандай қам бар, қандай мені мұң тербетті?
- 127 Өзіңе аян, патшаменен бәс боп, аңға аттанғанда,
Көрдіндер бір шерлі адамды ай жүзі ұқсас атқан таңға.
Сол уақыттан бастап менің жүрегім де батқан қанға,
Шөлді кешіп, желдей есіп, ізде соны, аттан да алға!
- 128 Мен білемін, сен нұр едің, мөлдір сезім арнасындай, —
Жүрегіңе түнеді ме сұлу бейнем қорғасындай?
Өзімді ойлап еңіредің, құлар ма адам орға ашынбай?
Өртенесің махаббаттық душар болып торға осындай.
- 129 Ант іш енді, айбынды ерім, мойныңа артып қос міндетті:
Ұлығымсың теңдесі жоқ қорғайтұғын мемлекетті.
Серімсің сен, пірімсің сен, илан оған — уақыт жетті,
Ізіне түс сол шөлкестің, біл бағытын — қайда кетті?
- 130 Сенің артар бағаң маған, жыламасаң жанып жаның!
Жер түбіне жетсеңдағы шөлкесті іздеу болсын қамың.



Мен үшін сен райхан өсір сеуіп дөнін раушанның,
Арыстаным, тез қайт, жолда жанып тұрған мен шұғлаңмын.

- 131 Үш жыл — мерзім. Тап оны іздеп, кезіп түгел бұл ғаламды,
Ол күн жетсе, бақыт құшып, толтыармыз гүлге алаңды.
Егерде шын жын болмаса, табуың хақ ол адамды,
Қайтып, жаным, құшақтарсың гүлге оранған бұл Бадамды.
- 132 Тәңрі алдында ішемін ант — сенсің жалғыз ерім сүйген!
Егер күн кеп құшса мені құштарлықпен жанып күйген.
Ұмытайын пейішті онда, ашсын есік жаһаннам кең,
Жойсын мені махаббатың жүрегіме оқ боп тиген!»
- 133 Айтты қыран кірпігі ақық патша қызға болған ғашық:
«Сүйгенім сен ғаламнан кең, қалай өсіп, толман тасып!
Сөндім деп мен ойлаған ем, мұңмен мәңгі солған жасып,
О, сүйгенім, құлың болып, ием басты қадам басып!
- 134 Жан жіберіп жалпақ жерге, күндей күліп тұрған шетте,
Көрсетесің тура жолды жанған барлық планетке.
Жомарттықпен төккен шұғлаң маған да енді келіп жетті,
Мәңгі гүлдеп құлпырармын кездескендей кең дәулетке!»
- 135 Айрылмастық жүректерге ант бұлақтың ақты көзі,
Батыр менен патша қыздың ағып сылдыр қақты сөзі.
Автандилге шерге батқан, енді арудың жақты сөзі
Көмейінен інжу текті қызға мұңын шақты да өзі.
- 136 Екі жүрек наз айтысып, сыр шертісіп үндескендей,
Жақұт жанса, гәуһәр күліп, екі асыл тас үйлескендей.
Деді ер: «Сені көрген — сөнер, аспанда аймен тілдескендей,
Жүрек — жалын, дауыл —
жаным, құйынды жел күнде ескендей».
- 137 Қоптасатын уақыт жетті. Айрылысу қиын қандай! —
Қарай берді сүйгеніне ол бар арманы жиылғандай.
Жүрек сыздап, дене мұздап, қойнына су құйылғандай,
Еңреді ер: «Алда тағдыр тартады, деп сыйын қандай?»
- 138 Деді Автандил: «О Жарығым! Ескі жара ұлғаюда!
Жанған жақұт түсін жойып, янтардай боп сарғаюда.
Сарғаярмын шетте мен де мұңымды айтып бар қайыңға,
Ғашығы үшін болу фидә ерге парыз әрдайым да».

- 139 Үйге келді жүрегі енді аласұрды арыстандай,
Солқылдады, қалшылдады жүйрік шермен жарысқандай.
Қалғып кетсе, көріп түсте болды. Нұрмен табысқандай,
Көзін ашып қайта өртенді бір пәле дерт жабысқандай.
- 140 Айрылысу Күнкелбеттен ер жүрегін сыздандырды,
Түсінде де ол төкті жасын, көрмей келген қыздан нұрды.
Ерте тұрып киінді де Ростеванға ызғарлы үнді,
Жүгінбекке, жасын төгіп, жүйрік мініп із қалдырды.
- 141 Әджиб барып Ростеванға айтты сөзін Автандилдің:
«О, кемеңгер әлемге үрей! — мен бір шешек атқан гүлмін.
Атыңды асқақ әйгілеуге енді алысқа аттандырдың,
Жәбір көрмес мемлекетің көршілес көп жаттан бір күн.
- 142 Кезем көрші патша елдерін, кезем жердің төрт бұрышын,
Тинатинның даңқы жаттың жалындатар өрт қып ішін.
Досты мақтап, дұшпанымды таптап, шабам серт қылышын,
Жолдан жиі хабар салсам, болар жауға дерт бұл ісім».
- 143 Патша естіп, Автандилге жүрегінен рахмет төкті:
«Арыстандай айбаттымсың, сілкіндірген жер мен көкті.
Пікірің де батыл сенің жомарттықтай саған біткен,
Аттан! Тез қайт, сағындырмай патша менен барша көпті».
- 144 Айтты батыр патша алдына таяу келіп, иіп басын:
«Асыра асқақ мақтау — ағат, жаныма жат, отағасым.
Жорытқанда төңрім жар боп, қыдыр болсын жан жолдасым,
Сау кеп көрсем ай жүзінді, төгер үстен күн шұғласын».
- 145 Теңдесі жоқ ғаламда ерлер жауға төнген боп албасты,
Атасы мен баласындай сүйісті де құшақтасты.
Қоштасып ер жөнелгенде, тағзым етіп иіп басты,
Патша қалып күңренді де көзден көл ғып төкті жасты.
- 146 Жиырма күндей жүрді жолда қажырлы һәм айбынды алып,
Ұйқы, күлкі көрмей жалғыз, қайғы үстіне қайғы оралып.
Мақтаншы елдің, жердің, даңқты сардар — сүйген халық,
Жер шарлады ойлауменен Тинатинді тұрған жанып.
- 147 Ақыры ер туған елдің алабына келіп жетті,
Бекзадалар шықты алдынан қарсы алуға қошеметтеп,



Сыйлап қонақ қылу үшін шақырса да көсем ед деп,
Тартты тура бөгелместен селдей көшкен Күнкелбеті.

- 148 Тек өзінің ордасында алыс емес шекарадан,
Көзді тартып заңғарланған, жартастармен қоршаланған —
Аунап-қунап үш күн болып, аң аулады жас қаһарман,
Шаймерденмен кеңесті, оны санап артық басқалардан.
- 149 Шаймерден-ді спасспеттің жандай досы, қызметкері,
Таза жүрек қожасына шын берілген, батыр, сері.
Міне, соған Күндей қыздың берген сертін, жүрек шерін,
Қандай азапты отқа енгенін айтты түгел ердің ері:
- 150 «Шаймерден дос, айтамын сыр болсадағы ұят күшті,
Бұрын саған бердім, сеніп, талай зілді, маңызды істі.
Сырды ашпадым, досты ұмыттым,
жасым көл боп, жүрек істі.
Иді басын енді сол қыз, көркі күндей, меруерт тісті.
- 151 Бұрын, досым, мұңға бойлап, жандым ойлап Тинатинді,
Көзден ақты тулап бұлақ, ой-арманым қиратылды.
Жас жанымның шапағы атып, енді үмітім ширатылды,
Бір өзіңе сырды ағыттым, біл де — гүлде! — Сыйла атымды.
- 152 Әмір етті Күнкелбетті: «Қашып бізден алыс жаққа
Кеткен зулап, көк жебедей, ғажап ерді іздеп тап та,
Үйлен маған шұғлаланған, шық атылып даңқ пен баққа!» —
Шерлі жүрек тауып қорек самғаудамын болашаққа.
- 153 Қожасына құлдық ету — үлкен парыз кішілерге,
Ізгілікті істей білсең, қамқоршыңыз түсінер де.
Патша қызы сөндіре алды түскен жалынды ішіме де,
Айбаттылық — айбат қылық көтеретін кісіні өрге!
- 154 Нояндардың бәрінен де мырзаңа жоқ сенен артық,
Шын досым деп алдыңа кеп бердім айтып сырды сарқып.
Жерді, суды, үйді, әскерді — бәрін саған тұрмын тартып,
Сенген ерім, меңгер өзің — кете берсін достық артып.
- 155 Сардарлар да майдандарда сенен ғана жарлық алсын,
Ұлы патша мезгілінде түрлі істермен хабарлансын.
Жақсы істеген жан достарым сыйлықпенен бағалансын.
Өзіңе де, өзіме де шын беріліп жаға да алсын!



III хикая

АВАНДИЛДІҢ ТӘУЕЛДІ ҰЛЫҚТАРҒА ҚАЛДЫРҒАН ХАТЫ

- 164 «Қызметкер мен ұлықтарым төнген жаудың тобына өрден,
Бағытым мен ойларымның көлеңкедей соңына ерген,—
Ұстаздарым, жан достарым, мейірбандық қолын берген,
Алқақотан отырып ап хатты оқыңдар бұл жіберген.
- 165 Мен де жердің перзентімін, өсиет қып жаздым шағым,
Қолды қойып, тапсырамын елдің ісін, болашағын.
Ойын-тойды тастап артқа, дүние кезем болып сағым,
Асырар енді алда мені оққа толған қорамсағым.
- 166 Тастаймын мен өлкемді өскен, Ростен мен туысқанды,
Қыдырамын пірәдардай алыстағы көп станды.
Жалбарынам, ұлықтарым, ұғыңыздар арыстанды,—
Жау табанға баса да алмас мен қалдырған Гүлстанды.
- 167 Шаймерденді қалдырамын өлкемді кең күзетсін деп,
(Мейлі ол күтсін — тоссын ныдап, көктем өтсе, күз өтсін деп)
Күндей баққа нұрын төккен, елді әлпештеп түзетсін деп,
Жалғыз демей жауды жайпан, достың санын жүз етсін деп.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

- 168 Туыстан да артығырақ жәрдемшіме, тағзым еткен,
Бағыныңдар, қамқоршы етіп, күндессіздік шын ниетпен
Өзіме ұқсап түйіліңдер — жыртқыш дұшпан келсе шеттен,
Оралмасам, еске алыңдар мезгілде үш жыл мерзім жеткен!»
- 169 Хатты осылай етіп төмем балдай сөзбен қандай төтті,
Дайындалды, алтын белбеу талдай белін геуһарлатты:
«Шетте ауыр күн туса басқа, атқа берер ер ләззәтті» —
Деді де ол шықты жолға, күтіп алдан болар сәтті.
- 170 Деді батыр: «Қайтыңыздар, кетем жалғыз, нөкерсіз-ақ!»
Құлдар қайтты, қалды өзі — жатты алдында дүние жалпақ.
Нуды бойлап, мұнарға еніп, қамшы басты, ұшты саңлақ,
Тек Тинатин жүрегіне қадалды оның ажалдай нақ.
- 171 Тастап шалқар сар даласын кетті ер, жүйрік желдей ұшты,
Қандай тұлпар оған жетер? Кім тоқтатар қол мен күшті?
Тіпті де ерге салмас үрей жау семсері алмас ұшты,
Бірақ қызға берілген құл тағы да өксіп еңрей түсті.
- 172 Кетті Автандил. Күн ұяға кірген шақта алтынданып,
Бекзадалар аңнан қайтты балқып, талып, шалқып жанып.
Келсе — ер жоқ, сарай қаңсып қалыпты бос салқынданып,
Қуды сонсын спаспетті қайғы керген қалпында анық.
- 173 «Кетті арыстан!
Көсемді ондай таба алмаспыз шолсақ көкті» —
Деп қалғандар ерді іздеді, шөлді кезді, ойға шөкті.
Орағытып, босқа шарлап кең алапты, төңіректі,
Айбынды ерлер көздерінен тулап тасқан толқын төкті.
- 174 Шаймерденнің жарлығымен қайтқан ерлер кеңесті де,
Хатты оқыды, дөңге отырып, мұңға бөлеп белесті де.
Жас мырзаның өсиетінен шерлі күй боп жел есті ме,
Бәрі, әйтеуір, омырауын жыртып ашып, еңіресті де.
- 175 Шаймерденге айтты бәрі: «Автандилсіз өмір қара!
Қалдырды, рас, сарай менен дәулетті иең шыққан дара!
Тыңдаймыз біз жарлығыңды, болсадағы жүрек жара».
Қожасындай құлады олар, құлға келіп, —бар ма шара!





04016940
01020101033

IV хикая

**АВТАНДИЛДІҢ ЖОЛБАРЫС ТОНДЫ
БАТЫРДЫ ІЗДЕП КЕТУІ**

- 176 Сонау көне замандарда айтқан Эзра жырында ашық:
«Ауыр қайғы — солса райхан, сұм тағдыры қырын басып».
Болды сондай жас өрімтал, лағыл ерні шырын шашып,
Аянышты ауыр халде, түн кеп беттің нұрын басып.
- 177 Бейдалада желдей жортып, көп белестен асты серін,
Араб елін артқа тастап, жат өлкенің басты жерін.
Айрылысу Күнкелбетпен балқытса да тас жігерін,
Айтты ол: «Көрсем қайтып қызды,
шалқымай ма жас жүрегім?»
- 178 Ыстық жасы кірпіктерден құлап төмен, қарды бетін,
Семсеріне ол қол да салды тастамақ боп дүние шетін.
Айтты: «Тағдыр берді азап, бар деп қызға берген сертің,
Енді ұмыттым сырнай сазын, керней күйін, күн сәулетін».
- 179 Тынбай ойлап Күнкелбетті шықпаса да қайғы-зардан,
«Шыда!» — дейді жүрегіне, билеп бойын бағзы арман.
Шет елдерді түгел кезіп, өтіп талай асулардан,
Барыс тонды қаһарманды көп сұрады ер адамдардан.



- 180 Еңреді ер, жасы — дария! Шөлдеді де, көрді де аштық.
Төсек қылып жапан түзді, екі қолын — етті жастық.
Есіне алды: «Тек шер жұттым бұл сандалу сапарымда,
Өлімнен де салмақтырақ қасірет, мехнат, жалаңаштық!»
- 181 Шұғла шашып кезді ол шермен төрт бұрышын кең ғаламның.
Кезді бәрін қалдырмастан қайғы-мұңға селді алаңның.
Өрши түсті мұң мен зары көрмей ізін бір де адамның,
Үш ай қалды толуға үш жыл — дерегі жоқ атар таңның.
- 182 Сандалумен өтті Автандил елсіз, көлсіз, шөпсіз шөлден,
Жан көрмеді — тек мұңды аспан ойға шомып, үстен төнген.
Жанды азаптың жалынында Жалғыз Жанды ойлауменен,
Рамин мен Висдай болып у ұрттады қайғы-селден.
- 183 Түнеуді ойлап тоқтап еді ер, — алдында тұр биік жартас,
Аржағы кең құмайт дала, жеті күндей шапшаң қалмас.
Шыңнан құлап аққан бұлақ көз тартады бейне алмас,
Жарына өзен жалдай болып қалың ағаш шыққан жалғас.
- 184 Осы арада ол қалған күнді санады да ойға кетті,
Білді — көзден төгіп өзен үдетті үш жыл бойда дертті.
Күрсінді ер: «Тәңрім, жар боп, бұрса нетті тойға бетті?
Ізгілікке қарсы шауып, сұмдық дайым қоймақ өртті!»
- 185 Не істеу керек? Көп жыл іздеп азап шектім, еңбек еттім,
Қайтайын ба? Неге, тағдыр, мені осынша тентіреттің?!
Жат жерде өлді босқа өмірім — не дер енді Күнкелбеттім?
Барсам қайтып ерді таппай, сөзсіз, күнге түн кеп жеттің!
- 186 Пайда бар ма құр сандалып, босқа шарлап іздегенмен:
Жердің үстін түгел кездім, теңіз түбін сүзбегенмен.
Мерзім өтсе, — Шаймерден де бірге көзін сүзген елмен
Шығар, қара хабар алып, Ростенді іздеп елден.
- 187 «Өлді!» — деген суық хабар кетсе елдің үстін жауып,
Жылар патшам, қара киіп, ойлап мені ауық-ауық.
Сол уақытта маған өлім — бара алмасам ерді тауып!»
Деп зарлады ер ғазиз жаны бұлтқа кіріп, қапастанып.
- 188 Жалбарынды: «О, жасаған! Болсын дұрыс берген жазаң!
Сәтсіз ирек жолдарменен жүргіздің, көп көрген азап.



Жүрек жара. Білем, дәйім бақыт гүлін терген аз-ақ,
 Көкірегімді қайғы дерті қайыстыра керген ғажап.

- 189 Төзімдікпен жеңейін мен бойымдағы қайғы, азапты.
 Күнә — өлу мерзім жетпей, алмай жеңіп атақ-даңқты.
 Өксу, жылау — бәрі босқа! Ұмытпайын жалғыз хақты!
 Маңдайыма тағдыр өзі қойған жазып болашақты.
- 190 Бұл іздеуден таппадым мен сәулесін де жылы үміттің,
 Өзі түгіл, хабары жоқ жортуылшы ер жігіттің.
 Шынында да ол ұқсайды, рас, жындарына дәл Каджеттің!
 Толқын жастан тулап тасқан қажыдым да шаршап біттім!»
- 191 Қайтпақ болды ер Автандил, жазмышына қарғыс атқан.
 Солды ойланып, шолды айналып...
 жоғалғандай жар құшақтан,
 Тірі жанды көре алмады бір ай жүріп, зар құшақтап,
 Қу далада аңды үркітер оқ та алмады қорамсақтан.
- 192 Қажытты оны зілдей қайғы үстен басып маужыратып,
 Жабықты о да, Адам ұлы, зардабы аштық жаман батып,
 Ростемнің білегіндей ұзын оқпен бір құрды атып —
 Түсірді де, үйтті асығып шақпақпенен от тұтатып.
- 193 Атты тұсап жіберді де қызыл шоққа пісірді етті,
 Көрді таяу салттыларды, қамыстар да тысыр етті:
 «Қарақшылар, — деді батыр, — қамап қолға түсірмек-ті,
 Қу далада қулар дәйім жібермей ме кісіге өртті».
- 194 Салттыларға ер қарсы жүрді қорамсаққа қолды салып,
 Екеуі оның келе жатты жаралы бір жас жанды алып.
 Маңдайынан аспанға ырши алқызыл қан тұрды ағып,
 Сұп-сұр болып еңі қашқан қансырап ол жатыр талып.
- 195 Айғайлады ер: «Ей бұзықтар! Кімсіздер сіз? Дос па, қас па»
 Берді жауап: «Қорықпа, қыран! Қайғы түсті біздің басқа!
 Жәрдемің бер, бере алмасаң — қайғымызға ортақтас та,
 Қырынбай қой, азалы боп, ақ кіргенше сақал-шашқа!»
- 196 Сұрағына Автандилдің жолаушылар, сипап басын,
 Бақытсыздық бұлтына еніп, айтты былай хикаясын:
 «Біз — хатайлық туыстармыз, бұзған талай таудың тасын.
 Сәтсіз күні елсіз жерде енді дұшпан болды басым.



- 197 Келген едік аң аулауға бұл аймаққа қолмен қалың,
Өзенді өрлей шатыр құрдық аулау үшін таудың аңын,
Кенелдік те мол дәулетке отыз күндей олжа тауып,
Қыр мен сайда аңды қырдық көтеріп жер бу мен шаңын.
- 198 Біз үшеуміз таңқалдырдық басқаларды мергендікпен,
Даурығыстық, судай тасып, құдай бақыт бергендіктен.
«Мен жақсы атам!» —
«Жоқ, мен жақсы!» — «Сен атасың зор кемдікпен!»
Деп таластық, айқаспақ боп, ұят-ардан жергендіктен.
- 199 Бұдықтағы терілерін жиып, үйіп бұғылардың,
Келістік біз:
«Қорытындысын шығарамыз бұл жанжалдың,—
Қағушылар қатыспасын ішіндегі ну орманның,
Әркім өзі мергендікпен қырсын атып таудың аңын.
- 200 Оқ тасуға үш кісі алып, дайындадық біз садақты,
Қалғандары елге қайтты, олжаны алып, болып даңқты.
Орманда да, далада да судай тасып қандар ақты,—
Құлады аңдар, құстар да тек қалбалаңдап қанат қақты.
- 201 Көрдiк кенет ғажап жанды тым түнерген, таяу келген,
Астында оның жүйрік қара ат шұлғи шауып, баяу желген;
Екі иығын жауыпты ол жолбарыстың терісімен,
Аспандағы алтын айдай жайнап жүзі сәулеленген.
- 202 Тұтылдырып көздері айды нажағайдай жасыл төккен,
Келді таяу, жанған күндей, шапақ шашып түскен көкпен,
Жолын кестік, тоқтатпақ боп, өзімізше болып өктем,
Бірақ пайда таба алмадық бұл өрескел дөкірліктен.
- 203 Құлшындым мен күшпен жеңіп алмақ болып бұл адамды,
Ортаншы інім оның тұлпар атына тым құмарланды;
Кіші інім жеке айқасып, жеңбек болды қаһарманды;
Бірақ салтты, жорта шауып, ызғарланып қаһарланды.
- 204 Жүзі — гәуһар шағылысқан лағылменен кереметті,
Ойға шомып өте берді, бізге тіпті бұрмай бетті.
Айғай салдық, қарамастан бейдаламен шауып кетті,
Көрсетті айбын, қол көтеріп, біз де састық, жер селк етті.
- 205 Кіші інімді түлен түртті — іздеді өлім, жаудан таймай,
Қуып жетіп қаһарманды: «Тоқта!»— деп ол салды айғай.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Ер қылышын суырмастан, қамшыменен нажағайдай,
Ұрды қатты, алқызыл қан сорғалады ерткен майдай.

- 206 Зілді, қатты қамшы тиіп інімнің де зәресі ұшты,
Басы жаман жараланып, аттан сұлық құлап түсті.
Елеместен, тіпті, мынау не масқара болған істі,
Алыстады ол айбаттанып, күн сипатты, толған, күшті.
- 207 Көрдің бе өне тәкәппарды — шұғла ма өзі, не ғажайып,
Бейне ай мен күн аспандағы, ол,
бұрылмайтын жолдан тайып...»
Деді де олар спаспетке, жаспен беттің кірін шайып,
Көрсетті ерді Меран мінген, көз үшінен болған ғайып.
- 208 Автандилдің ай жүзіне тамбады енді жас меруерті,
Сезді босқа кезбегенін, қуаныштың лаулады өрті.
Егер ердің орындалса ұлы арманы ой тербеткен,
Ұмыт болар көп жол көрген қайғы мұң мен қасіреті.
- 209 Айтты Автандил:
«Мен де өмірдің құзғынымын дүние кезген,
Қаһарманды табу үшін түн жамылып елден безген.
Көрсеттіңдер маған тура түсетұғын енді ізді,
Мейлі, дайым тәңірім жар боп, айқсын бұлт сіздерді езген.
- 210 Сіздерді де жебеп мендей, орындалсын ой-арманың,
Ініңіздің үстінен түн үріксін, жағып тәңірім шамын.
Көлеңкеге жатыңдар да күтіңіздер, ойлап қамын,
Өздерің де дем алыңдар, тосып бақыт атар таңын».
- 211 Қоштасты да қуанып ол, сәйгүлікке қамшы басты,
Лашындай боп жүйрік ұшты, күңіrentіп тау мен тасты.
Қаһарманға қашқан Шұғла:
«Кел!» — дегендей қойнын ашты,
Жүрегінде өшіп қайғы, бақытқа ұлан орғып асты.
- 212 Жақындап ер ойға батты: «Таяу қалды жетер биік!
Өрескелдік жасап қойсам — ашуына кетер тиіп.
Ақыл, оймен істелген іс болар сәтті және игілі,
Ізгілікке тізе бүксем, бойды өртеген өтер күйік.
- 213 Ол тылсым жан жұрттан безген, айырмайтын дос пен жатты,
Менідағы сыйлай қоймас, пасық деп бар адамзатты.
Онда екеуміз айқасармыз, көрсетеріміз күш-қайратты:
Я мен өліп, я ол сөнсе, іс болмас-ты парасатты.

- 214 Шеккен менің азапты ауыр еңбектерім өлмес енді!
Көп кешікпей қашқан батыр бір арада алар демді.
Тығылса да терең сайға, басса да озып жүйрік желді,
Құтылуға менен қашып, тәңрім куә, таппас жөнді!»
- 215 Демін алмай, шаршап талмай шөлкесті ер үш күн құды,
Кең далада желдей есіп, жетуге оған белді буды.
Аштық өзекті өртесе де, нәр де татпай, ішпей суды,
Жазық жонды көзден аққан мөлдір бұлақ жаспен жуды.
- 216 Кешкі араймен нар жоталар көзге ілінді құлап жатқан,
Баурайында терең үңгір, төменде — өзен тулап аққан.
Өзенді өрлей өскен қопа жайқалады судыр-қаққан,
Тұр қайыңдар бұлтқа бойлап жапырақтардан шолпы таққан.
- 217 Енді Автандил өзенді өтіп, орманменен жүрді алға,
Шықты биік қарағайға, байлады да атты талға;
Жапыраққа жасырынып, жасыл шатыр жамылды да,
Аңдыды ерді бағытталған үңгірдегі тас қамалға.
- 218 Қайғы басқан сол салтатты таялғанда кеп үңгірге,
Шықты алдынан қара киген бір мұңды қыз қарсы ерге;
Құйылды өзен қыздың үлкен көздерінен батқан шерге,
Оны белден құшты батыр, аттан қарғып түсіп жерге.
- 219 Өксіп қатты еңіреді қыз әлсіреген, азап шеккен,
Барыс тонды ер туысындай құшақтады қызды еппен.
Өксігенде олар қатты жаңғырды тау, орман көкпен
Ғажайыпқа енді Автандил тұрды қарап, ойға шеккен.
- 220 Олар өксіп мауқын басты, жараларын жаспен жуып,
Шылбырынан қыз атты алып жүрді үңгірге тастай суық.
Қаһарман да шешіп әуел садақ, сауыт, саймандарын,
Кірді сонсын тас күмбездің астына кеп, тұрған жуық.
- 221 «Алдымда көп әлі жұмбақ!» — деп Автандил ойға батты...
Түнді ұйқысыз өткізген қыз тысқа шықты, таң да атты.
Мөлдір сумен суарды да жүгендеп қыз саңлақ атты,
Үстіне ер сап, құралдарды алып келді салтанатты.
- 222 Шықты батыр ұнатпайтын үңгір менен тау жартасын,
Қоштасарда еңіреп қыз, бетін жыртып жұлды шашын.



Мінді ер ырғып тұлпарына, сүйді сонсоң қарындасын,
 Үстен басқан қайғы бұлтын жене де алмай төккен жасын:

- 223 Аң-таң болды тағы Автандил айқын көріп ғажап жанды:
 Ұқсатты да алып ерге, түнді қуып, атқан таңды.
 Кипаристей жұпар шашып, исі аңқытқан барлық маңды
 Тұрпаты оның тау басына лақтырардай арыстанды.
- 224 Бұрып атын жас салтатты дәл кешегі жолмен кетті,
 Кең жазыққа бағыт алып, қопалардан жүйткіп өтті,
 Таңданды да ер Автандил төубе қылды құдіретке:
 «Ауыр күнде жәрдемдестің, қайырым жасап кереметті!
- 225 Күтпеген бұл зор бақытты берді маған төңірім өзі,
 Кешіктірмей тыңдау ләзім кезбе жайлы қыздың сөзін.
 Айтсам қызға өз жайымды, о да елжірер етпей төзім,
 Саяқ жанмен қанжарлассам, көр болмай ма екі көзім!»
- 226 Көк шалғында оттап жүрген ұстады да ол атты ерттеп,
 Екі жартас қойнындағы үңгірге әлгі келді беттеп.
 Қарсы шақты қаралы қыз — жаралы уыз жанын өртеп,
 Ойлап: «Қайтты Гөуһаржүздім көзден жасын меруерттеп».
- 227 Бірақ көріп басқа адамды, қыз қайғылы жалынышпен,
 Жалт бұрылды қайта үңгірге, оттай лаулап жанып іштен.
 Қуып жетіп қызды ұстады ер дерттің зәрін қанып ішкен,
 Жалынды ару — жаңғырып тау жауап берді налып үстен.
- 228 Қыз ышқынып аласұрды, ызаланып өңі қашқан,
 Жұлқынды ол лез қырғауылдай үстінен кеп бүркіт басқан.
 Айғайлады: «Тариэль!» — деп, қалпында сол жанталасқан,
 Тимейтінін, жүгініп ер, айтты қызға қарсыласқан.
- 229 «Үрейленбе! Өзіңе ұқсас мен де бірі пенделердің,
 Арманым жоқ! — ойлағам, деп: Әлі де көп сенделермін!»
 Жаңағы ерге шынар тұлға, жүзі шұғла — тең келер кім?
 Өтінем, айт осы ер жайын, перзентімін мен де жердің!»
- 230 Қыз сөйледі: «Ей, деліқұл! Неге менің мазамды алдың?
 Қапас ойдан нұрлы ойға еніп, кірлі болсаң, — тазаланғын.
 Біл, тіпті де аша алмассың сырын нұрдай таза адамның,
 Айтпауым хақ ағам жайын көрсетсең де азап алдын!



- 231 Толқымалы тағдырлы ердің айта алмаймын саған жайын,
Қалам да әлсіз суреттеуге басқан ерді қайғы-уайым.
«Шеш сыр!» — десең, «Жоқ!» —
деп жауап берем сұрақ қойған сайын,
Шаттық — ағат, семіремін улы шерге тойған сайын!»
- 232 «Сен білмейсің — деді батыр, — менің де үсте қайғым таудай!
Мен кезбеген жер қалмады, үйден бездім тағы асаудай.
Сені көрдім! Ызақ күшті, жалын шарпып жанған қаудай,
Күтем! Сырды аш, тіпті, ойлама келген мені сырттан жаудай.
- 233 «Келдің кіріп, — деді оған қыз, — жұмбақ жансың ұзын тілді,
Күн тығылса ұясына, шық кеп басар қызыл гүлді.
Енді үнімді естімессің, менен жауап қысқартылды,
Дей де алмассың: «Үрейленіп, сырын айтып қыз бүгілді!»
- 234 Жалбарынып жалынды ер, тізе бүгіп, қызға келіп.
Бәрі босқа! Жат адамның болар емес сырын біліп.
Ашынды да: «Басынды ма?» — деп, ойланды қырын күліп,
Ұстап қызды бұрымынан, қанжарды алды қыннан жұлып.
- 235 Деді қызға: «Мүмкін, тағдыр маған кетпес қайғы жазған!
Қажып сарнап сандалам ба қалпымда осы тағы да азған?
Баянда ару, түгел сырды, енді аулақпын нәзік наздан,
Айтпасаң сыр, құдай куә, аттандырам өмір — жаздан!»
- 236 Сөйледі қыз: «Жауыз пенде! Қорқытып сен жеңе алмассың!
Есіркесең — тірі қалып, көрем Күнді, кек алмасын.
Қандай пәле төнсе де үстен құпиямды бере алмасын,
Өлтір де жет мұратыңа! Тілсіз қатқан мен алмасын!»
- 237 Сұрама үңгірді пана еткен сырласымның хал мен жайын:
Ашынам да сырымды мен жасырамын қысқан сайын.
Ойнат та тез дәл төбемнен өлімнің от-нажағайын,
Ал жанымды өз қолыңмен — енді өлімге болдым дайын!
- 238 Өлсем — шығам азатыққа, айығып бара пәлелерден,
Таусылса егер тағдыр дәмі, құтылмай ма көз нөсерден.
Менің өмірім — жай бір құрай, құрау үшін шыққан жерден...
Кімсің? Қайдан?
Айтам қалай қайғыны бұл жүрек көрген?»
- 239 Түсінді ер деп: «Босқа неге әуре боп жұмсадым күш!
Басқаша бір жол іздесем, мүмкін, алда түзелер іс!»



041935940
20200101033

Екі бетін жаспен жуып, мұңайды да өзгертіп түс,
Айтты: «Әйелді ренжітіп жеңгеннен де — өлген дұрыс!»

- 240 Бұлттай көзі қарауытып, қыз тағдырын сарнап сөгіп,
Еңреді ер өткен күннің қайғысына нардай шөгіп.
Ер мұңына ортақтастай түпсіз ойға бойлап төніп,
Алгүл бетін сұрлантты ару меруерт жасын барлай төгіп.
- 241 Сызылып кеп, үзіліп леп, иді басын қыз жігітке,
Бірақ әлі бардай қалған күмәндану ізі бетте.
Құлпырды да ер қызды көріп өзгерілген тым кенеттен,
Құлады кеп аяғына, жалбарынып шын ниетпен:
- 242 «Білем, ерсі дәкірлікпен сені ересен өкпелеттім,
Ерлер менен серілердің дәстүрінен шетке кеттім.
Мархабат ет, мен сорлы жан, сарғайдым көп, бетпе-бетпін...
Күнәмді кеш, шапағаты тиер адал ниетке ниеттің!
- 243 Илан, саған құл болуға, өрши үдеп, ынтам артқан,
Аяу парыз мәжүніндерді қайғылы ауыр мұң таратқан.
Сенуге тұр сорлы үмітім: мен — қызыл гүл қарға батқан,
Жүрегіңе — жаным фида іште асаудай тулап жатқан!»
- 244 Шөлдей солған махаббатты көріп ердің жүздерінен,
Тағы бұлақ ақты құлап қыздың нәркес көздерінен.
Көрді де ұлан кенет құлап ару жайын өзгерілген,
Нысанаға таяулығын баяндады сөздерімен.
- 245 Ойлады да: «Қыз дәл солған қызғалдақтай сұрғылттанды,
Ғашық па әлде? Жасын төгіп, бір булығып, бір бұлттанды».
Айтты: «Күші махаббаттың балқыта алар тым жұт жауды,
Өршеленсе, екпінді оты өртей де алар сұрғылт тауды.
- 246 Тұтқынымын махаббаттың мәжүнін боп елден кеткен,
Сүйген қызым жердің жүзін шарла өзің деп тентіреткен:
Барыс тонды батырды іздеп, міне, алдыңа келдім шеттен,
О қыз, тыңда! Қыз жүрегі тек достықтың күйін шерткен.
- 247 Барыс тонды жортуылшы өтті бір күн біздің жақтан,
Мен іздедім үш жыл оны, безіп тахтан, безіп даңқтан.
Шиеленген іс шешімін — сенен күтем, емес хақтан,
Я бер өмір, я өлімге ат жебеңді көздеп жақтан!»

- 248 Қыздың ізгі сөздеріне ер елжіреп, құлақ түрді:
«Жалбарындың — жанып жаным, көздерімде бұлақ тұрды.
Кек ұрығы өзің сепкен алғаш мені улаттырды,
Бірақ енді ғашығыңның сіңлісіндей жылап тұрмын.
- 249 Назарың сал, мен бір бикеш алдыңа кеп тағзым еткен,
Ойың адал зәматта осы нысанаңа келіп жеткен.
Сөзді ұқпасаң, жәрдем етпес жалыну да, жас та төккен,
Қор боларсың, қарғыс оқып, жалын атып көкіректен!»
- 250 Айтты Автандил: «Ертеде бір болған жағдай түсті еске:
Бір-екі адам сапар шегіп келеді екен салқын кеште,
Оның бірі апанға бір абайсызда құлап түссе,
Екіншісі айқайлапты мақсатпенен жәрдемдеспек:
- 251 «Қорықпа! Бекін, қымбат жолдас!
Мен кешікпей келем қайтып!
Әкелем де арқанды ұзын жоғарыға алам тартып!»
Сонда анау дауыстапты тереңірек батып жатып:
«Келмесең де қайда барам? Шыға алмасын қарғып, атып!»
- 252 Мен тұзақта, шын аясаң құтқарарсың бұл азаптан,
Қуа аларсың өзің ғана тағдыр бұлтын үстен жапқан.
Жан аямай орындайын тілегіңді тілеп хақтан!
Сау басына ем іздей ме күтуші үміт болашақтан!»
- 253 Қыз сөйледі: «Құтты қонақ! Сөздеріңнен мен нәр таттым,
Көріп тұрмын көркіңнен де: нәсілісің асыл заттың.
Қиын жолда бейнет шегіп, бәрін көрдің қайғы азаптың,
Тек тыңдай бер кеңесімді, үлесіңді енді таптың!
- 254 Бәрімізге ортақ енді дүние уы да рахаты,
«Тариэль» — деп аталады барыс тонды ердің аты.
Мен — Асмаптын, жүрегімде жоқ шаттықтың салтанаты,
Өмірім — өксу, үмітке өшкен түрім де жоқ жол табатын.
- 255 Баяндайын дүние кезген жаһанкездің хикаясын:
«Ол қаһарман жер шарлаған, бұзып жаудың қамал тасын.
Ну аңы мен қырдың құсы мұнда менің ішкен асым,
Қанша күнге кетті ер қазір, — мәлім сізге айта алмасым.
- 256 Жалынамын, жалбарынып, сен қал мұнда, арып бер ме,
Бастан кешкен оқиғаңның айтам бәрін Тариэльге.



Танысарсыз, дос боларсыз, жар боларсыз жарым ерге,
Сүйгеніңе сүйінші хабар жеткізерсің барып елге»

- 257 Ағытты Асмаат сөз бұлағын, Автандилдың жайнап түрі,
Мың құлпырды. Су шылпылдап, шықты тыстан ат дүбірі.
Жортуылшы ер көзге ілінді — шұғла шашқан жердің күні,
Қыз тықты әкеп қара үңгірге жаны жара Автандилді.
- 258 «Азапты ер, — деді Асмаат, — тұрсың таяу нысанаға,
Сәл жасырын. Түссе келіп тұзаққа құс, — ұша алар ма?
Айдалада ол арыстанға қарсы жүрер ұқсап аңға,
Бұзық жолға бұрмаса егер, бұрыс жолға ер түсе алар ма?»
- 259 Қараңғыға тықты апарып білдірместен қыз мейманды,
Ер, секіріп аттан түсіп, шешінуге ыңғайланды.
Еңіреді олар. Екеуінде жас Автандил тыңдай қалды.
Сығалап ол, бұл ғажапты көрген сайын құмарланды.
- 260 Екеуі де өкси түсті жоғалтқандай бір адамды,
Зафран болды ай жүздері: шық кеп жапты гүлді алаңды.
Тас күмбезге кірді лезде Асмаат аттың ерін алып,
Жараланған жас жүрегін тағы еңреп ер мұңға малды.
- 261 Тұрды Автандил көріп бәрін, Тариэльге аң-таң қалып,
Жолбарыстық терілерден құлпыртты қыз төсек салып.
Жерге отырды жортуылшы өлсіреген, шаршап талып,
Кірпіктерден інжу жастар жатты жерге домаланып.
- 262 Қыз от жақты құсты ұйтуге шақпақтатып шақпақ тасты.
Қызыл шоқтан жарық тарап, қараңғылық үркіп қашты,
Тариэль де бір кесек ет жеуге ойланып аузын ашты,
Тамағынан өтпей тағам, қайғысына қайғы ұласты.
- 263 Шаршап мүлдем қажыған ер, қалғып аздап, кірпік ілді,
Түстен шошып оянды да бір айғайлап, бір күрсінді.
Жынды адамдай жұлқынды да өзін өзі кеудеге ұрды.
Асмаат еңреп бетін тырнап, күңдіретті кең үңгірді.
- 264 «Не болды, аға? Түсінбеймін!» —
деп, Асмаат қыз, жылап жанды,
Күрсінді ер: «Көрдім түсте бір кермет патша ағзамды,
Қиқу салып, үрей қылып, шуға бөлеп бар алаңды,
Бастап тобыр аламанды, құды да көп қамады аңды.



0419359410
002-01191033

- 265 Жүрегімді жапқан жалын. Жалғыз жанып сандаламын,
Адам көрсем — үрке қашам, қылығым — жат. Таңғаламын.
Шоқ ішінде отырдым сәл үрейі боп паң даланың,
Көзге де ілмей көркі көркем Аравияның сәнді алабын...»
- 266 «Сен өмірден безген жансың, сүймейсің сен адамзатты,—
Деді ару қаһарманға, ерге де ол сөз жаман батты,—
Тағдыр торын талқан қылып, құру үшін салтанатты
Адамды сүй, ұқсатпа бос өзіңе өзің қайуанатты.
- 267 Сандалдың сен. Кең ғаламды түгел кезіп әлсіредің.
Жан таппадың жанға жақын. Мен де солдым —
бал шыры едім.
Бір дос тапсаң, сергімес пе ең қолдап мәңгі жан сыры, ердің
Бос күңренсең — сөнбей ме Нұр? Неге мұндай әлсіз едің?!»
- 268 «Уатасың — деді Тариэль,— мұң мен зарым таусылар ма?
Арманымды ардақтайтын келем бе кез қаршығаға?
Сөйтіп, сол ер болып тірек, шерден жүрек аршылар ма?
Жоқ! Тек қана өлім — шаттық! Жар шеріне жан шыдар ма?
- 269 Өзіме аян, еш пенде жоқ мендей ауыр ойға батқан,
Табармын ба ізгі досты өксіп сырын қоймай айтқан.
Ондай жан жоқ! Адамзаттың бәрі қазір жолдан қайтқан,
Өзің ғана қасіреттің сағат санап қайғысы артқан!»
- 270 «Азаланбай тыңда мені,— сондағы айтқан қыздың сөзі,—
Азабыңды жеңілдетпек аспандағы төңірім өзі,
Біл: бүгіннен бастап енді төңірім саған салды көзін,
Бітті күнің сарнауменен, зарлауменен еткен төзім.
- 271 Табу үшін берік тірек сана-ой керек адамзатқа,
Мәжнүн болып ұқсадың сен төрт аяқты қаюанатқа.
Одақтассаң күндей ермен дерт боларсың тегі жатқа,
Қор боп өлмей, қол созарсың шаттықты өмір салтанатқа».
- 272 Айтты батыр: «Қалқатайым! Сөзің жұмбақ —
біле алмадым!
Келсе бір дос — ол исі хош көктен келген гүлі алланың!
Сол құданың құдіретімен ирек жолда бұраңдадым,
Құмайт шөлде тағы болып, сағым қуып, құр алдандым».
- 273 Сыр сандығын ашты Асма: «Лаулама, аға, өрт боп ішің,—
Бір қаһарман көрсетпекші қазір саған серттік ісін,



Сеніменен бұл жаһанның кезеді ол төрт бұрышын, Іш алдымда ант — қызыл қанға боямауға кек қылышын!»

- 274 Берді ер жауап: «Мен дайынмын! Дос болуға берем сертті,—
Ант ішемін қызымды атап он жыл іздеп жұтқан дертті,—
Туған мені ағасындай ол қыран құс соғына ертсе,
Кешем бірдей белуарлап жолда жанған лаулап өртті».
- 275 Асмаат барып қараңғыдан алып шықты Автандилді,
«Алыс емес нысанамыз!» — деп қуантты батқан Күнді.
Ай дидары, нарттай жанып, қуып үстін жапқан түнді,
Шығып түннен, күндей күлген,— Тариэльді шаттандырды.
- 276 Кездесті екі ер көктен жерге шапақ шашқан күн мен айдай,
Жерді жарық нұрға көмді бұлтты жарған нажағайдай.
Тұлғалары — сұңғақ сүмбіл өрлей өскен қарағайдай,
Шұғлалары — қара бұлтты жарып шыққан ғажап айдай.
- 277 Сүйісті ерлер, туыстардай, елжіресіп емірене,
Меруерт тістен жатты алқызыл еріндерге өң беріле.
Құшақтасты шалқып, кейін шаттанғаннан еңреді де,
Лағыл беттер мың құлпырды сергек сезім тербеді де.
- 278 Автандилді ер Тариэль инабатпен ұстап қолдан
Отырғызды өз қасына, жүрегіне шаттық толған.
Асмааттың да жанды жүзі зарығумен құрап солған,
Айтты ерлерге: «Жасты тиып, шығыңыздар қапас жолдан!»
- 279 Тағы еңреді ер Тариэль, жүзін күміс қырау басқан,
Сұрады одан тағдырының салған ізін астында аспан:
«Кімсің, қайда сапар шектің, қадамың бұл қайда басқан?
Өлімді де ойламастан, шертем сырды түгел бастан».
- 280 Сонда Автандил берді жауап, жасырмастан таң қалғанын:
«О Жарық Нұр! Қаһарманым, өзіңді іздеп сандалғамын!
Мен — арабын. Аравияда сарайым мен жерім, малым,
Махабаттың өрті билең жалын құшқан мынау жаным.
- 281 Араб елін бағындырған асқан дана патша шалдың,
Патша қызы арбап мені, жүрегімді тұтқынға алды.
Көргем сені бұдан бұрын өткен басып кең даламды,
Қамшыңменен қансыратып қуған қаптап көп адамды.





- 282 Отырдың сен жиегінде тасбұлақтың толқын атқан,
Шақырдық біз көріп сені бар қосынды таңырқатқан.
Мазақ еттің қарт патшаны қалпыңда үнсіз, тілсіз қатқан,
Жындай көзден болдың ғайып, қалды дала қанға батқан.
- 283 Қуғандарды қан қақсатып, қирата ұрып, шапшаңдаттың.
Патша шапты білу үшін жұмбақ сырын қашқан жаттың.
Ал сонда сен, желдей есіп, жердің шаңын аспанға аттың,
Шер жұтты әмір, мен де, қарғап жазмышымды,—
жасқанбаппын.
- 284 Сәтсіздіктің бұлты төнген патша ауыр қайғыға еніп,
Ерлеріне сені іздетті, мұңды әйелге сай күңреніп.
Тірі адамнан хабарыңды біле де алмай, шын түңіліп,
Мені өзіне шақырды қыз Күн нұрынан алған көрік.
- 285 Деді ол сонда: «Қаһарманым! Орындалар барлық ойың,
Тек жоғалған Жарық Нұрды тап та, жаса шаттық тойың».
Берді үш жыл мерзім маған кез деп тау мен сайдың бойын,
Қоштастым да айрылыстым, ырғай болды мынау мойын.
- 286 Кездеспеді ешбір пенде сені білген бұл ғаламда,
Түріктерді көрдім кенет жалбарынған жасағанға.
Қамшы тиіп қақ басына біреуі ауыр жараланған,
Солар, шерлі мұңын шағып, сен туралы айтты маған».
- 287 Патша әскерін қырғандығын Тариэль де түсірді еске,
Айтты: «Ерекше ол жағдайды бола ма еске түсірмеске.
Арабтардың әскерімен көрдім сені: өң бе, түс пе...
Шерге бойлап, сүйгенді ойлап, еңреуде едім боп нәресте.
- 288 Ол күндерде тағдыр бізге көрсеткенді түрлі жолды:
Берілдің сен серуенге, менің көзім — жасқа толды.
Мені күшпен алмақ болып, төнген қаптап көрдім қолды,
Өкінді олар, кездескенін құлатқан соң оңды-солды.
- 289 Ойлаған ем: мен патшаны, жетсе қуып, аямаспын,
Сыйладым да тах иесін, тек тұлпарға қамшы бастым.
Шақырдыңдар таяу жетіп, арасындай көз бен қастың,
Құйынға ұқсап ұшты қара ат, шуға бөлеп аспан астың.
- 290 Қорықпаймын да сәйгүліктің үстінде мен құс қанатты
Жасқанбаймын мінгеннен соң шапқан емес, ұшқан атты.




ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ

Түрікті де орағытқан шылбырымнан ұстамақ боп,
Жазаладым! — Кеудесі өсіп, дөкірлігін тыстамапты.

- 291 Сен кеп жеттің бақыт үшін — үлкен шаттық сезем алдан,
О, Қаһарман! Жүзің шұғла, белің нәзік өрімталдан.
Тар жол тайғақ кешулер көп, достым, рас, артта қалған
Мәжүнінді табу қиын, ұмытса егер мынау жалған!»
- 292 Айтты Автандил:
«Кемеңгерім, тұлғасындай даңқ пен бақтың
Өзіңді де аса мақтап дәріптеуден тіпті аулақпын.
Сен де — бір нұр, егізіндей күннің, көкті жарқыратқан,
Енді өзенін ұлғайта алмас толқыны аққан жас-бұлақтың.
- 293 Мені ұйытқан қызды ұмытып, басыма алам енді теңдік.
Сені сүю маған парыз, болам енді мәңгі — сендік.
Жақұт тастан сәуле шашқан қандай адам табар кемдік,
Достаса алсам мәңгі өзіңмен, орындалар арман мендік!»
- 294 Деді Тариэль: «Уа қыраным! Бақытсызға опа еткен,
Қайғыма ортақ болғандығың жүрегімді елжіреткен.
Ғашықты кеп сен уаттың, өзің ғашық азап шеккен, —
Сүйгеніңнен сені айырсам, не күтпекпін келешектен.
- 295 Патша қыздың жарлығымен мені іздедің барлық жерден,
Серіліктік сертті сақтап, таптың келіп енді үңгірден.
Аша алам ба сырды тұйық, жанымды өртеп, жүрек керген?
Қырсықты ауыр хикая айтсам арыла алмас көз нәсерден».
- 296 Ер Тариэль, махаббаттың жалыны өртеп, ойға енді,
Асмаққа айтты ол: «Меніменен мұңға терең бойлап едің:
Әлі күнге жас жүрегім сыздауын бір қоймап еді,
Бұл жас батыр болып іні бар қайғымды жоймақ енді.
- 297 Егер бізге я бір жігіт, я қыз келсе боп қарындас,
Олар үшін фида болып, ақ пейілмен иеміз бас.
Еске алсам ескі сырды көз қарайып, ағарар шаш!
Бір адамға шаттық беріп, берген тәңрім біреуге — жас.
- 298 Салқын суды дайында, Асмақ —
жандай досым, сен де ерсің,
Сырды ағытып жансам дерттен, бүркіп сумен сөндірерсің.
Егер өлсем, аза салып, жоқтау жырын өндірерсің,
Қазып — бесік қабырымды тағдырға озбыр көндірерсің!»

- 299 Түймелерін ағытып ер омырауын аштыдағы,
Күндей бұлттың қойнына енген сыр пернесін басты тағы.
Қалшылдады сыр шертерде құздың қатал жас қыраны,—
Көздерінен жатты құлап мұңның мөлдір тас бұлағы :
- 300 «Уә сәулеттім, қайда кеттің, сарнап-зарлап шерге шөктім,
Өмірімді сәндендірген сен гүлі едің келешектің.
Пейіште өскен түзу терек, кім аяусыз сені қырықты,
Күлге айналмай жүргеніне таң қаламын бұл жүректің?!»






V хикая

**ТАРИЭЛЬДІҢ АВТАНДИЛГЕ БАСТАН КЕШКЕН
ҚЫРСЫҚТЫ УАҚИҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АЙТҚАН ХИКАЯСЫ**

- 301 «Назарың сал — хикаямды ағытайын, сүйген кісім,
Азабымды баяндайын, лауласа да күйген ішім!
Қуанта алмас сол сәулешім қайғысы ұшан күйреушісін,
Жасын көл ғып, шерін сел ғып, жанын отқа сүйреушісін.
- 302 Әлемге аян — Үндістанды жеті патша тұрды билеп,
Ер білекті Парсаданға алтауы оның бас иді кеп —
Патшалардың патшасы еді ол: батыл, жомарт шыққан сирек,
Күші — арыстан, түсі —
шұғла, жыққан жерге жауды түйреп.
- 303 Менің әкем тұрды билеп дәл жетінші патшалықты, —
Ол — Саридан, сардарлардың бөрінен де асқан мықты.
Шайқастарда үрейлене үрккен жауға қанжар сұқты,
Бейбіттікте жасап сауық масаттанып аңға шықты.
- 304 Қабыл болып хак батасы, істе ысылған әкем менің
Өркені өскен өлкесіне бір жақсылық әкелмеуін
Дұрыс таппай, деді: «Жау жоқ, тағым мықты екен менің,
Ағат емес қол астында Парсаданның мекендеуім!»



- 305 Астанаға — Үндістанның патшасына — жазды ол хатты,
«Айбынды әмір! Сенің күшің сақтар елді, салтанатты.
Қол астыңа кіру барып — адал ойым парасатты,
Құдіретіңе құлдық етсем, тарихта атым қалашақ-ты».
- 306 Қуанышын атап патша асқақ сөйлеп қалпында асқан,
Берді жауап: «Уа, ұлығым, білсін енді даңқыңды аспан.
Сен де өзімдей кемеңгер ең қорғаушы елді дұшпан-қастан
Қонаққа кел! Көрсін енді ел біздей досты құшақтасқан!»
- 307 Тәуелдігін сақтап мәңгі қалың қолды басқарды енді,
Спасалар атағымен алардай не асқар белді,
Сол кезде әкем, әйгілі ұлық, орта жастан асқан да еді,
Тағын өзі тастаса да даңқы асқақтап аспанда еді.
- 308 Өзіне тең балап оны, патша ойлады: «Мұндай көсем
Дүниеде жоқ! Дұшпанға ол —
оқ! Енді өркендеп өршіп-өсем».
Бассыздарды бағынбаған желге ұшырды ол күлдей көсем...
Мен әкеме тартқаным жоқ, жауды-жауға жыққан төсем!
- 309 Жазуымен жасағанның патша ұлсыз боп жұтты шерді,
Ұлы әмір мен әскерлердің көкіректерін қайғы керді.
Мен туғанда ұлы патша: «Өсірем,— деп, — кемеңгерді!»
Апты өзіне, сезбедім тек көзден тamar көп нәсерді!
- 310 Сол Парсадан мені өсіріп, мәпеледі өз ұлындай,
Дайындады алтын тахқа әлпештеумен неше жылдай.
Ғұламалар көп оқытты батырлыққа баулып тынбай,
Арыстандай айбынданып шұғлаланды жүзім нұрдай.
- 311 О Асматым! Тоқтат мені — қателесем сөзді білмей,
Мен ержеттім. Екі бетім — тұрды жанып роза гүлдей.
Жолбарысты алысқанда домалаттым, нандай илеп.
Патша ұмытты ұл жоқтығын, қайғы-арманды ойға да ілмей.
- 312 Қазір менің өшкен өңім, ал ол кезде өстім тасып,
Түнге төнер жарық күндей тұрушы едім шұғла шашып.
«Бұл пейіштің шынары!»— деп, айтатын жұрт таңырқасып,
Көзді ұялтқан көркім қайда? Кетті бәрі қазір қашып!
- 313 Патша әйелі тапқанда қыз жетіп едім мен бес жасқа...»
Деп қаһарман кетті құлап, айта алмай сөз одан басқа.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ АРХИВ ҚАҒАПАТЫ


Суық суды бүрікті Асмат бетіне оның, көзге, қасқа,
Айтты ер:
«Туды Ай. Содан бастап менің жаным тар қапаста».

- 314 Туған Айды дәріптеуге тіл жетпес деп күмәнданам,
Той жасады патша, мээ боп, алғандай бір гүл алладан.
Тартты ұлықтар шексіз сыйлық көрген адам құмарланған,
Баршасын да күтті алдияр шаттық шегін біле алмаған.
- 315 Өстік ойнап сарайда біз, мұңға терең бойламастан,
Қыз нұр шашса,— Шолпан сөніп, түр-сипатын жойған аспан.
Егіз ұл-қыз болып өстік еш бөтен ой ойламастан,—
Айтам енді сол қыз атын— атын да оның қойған аспан...»
- 316 Қызды еске алып Тариэльдің екі көзі қарауытты,
Авгандил де ұқсатқандай болды өзіне қара бұлтты.
Мөлдір бұлақ суыменен Тариэльді тағы бүркті,
«Өлім маған таялды!— деп, айтар сөзін ер ұмытты,—
- 317 Дареджан-Нестан — патша қыздың даңқы әлемдік еді аты,
Жастан зирек, жарқын ойлы боп жайылды парасаты.
Аймен, күнмен таласқандай жанған жердің перизаты,
Ұмытар ма оны пенде, болса жүрек махаббаты?
- 318 Мен де ересен өстім ер боп, сол уақытта қыз бой жетті.
Патша қызға — жалғызына тах беруге ойға кетті.
Арыстанды аспанға атып өстім болып сом білекті,—
Кейін көсем жарлығымен өз үйіме қайтып кеттім.
- 319 Нестанға арнап Парсаданның бұйрығымен сарай салды,
Зембілі де меруерттенген жарқ-жүрқ етіп арайланды.
Фонтан атқан бақша да үлкен хош иісімен маңайды алды,
Жердің гүлді жаннатында ару тахқа даярланды.
- 320 Күндіз-түні қыз үйінен хош иісті гүл жұпар шашты,
Мұнара мен сәнді бақты жібек желді самал басты.
Бір қаджаның жас жесірі патша ағзамға қарындас-ты—
Аты — Давар, оқытты ол даналыққа Нестан жасты.
- 321 Ішінде сол гүл бақшаның шығып тысқа кең сарайдан,
Көктің көктем тартуындай шешек атты қыз Дареджан.
Сұңғақ бойы Габаонда өскен құрма ағаштай солқылдаған,
Үйренді ұдай асық ойнын Давар менен күң қыздардан.



- 322 Мен де он бес жасқа жеттім. Жан аямай патша ағзам,
Күндіз сақтап өз қасында, түнде ұстады атқанша таң,
Күндей жайнап, оттай ойнап, айбатты едім бейне арыстан,
Садақ пен доп, күресте де — алдым жүлде сан жарыстан.
- 323 Көк жебемен түсіруші ем аспандағы ұшқан құсты,
Майданда — айқас, ерегесте істей де алдым түрлі әдісті.
Ойын-тойда достарыма көрсеттім де шаттық түсті,
Үйге қайтсам, гәуһар қыздың қайғы дерті басты күшті.
- 324 Өмір нәрін сарқып жұтып әкем көрге бетті бұрды,
Бұйрық беріп ұлы патша ойын-тойды тоқтаттырды.
Әскер басы өлгендігі дұшпандарды шаттандырды:
Патшаға шын берілгендер — жоқтады еңреп батқан нұрды.
- 325 Бір жыл бойы тысқа шықпай абақты еттім өз үйімді,
Күн-түн көкке жалбарынып, шерлі өксулі шерттім күйді.
Патшадан кеп талай уәзір жарлық пенен бұйрықты үйді:
«Тариәлім, қара киме! Назалансаң дерт үдейді!
- 326 Өлген келмес, екеумізде енді қайғы жұрттан басым.
Қолыңа ал барлық қолды, енді өзің әмірбарсың!»
Жалбарынып ұлы патша: «Төкпе, — деді, — көздің жасын!»
Қолбасшы етіп тағайындап, берді дәулет қисап-сансыз.
- 327 Әке өлімі өзекті өртеп, жүрек дерт боп жалындады,
Шығып түннен гүлдей күлген мен жоқ: үдеп жаным жанды.
Мәртебелі сарайлықтар, қоршап қара жамылғанды,
Құшып сүйіп, қошеметтеп, туысындай қабылдады.
- 328 Баласындай шақырып ап өз қасына кемеңгер де,
Түсіндірді іс жүйесін, отырдым мен төмен жерде.
Бас әмірбар қызметінен бас тартқан ем елеңдеумен,
Ақырында алдиярым мәжбүр етті «көнем!» деуге».





VI хикая

ТАРИЭЛЬДІҢ БІРІНШІ ҒАШЫҚ БОЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

- 329 Еңіреп ер, сөйлеп әзер кетті бастап хикаясын:
«Бір күні біз қайттық аңнан, қойып ағзам ықыласын
Бір тіл қатты: «Перизатты көр, ол — сенің қарындасың!»
О, дариха, білдім бе онда қайғы бұлты арылмасын?
- 330 Кірдім баққа жұпар шашқан Парсаданмен мархабаты.
Бұталарда гүлге құштар бұлбұл құстар ән шырқатты.
Алқызылды меруерттей — күндізгі өрттей фонтан атты.
Қамқалы оқа тұрды жауып есіктерін ғимараттың.
- 331 «Патша қызға алып бар!» — деп, құрларды әмір маған берді,
Күндей жанған жүзінен қыз жүрегіме таң жіберді.
Қадалса алмас, жараланар тас болса да жүрек шерлі, —
Тағдырымды табындырды ол — жаси берді жан жігерлі!
- 332 Бұған дейін патша қызын көрсетпеген маған, тіпті,
Өз қолымен ашты енді өзі зілдей қамқа шымылдықты:
Мен естідім — күң қызға ілез берді ұлы әмір бір бұйрықты:
«Дареджанға жас әмірбар берсін өзі бұл сыйлықты!»



333 Шықты АсMAT қарсы маған. Шымылдықтың аржағынан,
 Тұрды Нестан тура қарап — найза қадап жан-жағымнан,
 Құсты АсMATқа беріп жатып, қалдым қатып жалынданған,
 О, сұм дүние! Содан бастап шегуде азап жаным жанған.

334 «Қайда сол қыз көздерінен күннен де ыстық шұғла
 шашқан?»

Деп ер жылап кетті құлап, қалпында естен шын адасқан.
 Автандил мен АсMAT қыз да еңіреді, күнренді аспан:
 «Кеше еді ол ер әлемге үрей, енді міне кейпі қашқан!»

335 Салқын судан бетке бүркіп Тариэльге кіргізді жан,
 Ауыр қайғы жүрегін жеп, тоқтағандай болды онда қан.
 Өксіп қатты ол еңрей түсті — тойды жасқа жердегі шаң:
 «О масқара! Сұлу атын енді атасам атпастай таң!»

336 Өрге өрлемей бітер өмірі бұл фәниге иланғанның.
 Қараға да, ханға да, рас, келеді ажал — сыйы алланың.
 Жақ болар хақ ізгі жолға жанын фида қыла алғанға,
 Баяндамай бастан кешкен қырсықты істі тұра алмаймын.

337 Қыз құстарды алған шақта басты үстімнен қараңғылық,
 Әлім бітіп, кеттім құлап, бір улы арман жарамды үңгіп,
 Көзімді ашсам — еңреуде ел, шер селіне терең сүңгіп,
 Кемені кеп қоршағандай тұр үңіліп, сараң мүлгіп.

338 Сарайда өзім кең төсекте жатыр екем болып бапты,
 Мәртебелі төрелер де жылап шулап келіп қапты.
 Жыртып бөрі беттерінен алқызыл қан сорғалатты!
 Молдалар да дұға оқысып, Құран жырын жорғалатты!»

339 Тосыннан мен тірілгендей көзімді аштым, патша құшты:
 «О жан балам, тірімісің, жасырмай тез айт дұрысты!»
 Сөз таба алмай қалдым қатып, басқандай-ақ бейне албасты,
 Есім ауып кеттім құлап, жүрегімде қандар тасты.

340 Үймелеп кеп молдалар мен ғұламалар асқан ғалым —
 Құранды алып дұға оқысты қашсын деп сұм Ібліс залым.
 Жын соқты деп үшкірісті, жақсармады бірақ халім,
 Үш түн кірпік бір қақпадым, таялғандай, тіпті, ажалым.

341 Тәуіптер кеп тоқтам айтты: «Сыры мәлім бұл науқастың!
 Дәріден жоқ бұған шифа, жанын жеген қайғы жастың».



Күйіп-жанып дөңбекшідім, жасырдым да сырды бастым,
Ханша да кеп егілгенде, көзінде оның тұрды тасқын.

- 342 Патша үйінде үш күн жаттым, мұңға баттым, есім ауып,
Айықты аздап, қызған сыздап жүрек дерті, болмай қауіп,
Ойға шомдым: әлсіз солдым, сырқатыма шифа тауып,
Жар бола гөр, жасағаным, маған керек ойын-сауық!
- 343 Рақым етіп, жар бол тәңірім, сақтап жүрек азабынан,
Шифанды бер дертті тәнге, босат мехнат дозағынан.
Патша үйінен кеткенім жөн, құтқарылып таза мұңнан!—
Жебеп ием, болдым азат жұрттың күлкі мазағынан.
- 344 Келді ұлықтар, қуанысып, сүйді өзімді құшақтасып,
Кейін қайтты, патшаға айтты: «Өзі тұрды аяқ басып!»
Жетті алдияр жұбайымен көкіректерін ашқан, тасып,
Жатты олардан жалбарыну аяттары аспанға асып.
- 345 Жойып шерді сусын берді — шифа да алды дертім менің
Парсаданға: «Айықты ауру, басылды енді өргім!»—дедім.
«Өзенді өрлей, өрді көлбей саяттайық еркін!» — дедім...
Жүріп кеттік. Дәл бұл сәтте мен құлпырған көркімде едім.
- 346 Саят құрып, біраз жүріп, үйге оралдық кешікпестен.
Кетті билеп тағы бір шер жүрегімді тесіп-кескен.
Үйіме ендім — өрши берді сол бір қайғы өшіп те өскен,
Дедім: «Тәңрім, ал жанымды — тағдырыма өшікпестен».
- 347 Гәуһар жүзім зағфранданып, солып бетім, арсаланды,
Он мың найза қадалғандай ғазиз жаным паршаланды.
Кенет сарай күзетшісін шақырды құл қарсы алаңнан,
«Келер хабар!» — деген оймен жүрегім де шаршаған-ды.
- 348 Деді: «Асматтан!..» Түнеріп мен хабаршыға өң бермедім.
Бірақ, хатты асыға оқып, сездім істің өңделгенін.
Айттым: «Шын ба махаббаттың жалынына дем бергенім?
Үстен төнген бұлтты қуып, арманды алыс өңгергенім?»
- 349 Таңғалдым да ойға кеттім: «Қалай сұлу ашқан сырын,
Тіл қатпасам — түзелмес-ті тағдырым да басқан қырын,
Сүйгенімнің тәтті үмітін қорламап ем тасқан бұрын»
Жазып жауап, құштым жайнап,
махаббаттың шашқан нұрын...



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
НАҒАРНАҒАНАСЫ

- 350 Күндер өтті. Жүрек оты өртті үдетті, жалынданды.
Майдандағы әскер ойнын көрген шақта жаным жанды.
Тәуіптер көп емдегенмен, патша ұмытып қабылдауды,
Ойладым мен: «Сірә, маған есігі өмір жабылған-ды».
- 351 Бұл дертіме дәрі-дәрмек шифа беріп, болмас бапты.
Тәуіптер де білсін қайдан тылсым сырлы бұл азапты?
Парсаданның жарлығымен тамырлардан қан босатты.
Мақұлдадым ол амалды, жасырдым да шын сырқатты.
- 352 Қол оралған, төсегімде жатыр едім уайыммен,
Көрдім алда тағы құлды тағзым етіп, жылай енген:
«Келді Асмааттан жаңа кісі!» — деді, ерекше мұңаюда ем,
Ойға шомдым:
«Бұл неткен қыз! Жөн емес пе шыдай білген?»
- 353 Аштымдағы ілтифатты оқып хатты жанып-қыздым.
Депті: «Ойыңды кешікпестен тыңдауы жөн қанып қыздың».
Бердім жауап: «Сені көрсем — шыңына асам алып құздың,
Серің жетер, шүбәң кетер, жұлдызымыз жанып біздің!»
- 354 Өзіме айттым: «Рас, осылай аян болды солмастығым!
Әмірбармын — адмиралмын, үндістандық қолбасшымын.
Сол себепті, тіпті, әзірше айтпасам да солмас сырым.
Құпиямды ашсам түгел, мәлім, сірә, оңбастығым!»
- 355 Білу үшін хал-жайымды жұмсап патша қызметкерді,
Мені емдеген барлық ізгі тәуіптерді іздеп келді.
Жаздым: «Бойдан қан жіберді, өттік енді біз де өткелді
Сізді көру ұлы арманым, ой маржандай тізбектелді!»
- 356 Қабылдады патша алдында сарайының жауған арай,
Атқа отырдық, қару алмай жүрдік алға, тауға қарай.
Құрлар тобын үрей қылды ылашындар құған орай,
Жебелердің зуылына жауап қатты ну қарағай.
- 357 Жасалды той келгеннен соң шыққан жандар аңға барлық,
Парсаданның осы тойы болды, рас, таңғаларлық.
Тартты тарту жарлығы да, жалшыға да, байға барлық,
Жыршы-әншінің әндері әсем жатты тарап маңға барлық.
- 358 Жасырдым да әлеуметтен жанымды өртеп, басқан шерді,
Оттай лаулап, қаудай қаулап, аласұрып тасқан шерді,

Үйге ерітіп қайттым дереу нелер жақсы асқан ерді,
Той жасадым, сүйгенді ойлап, айығардай жастан енді.



- 359 Кіріп бір құл деді: «Тақсыр, сізге есік жабылмайды,
Бір жат әйел отыр күтіп, дерт үдетіп, жалындайды.
Мынау жалпақ астында аспан ондай ару табылмайды...»
Дедім құлға: «Шақыр дереу! Айт: «Әмірбар қабылдайды».
- 360 Сезіп жайды, тараспақ боп, меймандар да елеңдеді,
Иілдім де ізеттікпен: «Көп кешікпей келем!» — дедім.
Бөлмеме ендім құлсыз жалғыз. «Кім болса да көрем!» —
дедім.
Түс көргендей сәл бір сергіп, тиді көкке төбем менің.
- 361 Қыз қиылып, тұрды иіліп, ибалықпен тәжім етіп:
Деп: «Кеш, сардар, кетсе егерде шерткен сырым —
назым өтіп».
Қайран қалдым: «Мәжнүнді сынай ма қыз өзіл етіп,
Әлде, елжіреп, жылай ма қыз жүрегінің сазын шертіп?»
- 362 Перделі ару тұрды үстінде масатының, иілді де.
Шімбетінен шын бетінің біле алмадым күйін мүлде.
Айттым: «Жазым, білу ләзім күйоді де, сүйоді де:
Әнші бұлбұл арнамай ма, ғашық болса, сыйын гүлге».
- 363 Айтты сұлу: «Ұят өртеп қызыл тілім күрмеледі!
Сізде ой — өзге! Мендегі ой сізден бетер күрделі еді.
Рахмет! Жеттің бөгелместен — жүрегіме нұр келеді,
Күшім жетпей сыр шертуге, күдік билеп тұр мені енді.
- 364 Аспандағы көп жұлдыздың әлсізіндей дірілдеймін,
Сөкпе, әмірін орындаймын көктің көркем күніндейдің —
Патша қыздың шұғла шашқан. Өзім көптің біріндеймін.
Мә, мынау хат айтар түгел сол сұлудың сырын деймін!»






VII хикая

НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ҒАШЫҒЫНА ЖІБЕРГЕН ХАТЫ

- 365 Оқыдым мен ғашығымның жанымды өртеп жазған хатын,
Депті Шұғлам: «Арыстаным! Бір өзіңдік махаббатым!
Тек сендікпін, сенің неге қашты бойдан рахатың?
Түсінерсің бар сырыма, айтса АсмаТ сөз ләззәтін.
- 366 Даңқ әкелмес ғашықтарға ашыну мен көздің жасы!
Мендігіңді, ерлігіңді көрсет енді — сөздің басы!
Хатайлықтар салықтарын төлеуден тез тартпақ басын,
Антты бұзған арсыз елге дайын болсын сыбағасы!
- 367 Жасыратын қылық та жоқ: мақсат — болу сенің жарың,
Бұған дейін хабарлауға қатты ұялдым, лебің жалын.
Тасасында жана берді шымылдықтың менің жаным,
Сездім, арманға ойламайсың жетудің сен жеңіл жағын.
- 368 Шын сөзімді тыңда, қыран! Күймесін тек шерлі ішің,
Хатайларды қанға бояп, көрсет жауға ердің ісін!
Көп еңреме, мол нәсерден жояр раушан сұлу түсін,
Түнегіңе кірем күн боп — құшақтай бер күн сәулесін!»
- 369 Оқып біттім. Тұрды АсмаТ бұрынғыдай, жасқанбастан.
Мен шалқыдым, арман шегін аттап өтіп, аспанға асқан.
Қуандым да көз жібердім, қадамыма жастан басқан,
Болды артық ай жүзім де күндіз шұғла шашқан тастан.



VIII хикая

ТАРИЭЛЬДІҢ НЕСТАН-ДАРЕДЖАНҒА БІРІНШІ ХАТЫ

- 370 «Есіме алдым ғашығымды — жасыл гүлді Құрма Ағашын:
«Рас па бұл Күнге Ай келіп, сәлем беріп, иді басын?!
Жар болса аллам, сорлы пендең жаза да алар жан жарасын
Алдамшы бұл түс пе әлде, әлде өңімде төккен жасым?..»
- 371 Асмаатқа айттым: «Шаттығымды суреттеуге жетпес тілім,
Нестан, Күн боп, қуды үстімнен қатал тағдыр кетпес түнін
Өлген жанға ол беріп өмір, төкті үміт, төкті білім,
Мәңгі оған құл боп өтсем — шын бақыттың өптім гүлін!»
- 372 Асмаат айтты: «Тыңда, батыр, Дареджанның насихатын!
Ізгі сырдан ұста аулақ ғашықтардың дос пен жатын;
Көрсекызар әуесқойға қалқан болсын менің атым,
Құпиялық қоса түсер қос жүректің махабатын!»
- 373 Шұғласымен тұтылдырған жанып тұрған күннің көзін —
Дареджанды тыңдап қанып, лаулап жанып білдім сөзін,
Көңілдендім — өмірге ендім Перизаттан естіп лебіз,
Күндіз күн де ұқсар түнге көрсе қыздың нұрлы жүзін.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

374 Кесе толған асыл тасты тарттым қызға, ол — сәнді ырым,
Алмай ару айтты: «Рахмет! Гәуһар толған қолсандығым».
Таңдап киіп бір жүзікті, қызараңдап тамсанды Гүл,
Деп: «Мәңгілік ескерткішке алсам, аян құрсандығым!»

375 Азайтты да азабымды, Асмағ күліп амандасты,
Қайғы бұлтын серпе қуып, таң шапағы қадам басты.
Үйге оралдым, достарым да қамап мені жалаңдасты,
Шаттандым да барлығына тарттым қалған тәмәм тасты».





IX хикая

ХАТАЙ ПАТШАСЫНА ТАРИЭЛЬДИҢ ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 376 Хатайларға қаһарланып, шапқыншыны жібердім де, Жаздым: «Үнді кемеңгерін кернеді өрттей жігер мүлде, Тахқа тағзым етсең — ерсің, кел құрметпен, күдерленбе, Елді сатсаң, екі жүз боп,— келеді әлім шідерлеуге.
- 377 Сақтан, Хатай қолбасшысы: пайда болмас зұлымдықтан! Кешікпеңіз, тез жетіңіз, кешу сұрап патша ұлықтан, Жедел тәжім етпесеңіз, жерге енерсің бұл қылықтан, Бояларсың өз қаныңа! Сенің, зәлім, сырыңды ұққам!»
- 378 Беріліп той-мерекеге тағы да өзім масайрадым, Жүрегімде лаулаған өрт сөніп, шаттық жасай да алдым. Ойладым да: «Армансызбын, өшті, өршімей асау қайғым, Бітті күдік — өршеленем, күлкіге мұң қоса алмаймын».
- 379 Кей кездерде, үміт сөніп, кетпек болдым елден безіп, Той мен думан қуа алмады үстен бұлтты келген езіп. Албырт қиял бойды кернеп, дайым шер кеп, жүрдім төзіп, Бұл жалғанға иланған да — мұңды арманда — жетті көзім.




- 380 Бір күні мен Парсаданмен жолықтым да үйге қайттым,
Сүйгенімді ойладым да жүрегіме сырымды айттым,
Жан жарасын жазған сол бір хатты оқуды тым молайттым,
Сол мезетте шапқыншы кеп маған былай хабар айтты:
- 381 «Келді сәлем Асма т қыздан!» — бұл хабарды алдымдағы,
Білдім Нестан шақырғанын шапақ шашқан көз жанары.
Шаттық құды қайғы бұлтын, қирап шердің тор бұғауы,
«Жүр, жөнелдік!» — дедім тұрған құлға таяу бардымдағы.
- 382 Мені де Асма т күткен екен тағат таппай, шыдай алмай,
Күлімсіреп, күбі ретті, емдеп дертті бір адамдай:
«Жүруші едім жүрегіңнен тікенекті жұла да алмай,
Көр енді өзің Раушаныңды алдында есік тұра қалмай!»
- 383 Шымылдықты көтердім де, кірдім қыздың бөлмесіне,
Көзді ұялтты жақұт тастар, жиһазды үлде-бүлдесі де.
Күнкелбетті ишара етті маған төрге өрлесін деп,
Жанды өзі — жер жұлдызы, сеніп мәңгі сөнбесіне.
- 384 Күнкелбетті тіл қатпады. Мен де алдында қалдым қатып,
Қадалды үлкен нәркес көздер жүрегіме оқ боратып.
Бім қақты да Асматына, үн қатпады маған батып,
Мен түсіндім: бір күрсіндім үйден шығып бара жатып.
- 385 Қыз үйінен шықтым тысқа. Жаныма ерген Асма т бар.
Мен ойладым: «О сұм жалған, қандай жол бар алдымда тар?
Неге үміттің соңына ерттің, сөйлесуге болған ем зар,
Айрылысу — жүрекке оқ, кеудеме кеп тиді қанжар?»
- 386 Маған Асма т, бақша ішіне хош иісті кірген шақта,
Айтты күліп: «Ұмыт шерді, тос бақытты болашақтан!
Қуанышқа аш та қақпа, қайғы-арманды жабық сақта,
Сыр айтуға ұялады отырған қыз алтын тахта».
- 387 Бердім жауап: «Жүректе шер — шифа су бер, жалынамын,
Сақта азаптан тап та амалын, лаулап отта, жаным жалын.
О Асма т-жан! Үзбей жібер, қыз жазса егер, хат-хабарын,
Сенем саған, жасырмассың ғашығымның айтқан зарын».
- 388 Мұңға бойлап, сүйгенді ойлап, атқа мініп үйге келдім,
Кіріпк қақпай таңды атырып, мәжнүндік күйге де ендім.



Лағыл жүзім зафранданып тағдырыммен түйрелендім
Түн азабын мойныма артып күйрейтұғын күйге келдім

389 Хатайларға кеткен біздің келді ақбаршы хабар алып,
Жазбапты олар жалбарынып, ашылыпты араны анық:
«Күшіміз мол, кектің уы бойымызды барады алып,
Парсаданға құл болмайды еш уақытта дара халық!»





Х хикая

ХАТАЙ ПАТШАСЫНЫҢ ТАРИЭЛЬГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 390 «Мен, Рамаз,— Хатай ханы — Тариэльге жаздым хатты:
Сен бізге өлім дайындапсың, өзіңе ойлап салтанатты.
Хатай елін бағындыру — сағым қуу мініп атты,
Алда өзіңді ақылды ұстап, болғайсың, ер, парасатты!»
- 391 Жию үшін сарбаздарды жібердім көп бектерімді,
Құрттай қаптап келді әскерлер сардарлармен өктем үнді.
Басты қолдар аңғарлар мен таудың етек-бектерін де,
Жалпақ елге жар салынып, жер сілкініп, көк тірілді.
- 392 Қарулы күш, жорық күтіп, сағат сайын сандары артты,
Сапқа тұрған атты әскерді басқарды әсем сардар атты.
Тартқан сымдай түп-түзу боп тізілген қол шаң боратып,
Хорезмнің жарақтарын көкке сермей жарқыратты.
- 393 Орда үстінен ту тігілді таң бозарып туысымен,
Басталмақшы қырғын жорық күннің көзі шығысымен.
Жазмышымды сөктім сілеп ашқан қанды уысын кең,
Деп: «Қоштаспай Жарқынжүзбен, кетем бе, рас, у ішумен?!»



- 394 Үйге қайттым, тағы ұлғайттым жүрегімнің қан жарасын,
Еңіредім кетерімде қан майданға қанжар асып: 302-00000000
«О жасаушым! Солдырмашы бақшада өскен алма ағашын?!
Көрмей өстіп кетпекпін бе Үндістанның Розасын?!»
- 395 Сол бір сәтте ақбаршы да тағы Асмааттан келіп кірді,
Ару жазған жылы хаттың лебізі де өбіп тұрды.
Жазыпты: «Айың отыр дайын қарсы алуға төгіп нұрды,
Асық, серім! Сөндір өртін жүрегіңнің, сеуіп шірді».
- 396 Сүйгенімнен келген хабар жан дүниеме таң жіберді,
Туғанда аспан көп жұлдызы.
Күн-қызды ойлап бақшаға ендім.
Мұнараның жанында Асмаат тосып қарсы алды мені:
«Күтеді Ай Арыстанды, — деді иіліп, — сізге келдім!»
- 397 Келдік кіріп ақ шатырға діңгектері көкке жеткен,
Ішінде айдай нұрлы арудан төңірегіне сәуле кеткен.
Белі — өрімтал, жүзі — шұғла, көйлегі де көк жібектен,
Көрдім қызды күн дидарлы перде артында дір-дір өткен.
- 398 Кілемге еппен бастым қадам. Қыздың күлген реңіне —
Қарағанда, төкті Ай сәуле қарауытқан жүрегіме.
Нұрдай жанып, оң шынтағын ақ жастыққа тіреді де,
Жанарынан жай тастады, мың құлпырып түледі де.
- 399 Қызметші қыз қиылып кеп, басыма ілез қойды жастық.
Біз екеуміз Күнкелбетпен Арсыға астық, ләззаттастық.
Шерді ұмыттық, шұғла жұттық, шарықтадық,
шалқып тастық.
Сөйледі қыз сонда былай, аударды да ықыласты:
- 400 «Тыңда, серім! Аанада біз айырылыстық үндеместен,
Кетсек солай, солар едің қызғалдақтай шілдеде өшкен.
Нәркес көзің төгіп жүзім жарық күнді түн демес пе ең,
Ұялшақтық өлтірді өртеп екеумізді гүлдеп өскен.
- 401 Абзал болу — қызға парыз алдында өзі сүйгенінің,
Асқақ сезім жалынында шыдай алмай күйгенінің.
Сырттай күліп, іштей жаңдым — мәнісі сол күйреуімнің
Арқылы Асмаат баяндалды бәрі де іште түйгенімнің.
- 402 Екеуімізге басқа жол жоқ, бізді достық қосақтасын!
Жаттау ләзім адал да асқақ ғашықтықтың қағидасын.

Алдында ішіп достық антын, тағзым етем — мынау басым,
Анттан тайсам, арсыз тәнім көктен құлап, күлге айналсын.

- 403 Жорыққа шық. Хатай ханын жазалап кел, салық салып!
Жауды аяма — екі жүздің қылмысы тұр анықталып.
Мен де мұнда күтем сені шер мен мұңға қалыптанып,
Жүрегімді кепілге бер жүрегіңе алып барып!
- 404 Сенің сүйген жарың болу — бақыт нұры сөнбейтұғын!
Күн күлгенде, гүл түлейді шапаққа алтын шөлдейтұғын.
Сәулеге енсе жүрегіміз, таппас, сірә, өлмей тыным,
Сағат жетер қиялдар да қияларға өрлейтұғын».
- 405 «Бір сен үшін жаным фида, — деп аруды құрметтедім, —
Сендік мәңгі — қу ажалдан алып қалған — құдіретті ерің!
Жанашырым, қарашығым — тіл жетпейді суреттеуге —
Хатайға атой салып кіру — алдағы асыл міндеттерім.
- 406 Бағасы үлкен сенің тартқан қошеметтеп сыйлығыңның:
Кенет келді қуанышы пейілді ием бұйрығының.
Түн жүрегің нұрға орадың елдің дара жүйрігінің,
Табынатын тәңрім — өзің, өтсем де өмір қилы күнін!»
- 407 Қолымызға Құран алып, мәңгі дос боп, құшақтастық,
Бұзылмастай серт бердік те, өртке ендік те, одақтастық.
Деді ол: «Серім! Саған мәңгі аудардым шын ықыласты,
Тәңірім өзі атсын оғын, бұрса жолдан жын-албасты!»
- 408 Өткіздік біз мәжілісті тылсым толы кеңестермен!
Сыр шертістік үміт жайлы алдан бұлдыр елес берген...
Қоштасуға тура келді қия алмастан еңрескенмен...
Өстіп Нестан шұғла кірпік, сәуле бүркіп, кеңесті ермен.
- 409 Лағыл жүзді ару қызды тастап кету қиын қандай,
Махабаттың құдіретіне болдым тағы сиынғандай.
Тұрды Нестан астында аспан күн боп нұры құйылғандай,
Қайсарландым, қоштасарда бойға жігер жиылғандай.
- 410 Әмір еттім: «Тарт кернейді өлкеміздің даңқы үшін!»
Көшкен селдей қозғалды қол жауды жайпап тарпу үшін.
Арыстандай айбаттандым, кек жалыны шалқи түсіп,
Әскерімнен жер қайысты, арта түсті жалпы күшім.

- 411 Сар даламен тарттым тура, көктей өтіп Үндістанды,
Шықты Рамаз өкілі де алдымыздан түнге ұқсаулы;
Ханнан айтып жылы хабар жүрегіме нұр тыстады:
«Қасқырға Үнді ешкісінің жетеді, рас, жұлқысса әлі!»
- 412 Рамаздың әлгі өкілі ағытты сөз шешендердей:
«Хан дәл енді жалынышты, әуелде еді есер желдей.
Біз тамықта. Сіз қамықпа, сый тартамыз есерлердей,
Ая да өзің саяңа ал — сара жол сал көсемдердей!»
- 413 Өкінеміз — қателестік. Кешір ханның ағаттығын?
Кек қанжарын қынына сал, — жетті достық сағат бүгін.
Қор қылма бос Хатай жерін, айбынды ұлан — ұлғатты ұлым,
Қонаққа жүр Рамазға — жоқ мұндарда тағат бүгін!»
- 414 Тағлым сөзін тыңдау үшін кеңес құрдым уәзірлермен:
Деді олар: «Ойлары арам өкілдердің қазір келген.
Түрлері бар сол сұмдардың қанды ұрысқа әзірленген,
Екі жүздер алдамақшы жібек лебіз әзілдермен!»
- 415 Жөнел жедел кілең өжет ерлерді алып іріктелген,
Күтпе ізгілік сатқындардан, болса егерде күліп келген.
Ал, татулық шын ойласа, ант алыңдар бүлікті елден,
Арам болса, ұрыс баста сағатында-ақ кіріп келген!»
- 416 Өр мінезге бермей тізгін, уәзірлерге құлақ астым,
Жаздым ханға: «Залым Рамаз, алдыңа кеп құламасын!
Түлен түртіп, тайсалмастан қайсарласаң — шыдамасын,
Күт! Ит болсаң ел ісінде, келісім де сұрамасын!»
- 417 Өзімменен үш жүз ерді ап, арыстандай айға шапқан,
Рамазға жүрдім қарсы құрды екен деп қандай қақпан?
Жарлық еттім: «Ізіммен жүр, қалың қолым жерді жапқан,
Жәрдемге жет, басталса ұрыс, дабыл қағып, шықпай саптан!»
- 418 Үш күн жүрдік жолмен ұзақ. Алды өкіл жолдан тосып,
Рамаздан тартты ол тарту — жібек шапан пұлға қосып.
Айтты сөзін өкімінің: «Келсін мейман көңілі өсіп,
Тағы берем сыйлық, егер келісімге көнсе, көшіп».
- 419 Тағы елші айтты екіжүзді: «Рамаз біздің алдамайды,
Мархабат ет, ойламаңыз күтеді деп алда қайғы!»



Жауап қаттым: «Мен де шатпын, көрем Рамаз —
толған айды,
Қабылдаса ілтифатпен, жау да алдында жорғалайды!»

- 420 Жайлап жаудың ну ағашын, аттан түстік түстенуге,
Келді тағы хатайлықтар, асыл киім үстерінде.
Сан саңлақты тарту етті, қатер де жоқ түстерінде,
Деп: «Хан да шат, жасалған шарт енді өзіндік күшке енуде!
- 421 Келеді хан тура жолмен сізді асығып қабылдауға,
Қалың қолы қасына ерген, өзіңді ойлап жалындауда».
Кіріп кейін шатырларға бір сөл ғана дамылдауға,
Кетті жүріп өздеріне — қалмапты, рас, жауымда ар да!
- 422 Жапсар ием адамзатты есіркер де жебер дәйім,
Дәл сол түні бір хатайлық бізге әкелді нелер уайым.
Деді ол: «Жауың қапылыста қамамақшы, хабарлаймын,
«Сені сатсам, — деп ойладым, — иттен жаман болар жайым!»
- 423 Әкең маған болған ұстаз, сөздеріме құлағыңды ас!
Оқша атылып жеттім! Сатпақ! Келіп тұрмын жылап рас.
Ай жүзіңді солдырмақшы, сен сөзіме, шырағым жас!
Аштым сырды. Сақ бол енді — қапылыста сынады алмас!
- 424 Дұшпан — залым! Кіріс іске, алдау торға шырмалмастан,
Қоршау үшін сансыз қолмен келер олар ұрланбастан.
Төнбек кенет төрт жағыңнан, сен де атой сал, ырғалмастан,
Сақтан келген дүлей күштен! Ағытылды сыр қалмастан!
- 425 Қойынына қанжар тығып хан өзіңе келер күліп,
Мақтап, алдап алдандырап, салар кейін нелер бүлік.
Түтін салып шабар алға, найзаларға туларды іліп,
Шықсаң жалғыз, мың жауызды жоя да алмас қанжар тіліп»
- 426 Хатайлардан келген досқа аямай-ақ алғыс төктім:
«Жауды жер ғып, құрытармыз. Көсемімін жалғыз көптің.
Қайт тез ханға, нысанасы болмау үшін бос күдіктің,
Тірі қалсам, иесі етем сені есепсіз көп мүліктің!»
- 427 Мен қорыттым: бұл істі өркім білулері емес ләзім!
Жау ойы аян! Тағдырды аттап кетуіме бар ма лажым!
Шапқыншыны жібердім тез қосындарға бұйрық жазып:
«Жетіңдер тез, Рамаздың ай жүзіне салам әкім!»



- 428 Таңсәріде хатайларға бердім хабар жазып хатпен: «Шығам жолға, Күтсін Рамаз тосып мені салтанатпен»;
Түске дейін жүрдік алға шайқаспақ боп тегі жатпен,
Білем: өлем, — жебемесе тәңірім өзі махаббатпен.
- 429 Көрдім — шаңнан дала тұман. Кең алапты қарап, шолдым;
«Хатайлықтар хан майданға дайын!— деген ойға шомдым.—
Белімде бар қылыш, найза жауды қырар оң мен солды!»
Келді нұсқау алу үшін сардарлары сансыз қолдың.
- 430 «Туысқандар!— дедім жұртқа.— Хатай бізді жайратпақшы,
Ойран салып, басымызда кек қамшысын ойнатпақшы!
Өлген— шәһит! Тәңірім оның жаннатта өмірін жайнатпақшы,
Анттан тайған арсыз надан серт қылышын қайратпақшы!»
- 431 Қалың қолды тіздім де өзім: «Аттан!»— салып ұрандадым,
Сауыттарын киіп ерлер, қолына алды құралдарын.
Қолды бастап, құйынға ұқсап, жауға шапшай тұра алмадым,
Сатқындарды талқандасам, жауар үстен нұры алланың.
- 432 Көріп бізді әзірленген, уәзір келген үрейленді,
Патшасынан сәлем айтып, кінә-өкпесін күрей келді:
«Уа, сардарым, дауыл жаның мұнша неге дүлейленді,
Біздің тараф, сізге қарап, сізден шафқат тілейді енді!»
- 433 Жауап қаттым: «Бізге ежелден зұлымдығың болған айғақ,
Сіз бастайтын шабуылды күтіп жатты қол қарайлап!
Одан да ашық айқасайық — көрсін бізді толған аймақ,
Біз дайынбыз қан майданға, кетсеңдер де қойдай айдап!»
- 434 Шапқыншыдан алып хабар, патша Рамаз қозғап қолды,
«Аттан!» салды, дабыл қағып, қанды ұрысқа бастап жолды.
Жалпақ дала аш бөрідей жеңкі көшкен жауға толды,
Жайпап бірақ кете алмады, қамаса да оң мен солды!
- 435 Көк найзаны алып қолға төндім сонда қаһарланып,
Жау тобына ендім өрттей сардарларды қатарға алып,—
Аласұрған аламанды шықтым қанды сапарға алып,
Жау да қайтпай қайсарласты, күндей, сөнбей батар барып.
- 436 «Мынау есуас!»— деп хатайлар бір-біріне айқайласты,
Оңды-солды сілтедім кеп, жау жосылып ойбайласты.

Аттан бірін құлатсам да, екіншісі найзаласты,
Сынды найзам... қылыш алып домалаттым талай басты.



- 437 Жауды құдым құс тобына түйілетін қаршығадай,
Құлады ат пен адамдар да ара қырыққан жай шынардай.
Шапқандарым — домаланып, жатты қанға малшынғандай,
Ұрғандарым — үрке қашты, жанын өрттен аршығандай.
- 438 Төнді саптар сығылысып, қайыстыра жерді басып,
Өлтіре ұрдым пасық жауды, жосылды қан судай тасып.
Қоржын боп төн қанмен жуды талай ердің қанжығасын,
Үдей түстім, қаншама жау құтырғанмен тайталасып.
- 439 Біраздан соң жау жағынан шықты айғай үрейленген:
«Шегініңдер! Қарғады аспан, қаһарланып дүлейленген!
Үнді әскері түнеруде, қаптап бұлттай, үдей келген,
Жылжып бейне жынды құйын жерден шаңын күрей келген!»
- 440 Дәл сол сәтте беттеп бері жеткен еді қалың күшім,
Күн-түн қатып, жауға оқ атып көрсетуге ердің ісін.
Майдан жонын көздей, алға сырғыды олар селдей көшіп,
Күркіреген бұлтты көктей көрсетті де суық түсін.
- 441 Қырғын көріп қашты Рамаз, үрейі ұшып, есі ауып,
Шайқас өрті итермелеп артынан біз кеттік шауып.
Қуып жетіп қылыштастым, түсті Рамаз жерді қауып,
Сөйтіп Хатай жолбасшысын тұтқын еттім, жеңіс тауып.
- 442 Кейін жеткен ерлер де өктем кірді айқасқа, көңілі өсіп,
Аттыларды айбалталап, жаяулардың жолын кесіп.
Зәресі ұшқан тұтқындарды күзетті де кезектесіп,
Сардарларым дем алуға жиналысты әзілдесіп.
- 443 Ұрыс бітті — жаралы екем, ақты ыстық қан жас жарадан,
Сарбаздар да дәріптеді көсемді елді басқара алған.
Қанды кешкен қаһарманды мадақ сөзбен қостай алған,
Қошеметпен шықты түгел кәрі менен жастар алдан.
- 444 Шайқаста ерек айқасқан соң мені ерлерім дәріптеді,
Сүйді құшып: «Жеңіс туын, — деп, — әмірбар алып берді!»
Мені өсірген ұстаздар да ерлігімді анық көріп,
Жауға салған жарама үлкен дұрыс баға тауып берді.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ АДАБИЕТ ҚОҒАМЫ

- 445 Сарбаздарды жау елінен жи деп салық жібердім де,
Қосын даңқын көкке өрлетіп, таяу келдім үдер күнге.
Кейбір жауды қаныпезер дарға да астық жігерлене,
Тізе бүкті Хатай, үзіп нұрлы үміттен күдер мүлде.
- 446 Рамазға айттым: «Естен кетпес бұл зұлымдық істегенің,
Күйретілдің, әйтпегенде әжептәуір күшті ел едің.
Қалалар мен қамалдарды тапсыр бізге түске дейін,
Өз орыңа құла өзің, шер шырынын іш те кейін!»
- 447 Жауап қатты ол: «Көлеңкедей ғайып болды ескі данқым,
Қолбасшымның бер біреуін танитұғын түгел халқым.
Қамалдар мен қалаларға жіберейін. Өзің шалқып,
Меңгер соның бәрін тегіс, өрши түссін ерлік салтың!»
- 448 Хан еліне аттандырдым бір батырды ерлеріммен,
Әкелді олар жүгіндіріп көсемдерін — өрледім мен.
Қамалдарын қабылдадым, иемденіп меңгерумен:
Қазынама құйылды олжа алтын-күміс зерлерімен.
- 449 Жаудың елін араладым қарулы өжет қосыныммен,
Қоймалардың алдым кілтін — күткен едім осыны мен.
Тұтқындарға ерік бердім — жөнелісті жосылып ел,
Күн ем, халқын күйдірмедім, жасасын деп көсіліп ел.
- 450 Салықтарын үйді әкеліп жомарттықпен аямастан,
Бұл — мол дәулет қоймасындай астындағы саялы аспан!
Бір шәліні алдым таңдап жүн мен жібек араласқан,
Бұл бұйымды көрген жанның жас жүрегін жара басқан!
- 451 Ешбір пенде бұл шарфыдан таппас шәлі артығырақ,
Бар бұйымнан артығырақ бұл бұйымның нарқы бірақ,
Қамқадан да, оқадан да көркі оның тартымдырақ,
Қуанышым өрши түсті жаудан осы шарфыны ап.
- 452 Бұл шәліні шапақ шашқан Перизатқа белгіледім,
Мол тартумен жарылқадым патшамызды — ел білегін.
Сансыз олжа үстіне артып қашырлар мен түйелердің
Керуенмен серуеншіл ұлы әмірге үйе бердім».





XI хикая

ХАТАЙЛАРДЫ ЖЕҢГЕННЕН СОҢҒЫ ТАРИЭЛЬДІҢ ҮНДІСТАН ПАТШАСЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 453 «Жаздым былай: «Жарлығыңды орындадым, кемеңгерім, Хатайларды қанға бояп, алдым басып түгел жерін. Сөкпе хатты кеш салды деп. Аярым жоқ сенен менің. Олжам — ұшан, хан да — тұтқын: орындалды дегендерің».
- 454 Қырып хатай қосындарын, ұшан теңіз олжа таптым, Тауды бұзып, тасты жарған ерлеріммен жауға шаптым. Түйелерге сыймай байлық, өгіздерге қазынаны арттым, Жеңіспенен желдей есіп, даңқ нұрымен жерді жаптым.
- 455 Келдім қайтып Үндістанға. Рамазды да келдім алып, Даңқтан жұрдай болған ұлық маған сұлық ерді налып! Ұлы патшам, мөз-майрам боп, қуанды-ай кеп, көрді халық, Жарамды да байлады өзі — даңқым кетті жерді жарып.
- 456 Қала артында әшекейлеп шатыр тіккен кең алаңда Кемеңгермен кеңес құрдық: «Рамаз да,— деп,— адам ба?» Айтты ол:
«Өжет ерлеріммен жауды әрдайым жеңе алам да!» Отырғызды таяу, санап мені өзіне тең адамға.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ АДАБИЕТ АКАДЕМИЯСЫ

- 457 Таң атқанша сауық құрдық кемеңгермен сайрандасып,
Сәлден кейін тізілген қол өтті ілгері, майданды асып.
«Кірсін қосын қалаға енді, — деді патша айдан да ашық, —
Көрсетіңдер қайсарды әлгі, кірсін даңқын жойған пасық!»
- 458 Хатай ханын Парсаданның алдына өзім алып келдім,
Оны ұлы әмір қабылдады көсеміндей қалыпты елдің.
Дәріптеді ол қолбасшысын төлемеген салықты елдің,
Сонда ересен ізгі адамның абзалдығын анық көрдім!
- 459 Қасына алды сатқын ханды, сөзбен жаман сөкпеді де,
Құрды кеңес, күлмеді де еш тізе бүгіп шөккеніне,
Шақырды әмір мені өзіне таң жерге нұр төккенінде,
Айтты: «Кешір Рамазға, мазақ та етпе көпке мүлде!»
- 460 Сызылып кеп, дедім: «Білем аллам құлын тастамасын,
Мынау залым Рамаздың кештің, патшам, масқарасын».
Рамазға айтты ер Парсадан: «Қайт, еліңді басқарарсың,
Тағы сатсаң — дарға асылып, жер қойнына тасталарсың!»
- 461 Артты салық — он мың теңге таза алтынмен әр жыл сайын,
Он мың күміс, қосымша оған және керуен жібек-шәйі.
Еркіндікке босатты да нөкерлерді берді дайын,
Көруі үшін қайтып аман туып өзі өскен жайын!
- 462 Хан Рамаз алдына кеп жатты құлап Парсаданның:
«Өкінемін, жалбарынып, кеш күнәсін қарсы адамның.
Бағынбасам басымды қырық, өзіңе аян — пәршаландым!» —
Деп еліне жүріп кетті ортасына ап қоршаған мың.
- 463 Ұлы патша шапқыншысы келді маған таң атқанда:
«Сен кеткенде хатайларға, маған түн кеп, күн батқанда,
Көтерүші ең көңілімді аңға шығып жақ атқанда,
Жаныма жет, саған жар боп жәрдем берсін жаратқан да».
- 464 Аңға үйреткен гепардтар жүр патша алдында бұлаң қағып,
Лашындар тұр тұғырында жез қарғылы, сылаңданып.
Атқосшылар шыққанда әсем ерттеулі боз-қылаңды алып,
Патша күндей келбетіме қарай берді құмарланып.
- 465 Қуандырып мені ерекше жұбайына сыбыр етті:
«Ер Тариэль жауды жеңді, антұрғандар бұзық ед тым.




Жүрегіме таң боп кіріп өмірімді қызық етті.
Даңқ әперді ол, бақытқа жол бастап ерек, жүзіп өртті.

- 466 Уағызыма назар салып, әр сөзімді іл құлаққа,
Таң жұлдызы жан қызымды дайындаймын алтын тахқа.
Көрер Таризель Ақ Теректі өскен жайнап бұл жұмақта,—
Өзіңмен қыз бірге отырса аңнан қайтып келген шақта».
- 467 Жүрдік шалғай тауға қарай, тастап артта құмды адырды,
Қыран құстар қырды қоймай құрлар менен қырғауылды.
Саят бітті, шаршап, тіпті, қайттық, қойып ырғалуды,
Шаһарға ендік, дұрыс көрмей алаңда да құр қалуды.
- 468 Шаһарлықтар маған қарап, қалды қатып, көшедегі,
Оқаланған торқа киім түріме түр еселеді.
Раушан гүлдей мың құлпырып, көңілім де өсе берді,
Сипаттауға сөз тапқызбай, күрмеп тілін шешен елдің.
- 469 Олжаға алған сәлдем жайнап, сәуле шашты сары ала
алтын,
Елден ерек көркімменен таң қалдырдым қала халқын.
Түсіп аттан жанына ертті патша, өсті бала даңқым.
Қалдым қатып —
көріп қызды көкте күндей жанған шалқып.
- 470 Отыр екен Күнкелбетті торқалы алтын киімменен,
Тістері аппақ шапақ төгіп жан қоймаған сүйінбеген.
Ортасында күң қыздардың, сапқа тұрып, би билеген —
Жайнай түсті, нұр таратып, күндей кербез иілмеген.
- 471 Мен кіргенде патша үйіне байланылған жарамменен,
Ханша еппен тахтан тұрып, жетті маған сәлемменен,
Құшты, қысты баласындай, тұрдым жанбай әреңде мен,
Айтты: «Жауды жайпай алдың, айбарлымсың әлемде кең!»
- 472 Патша отырды алтын нұрлы жұбайымен қарап тойға,
Қарсы отырған Жарық Айдан жатты шаттық тарап бойға.
Ұрлап қана біз қарастық, тіл қата алмай, ұқсап қойға,
Ғашық дерті үдетті өртін жайылғандай шарап бойға.
- 473 Шарап пенен тәтті тағам дастарханның жапты үстін,
Көрсете алмас мұндай дархан,
парқы ерекше салтты да ешкім:
Гәуһарлы алтын кеселерден шапақ шашып жатты ұшқын.
Сімірілді көлдей шарап, татқан да жоқ тәттіні ешкім.



- 474 Ғашығыммен дидарласып, шыңдарға асып, көңілдендім,
Өртке айналған, дерт боп жанған жүрегіме өмір бердім,
Досыма да, қасыма да сыр шертуді өлім көрдім...
Таң боп атқан әр заматтан махаббаттың шөлін көрдім.
- 475 Ән-күй бітті. Сарбаз дана маңғаздана бір тіл қатты:
«Таризель балам, жауды жайпап, іс жасады тым қымбатты.
Даңқ ұлғайды! Жауыз дұшпан құлап жерге жылап жатты,
Ал, көр енді ауған оған халайықтық махаббатты!»
- 476 Маған парыз орау сені үлде менен бұлдеге енді,
Таң нұрынан сәуле алған көктей жайнап, түрлен енді.
Көл-көсір ғып көміп түгел тарту-сыйлық жүлдеге елді,
Өзің де алып елден салық өркенде де, гүлден енді!»
- 477 Парсаданды шаттық жеңді. Той созылды тым ұзаққа,
Көлбеп көкке жырлар кетті, қағып қанат болашаққа.
Жылжып барып ұяға күн алауланып кірген шақта
Ханша шықты. Тарқады енді тойға келген көп қонақ та.
- 478 Жетпей күшім сарқа ішуге шарап көлін кеселерден,
Қайттым үйге, көрдім бірақ өзекте өртті өсе берген,
Ессіз жүрек есалаңдай дүбір салып неше жерден,
Кейде уандым еске ап қыздың көз қарасын кеше көрген.
- 479 Кенеттен бір құл-қызметкер қақпа алдына жетті шапқан:
«Бір қыз кеп тұр, сұрап сізді, пердеменен бетін жапқан».
Қуандым да, толғандым да, бойлай түсіп бұл ғажапқа,
Қабылдадым Асмаат қызды келген кенет Нестан жақтан.
- 480 Кездесуді әуелде ойлап хабар күткем Дареджаннан,
Қызды көріп шифа да алды жүректегі жарам жанған.
Қойдым оған жедел сұрақ тамырлары тарамданған:
«Жіберді ме пейіштегі сені нұрдан жаралған жан?»
- 481 Тек арудың жайын сөйле, басқа кеңес айтпа босқа!»
Жауап қатты: «Біліп, қанып, сенімің де артар досқа.
Сіздер ғашық күнөдан пак. Күтпек сізді тағы Нестан,
Мынау хаты сізге арналған,— сөзімде жоқ ешбір қоспа».





XII хикая

НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ТАРИЭЛЬГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 482 «Күндей жанған Дареджаннан Асмаг маған хат та берді:
«Сенің шапақ ай жүзіңді бүгін дос та, жат та көрді.
Жау әлегі көктен келді: атыңды әлем жаттар енді.
Енді аулақ қып шер мен ойдан, өзің де өрлеп, жақта мені.
- 483 Жетер қазір тілім менің жердің гүлін дәріптеуге,
Өзіңді ойлап шарықтаймын, шаттық сезім жарып кеуде.
Құшағыма ен, гүл бағы мен гүлді өсірген жарық менде,
Мен тек сендік! Жүрегімді ал, жүрегіңді алып кел де!
- 484 Білем, босқа бұрын талай азаптандың, қайғы шектің,
Қажырлы ерім, жазулы ерім болсаңдағы, жасың төктің.
Күндес қауым көріп сенен тұр тұлғасын келешектің,
Күтем енді тартуыңды сауғасындай сонау көктің!
- 485 Жаудан алған жаулығыңды қабылдауға ынтызармын,
Тартсам оны, өсіп көңілім, көз алдыңда құлпырармын.
Ал орнына білезікті сырға толы құлпы бар мың.
Жайнар сонда біздер үшін қап-қараңғы бұлты бар түн!»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
НАҒАРЫ АРХИВІ

- 486 Махаббаттың азабы езіп, тағы Тариэль еңіреді:
«Қайда асыл бұл білезікке көрік берген қыз білегі,
Баға жетпес, ғажап сыйды сүйіп ерні дірілдеді,
Інжу жүзге күз кеп лезде, құлап түсті, күңіренді.
- 487 Өліктей ол — үңірейген көр алдында — жатты құлап,
Жүзінде өмір белгісі жоқ, ессіз сұлық, жатты сұлап.
Шерлі жүзін салқын сумен бүрікті Асмағ қатты жылап,
Ай жүзіне ақ тамшыдан меруерт шашып ақты бұлақ.
- 488 Жатқан шерлі көріп ерді Автандилдің өңі қашты.
Еңреді Асмағ — бақша бетін Сахараның шөлі басты.
Сәл Тариэль есін жиып, жолды жастың селіне ашты,
Айтты: «Арманым тағы, міне, мұңның биік беліне асты!»
- 489 Сәлден соң ер күшін жиып көтеріліп жүрді ептеп,
Лағыл жүзі зафранданды жиып шерлі сырды лек-лек.
Жабылды ерні, нәркес көзге бұлттар шөкті төніп кеп көп,
Өмірінің дәл соңғы бір сағаттарын тұрды есептеп.
- 490 Айтты Тариэль Автандилге: «Қажып біттім, әлсіредім,
Мені өртеген қыздың сырын шертем, тыңда, — жан сыры еді,
Халім бітті, өлді үмітім, қыз жоқ маған енді, сірә,
Сәуле сепкен Таң Шапағын бір көруге таңсық едім.
- 491 Сөйтіп қымбат сыйлық тасып болды Асмағ қарындасым,
Қуандым мен білезік пен алып жазған жолдамасын.
Кидім дереу білегіме достықты ием қолдағасын, —
Шәліні алды ол дәл сәлдедей орайтұғын молда басын».





XIII хикая

ТАРИЭЛЬДІҢ СҮЙГЕНІНЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 492 «Жаздым былай Күнкелбетке: «Сәулем! Жетіп сәлемдемең,
Нұр боп құштың, балқи түстім, қалдым жанбай әреңде мен.
Күндей көркің күйдірген соң, мәжнүн боп, зар еңрегем,
Мәрхабат ет, жасап ізет, құрметтейін әлемде кең!
- 493 Есіңде ме, анада өзің сызылып сыр шерткендігің,
Сақталуда санамда әлі сол бір сәтті өткен күнім.
Берген алтын білезігің айықтырды дерттен бүгін...
Сезем енді жүрегімнің бір сыздап, бір бөрткендігін.
- 494 Орындадым тілегіңді, сол шәліні жібердім де,
Тартқан сыйым — асыл бұйым: көңіл күйің үдер мүлде,—
Бәрі — саған! Сақта, Шұғлам, нұр жұтпаса жүдер гүл де,—
Аяулым сен, жан дүниеме жарық берген түнергенде!»
- 495 Тартулардың беріп бәрін Асмаат қызға, кірпікті ілдім,
Түсте көріп Күнкелбетті төсегімде қырық бүктелдім.
Ғажап жұлдыз ғайып болса-ақ үстен дайым бұлт кеп төнді,
Содан бастап, от жүрегім лаулай түсіп, күнде өртендім.



- 496 Шақырған соң алдиярым асығып кеп сарайға ендім,
Сарайға емес, жанға жылы сәуле төккен арайға ендім.
Ақ дидарлы әмірге өзім қиылып бір қарай бердім.
Хан мен ханша қарсы алған соң, орын беріп, — таяу келдім.
- 497 Деді патша: «Көрім таяу, зырлап жылдар барады өтіп,
Жазмыш түні шақырады жанымды да жаралы етіп.
Ұл бермеді ұлы тәңрім, сол бір қайғы барады өтіп,
Үнді тағын алып қызым, жол қалдырсын саралы етіп.
- 498 Кім бар бізде батырлардан күйеу бала бола алғандай?
Дәл өзімдей елді билеп, іс меңгеріп, жол алғандай.
Патшалықты қорғап өзі кеменгер боп тола алғандай,
О, дариға! Басынып жау бүлік салса, болам қандай?!»
- 499 Дедім: «Патшам! Мирасқорсыз, ұлсыз өту — тасқан қайғы!
Бірақ қызың шұғласымен сөндіре алар аспанда айды.
Табылса егер дара күйеу, тарар сізді басқан қайғы!
Ақыл айтсам, күлерсіз сіз, деп: «Бұл қалай жасқанбайды!»
- 500 Бекзадалар шерткенде сөз сұрландым да төмен бұқтым,
Өзіме айттым:
«Тағдыр маған қойған құрып көгенді ұқтым!»
Деді патшам: «Үстемі астам Хорезмдей мемлекеттің,
Тең қызыма шахзадасы хорезмдік зор ұлықтың?»
- 501 Бұрын олар мәжліс қып келіскенін білдім анық.
Алда қандай сұмдық барын сездім лаулап, тұрдым жанып.
Дерекілік болар еді сырды ашсам ызаланып,
Амал қанша, шоқ жүрегім кетті лезде күлге айналып.
- 502 Ханша да айтты қостап ерін: «Хорезмдік шахзаданың,
Заты текті, даңқы биік, тек оған тең Дареджаным!»
Кесіп қарсы сөз айта алмай паршаланды менің жаным,
Амалсыздан келістім де өртке айналды лебім жалын.
- 503 Хорезмдік астанаға кетті елші айдап астағы атын,
Жазды патша: «Үндістанды бір ер керек басқаратын.
Мұрагерім — жалғыз қызым, майданда оқтан жасқанатын,
Шахзадаңды берсең, — жаттар кәрі менен жастар атын!»
- 504 Сыйлыққа әкеп түрлі түсті не керемет жібектерді,
Шахтың қабыл алғандығын патшаға елші айтып берді.
Жазыпты шах:
«Жаратқан хақ тапты ойымды. Шаттық керді!
Мадақтаймын қызы күндей үндістандық кеменгерді!»

- 505 Көздеп тағы шалғайдағы Хорезмнің астанасын
Барды елшілер, деп: «Жауап бер, несіне,
Шах, жасқанасың?..»
Мен де сол кез жаттым үйде қарғап түгел аспан астын,
Сездім-дағы таяу қалған тағдырымның масқарасын.
- 506 Ашу кернеп, өлу жолын ойлаған ем қанжар салып,
Кенет бір құл келді жетіп Асмаат қыздың хатын алып.
Жазыпты Асмаат: «Сұңғақ Терек өскен бақта наушаланып,—
Отыр күтіп. Тез жет Нұрға, бос күйремей пәршаланып!»
- 507 Арайлана жанған Нұрға аттандым да зор үмітпен,
Мұнараның дәл қасында Асмаат қызды көрдім күткен.
Тұр екен ол уана алмай өксуінен, шаршап біткен,
Сол сағатта-ақ жат жағдайды сездім көзден жастар төккен.
- 508 Қарағанда-ақ ару-бейбақ жүрегімді сыздандырды,
Көре алмадым көңіл хошын, көре алмадым қыздан нұрды.
Жасқа шомған жаралыдан ести де алмай ызғарлы үнді,—
Қалшылдадым, қауіпті үрей өн бойымды мұздандырды.
- 509 Үдеп үрей, кернеп күдік, нәзік сезім жібін қырқты,
Соңына ертіп кірді де үйге ашты өзі Асмаат шымылдықты.
Бірақ көріп Дареджанды қайғы зілін қайта ұмыттым,
Әттең Нұрмен жайнасам да, сезгенім жоқ жылылықты.
- 510 Ай жүзінен шапақ шашып, күндей жайнап құдіреттенген,
Мың құлпырып жібек шарфы гүл шоғындай түнде өрттенген.
Отыр екен сырмақ төсеп, киімдері зүміреттелген,
Булығып қыз, буырқанды, қабылдамай құрметпенен.
- 511 Шыңнан төнген барыс төріз қадады қыз нәркес көзін,—
Күнге, айға да, қарағайға теңеуге оны жетпес сөзім.
Мен де отырдым шалғайырақ, лаулап бірақ өрт мінезім!
Тұрып Нестан көздерінен ұшқын шашты, етпей төзім.
- 512 Шықты аузынан: «Қалай сенің серт бұзуға барды бетің?
Қайда сенің, сатқын серім, ішкен антың, зарлы сертің?
Көктен тәңрім жай түсіріп, үрлер жанған кектің өртің!»
Мен, таң болып, бердім жауап: «Кінәм қандай,
Нұр-сәулетім?
- 513 Кінәмді айтсаң, шын жүректен берейін мен сырымды ашып,
Жүргем жоқ па, ұқсап шоққа, тағдырым да қырын басып!»
Жауап қатты: «Қасиетің жоқ! Опасызсың, түрің — пасық!
Ақпейілім алданған соң ұяламын, нұрым қашып.



- 514 Саған аян, — шахзадаға мені айттырып жесір етті!
Жат үкімді құптадың сен, мен көз жасын көсір еттім!
Серттен тайған антұрғанға айтшы айыбын кешірет кім?
Енді өзіңді масқаралап құлы егемін қасіреттің.
- 515 Есінде ме, сұлдең құрып, мүлдем сұлық жаттың құлап,
Тәуіптерді мезі қылдың, азап шеккен жандай сұлап.
Ғашық оты өртегендей өп-өгірік өксіп, жылап.
Жолдан тайдың?! Жасық жанды тұра алмайым сипап,
сылап!
- 516 Кім кеп тахқа қол сұқса да ерік бермен қаны қасқа,
Үндістанды билеткізбен әрбір келген қаңғыбасқа!
Өзіңді-өзің алдағаның — енді мәлім, — ойың басқа,
Ой мен ісің — ұқсас түнге, ал, жүрегің — қара тасқа!
- 517 Білсең енді, таста өлкемді, кет біздің бұл Үндістаннан!
Мұнда ұрыдай тұра алмассың ұрлығымен күнде ұсталған.
Тоты түгіл бермес саған пейішінен құр құс та аллам!» —
Деп айтты да еңіреді ер шығардай-ақ бір құштардан.
- 518 Созды сөзін: «Назбен сұлу оятты уға батқан жанды,
Ғашығымның көздеріне көзді қадап, қуаттандым,
Өмірім мәңгі өшуі хақ, жоғалтсам бұл атқан Таңды!
О, сұм дүние! Іштің тоймай кең жарамнан аққан қанды!
- 519 Алдым дағы тақта үстінде жатқан ашық бір Құранды,
Жалбарынып жасағанға, дәріптедім Дареджанды:
«Күнім! Шұғлаң от боп сүйіп, ғашық жарың шоқ боп жанды,
Алла алдында ішемін ант, куә қылып кең аспанды.
- 520 Айтам бәрін жалған сөз жоқ, ғашығыңның ауыр жайы,
Кінәм болса — мейлі үстіме түссін аспан нажағайы!
Күтем сенен ілтифатты — жауыздық іс менен аулақ!» —
Салды құлақ бұл зарыма Үндістанның жарық Айы.
- 521 Айттым: «Шұғлам! Сертті бұзсам, анттан тайып мен егерде,
Құдіретті хақ аямай-ақ жай нөсерін себелер де.
Айырылса Ай серігінен түнекке еніп кенелер ме?!
Жүрек қалай жай таппақшы жем болған соң жебелерге?
- 522 Қатыстым мен мәжілісте: жиды патша елдің басын,
Бекітті өзі етіп күйеу Хорезмнің ханзадасын.
Қарсыласам, — қатер еді, ұлғайтар да ем жан жарасын,
Сыр білдірмей, күлдім күндей, қыр көрсетпей қанжарласып.

- 523 Бізаланып ойладым мен: «Білу тиіс кемеңгерім,
Намыс-арым өз бойымда, сақтап тұрған Үнді жерін —
Жалғыз менмін. Сондықтан да алтын тахқа мен иемін,
Шахзадаға бермеймін жол, Үнді — менің туған елім!»
- 524 Білдім, тойды талқандармын өрескелдік салсам күшке,
Өзіме айттым: «Сабырлық ет, ақылменен алшаңда істе!
Төзе біл де төнген мұңға, мәжнүн боп көзге түспе!
Шахзадасы қызды ала алмас, бере де алмас ешбір күш те!»
- 525 Ерлігімді етіп құрбан, жүрегімнің шерттім сырын...
Шын сөзді естіп уанғандай раушан қыз төкті нұрын.
Езу тартып, маған қарай тастады да көздің қырын
Айтты: «Қалай жалғаншы деп барды аузым саған бұрын?!
- 526 Сенем, рас, сенен аулақ алдау менен екіжүздік,
Сатқындықты табу қиын қаһарманнан шыққан үздік!
Парсаданнан сұра тахты және өзімді — енді сөзді ұқ,
Патшалықты басқарайық, Ұлы Үндістан болсын біздік!»
- 527 Қайта шалқып құлпырды қыз көз жанары оттай жайнап.
Ай бетінде күн шағылды, жүзінде өмір шұғласы ойнап.
Алғаш рет өз қасына отырғызып, күтіп-сыйлап,
Айтты: «Сенем, қайтып азап шекпеуім хақ шерге бойлап!»
- 528 Айтты ақылын ару маған: «Дана болсаң, тіпті, саспа!
Абайласаң — өркендерсің тағдырға да қарсы баспа!
Құдалық-той турасында патшаменен қарсыласпа,
Қаш пәледен, ашу-күшті ақылды іске айырбаста!
- 529 Келісімен күйеу мырза неке қияр, той да жасар,
Біз солармыз айрылысып, түндей қара қайғы басар.
Бізге азаптың бұлты шегіп, ал келімсек-судай тасар.
Жоқ жатқа орын! Ханзадаға күш табармыз қарсыласар!»
- 530 Дауыстадым: «Ешуақытта болмауың хақ оған қатын!
Келсін мейлі хорезмдік — білем жалған салтанатын,
Әдетім бар шайқасқанда қайсарлана күш табатын,
Көрсетемін оған жолды ол дүниеге аттанатын!»
- 531 Сөйледі қыз: «Мен әйелмін нәзік жүрек. Болсаң өктем —
Жет жеңіске, бірақ нахақ көпшіліктің қанын төкпе.
Күйеуді өлтір, нөкерлерін жоймақ түгіл, ұрма, сөкпе,—
Тәңрім ексе қу таяқ та гүлдеп өсер шырқап көкке!



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
НАҒАРЫ АРХИВІ


- 532 Тыңда мені, елден артық шын қымбаттым! Арыстаным!
Күйеуді өлтір, өзіңді өзің өзгелерден дара ұстағын,
Нөкерлерін малдай қырып төкпе жерге қарыс қанын, —
Дұрыс болмас ағаттық қып жауыздықпен жарысқаның!
- 533 Шахзаданы өлтірдағы патшасына мемлекеттің
Айт: «Бізге енді керек емес үстемдігі басқа шеттің!
Жатқа орнымды бермеуіме бәрі дайын әрекеттің!
Бермесең тах — бүлік жасап, бастауым хақ әлекетті!»
- 534 Сезілмесін патша әкеме менің саған ғашықтығым,
Патшаменен келісімді жасау үшін асық бүгін,
Тағын беріп етсін күйеу, қойып әкем пасықтығын,
Біз билейік Үндістанды шешек атқан, шашып гүлін».
- 535 Дана қыздың сөзі бойға қан жүргізді — қайраттандым.
Қанжарымды қайрап жауға, жігерлене, айға аттандым.
Қолмен тартып тоқтатты қыз, мен де шалқып айбаттандым.
Бастым қадам, бата алмадым дегендей қыз:
«Жаннаттанмын!»
- 536 Нестанмен де, Асмапмен де ақырында мен қоштастым,
Жанып-күйіп жаралыдай үйден тысқа қадам бастым.
Бақыт күткен жүрегімнің жарасының аузын аштым,
Дар күткендей дәрменсіз боп тағдырыммен қанжарластым.
- 537 Патшаға ел хабарлады шахзаданың келгендігін,
Қайдан сезсін сорлы күйеу сұм ажалдың төнгендігін?!
Патша да шат естігендей Шұғла-қыздың көнгендігін,
Меніменен құрды кеңес қайғы өлтіріп, сөнген бүгін.
- 538 Айтты патша: «Бекер босқа шұбәлану — күндер өткен.
Міндет — жақсы тойды өткізу, рақым күтіп биік көктен.
Жібереміз хасибтерді — алтын, мүлік жисын көптен,
Көрсетейік салтанатты жомарттықпен болып өктем!»
- 539 Әр жақтан кеп тарту әкеп шығармады ел патшаны естен,
Күйеудағы нөкерлермен келе жатты бөгелместен.
Хорезмдік құдаларды қарсы алуға шыққан әскер
Қара жерді қайыстырды — қалсын қалай көп үлестен?
- 540 Айтты патша: «Тіксін шатыр келгендерге кең майданда!
Алсын демін күйеу бала және басқа меймандар да.
Қабылдауға шықсын түгел жасақты алып сардарлар да,
Қарсы ал да өзің ханзаданы кіріс дереу той қамдауға!»

- 541 Құрдым сансыз шатырларды күрең қызыл жібектерден,
Жас ханзада келді әскермен, қуанышы жүрек керген,—
Біздіңдағы қарулы күш отша ойнаған түлектермен,
Жетті, тұрды түзу сапқа әр рулы реттермен.
- 542 Жан аямай орындадым бұйрықтарын Парсаданның,
Қайтуды үйге тағы ойладым, салдары еді ол шаршағанның,
Бірақ кенет қуып жеткен сөзін ұғып жаршы адамның,
Білдім дереу күткендігін пейіштегі Арша Адамның.
- 543 Патша әмірін етіп төмам, атандым тез сүйгеніме,
Кез болды Асмаг, мен де еңредім шер жалыны биледі де,
Деді ару: «Болыспақ ем, тағдыр оғын түйреді де,
Бермеді ырық, бітті амалым, ой-арманым күйреді де!»
- 544 Біз де кірдік. Патша қыздың қабақтары толқынданған,
Күн де тұтылдыра алмағандай ақ дидарын шалқып жанған:
«Құлқың жоқ па шайқасуға — деді ару, салқынданған,—
Әлде жаныңды алар ма екен үрейленген қалпында аллам?!»
- 545 Жауап қаттым намыстанып, қаталдана, сөйлеп басым:
«Ешкім менен айыра алмас сөуле шашқан Күн шұғласын!
Барман, бірақ, жеке айқасқа тыңдап әлсіз әйел даусын!»—
Деп ызғарлы қайттым,
ханның қырықпақшы боп құнсыз басын.
- 546 Жарлығымды тыңдап ерлер дайындалды, құралданып,
Шаптық тура шатыр жаққа қанды айқасқа құмарланып,
Шахзаданың ұрттап қанын ішкіміз кеп тұра алмадық,
Өлтірмедім, бірақ, оны қайраулы өткір құралды алып.
- 547 Жатыр екен ұйықтап күйеу төсегінде салтанатты,
Ұрдым басын ашаға әкеп, екі аяқтан ұстап қатты.
Күзетшілер есі кетіп: «Аттан!» салып шулап жатты.
Көре салып зытқан мені көздеп арттан оқ боратты.
- 548 Қуып жеткен хорезмдік кейбір батыл жігіттердің,
Қанжарменен қырқып басын жаһаннамға жанын бердім.
Кірдімдағы жау бата алмас қамалына кемеңгердің,
Отырдым кеп ортасында өзіме ерген әскерлердің.
- 549 Шапқыншылар алып бұйрық шапты алдымнан түрлі жаққа:
«Келсін,— дедім,—
мен деген жан ұмтылса егер намыс-даңққа!»
Келіп жатты сарбаздарым күн батқанша шар тараптан,
Дұшпан қолы қорқып, қашты, кір қалдырып болашаққа.



- 550 Ойлаған ем тастайын деп, ашып жолды, бұл қамалды,
Жіберіпті, көрдім, патша елші етіп үш адамды.
Депті: «Артық ең баламнан да, куә етемін жасағанды,
Бұл масқара қан төгіс не? Қарт жүрегім қанжарланды!
- 551 Елді, өзімді масқаралап, кісі өлтіріп, болдың пасық,
Сүйсең егер патша қызды, неге айтпадың сырыңды ашып?
Ішкіздің у қартайғанда шашымды аппақ қырау басып,
Өлгенімше кету ме ойың меніменен қарсыласып?!»
- 552 Жауап қаттым:
«Кемеңгерім! Мен құрыш боп шыныққанмын.
Жалыны ажал жандыра алмас,
бұл жалғаннан сыр ұққамын.
Ұлы көсем ізгілікке із қалдырса, сырып бәрін,
Ойым менің қызыңда емес: бөсуде бос бұрып қауым!
- 553 Байтақ елің көркеюде, орындалып дегендерің,
Аспанда Арсы, мейір төгіп, жердегі әсем жебеуде елін.
Енді өзімдік Үндістаным! Мен — мұрагер, кемеңгерім!..
Қаршадайдан өлкемді ойлап, жауға ойран сап, не көрмедім?!»
- 554 Туған елдің тағдыры үшін фида менің мынау басым.
Менен басқа кім қорғайды Үндістанды, отағасым!
Менен артық көрдің қалай Хорезмның шахзадасын?
Келісекке бізде орын жоқ, білсең өмір қағидасын!
- 555 Сүйгеніңе қызыңды бер! Оған алда ашық жолың!
Бірақ мендік — Үндістаным! Егер дұшпан салса қолын,
Бастарына түн туғызып, шөлкестердің табам жолын,
Жайпап жауын ұлы Отанның, қоршай алам оң мен солын!»





XIV хикая

**НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ҰРЛАНҒАНДЫҒЫН
ТАРИЭЛЬДІҢ БІЛУІ**

- 556 «Шыдай алмай ақбаршыны ғашығыма жібердім де,
Қарғай бердім жазмышымды, жара жайлап, түнердім де...
Дуалға асып шықтым сасып, түрім қашып сілейдім де,
Көзім шалды масқараны — өрши түсті үрей мүлде.
- 557 Келе жатыр екі жаяу ілбіп қана, шаршағандай,
Көрдім де ілез қалтырадым мың үрей кеп қоршағандай,—
Білдім — Асмат! Қайғы оғынан қала алмапты пәршаланбай,
Қансыз, сөлсіз солыпты ару жер жазасын қарсы ала алмай.
- 558 Қарғып түсіп, қарындасқа жеттім ұшып, зәрем кетіп,
Қойдым сұрақ: «Бізді тәңрім сарнатпақ па зар еңретіп?»
Сұлық жауап берді сұлу: «Тұрмын келіп әрең жетіп,
Көк күмбезі құлады үстен, көр қазды аллам терең де етіп!»
- 559 Сабыр етпей сұрай бердім қандай тағы қайғы барын —
Түнеріпті сезгендей қыз аспаннан кеп Ай құларын.
Азалы қыз азабының алдыма әкеп жайды бәрін,
Көзден бұлақ жатты құлап, сел қып жайып қайғы-зарын.



- 560 Сөйледі Асмағ: «Біл бұл істі қанып түгел бастан-аяқ,
Шафқат жасау тіпті жөнсіз мен бейбаққа, босқа да аяп!
Өлтiр мені өз қолыңнан, зар қақтырып тастамай-ақ,
Өлген дұрыс кейпі кеткен фәниді осы қостамай-ақ.
- 561 Ұзын құлақ әкетті іліп Шахзаданың өлгендігін,
Күңіренді көріп патша шешек атпай сөнген гүлін.
Хабарлады ол халайыққа саған да ажал төнгендігін,
Айтты ел, бірақ, қолбасшының қашқандығын көргендігін.
- 562 Жеткізді оған: «Заңнан қашып, мәжнүн боп дүлейленді!»
Патша еш сөзге аспай құлақ, өртей лаулап үдей берді:
«Сүйіп Тариэль жан қызымды, махаббатпен шідерленді,
Күнәсіздің қанын текті ол, үстімнен бұлт түнерді енді!
- 563 Аямаспын сұм Даварды, болса да өзі қарындасым!
Сиқырлықпен жан қызымды бұзды салып бар ынтасын.
Ізгіліктің мыстандықпен жапты жауыз дарбазасын,
Енді ол малғұн алдыма кеп кешу сұрап зар қылмасын!»
- 564 Әлемге аян, патша босқа көтермейді кек қылышын,
Әмріне оның тең келер ме түскен жай боп көктен қысым.
Патша ашуы ұлғайтты, рас, сұм Давардың қорқынышын,—
Давар каджды жесірі еді істейтұғын жының ісін.
- 565 Жын-шайтандар Даварға кеп қорқынышты хабар берді:
«Патша сені өлтiруге тар қапасқа камар!» — деді;
Айтты Давар: «Мен айыпсыз! Күнәм болса — табар,—
Бірақ сайқал қыз сазайын тартқыза алар Давар!» — деді, —
- 566 Сен жоғалдың, қыз Дареджан содан бастап қайғы шекті,
От көздерін тұман жауып тосты ол күңгірт келешекті.
Кенет Давар кірді, аузынан жалын шашып, алмақ кекті:
«Сұм салдақы, бұзық сайқал! Кірлеткен пәк асыл текті!
- 567 Сый қонаққа жібердің де сұм жендетті, азғын-залым,
Кеудеме үрлеп өлім лебін, жүрегімде жақтың жалын.
Күнәм жалғыз — аңдып сені, сұмдығыңды байқамадым,
Тариэльден енді айырам — жаман болар күңнен халің!» —
- 568 Деді-дағы қызды жығып, шәліні алды жұлып бастан,
Қанға бояп, көкала ғып ұрды қызды аямастан.



Тек Дареджан әлсіз сұлық жатты еңреп қозғалмастан —
Күн әкелген шербеттен де жанға шифа таба алмастан.

- 569 Сөйтіп Давар алып кегін, айғай салды бұйрық етіп,
Қос бәдәуи жат өлкелік, түндей төніп, келді жетіп.
Ұстап алып Күнкелбетті бәлағаттап, мазақ етіп,
Зарына оның құлақ аспай, қайықпенен қалды әкетіп.
- 570 Қайықпенен Күн Шұғласын кетті ап шалғай алыс жаққа,
Деді Давар: «Маған ешкім өмірге енді ашпас қақпа!
Одан да өзім өз жанымды жіберейін болашаққа!» —
Деді-дағы кеудесімен кетті құлап зор пышаққа.
- 571 Тірі қалған мен бейбаққа ретің бар таңғаларлық;
Өлтір мені қара хабар таратты деп маңға барлық.
«Айрылған соң асылымнан не қалды енді жанды аярлық!» —
Деп еңреген Асмаат даусын бар тыңдаушы аңғара алдық.
- 572 «Азап қызы! — дедім қатты, — босқа еңреп жасың төкпе!
Мен іздеймін сүйгенімді жалбарынып биік көкке,
Құм, шөл, теңіз, тау, құздары істей алмас бөгеттік те».
Шақпақ тастан берік еді өткен сыннан от жүрек те.
- 573 Қайғы басып үстен зілдей, түрлі ойлармен болдым алаң:
«Өзіме егер қанжар сұқсам, өзгерер ме мынау ғалам?
Тапсам іздеп сүйгенімді — алдында өлем, ардақталам,
Сөзсіз онда талқандалар тағдыр салған қармақ маған!»
- 574 Атқа мініп, қажырланып, қаруланып жолға түстім, —
Жүз алпыстай жігіт алдым — бары осы еді қолда күштің.
Қарап маңға жүрдік алға, қамалда да қалмады ешкім,
Теңіз жаққа бағытталдық, шарлап талдық жердің үстін.
- 575 Желкен мініп кеттік жүзіп жігіттермен теңізге кеп,
Астында аспан түк таппастан жүрдік аштан қызды іздеп.
Сандалса адам жат жерінде — табиғи іс, шерге жүзбек,
Ұмытты хақ, жүрдім жылап, күз артынан жатты күз кеп.
- 576 Айлар өтті алсұрып, жылдар жатты жылжып өрлей,
Ғашығымды сағындым мен өңде түгіл, түсте көрмей,
Қырсық пенен қиындықтан жігіттердің өлді көбі,
Қажып босқа жылағам жоқ, басса да үстен қайғы көрдей.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
НАҒАРЫ АРХИВІ

577 Шықтық жерге теңізден біз, нысанаға жете де алмай,
Шөктім шерге, жұрт ақылын бойға дәрмен ете де алмай.
Нөкерлерім кетті тарап жол азабын көтере алмай,
Тәңірім өзі пендесіне артқан борышты өтей алмай.

578 Тек Асматым ауыр мұңға ортақтасты өзімменен,
Қалды аяулы тағы екі құл жамандығы сезілмеген.
Қайтып Нестан жәйлі естімей тірі адамның сөзін де мен,
Көздің жасын төге бердім сорлаған сол кезімде мен!»





XV хикая

**ТАРИЭЛЬДІҢ НҰРАДИН-ФРИДОНМЕН КЕЗДЕСКЕНДІГІ
ТУРАЛЫ**


- 579 Келе жаттық теңізді өрлеп күн батып қас қарайғанда,
Таң. Бір әсем қала көрдім тұрған жайнап арайлана.
Күйік билеп күңірендім жиіркенішпен қарай маңға.
Сәлден кейін тоғайға еніп отырыстық шар айнала.
- 580 Жаттық дем ап жолдастармен түбінде емен-қарт ағаштың.
Қалғып қайта ояғанда от жүрегім жалын шашты.
Қыздан дерек ала алмастан, ұлғайып мұң мұңға ұласып,
Моншақтаған мөлдір жастан тулап асау толқын тасты.
- 581 Кенет у-шу шықты айқай күрсінгендей Арсылы аспан,
Көрдім сол сәт салт аттыны жүйрігіне қамшы басқан,
Көтеріп ол сынған шолақ, қан бояған көк қылышты,
Қорқытады қыр көрсетіп әлде кімді қарсыласқан.
- 582 Келе жатты ол қара атпенен, білдім — шықты қанды
ұрыстан,
(Болды мендік кейін ол ат, қатты ағыны ұшқан құстан).
Теңізді өрлей салтты шапты. Бір құл кетті алып нұсқау, —
Айту үшін: «Қандай пасық зәбірледі сені, арыстан?»



- 583 Қайтты құлым қапаланып, айтпапты әлгі сырын ітешіп,
Сонда атылдым сымбатты ұлдың алдын орай, жолын кесіп.
Дегенімде: «Кім қорлаған, досың болам, болса несіп?»
Бөгелді ол тізгін тежеп, өтпеуді ойлап желдей есіп.
- 584 Досқа айтқандай айтты зарын, сәл менімен танысқан боп:
«Жаһангезім, тыңдашы өзің, бекер жаумен алысқам жоқ,—
Қояннан да қорқақ адам шапты маған арыстан боп,
Састы бірақ, қашып кейін, ала да алмай барыстан кек!»
- 585 Айттым: «Адам қоян жүрек іс көрсетпес алға асқандай,
Болады ерлер қара қылды қақ жаратын алдаспандай!»
Қатар түзеп кеттік жүріп пәк жүректер жалғасқандай,
Сұңғақ батыр шапақ шашты көздерінен таңғы аспандай.
- 586 Тәуіп-құлым сумен жылым жараларын жуды ердің,
Тазартты орнын қан боп қатқан көк құйрықты жебелердің.
Қойдым сұрақ:
«Кім ол сенің дұшпандықпен соңыңа ерген?»
Сонда ер кенет, мұңын шағып, хикаясын бастай берді:
- 587 «Мен білмеймін кімсің өзің, басыңда бар қандай тарих?
Байқаймын, тек бір кезде айқын болғандайсың айдай жарық!
Райханға қызғалдақтың түрін берген қандай тылсым?
Шұғла шашқан ай жүзіңді аязбен кім алған қарып?
- 588 Менің қалам — Мұлғазанзар — таңқалдырған әлеуметті,
Нұрадин-Фридон — аяулы атым. Басқарамын мемлекетті.
Мендік мынау жазық дала табиғаты кереметті,
Жаяр бағым өзі шағын гүл құшағын нұр-сәулетті.
- 589 Ер бабамда ұрпағы үшін тастап кеткен жер кең еді,
Теңіздегі нулы аралды маған арнап берген еді.
Аралға осы көшіп мүлдем бір нағашым келген еді,
Сол сұрқия қойды, міне, көміп мәңгі шерге мені.
- 590 Өзіме елден ергендермен — мергендермен шықтым аңға,
Қайық басын бұрдым тура алдымдағы кең аралға.
Сүйікті бес лашыншымды соңыма ертіп, келем алда,
Қалғандарын қалдырдым да тосыңдар деп осы маңда.
- 591 Достарыммен жүзіп бірге аралға да жақын қалдым,
Дедім де: «Онда қатер де жоқ, бәрі туыс жақындарым!»
Кім ойлаған ағайынның кенет ашу шақырмағын,
Өзді-өзінен дүрлігісіп дауырығарын пақырлардың!

- 592 Жердің түпкі қожасындай, бір басылмай, олар бөсті,
Суыта алмай қанды қызған алдымыздан жолды кесті!
Бір бөлегі жек-жаттардың көп жасақты соңына ертіп,
Жағадағы ерлеріммен шайқасты да салды егесті.
- 593 Көрдімдағы қанды айқаста қылыштарды жарқылдаған,
Жеттім жүзіп жігіттерге бойда күші сарқылмаған.
Ұмтылды жау, сеңдей сырғып, бұрын беті шарпылмаған.
Өлімменен ойнады өңшең қара қарға қарқылдаған.
- 594 Бір топ әскер тағы келді әлгілерге жәрдем үшін,
Оң мен солдан кетті қаптап көрсетердей пәрменді ісін.
Қамалады бізді қаптап, төндім мен де өрт боп ішім,
Семсерім де қалды сынып, қорамсақ бос — көрсем ішін!
- 595 Ашу кернеп тұлпарыммен толқынға асау кеттім ұрып,
Зәресі ұшқан, үркіп сасқан, жау да жытты, бетті бұрып.
Мергендердің өлгендерін тулап толқын кетті сырып,
Дүлей дұшпан үрейленді: қашқандарға жеттім ырғып.
- 596 Айқайладым: «Жебесе ием бассыздарды аямаспын!
Алармын кек! Аялы аспан берер маған саялы астын!
Күнін түнге айналдырып, алды-артыма қарамаспын,
Құзғын қарға бастаушысы болар бая-шайлы астың!»
- 597 Жауды ойрандау амалдарын Фридонмен кеңестім де,
Айттым: «Ерім, біз шықпайтын жоқ бұл жерде белес мүлде.
Дұшпан шебі талқандалар тізе қосып егескенде,
Үрейленер, бетін шарпып өртті дүлей жел ескендей.
- 598 Әзір тыңда кезгіншінің хикаясын, — қайғырарсың,
Сенен сырды жасырмаспын, асырмаспын, —
жайды ұғарсың!»
Айтты патша: «Бұл кездесу — бәрінен де қымбат бізге,
Біз достассақ, — тарап арман, мұң мен зардан айығарсың!»
- 599 Кірдік келіп астанаға — шағын шаһар кереметті,
Фридонның жасақтары сапқа тұрып, елең етті.
Жауынгерлер — дауылды ерлер шер шербетін қорек етіп,
Бас иісіп қожасына, сызылып сәлем бере кетті.
- 600 Саптағы әскер маған назар аударысты — көңілденген
Деп: «Мынау күн сәулесімен жалпақ жерге өмір берген!
Шаһарға ендік — әдемі үйлер күмбездері көгілдірден,
Халқы зерлі киіпті оқа күндей нұрын төгілдірген!»






XVI хикая

**НҰРАДИН-ФРИДОННЫҢ ТАРИЭЛЬДІҢ ЖӘРДЕМІМЕН
ДҰШПАНДАРДЫ ЖЕҢУІ**

- 601 «Жара айығып, майданға әмір дайындады кемелерді,
Берді жарлық, жиды барлық «мен дайынмын» — деген ерді.
Көріп жасақ Фридонды, алғысқа оны көме берді,
Айтам енді қаныпезер дұшпан қалай жебеленді.
- 602 Көрінген жау теңіз жонын шуға бөлеп, дабыл қаққан,
Он қайыққа толыпты лық, телпектерін айдарлатқан.
Алдыңғы сап естіп менен шыққан қатты айғайды: «Аттан!»
Зәресі ұшты. Достар көрді бейбақ жауды жайрап жатқан.
- 603 Бір қайықты әскерімен көтердім де суға тықтым,
Қалқып бетке шыққандардың қылышпенен басын
қырықтым.
Қалғандары қырға ұмтылып, ескекті есіп, қойдай ықты,
Ал мен патша кемесінен мақтау естіп, даңққа іліктім.
- 604 Атты әскерлер атой салды шықтыдағы төңірекке,
Қызды майдан, ұшты рухтар биік көкке — кеңірекке.
Ғажапандым Фридонға қаһарланған айбынды, өктем,
Түрі — шұғла күші — арыстан, тұлғасы ұқсас бәйтерекке.

- 605 Қанға шомды ер патшаның нағашысы баласымен,
Шапты олардың саусақтарын айбындана бар ашумен.
Қосақтады тұтқындарды, деп: «Осынша таласып ең!
Құрытпақ па ең тастап кеткен ер бабамның даласын кең?»
- 606 Сау қалғандар қашты кейін, қояндай боп алған теңдік,
Соңдарынан шаһарға кеп жауды қуып біздер де ендік.
Тұтқындарды топшысынан таспен ұрып, жайпап жеңдік,
Олжаны арттық ұшан-теңіз бірнеше мың керуендік.
- 607 Қазыналық қоймалардың ер Фридон басып мөрін,—
Қара ниет жауды көмді қара жерден ашып көрін,—
Еңіресті қара жұтып, егделер де, пасық та өрім.
Шықты айқай:
«Даңққа өрледің сұмдар қанын шашып, бөрім!»
- 608 Астанада қарсы алысты құл да, бек те — барлық қауым,
Дарда ойнайтын шеберлер де көзді тартып, ойды тауып,
Мадақтасты Фридон мен екеумізді жеңген жауын,
Деп: «Қырандар!
Қолдарыңнан түр дұшпанның қаны тамып!»
- 609 «Патша!» — дес-ті Фридонды, мені — «Ұлық даңқы биік!»
Айтты шулап: «Екеуіңе иіледі халқың ұйып!»
Құри берді менің сүлдем, билеп мүлдем жалпы күйік.
Жақтайтын жоқ аянышты жазмышымды парқы биік!»





XVII хикая

**НҰРАДИН-ФРИДОННЫҢ НЕСТАН-ДАРЕДЖАН
ТУРАЛЫ АЙТҚАНЫ**

- 610 «Ер Фридон ертеңінде мені ертіп аңға кетті,
Жалпақ теңіз жағасында тік жартасқа келіп жеттік.
Кенет маған үн қатты ол сөйлеспек боп бұрып бетті:
«Осы арадан көрдім бір күн таңғажайып кереметті!»
- 611 Оның ғажап сөздеріне ықыласыммен құлақ түрдім:
«Бір күні салт аңға шықтым, теңіз де асау тулап тұрды.
Атым — лашын, жүзе, — үйрек, жалын жалды пырақ пірлі.
Теңізге ұшқан бір бүркітті көріп: «Не?» — деп сұрақ туды.
- 612 Қара аттың сәл тарттым басын көзбен шолып теңіз жақты,
Толқын қаққан, жылжып аққан көрдім жүйрік бір ноқатты.
Теңіз тербеп, зымырады ол шағаладай қос қанатты,
Тізгінімді тежей бердім шешу үшін бұл жұмбақты.
- 613 «Не нәсте бұл —
жәй бір құс па?». Көрдім анық — жүзген қайық, —
Жел қанатты желкен тағып, зулады ағып. Таңғажайып.
Қайық үсті жарқ-жұрқ етті, төңірегін нажағай ғып:
Ару екен қолаң шашты төккен нұрын маңға жайып.

- 614 Жиекке кеп тоқтап қайық, бәдеуилер қара майдай —
Күрке ішінен алып шықты сол аруды жаралы Айдай.
Шәші сүмбіл, нәркес көзден жасыл шәшіп қарағандай,
Бір көріп-ақ ұлгергеннің бойынан шер тарағандай.
- 615 Аттай тулап жүрегім де қалшылдадым, дірілдедім:
«Қар үстінде тұрған жанып бұл алқызыл гүлім! — дедім.—
Арылармын арманымнан гүлді құшсам!» — күлімдедім.
Қамшы бастым Мераныма — сәулетті ойдан түңілмедім.
- 616 Теңізге кеп жеткен шақта тұлпарыммен құстай ұшқан,
Қалдым қатып, қыран құстай айға ұмтылып,
бұлтты құшқан.
Жарық Нұрды жөнелді алып жүйрік қайық тіпті алысқа,
Болдым шерлі жалын жұтып, удан ұртап, зафран құсқан!»
- 617 Тыңдадым да Фридонды шерлі азабым өрши түсті,
Мөлдір жастан тулап тасқан селге айналды жердің үсті.
Бетті тырнап, кеттім сарнап, тіпті, қатты өксі түстім,
Деп: «Бақытты көрген адам Құрма Ағашын хош иісті!»
- 618 Ұлы патша мұңымды естіп, ойға шомып аң-таң қалды,
Аяп мені, шерге шомып, егіліп ол жаутаңдады.
Ойлы қара көздерінен жас моншақтап меруерттей,
Жалбарынып жалынса да, уата алмай жалтаңдады.
- 619 «Маған қайғы! — деді патша, — жөнсіз сөзім дертіңді ашты».
Айттым оған: «О, ағзам! Өкінбеңіз! Шерлі жасты —
Күйдірет те, күлдірет те сүйген Күнін көргендігің,
Білсең түгел хикаямды, аударарсың ықыласты».
- 620 Фридонға айттым түгел азабымды бастан кешкен,
Деді патша: «Мен аңқаумын сырды ойламастан шешкен!
Уа жаһангез, айбарлы әмір, Үндістаннан қашқан да өшкен,
Шығарыпты-ау енді сені сонау мөлдір аспан да естен!»
- 621 Егер тәңірім сымбат берсе ерге пейіш шынарындай,
Шарафатын да аямастан құлға құрмет қылар ұдай.
Сақтап пәле-жаладан да жол көрсетіп тұрар ұдай.
Илан, келер саған бақыт екі егіздің сыңарындай!»
- 622 Фридонның сарайына жақын келіп, байлап атты, —
Айттым ерге: «Ауыр жолда іс жасадың парасатты.

Жоқ әлемде сендей пенде пір тұтатын ақиқатты,
Меніменен алдың бөліп бойымдағы бар сырқатты.

- 623 Сәт берсе іске, салып күшке, болам досың өзгермейтін,
Жебесе ием, жаралы ерді бар өнерде дес бермейтін, —
Бақыт табам, болып боздақ, басқа шауып, төске өрлейтін,
Қызды тауып, құрам сауық, даңқ қалдырам ескірмейтін».
- 624 Айтты патша: «Өзің жалғыз —
күнмен күндес жан жолдасым,
Енді өмірім сәулеге енер, болмас бұлтты мұнар басым!
Өзіңе аян бір өзіңнен басқа қамды ойламасым,
Құлың болып табынуға дайын дайым мынау басым.
- 625 Көрдің бе анау шаһарды үлкен қайықтары желкен таққан?
Онда әлемдік хабаршылар күнде шапқан әр тараптан.
Тапсам шифа, сөнер жалын жүрегіңді өрт боп жапқан,
Тәңірім жебеп, қайғы айығар, қатер жау да құрмас қақпан.
- 626 Жібереміз кемелерді, әлемді олар аралайды,
Үстерінен тұман төніп, басқанынша қара қайғы,
Әзірше әлден, құлшылық қыл, күтпе аспаннан нажағайды,
Қуанарсың құшсаң кенет бұлтқа батқан жаралы Айды».
- 627 Нұрадиннің бұйрығымен теңізшілер дайындалды!
Берді жарлық: «Дүние кезіп, іздейсіңдер ғайып жанды.
Теңіз кезген қызды тауып, бұзыңдар да жау қамалын,
Шаттық хабар жеткізіңдер, ажалға да жайып жанды!»
- 628 Кемелермен жебелі ерлер кетті шығып мемлекеттен,
Алып бұйрық: «Қызды іздеңдер, дүние кезіп, алыс шеттен!»
Қиялдандым, құр алдандым кездесем деп Күнсәулетпен,
Бірақ, шыдап тұра алмадым, үміт те өшті әурелі еткен.
- 629 Сыйлап патша ұлы әкімдей отырғызды тахқа мені,
Айтты: «Көр ем, ашылды көз, жасаушы ием жақтап енді.
Уа кемеңгер! Кем болар ма сендей ердің баққан елі,
Құлың болып кім құламас аяғыңа? — Мақтан енді!»
- 630 Қайтем созып өткенді айтып! Кезіп түгел кең әлемді
Теңіздегі елдер жақтан қайта оралды кемелер де.
Бәрі-босқа! Табылмады: «Дерек бар бір!» — деген ер де,
Еңрей түстім! Жүрегіме қадалды кеп жебелер де.



- 631 Фридонға айттым: «Бұрынғыдан мынау қайғы ауыр маған,
Одан да ауыр айрылысу, — оңбас мынау дәуірде адам.
Сенсіз күнім түнге айналар, болып дайын қабыр маған.
Қайдан іздеп таба алармын шаттығымды жау ұрлаған?»
- 632 Жолдан таймай, тұтқын болған аруды іздеу парыз маған,
Сен қамықпа, кешу сұрап, тұр алдында қарызды адам».
Қайсарлана қайталады әуелгі сөз — арызды ағам:
«Кетсең, жаным жараланар дара қалар жауыз ғалам!»
- 633 Жібермеуге, шідерлеуге жауынгерлер, қатты жылап,
Қу тағдырға нәлет айтып, алдыма кеп жатты құлап.
Деп: «Өзіңе құл болайық өле-өлгенше, кетпе бірақ», —
Құшты, сүйді, жалбарынды, көздерінен ақты бұлақ.
- 634 Бердім жауап: «Достар, сізді тастау қиын, жасырмаймын!
Тастағанмен, шердің кірін шәйіп мүлдем, ашылмаймын.
Қызға антым бар. Ант алдында көкті тілген жасылдаймын,
Аялдасам — Арсы алдында қалай құлап бас ұрмаймын?»
- 635 Сыйлық етіп тартты сонда жомарт патша бұл қара атын,
Деп: «Мін мұны, Күндидарлым,
жүйрік желдей жорғалатып!
Бұл бір тұлпар — ұшқан сұңқар —
шапқан жерінде ор қалатын,
Атқа айырбас етпеуің хақ көк күмбезді орданы алтын».
- 636 Еңредік те айырылыстық. Мені патша аттандырды,
Сүйді де кеп сарнады әмір жоқтағандай батқан нұрды.
Жылап қосын, бата беріп, бар пәледен сақтандырды.
Қоштастым да кеттім жүріп, көздеп —
көлбеп жатқан қырды.
- 637 Теңіздік бұл патшалықты тастадым да жолға түстім,
Жаһангез боп шимайладым дариялар мен жердің үстін.
Көргендігін Күнкелбетін айта алмады ердің ешкім,
Есалаңдай алас ұрып, ыққан аңдай, дүние кештім.
- 638 Ашындым да ойға шомдым: «Неге кездім кең даланы!?
Таппай бақыт, өтті уақыт, босқа жаным сандалады!»
Айттым адал құлдарым мен Асмаатқа кеп: «Жан жанады,
Сендерге ерік, қайтыңыздар, тастап мынау қан даланы.
- 639 Мені әуелден басқан ызғар! Тастаңыздар — сандалайын,
Толастаса көз моншағы, жамалады жанға уайым!»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
НАЦИОНАЛДЫҚ АРХИВІ

«Жоқ! —

біздерге оқ мынау сөзің, өлтір өзің, қалмаймыз!» деп,
Құлдар құлап күңіренді жоғалтардай қолдан Айын, —

- 640 Кетсең мәңгі, қожаны артық қайдан енді таба алармыз,
Босқа әуре боп ізіңді іздеп жүйріктермен шаба алармыз!
Біз өзіңді теңдесі жоқ жалғыз жан деп бағалармыз,
Жалбарынып тәңріге енді қалай мұңды шаға алармыз!»
- 641 Соңыма ерттім біраздарын, жалбарынып қолын созған,
Кездім елсіз алаптарды, шөлді жанған, құрап тозған.
Тек бұғы мен киіктерді кездестірдім тоғайларда,
Түстеп, түнеп үңгірлер мен құздар қойнын аспанға озған.
- 642 Бір күні мен диюлардың мекеніне кез боп қайдан,
Төніп дүлей ажал қауіп, қарсыласып аштым майдан.
Тозған тордай талқандады сауытымды, болдым қайран,
Құлдарымды қылқып жұтты. Күттім жәрдем бір құдайдан.
- 643 Диюлардың дауысынан күңіренді кең аспан асты,
Найзалардың алып күші солқылдатты құз жартасты.
Байтеректер дір-дір етіп, күннің бетін тозақ басты,
Жүз шақтысы қоршай төніп, қылышыма қарсыласты.
- 644 Диюларды түгел қырып, үңгірді енді мекен еттім,
Жұрттан бездім мәжнүңдей — мені шер мен мұң тербетті.
Тек Асмапмен сарнап бірге тұтқын қыздың күйін шерттім,
Өлім жақсы, жанғаннан да жалынында мұндай өрттің.
- 645 Қызды ойласам, көргендей боп дәл алдымда жолбарысты,
Жаптым кеуде, иығымды барыс тонмен алтын түсті.
Шерлі Асматым терілерден тікті киім өзі пішіп,
Жеңсе де азап, мен өзіме шанша алмадым қанжарды ұшты.
- 646 Дананың да Дареджанды суреттеуге жетпес тілі,
Ойлап оны күңіренемін. Жиркенішті жердің гүлі!
Жыныс, тау, құз болды панам, таныс болды аңның тілі,
Жасағанға жалбарындым: «Қойнына өлім ал! —
деп, — жылы».
- 647 Он жыл өтті. Ғашық ізін қашықтаттым, таппай жөнді,
Қайтып оны көру қайда, Жарық Тасшам жақпай сөнді.
Ауыр сында шыққан шыңға тая алмаспын анттан да енді!..
... Міне осылай күңреніп ер аяқтады әңгімені.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ


- 648 Тариэльді қайғы құшты. Жойды ол беттің розасын,
Лағыл жүз бен гәуһар көзге шағылмады күн шұғласың,
Автандил де мұңды ұғынып, моншақтатты меруерт жасын,
Өксіп Тариэль мауқын басты құшып Асмаат қарындасын.
- 649 Айтты ол таяу шақырды да атақты араб әскер басын:
«Еттім тамам ғашығымның — асылымның хикаясын.
Еттім баян, болды аян дүние кезген мынау басым,
Ғашығыңа қайт, таста да құздың жалғыз қаршығасын!»
- 650 Айтты Автандил: «Сеніменен айырылысу тіпті де ауыр,
Сүйген досты кетсем тастап, елжіремес қалай бауыр.
Шертемін сыр — бос азаппен өзіңді-өзің етпе жауыр:
«Бос қайғыңнан ғашығыңның жарасы да болмас тәуір.
- 651 Егер тәуіп сырқаттанса, болса да артық елден асқан,
Басқа тәуіп балзам беріп, шифа сумен дертін басқан.
Айтсын мейлі ол достарына ауыр дертін жалын шашқан:
Табар пайда нашар жайда ақылгөйге құлақ асқан.
- 652 Ізгілердің өсиетіне басыңды и де ас құлақты:
Жүз данадан ақыл сұрап, қу маңыңнан ақымақты.
Бос нәпсінің соңына ерсең, бола алмассың, тіпті, даңқты,
Пәлелердің көріп бәрін күтем күңгірт болашақты.
- 653 Қайтып елге айтайын да қуантайын Күн Шұғласын,
Әйгілейін арманымды, сақтап ерлік қағидасын.
Туысқандық антын ішіп, серттесейік, жан жолдасым,
Болсын қуә қожасы аспан, бөліп назар-ықыласын.
- 654 Жалбарынам, төзімдік ет, көп кешікпей келем қайтып,
Қал да осында, сен досыңа адал сырын тұрған айтып.
Қайтам, айтам патшамызға, таймайтыным анттан — айқын,
Табылады сөзсіз Нестан төкпе көзден жас молайтып!»
- 655 Айтты Тариэль: «Ғажаптанам—азапты, ауыр мынау сырың,
Сенем саған — бұлбұлыма! Ұға да алам жырау жырын.
Ұмытпаспын, кезсем де кең бұл әлемнің қырау қырын!
Қайтсаң, сөзсіз, достық үдер, шұғла төгіп тұр-ау нұрың!
- 656 Біл, о, Шынар, асқақ қияң тәжім еткен көкке биік,
Кең даланы кезіп босқа болмаспын да көпке күйік.



Оралмасаң, дертке енермін, өртенермін шоқ боп күйіп,
 Келсең қайтып, — елең айтып, құшақтармын беттен сүйіп!»

- 657 Ан ішті ерлер — кемеңгерлер бірін бірі сатпаймыз деп,
 Жақұт тастай мың құлпырып, Арсыға енді аттаймыз деп.
 От пен суға салсадағы жанбаймыз да батпаймыз, — деп,
 Түнді өткізіп, таңды атырды, бақыт жырын жаттаймыз деп.
- 658 Қандай қиын айрылысу! Қапаланып елге қарай —
 Автандил де сапар шекті атқанда таң алтын арай.
 Барыс тонды ер еңреді өксіп қатты жас баладай,
 Тұрды қарап соңына ердің, қасірет уы бойға тарай.
- 659 Асма т тағы шықты үңгірден қимай қымбат Автандилді,
 Қиылып кеп о да ағасын алыс жолға аттандырды.
 Иілгенде жасыл гүлдей қос ағасын шатандырып,
 Айтты Автандил: «Ұмытпас-ты бұлбұл шешек атқан гүлді?»
- 660 Қайтып келіп достығымды көрсетермін Тариэльге,
 Туысым деп айтып дәйім жүруім хақ барып елге.
 Елу күнде жете алмасам, қалсын шіріп тәнім жерде,
 Жетуім хақ, бір сұрапыл кездеспесе жаным шерге!»





XVIII хикая

**АВТАНДИЛДІҢ АРАВИЯҒА ҚАЙТЫП КЕЛГЕНДІГІ
ТУРАЛЫ**

- 661 Тастап досын ер Автандил түсті ұлғайта қасіретін,
Сұм жалғанға қарғыс оқып, төкті жасын көсір етіп,
Жаһангездің қанды ізін жалады аңдар, кешіп өтіп,
Қыран атқа қамшы басты, елге асығып, есі кетіп.
- 662 Шөлдер менен белдерді өтіп, келіп елдің шетіне енді,
Қуаныштың қаны ойнады нөкерлердің бетінде енді.
Сұлу сүйрік мінген жүйрік келді де олар Шаймерденді
Шаттандырды, деп: «Қаһарман алыс жолдан қайтып келді!»
- 663 Қарсы шығып Шаймерден де қожасымен аймаласты,
Сүйіп құшып інісіндей Арсыға өрлеп, айға да асты,
Айтты: «Жебеп жапшар ием, қайғы бұлты қайра қашты!
Түсте көрген оралды өрен, қуан, халқым, жай құлашты!»
- 664 Бәрі бірдей Шаймерденді қостай сөйлеп, дабыл қақты:
«Жасаушы аллам құлын алған қайта беріп қабылдатты!»
Алдиярлар — жанқиярлар сүйіп оны дамыл тапты,
Құл-күндер де дәріптеді келген ерді алып даңқты.



- 665 Бірге олармен безендірген шатырларға келді Автандил,
Шаһар халқы қабылдады көсемді әсем, жайнап гүл-гүл,
Жайнап күндей құлпырды ер, бақшаларда сайрап бұлбұл.
Бұл керемет той сипатын суреттеуге жетер ме тіл?
- 666 Шаймерденге айтты Автандил ұзақ жылғы сырды жайып.
Дос болғанын күн шұғлалы қаһарманмен таңғажайып.
Сөзін түгел баяндады, ақ дидарын жаспен шайып:
«Қу қорадай сарай енді, жалғыз ол дос маған лайық»
- 667 Шаймерден де, ерге барлық уақиғасын баяндады,
Алдиярдың сыйлағанын: «Жәрдемшім, — деп, — саямдағы!»
Ер тыңайып, тамақтанып, мұнда, тіпті, аз аялдады,
Ерте тұрып, атқа мініп, патша үйіне аяңдады.
- 668 Үй ісіне назар салмай, көруді ойлап патша қызды,
Асықты да Шаймерденді атқа бірге отырғызды.
Дәл он күндік ұзақ жолды үш-ақ күнге өлшеп сызды,
Көру үшін көркі әлемдік жанып тұрған сол Жұлдызды.
- 669 Алдиярға жетті хабар: «Даңқың асқан меңгерушім!
Құдіретіңе етем құлдық, тағдырыма тең көрушім
Таптым іздеп ғажап ерді ешбір жапа көрмеуі үшін,
Ойды орындап келем сізге, даңқым көкке өрлеуі үшін!»
- 670 Ростендей кемеңгерге — беделді ерге, селдей тасып,
Шаймерден кеп Автандилден сөз сөйледі қадам басып:
«Жортуылшы ерді тапқан келді Автандил — сізге асық!»
Айтты алдияр: «Көк қожасы батамды ұқты құлақ асып!»
- 671 Содан енді қызға келді тұтылдырған жарық күнді:
«Кереметті істі аяқтап, күткен қонақ қайтып келді».
Қыздан сүйінші ап Шаймерден де барлық сырды айтып
берді.
- Торқалы оқа тондарменен орады кеп нөкерлерді.
- 672 Ростеван Автандилдің келгеніне қуанды да,
Құшақтады спәспетті, қақпа алдында құп алды да.
Даңқты ерді көріп, жанып, шерлі патша жұбанды да,
Жан-жағынан қоршап қауым қандырысты құмарды да.
- 673 Аттан батыр қарғып түсіп, Ростеванға тағзым етті,
Сүйді алдияр құшағына ап көптен күткен спәспетті.
Аравияның кемеңгері керді де кең көкіректі,
Автандилді ұстап қолдан сарай жаққа ишара етті.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ҰЛТ АРХИВІ

- 674 Күннің Күнін, ердің Ерін дәріптеуге сөз табар кім?
Қасы — қалам, жүзі — гәуһар, ерні — раушан, көздері — түн.
Жас Тинатин шұғлаланды арай шашып бейне бір күн.
Екеуіне аспан — сарай, ал жай шатыр — болар тар тым!
- 675 Түнге шейін той тарқамай, тәтті шарап көл боп ақты.
Патша, ұланды қошеметтеп, жиды үйіне көп қонақты.
Спаспеттің беттері — гүл, патша басын қырау жапқан,
Аямастан шашты шашу — інжу, маржан сылдыр қақты.
- 676 Той тоқталды, жұрт тарады, Ростенге елден безген —
Ер жайында айтты спаспет, көп жыл бойы дүние кезген.
Суреттеді шетелдерді өзі аралап, көрген көзбен.
Қиналғанын бір жан таппай шөлкес жайын естіп, сезген.
- 677 «Шалғайдағы Тариэльді еске ап қалай жыламаспын?!
Ол — жанған күн, сәуле төккен, жасын төгіп бұламас кім?
Оның көркін көрген айтар: «Жер көркіне қарамаспын!»
Бірақ енді ол раушан емес, өңі қашқан жалаңаш гүл.
- 678 Қатал тағдыр адамға егер бұлттай қаптап төнсе көктен,
Пенде жойып беттің нұрын, түрсіз болар семген шөптен», —
Деп еңіреп сәл Автандил, моншақтатып жасын төккен,
Дос ағасын есіне алып, сөйлеп кетті тағы да өктем:
- 679 «Тариэльдің мекені — үңгір, диюларға орнатқан күз,
Патша үйінен кеткен безіп, жанында бар қызметші қыз.
Жолбарыстың терісімен орапты өзін батыр мінсіз,
Жалғаннан ол безген адам, құнсыз оған жібек, құндыз!»
- 680 Ер Автандил баяндады шетелдерді кезгендігін,
Жаны жанған Тариэльдің бұл жалғаннан безгендігін;
Тылсым сырдың құпиясын тыңдаушылар сезген бүгін,
Дәріптеді Мұзбалақтың бар азапқа төзгендігін!
- 681 Қыз Тинатин қияға өрлеп, қиялымен асты құздан,
Шарапқа да тәбеті артты, татты балдай тәтті уыздан,
Автандил де қайтты тойдан әсерімен алған қыздан,
Кіргенде үйге, құл хат берді сөнбейтұғын сол Жұлдыздан.
- 682 Сарайға ол ұшты құстай махаббатпен қанаттанып,
Қос жүрек кеп қосақталды, бірін бірі жаратты анық.
Шетте шексіз солсадағы, бетіне енді тарап қаны,
Ер боздағы тұрды сәл бір патша қызға қарап, қанып.



- 683 Отырды қыз тахта айбынды шұғласымен жеңіп күнді,
Евфраттың шынарына ұқсатамын Тинатинді —
Шашы — махбал, жүзі —
 гәуһар, ерні ұқсатқан қызыл гүлді...
Жырлауға оны сөз табар тек Афиндықтар көркем тілді.
- 694 Отырғызды Автандилді жанына қыз, шаттық жеңген,
Бақыт тасты шараптай дәл төгілетін кеселерден.
Сөзден ләззат беріп шәрбат, сұрады қыз тартып жеңнен:
«Қайда ол қыран бір кездерде жүректерге шер боп енген?»
- 685 Айтты Автандил: «Мен алдында — аңсағаның көптен бері,
Еске ап қайтем азапты ауыр сол қаралы өткенді енді.
Таптым ерді сом тұлғалы, қазір оймен шөккен, шерлі,
Алма жүзі солып мүлдем көздерінен төккен селді.
- 686 Ер, терісін жолбарыстың үстіне орап, елден безіп,
Іздеп жүр бір күндей қызды, дүние жүзін түгел кезіп,
Кездестік те у ұрттадық, жандық отта бірдей төзіп!» —
Деді де ер созды сырын қыздың ойын түгел сезіп.
- 687 Айтты жалпақ бұл ғаламды сандалумен кезгендігін,
Барыс тоңды батырды іздеп, көп қорлықа төзгендігін;
Тариэльдің жапа шегіп, төккенін жас көзден бүгін,
Жапан түзде аңға айналып, сүм фәниден безгендігін:
- 688 «Сөз таба алмас дана ақын да ол ерді әйдік жырлау үшін!
Күнді көрген айтпай ма, рас, жұлдыздарда жоқ деп пішін?!
Оның күндей сұлу көркі қандырса да көз құрышын,
Солып қазір қызғалдақтай, көз жанары жойған түсін!»
- 689 Ғашығына хабарлады Тариэльдің түгел жайын:
«Ол — дуана, жолбарыстай тауда — үңгірде тұрған дәйім.
Бірге онымен бір күң қыз бар, шерге шомып, жеген уайым,
О Дариха! Мынау жазмыш дертті ұлғайтты барған сайын!»
- 690 Аударып қыз ықыласын тыңдады ерді қуанышты,
Сырлы сөзге ынтасы артып, мың құлпырып жайнай түсті.
Айтты: «Азапты жаһангезге көрсетер ек жәрдемді істі,
Жарасына ем табылар ма, кезсек жалпақ жердің үстін?!»
- 691 Айтты Автандил: «Кім аударар ілтифатын жалған жанға,
Мен сөз бердім маған мәңгі аға болған қаһарманға.
Деп: «Кешікпей келем қайтып, сенің үшін жаным фида!»
Атыңды атап іштім антты, Күнім, теңсің атқан таңға!

- 692 Досқа парыз достысы үшін қорқпай алда қиындықтан,
Жүректегі сезімді үлкен шығаруы сыртқа, бұққан.
Ғашық білер ғашық жайын ғашық зарын терең ұққан.
Доссыз өмір — қу бәйтерек жеке дара шөлге шыққан!»
- 693 Берді жауап қыз Тинатин: «Тілегін сен кемеңгердің
Орындап дәл, әзіз серім, есен аман қайтып келдің.
Махаббаттың күшіменен не азаптың бәрін жеңдің,
Емдеу үшін жүрегімді шифалы су маған бердің.
- 694 Тағдыры адам — әуе райы толқымалы, құбылмалы,
Кейде аспанға бұлт кеп толар, кейде болар күн шұғлалы.
Енді шаттық шұғла шашты, бітті тарап бұлт шумағы,
Масайрайық, шерден айық, сөзім тыңда ер туралы:
- 695 Берген сөзің дос ағаңа болсын, тіпті, тастан берік,
Қайт оралып жаһангезге, сертті орындау — ерге көрік.
Ізде дәл жол сүйгеніне, үмітіне ол болсын жерік,
Бірақ, білем, кетсең, келер маған қайғы жүрек керіп!»
- 696 Айтты батыр: «Жеті азапты сегізінші басты жеңіп!
Тоңған тәнді жылыта алмас салқын сумен бүркіп сеуіп.
Ұясына батқан күнге ұмтылғандық бос әурелік,
Болсаң бірге — күрсінемін, кетсем — солам азап шегіп!
- 697 Сәл тастасам сені артымда туар сағат қайғым артқан,
Қиын қашу көк жебеден жүрегіме көздеп тартқан.
Күнім менің, түнге жылжып, ұясына кіріп батпақ,
Қажеті не азапты ойлап алда — алыста тосып жатқан.
- 698 Шешімдерің мен үшін — заң, мәжүнінді ғашық ұғар,
Нәзік раушан тікенегі қадалар да қан шығарар.
Жансаң, Күнім, жайнар жолым.
Жарық жолда кім шырмалар!
Ескерткішке тартсаң сыйлық, өшпес, лаулап үміт жанар!»
- 699 Жүрегінің шертіп сырын Тинатинді ер уатты.
Ұқты сұлу даналықпен ғибрат сөзді — насихатты.
Қыздың берген ескерткіші — алтын алқа сылдыр қақты.
Мейлі тәңрім қоршай білсін — қос жүректік махаббатты.
- 700 Инжу, мәржан қатар тұрса, көркіменен көзді жеңер,
Ал шынар мен арша ағашы бақша бауын түрге ендірер.
Көрген оны көңілденер, көрмегенге — қайғы төнер,
Ғашық жандар айырылысса, қосылғанша шаттық сөнер.




- 701 Жанған көздер бір біріне қадалды да барып сөнді,
Кетті Автандил көп тұра алмай, жүрек сыздап, —
жарық сөнді.
Көздің жасы, өзендей боп, тулап ақты жарып сенді,
Айтты ер: «Ішіп қанымды әлем, бассын шөлін,
зарықса енді!»
- 702 Қайтты үйіне ол қайғыланып, ойға налып азап шеккен,
Ғашық торға шырмалған жан жеңе де алмас азапты өктем.
Күннің көзін бұлт қаптаса қараңғылық жерге шөккен, —
Ғашық жарық болса қашық, таң түн болып төнер көктен!
- 703 Әлсіреп ол аһ ұрды да көзден төкті қанды жасты:
«Жоқ Жарқынжүз ұқсатушы пейіштегі құрма ағашты!
Қадалды ұшы кірпіктердің жүрегіме, қандар тасты.
Қайтып оған кездеспесем, орным болсын жердің асты.
- 704 Мені әлпештеп күткен адам бақшасында гүлдей өскен,
Кеудеме өткір найза сұқты, тастап белгі шықпас естен.
Сол себепті жаным дағы жалындайды бір сөнбестен,
Мен түсіндім, өмір — жалған, сұрқы кетіп кейпі де өшкен!»
- 705 Тағы Автандил шерге шомып шексіз ауыр азап тартты.
Жалбарынып биік көкке, сағат сайын қайғысы артты.
Айырылысу бұлты бұзды әуел құрған достық шартты,
Жөргектен-ақ тағдыр көрге дайындайды шөккен қартты.
- 706 Ыстық құмдай жастықшаға жас Автандил қойып басын,
Жатады атын ғашығының — қиялының жан жолдасын.
Раушан жүзі бозғылт тартты, үстін аппақ қырау басып,
Болды көктем қызғалдағы көрмегендей күн шұғласын.
- 707 Қанға құмар қарақшыдай жүрегі адам аласұрып,
Іздер бақыт, тайдай тулап, көрдей — тұрған нұрға ұмтылып.
Жүрек — асау, ойнақтаған жолсыз жонда бермей ырық,
Қанды ажал да, патшалар да сала алмас оған құрық!
- 708 Өксігін ер баса алмастан зарлы арманмен күйдірді ішін,
Қолына алды алқаны алтын — қыздың берген ескерткішін.
Сүйіп тақап ерініне әшекейін Күн-бикештің,
Толқынанды қанды жасы ұқсататын Виссон түсін.
- 709 Кемеңгерден жетті ақбаршы таң сарғайып атқан шақта,
Күткен екен Автандилді ұлы патша алтын тахта!
Жетті асығып Ростеванға ашылғанда үлкен қақпа,
Тазылар да алас ұрып, тұрып жатты қатар сапқа.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

- 710 Атқа мініп шыққанда ағзам, атты алыстан таң қызарып,
Аңшылар да шапты шулап, қосылды шаң шаңға ұзарып.
Бүркіт, лашын бұлттай қаптап, тазылар да жонды жауып.
Аңнан қызыл қандар ақты — боялып жер болды қарық.
- 711 Мауық басып, аңнан кейін ростевандық шатырларға
Қайтты бәрі: төрелер де, бек-билер де, батырлар да.
Ән-күй тартып, сырнайлатып кіргенде олар батыл залға,
Ұлы патша ұлықтарды бастап тура, атылды алға.
- 712 Жас спаспет патша ағзаммен құрды кеңес емін-еркін,
Табақтастар естен танды қолбасшының көріп көркін.
Болғаннан соң ер Тариэль турасында сөзде төркін,
Бекзадалар қалды ұйып, құлақ асып, түріп бөркін.
- 713 Қайтты үйіне ер Автандил, ыстық жастар көзден ақты,
Сүйгенінен айрылудың белгілері дабыл қақты, —
Төсегінде дөңбекшіді, ғазиз жанын жалын жапты,
Жәрдем бар ма? Кім тоқтатар ерге төнген бұл азапты.
- 714 Ойлады ер: «Сыннан өтіп, уанар ма жаным менің!
О пейіштің пәк перзенті! Жандырды ғой жалын лебің!
Бақытты ғой келіп таяу көлеңкеңді көрген сенің,
Көре алмаспын өңімде, рас, түсімде кел күліп менің!»
- 715 Тағы да аунап дөңбекшіді, кетті де ойға ренішті,
Айтты өзіне: «Тағдыр ісін сабырлықпен жеңген — күшті.
Пайда бар ма, шанышсаң налып жүрегіңе қанжарды ұшты?!
Көктен биік бақыт күтсең, көтер ауыр, қиын істі.
- 716 Тағдыр жетіп, арманда өтіп, жетпеген көп шын мұратқа,
Өмір үшін өмір сүріп, бағышта өмір адамзатқа!
Ғашықтықтың жанған отын жаныңдағы жасыр жұрттан...
Ұқпас ғашық ешнәрсені, шын берілсе махаббатқа!»





34935740
012410033

XIX хикая

**РОСТЕВАН ПАТШАДАН АВТАНДИЛДІҢ ҰЛЫҚСАТ
СҰРАҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ**

- 717 Ер Автандил, ерте оянып, жалбарынды жалғыз хаққа:
«О, жасаушым, жүрек жара, ұрылғандай зор пышаққа.
Бер құлыңа сабыр, жәрдем, жетекте де алыс даңққа!» —
Деп, ақылшы уәзірді іздеп жүріп кетті орда жаққа.
- 718 Спаспетті уәзір қарсы ап, деді: «Көрдім жарық Күнді!
Келер деген ойға кетіп өткізген ем арып түнді!» —
Деді дағы таң боп, шат боп ардақтады Автандилді.
Келді дағы ізгі қонақ қарт қожасын қарық қылды.
- 719 Қызметкерлер, қиылып кеп, Жарқынжүзді қабыл етіп,
Тағзым жасап, жүрер жолын безендірді кілемдетіп.
Өлке үстінде жанған күндей төкті спаспет нұр сәулетін,
Айтты қауым: «Раушан гүлдің хош иісі тұр бізге жетіп!»
- 720 Отырды ер уәзірменен, өзгелері көзбен шолып,
Қарады айдай арыстанға, сипатына кеңлі толып.
Аямастан мадақ сөздің шапағына жатты көміп,
Қуды уәзір басқаларын, тек екеуі қалмақ болып.



- 721 Айтты қонақ қайғы шерін төгіп мөлдір көзден жасын:
«О үззірім, сақтаушы өзің патша сөзін — құпиясын,
Кеңесшісі алдиярдың кіші істе де, істе басым,
Азап шеккен ерді көптен уат, тыңдап хикаясын.
- 722 Елден безген сол бір ердей мені де енді құшқан жалын,
Зәмат сайын ұрттап уды, оны көру ынты-зарым.
Досқа жанын фида еткеннен кім аямақ қолда барын,
Ізгілікке арна адамды дұрыс дәйім қолдағаның!
- 723 Мен дос болдым ғажап жанмен. Жүрегімді шырмап торға,
Тұтқынға алды ол, енді жаным тау қойнында — қазған орда,
Ол жанған күн, нұры шарпып, жана жаздап жүрмін зорға.
Ал, күң қызы — қарындасым, кез боп кенет біткен сорға.
- 724 Сол қапаста әуел баста алысқан серт бізді қосқан,
Қолдауға оны құлшынамын, екі жүз боп қашпан достан,
Іздеп оның жарық Күнін, жан жарасын жаза алмасам,
Отта жанып, жүрегімнен тоқтата алман қанды жосқан.
- 725 Жебеуге оны алас ұрам, біттім мүлдем үрейленіп:
Күтуде ол шыдай алмай, мен кешіктім, шідерленіп,
Мәжнүнді қолдау — парыз: отыр тәңрім жігер беріп, —
Ант бұзбаған арда ғана жеңіс туын тігер келіп!
- 726 Жеткіз дереу бөгелместен пікірімді кемеңгерге,
О, үззірім, жалбарынып көзден меруерт төгем жерге:
Енді өзімнен үрей де аулақ, көнбеуім хақ көгендеуге,
Жәрдемің бер, әйтпегенде бұл қайғыдан өлем мүлде.
- 727 Айт патшаға: «Күндей жанған жерде өзің барсың асқан!
Менің зілдей қасіретімді біледі тек Арсылы аспан.
Күйінемін, досымды ойлап жазмышыма қарсы басқан,
Қаша да алман берген серттен,
өртпен де өшкен қарсыласпан.
- 728 Доссыз маған шаттық та жоқ, сәні де жоқ мынау жердің,
Алыс кетіп жан ағамнан шеріл жүрік тулауда енді.
Дос азабын азайта алсам жүдете алмас жылау мені,
Таймай серттен енем өртке, тоқтата алмас бұғау мені.
- 729 Кіналар ма әлде мені есалаң деп тіл алмаған?
Жәрдемді де, жазаны да күтем жалғыз бір алладан!



Сапарымнан сәтті оралсам — тірегіңмін, құр алдаман,
Оралмасам — жауды өзің де жайпауың хақ құралданған.

- 730 Көп сөз — бос сөз: алдыңа кеп құпиямның аштым бәрін,
Ростеванға айт достыңның жүректегі тасқындарын.
Оң батасын сұра да оның, сұра ызасы асқынбауын,
Орындасаң — ал өзіңе алтын менен тастың бәрін!»
- 731 Уәзір айтты: «Сыйлықсыз-ақ орындаймын сұрағыңды,
Жалын жаным ләззаттанды, жақтың достық шырағыңды, —
Қаһарланар қатал патша, қандырмас та құмарыңды,
Деп: «Жүрекке қанжар сұқтың азғырдың да
Шынарымды!»
- 732 Мені патша аямастан басына ілер дар ағаштың,
Сенің үшін ажал аузын келсе де ашып, қарамасын.
Бірақ жанған жүрегімді жазылмайтын жара басты.
Бойымда үрей үдей түсті! Мені, достым, қара басты.
- 733 Күмәнданам зәрем кетіп. Төнер патшаң қаһарланып,
Өлтірер я масқаралар, деп: «Келдің бұл хабарды алып,
Ойы өрескел спасетке сұмсың жүрген құлақ салып!
Өлімнен де күшті емес пе — сөксе осылай сөзбен шалып?»
- 734 Тіпті патша жіберсе де көсем қалай тастар елді?
Кетсе Күні Аравияның, қосынды кім бастар енді?
Түндей болып төнбей ме жау естісе елден қашқан ерді!
Торғай тұйғын бола да алмас! Босқа өзім де таспан енді».
- 735 Айтты батыр: «Сырқатқа ауыр ем болмаса, ажал төнер.
Айта алмаймын деп: махаббат дауылынан достық сөнер.
Достық сертті бұза да алмас, тіпті, аспанда тәңрім шебер.
Қиындықта достан қашқан — дертке душар болып, шөгер.
- 736 Қайтам Күнге, табам барып құдіретті асқақ достық шыңын,
Түннен Күнді шықсам алып, жояр шұғла жұрттың мұңын.
Рахатты да, мехнатты да білгем, көргем бұдан бұрын.
Дұрыстыққа бұрыс ақыл — тек жай ғана бос сөз шығын.
- 737 Көз жанарын жауып нұрдан дайым көздің төксем жасын, —
Дәрменсізбін, туған елдің сақтай алман ақ патшасын.
Бар міндетім — досты сақтау, сақтап ерлік қағидасын,
Білген бар ма бұл сияқты азап көрген ердің басын?

- 738 Болат семсер балқымас па мұндай күшті жалыныштан?
Жүрегі әлде уәзірлердің берік пе екен сом қылыштан?
Өз мұңымды өзен десем, достікі — сел тулап тасқан!..
Жәрдемің бер! Ізгі жанды шығарайың тар қапастан.
- 739 Ұлықсатын бермесе егер, сөкседәғи кетем қашып!
Мейлі жанған жүрегімнің кетсін өрті өртке ұласып,
Кір патшаға жасқанбастан және сырды шертпе жасып,
Тек қиянат жасай алар өзі берген сертке — пасық!»
- 740 Айтты уәзір: «Сенің, білем, шерлі азабың маған көшер.
Тағдыр өзі жазаласа, қайғы үстіне қайғым да өсер.
Надан адам өледі арам, аңдап сөйлесе алмаса егер,
Өлсем — саған күн боп үстен төгуім хақ нұрдан нөсер!»
- 741 Тапсырманы орындауға келіп уәзір әмірге енді,
Әмірге емес, күн боп жанған, нұрға орнаған тәңірге енді.
Сөйлей алмай, сорлы адамдай тірі күйі қабырға енді,
Қожасына құдіретіндей құлдық қылып жәбірленді.
- 742 Патша таң боп, түсіне алмай, уәзіріне үнсіз қатқан,
Деді: «Шырақ, жасырмай айт, кейпің жаман ойға батқан».
Айтты ол: «Ағзам, дерт найзасы жүрегімді жаралатқан.
Тыңда, — кешір! Болмаса —
өлтiр, болсам адам қарғыс атқан.
- 743 Мені бүгін дерт өртеді, сол бір өрттен дүлейлендім,
Жауға да елші кіруші еді, мен бата алмай үрейлендім.
Өкілі едім Автандилдің, ізгі тілек тілей келдім,
Қайтпақ қалған досына енді, дейді: «Босқа шідерлендім!»
- 744 Сөзін тәмам етті уәзір, әзер сөйлеп, зәресі ұшып:
«Болсам да өкіл жайды айта алман,
түр жүректі үрей қысып.
Автандил ер еңіреуде жасын төгіп, зафран құсып.
Патша! Еркінде жай түсірсең мен бейбаққа болған пысық!»
- 745 Уәзір сөзін естіп патша қабақтары қатуланды,
Күндей жүзі сұрғылт тартып, екі көзі оттай жанды:
«Ой, есалаң! Қалай батып мынау сөзге аузың барды?
Сұмдық хабар жеткізгенің — жоғалтқаның ұят-арды!
- 746 Автандилдің бұл тілегі — зілді барлық ауыр сыннан!
Мұндай соққы күтпес те едім құламалы тау суынан!




Залым, жағың қарысса еді, тоқталып қап қан суыған,
 Уәзір емес, өгізсің сен өлер індет-аусылынан.

- 747 О, лағнат! Ағзамыңа қалай сенің аузың барды
 Айту үшін алдыма кеп масқаралы мылжыңдарды?
 Бұл сұмдықты естігенше, жөн аллаға берген жанды!
 Өлтіргенің дұрыс еді жөптегенше есалаңды!
- 748 Елшісі егер Автандилдің болмағанда, мынау істі —
 Тексере кеп, жүрегіңе қадар едім қанжарды ұшты.
 Шық лағнат, берекесіз, беймазалы, жылан түсті!
 Көзің жоғалт! Бұл сұмдықты естімесін жердің үсті!»
- 749 Қаһарланып уәзірге ағзам жіберді бір орындықты,
 Тиді орындық, сынды орындық,
 айтты патша бар шындықты:
 «Пейіште өскен сұңғақ Шынар қалай бүйтіп желмен ықты?»
 Өксіп уәзір жасын төгіп, ұялды да төмен бұқты.
- 750 Елшіліктің сәті түспей қайтты уәзір үрейленіп,
 Сағы сынған қу түлкідей, кетті шығып, мың ойға еніп.
 Ағат қылық адасқанды көрге итерер, үдей келіп,
 Өзіңді өзің жараласаң — жазылмассың, үрейге еніп.
- 751 Өкінді өкіл: «Тым масқара қателестім, жаңылдым мен,
 Араласып жөңсіз іске, кірлі ұятқа малындым мен.
 Бұл сұмдықты істер ме еді өзі өзінің өлін білген,
 Енді ағзамға абыройсыз азғын болып танылдым мен».
- 752 Ростеннен шыға қашты — түнек басты, сөнгендей күн,
 Автандилге жетті де айтты: «Бір сұмдық түс көргендеймін.
 Сұрағыңды орындадым, бірақ қор боп өлгендеймін,
 Айырылдым абыройдан — тірі көрге көмгендеймін!»
- 753 Тағы уәзір, жылай сөйлеп, айтты досы Автандилге,—
 Қалшылдады тал шыңдағы, ұқсап бұлтқа, батқан күнге:
 «Сылдыр сөзбен құлды да алдап,
 ала алмассың жаттан жүлде,
 Пара өткізер қыл көпірден жаның азап тартқан күнде.
- 754 Қуып мені патша үйінен түрлі сөзбен лағаттады,
 Сөкті қорлап, амал қанша, шерлі жаным жанаттағы.
 Таппас шифа дертіме ешкім алған осы сағаттағы,
 Өлмей әрең тірі қалдым! Тәңрім жар боп бағаттағы.

- 755 Сөзсемдағы патша ашуын өзiмдi-өзiм еттiм құрбан,
Iстеп саған адал қызмет, құладым кеп торға құрған.
Бар ма пенде сұм жазмыштан құтылам деп мойнын бұрған!
Жолыңда өлсем — қуанар ем, нұр алғандай жауған нұрдан!
- 756 Айтты Автандил: «Өмiр заңы:
«Досқа жәрдем бер!» — демей ме,
Солса роза, бұлбұл құстың жүрегiн шер кернемей ме?
Сондықтан да ол шық-су iздеп қанат қағып өрлемей ме,
Өмiр үшiн күресе алса, жанын шаттық тербемей ме!
- 757 Абзал достан бұрсам беттi түнде ұйқы да көре алмаспын,
Аңға айналып, болып надан, ұлына адам ере алмаспын.
Сардар боп та, түсiп отқа, елiме олжа бере алмаспын,—
Дос ол жақта, мен бұл жақта бақыт гүлiн тере алмаспын.
- 758 Ростенге жазамын хат, мейлi өкiрсiн, күңiренсiн,
Зар қаққанның бiлiп жайын, iзгi адамның түрiне енсiн!
Түсiнбесе — кетем қашып, шер шәрбатын сiмiрерсiң,
Оралмасам,— бай мұрамды өзiне бiр сiңiрер сұм!»
- 759 Бiттi кеңес. Келiп уәзiр ай дидарлы жарқынына
Тартты сыйлық: iнжу, маржан, меруертiн де, алтынын да.
Содан аздап iштi шарап, күлiп бiраз шарқ ұруға,
Сәске алдында кеттi аттанып, қалды шөгiп арты мұңға.
- 760 Хат қалдырды уәзiрiне: «Таңғаламын тiптi саған!
Жасаған бұл iлтифатың бәрiнен де қымбат маған.
Бiр өзiңе әр уақытта борыштармын ардақты ағам,
Мендiк таза махаббатты махаббатпен кейiн табам!»
- 761 Суреттеуге тiл жетпейдi бұл уәзiрдi даңқы асқан,
Достық сезiм қайнар көзi ағады онда сарқылмастан.
Сүй адамды жасайтұғын мынау таза астында аспан,—
Таны досты сағатында қауiппенен қарсыласқан.





XX хикая

**ЖАСЫРЫНЫП КЕТЕР АЛДЫНДА АВТАНДИЛДІН
ШАЙМЕРДЕНМЕН СӨЙЛЕСУІ**

- 762 Шақырды да Шаймерденді айтты Автандил күн сымбатты:
«Тағы жаным жай тапқандай шешіп жұмбақ-тылсым затты.
Жұбат, бол да жебеушісі, патшамызды — сыншыл қартты!»
Мейлі оқушы алсын ғибрат, тыңдап бұл бір маслихатты.
- 763 «Ростеван сол қалпында — тұр сөзіме құлақ аспай,
Дейді: «Ер болсын —
сарайға арай, бұзық ойға бұра баспай!»
Таризельсіз өмір қаран қалған қурап қу ағаштай!
Қайтам ерге! Қасына алған асыл арман жүр адаспай!
- 764 Қиын күнде адал досқа ақ ниетің өзгермесін,
Ант бұзғанды жақтамас хақ, жібекті іздеп бөз көрген соң:
Мауқым басып қуанармын жан досымды көз көрген соң,
Кешікпестен қайтқан дұрыс, қайтамын деп сөз берген соң,
- 765 Біл жолдарын шын достықтың бағала да достың парқын:
Біріншісі — бір бол доспен, айт та оған сырды сарқып,
Екіншісі — деулетті шаш, қуант оны сыйлық тартып,
Үшіншісі — тірегі бол, кетсе егер де қайғысы артып.

- 766 Ол шын менің ұстазымдай мені сара жолға салды,
Жетті кезек, бақыт іздеп, бұзам енді тас қамалды.
Досты ұмытсам, аямас хақ бұрыс жолға бастағанды,
Жауыздыққа дүние толы, тылсым буған бар адамды!...
- 767 Пайда бермес бос әңгіме, бітірейік бұл кеңесті.
Қашу — жалғыз табылған жол, қапас маған жердің үсті.
О, жан достым, назарың бөл, мынау азап күйдірді ішті.
Өксіп айтқан өсиетімді көркейте гөр іспен күшті!
- 768 Қоршап ұлы өмірлерді, ұқсап берік тас қамалға,
Ерлік пенен ізгілікте өзімдей бол бас та алға,
Қолбасшы бол, күзет үйді — еңреген ер жасқанар ма!
Қал өзімдік жүрегіңмен, үлгі бол да басқаларға!
- 769 Білем, рас, жауды жайпап, соққы өлтіре бере аларсың,
Жатқа — қатал, досқа — жомарт болып өзіме ере аларсың,
Қалсам тірі — аялармын, құшағыма ене аларсың,
Қожаңа еткен қызметіңнің жемісін де көре аларсың!
- 770 Еңреді екі көзін басып тұман Шаймерден де,
Айтты: «Күндей жана түсем, көктен түскен жай көргенде
Түнеремін жүрегіме қара бұлттай қайғы енгенде,
Ал өзіңмен алыс жолға ісіңе ісім сай келгенде!
- 771 Жат жерлерде жалғыз жортып, келді өзіңнің жапа шеккің,
Қожам көрсе жол азабын, мен үйде қап не істемекпін?!
Құрсын өмір! Сенен қалсам — салпаң құлақ көк есекпін!»
Айтты Автандил: «Кезем жалғыз, нәресте емес, ересекпін!
- 772 Артса маған махаббатың, баға жетпес арда адамым,
Жалбарынба! Жалғыз сарнап сар далада сандаламын.
Кетем! Жетем, жел — серігім, толы үрейге әр қадамым,
Мал-мүлкімді, қазынамды бір өзіңе арнағамын.
- 773 Сандалуға төзе де алар шын берілген сүйгеніне,
Пірөдардай жапа шегіп, дүние отына күйгенінде.
Қатал тағдыр ғашықтарға өмір заңын үйренуге —
Береді азап. Сен де ойлан, болмайды бос күйреуіңе!
- 774 Қажырлықпен, сабырлықпен күт өзімді сақтап есте,
Жау жоламас алған жанға жалғыздықты өзі үлеске?!



Қаңғырғанда тағдырдан да тайсалмас ер желдей ескен,
Арбаулықты жеңе алмаған, жарай да алмас жәй күреске.

- 775 Дос ісі үшін өлген адам өзіне әлем даңқын жияр,
Құны қандай бұл ғаламның? Қалған солып құрғақ қияр!
Орындаймын Күн тілегін, бар күдікті көкке ұшырып,
Тастап елді, сарайды да, ем іздеймін жасым тияр.
- 776 Ұлы әміршім Ростенге тапсыр мынау жазған хатты,
Мейлі өзіңді орда адамы етсін, беріп махаббатты.
Қайта алмасам, Ібліс сұмға тарт оғыңды көздеп қатты,
Аза сал да, тіршілік ет, баста өмірді салтанатты!»





XXI хикая

**АВТАНДИЛДІҢ ЖАСЫРЫНЫП КЕТЕР АЛДЫНДА РОСТЕВАН
ПАТШАҒА ЖАЗЫП ҚАЛДЫРҒАН ӨСИЕТІ**

- 777 Алдиярға хат жіберді ол қарғап қатал бұл жазмышты:
«Патшам, кетем жасырынып, әміріңді бұзып күшті;
Досты таппай, елге қайтпай, болса түсім зафран түсті,
Бер, қол жайып ақ батаңды, жой жолда ауыр күйінішті.
- 778 Ісімді осы қостасаң да, тоспасаң да жанар жаның,
Досқа өзін құрбан қылу қасиеті дана адамның.
Нақыл сөзін Платонның айтам, тыңда, ағзамым:
«Екі жүзді жалғаншы адам тәнін түгіл, сатар жанын».
- 779 Жүрегіңе арсыздық кеп ұяласа, бақыт қашар,
Жаһангез ер — пірім менің! Онсыз мені қайғы басар.
Парасатты өр сенімнен ой өзені сел боп тасар,
Жер тылсымын ұққан дана кең әлемге сәуле шашар.
- 780 Үйретеді ғашықтыққа пайғамбарлар бар әулетін,
Жүрекке әкеп құю парыз сахабалар өсиетін.
Дейді олар: «Тек махаббат көкке адамды жеткізетін!»
Түсінбесе оны әмірлер, надан ба оны түсінетін?!



- 781 Қыр көрсетсін жауына деп маған төңрім қайрат берді,
Жаппар ием жар болмаса бұлт кеп басар қайратты ерді,
Жалғыз төңрім апарушы дұзаққа да, жаннатқа ерді —
Құдіретімен жасайды ол бірден — жүзді, жүзден — бірді.
- 782 Дүниедегі ғаламаттың барлығы да төңрім ісі,
Күн болмаса, раушан солып, қызғалдақтың кетер түсі.
Адам жанын шарықтату сұлулықтың бір белгісі,
Безем, кезем! Жапан түзге шақырады достық күші!
- 783 Өміріңе шықтым қарсы, кінәлама, ұрсып сөкпе!
Достық торы тұтқынға алды. Жасың төгіп, ойға шөкпе.
Іздеп оның ғашық жарын табармын да шифа көпке.
Қайсарлығым болар қалқан тоқтап жүрек, солғанша өкпе.
- 784 Пайда бар ма нәтижесіз қамығудан, қайғырудан?!
Тағдыр — қатал! Сорласа адам, сәуле де алмас ай нұрынан.
Төзер барлық қиындыққа қажырлы ер жайды ұғынған.
Жазмыш сызған жолмен жүру өмір заңы байырғыдан.
- 785 Мен дайынмын көтеруге, артса азабын анау аспан;
Достық — лаулап жанған бір от,
жоғары өрлей жалын шашқан!
Арманым жоқ, қайтып елді көрсем жаумен қарсыласқан.
Жәрдем берсем дос ағама, болар ем ер Арсыға асқан!
- 786 Кемеңгерім, ісім дұрыс болмаса егер — жазалаңыз,
Қалайша бір ізгі іс үшін сый орнына, жаза аламыз?
Ол дүниеде кездескенде кешпес досым бұл қылмысты,
Дос сенімін сөндіруден атанам тек таза жауыз.
- 787 Өмірің зырлап, өтер сайрап, жер перзентін сыйлай білсең,
Сатқын, надан, жауыз жанға қарғыс оқып, көзге ілінсең.
Сеніменен санаспауым — кешпес күнә, кемеңгерсің!
Ер де емеспін, қанды егестің кезінде өзім үрейленсем!
- 788 Ер ме ол, егер қорқып, сасып, қан майданда артқа қашса,
Жын боп кірген жүрегіне — үрейіне қойнын ашса?
Қорқақ-кемпір өле-өлгенше жіп иіріп жанталасқан,
Байлықтан да ерлік артық, даңқпен жерге сәуле шашса!
- 789 Тар соқпақпен қияға өрлеп өмірді де өлім жеңер!
Жеңердағы әлді менен әлсізді өлім бірдей теңер.

Қарт та, ер де елге әйгілі ол дүниеде бір кездесер,
Даңқпен өлген ардақталар, мазақ болған азап шегер.

- 790 Ескертемін, алдиярым, жасырып та қала алмаймын,
Өмір заңы — алдында адам тажал ажал жалаңдайды,
Өмір таңын түнек басса, бар ма одан жаман қайғы?
Кешіксем сәл ойлаңыздар: «Өлді, елге енді оралмайды!»
- 791 Ауыр жолда тағдыр егер құлатса үстен таудың тасын,
Қалармын мен жапан түзде — ешкім жоқтап төкпес жасын.
Болмас онда топырақ себер дос, туыс пен қарындасым,
Бір ғана өзің қылмысымды кешір сонда, отағасым!
- 792 Шетсіз-шексіз, ұшан-теңіз анау байлық қазналарым!..
Тарат бәрін кемтарларға, азат ет те құлдың бәрін,
Жебеп сорлы жетімдерді, жарылқа елдің жарлыларын,—
Есіне алып есіркесін, ұмытсын да қайғы-зарын.
- 793 Дұға қылып, бата оқысын, жасын төгіп жалбарынып,
Қалсын сақтап жаһаннамның жалынынан жанған ырғып.
Тапсын тәнім сәл бір сая көр қойнына салған үңгіп,
Жаным шалқып,
жүрсін қалқып пейіште атқан таңда мүлгіп.
- 794 Мейлі тәңрім түннің қалың бұлтын қуып, сәуле шашсын,
Арнап маған зәмзәм құйған шөлмегінің аузын ашсын.
Қапастықтан шығып жаным, нұрлы әлемге қадам бассын,
Көкке көлбеп, тазалықтың дүниесіне аралассын.
- 795 Түрлі-қилы жабдық үшін аздап ақша қорда қалсын,
Жаңа көпір және кейбір үйсіздерге үйлер салсын.
Біразына оқытыңдар өлген ердің жаназасын..
Тіл алмаған тентегіңнің тый, тақсырым, көзден жасын!
- 796 Жалбарынып алда тағы тыныштығыңды бұза алмасын,
Сырым—жырым: қара қылды қақ жаратын жүзі алмастың.
Жын жайлаған жауыздықпен бір қайықта жүзе алмасын,—
Дәрменсізге жәрдемші бол, сізге менен бұл алғашқы үн!
- 797 Тыңда, патшам: елден асқан қызметкерім Шаймерден де —
Қайғы жұтқан! Мұңына оның ешбір қайғы сай келген бе?
Адал сарай қызметкерін қорғал дұрыс жәрдем бер де,
Қамқоры боп тоқтат жасын шерлі ердің әр жерлерде.



0419369410
03-0001033

798 Сізге арнаған сәлемімді жазып болып, күдерге еніп,
Шалғайлаймын, алға айдаймын Ақбоз атты, жігерленіп.
Ұмыт, патшам! Әйтпегенде ой бұлты жабар үдей беріп,
Жау басынбас! Басынса егер, төнер де — өлер, үрейленіп!»

799 Шаймерденге берді Автандил оралулы өсиет-хат,
Айтты: «Тапсыр алдиярға, тап та тосып дұрыс сағат,
Шын ақиқи берілгендік жалғыз сенде, — емес ағат!» —
Деп еңреді қанды жасын төгіп көзден таппай тағат.





XXII хикая

**ЖАСЫРЫНЫП КЕТЕР АЛДЫНДА АВТАНДИЛДІҢ, НАМАЗ
ОҚЫП ЖАЛБАРЫНУЫ**

- 800 Дайындалып жолға батыр, тағдырын да қарғап жатты.
Түн түнегін серпе түріп Аравияда таң да атты.
Ауыр азап көрген адам көкке берер шын ләззәтті,
Мешітке кеп жалбарынды ер Автандил, сұрап сәтті.
- 801 Жалбарынды ол: «Жасаушы ием шексіз әлем кеңістігін,
Сен — құдіретті қожасысың ізгі де ылас жер үстінің.
Жарылқай көр, жебе де оның түстігі мен терістігін,
Ұлы әміршім, ой кілтпісі — алдында әлем тегіс бүгін!
- 802 Акбар аллам, жаппар ием, меңгеруші көк пен жерді,
Сенің сызған заңыңменен талай ғашық төккен шерді.
Айырды әлем күндей қыздан мені, еңіреп өпкен жерді,
Сөндірмексің бе рас жанған үмітімді көптен бергі?
- 803 Жаппар им, рахметі мол! Сүйенетін сен тірегім!
Жебе өзің құлыңды адал, құламасын байтерегің.
Оттан, судан, жыннан, мұңнан сақтамасаң, қайтер едім,
Шалып құрбан жалбарынам, сыйынам да айтамын мұң».




804 Қақпа алдында ол қоштасты да Шаймерденмен қайғыланған.

Ұшты оқтай жүйрігімен, жүрегімен оттай жанған.
Ал Шаймерден жыртты бетін, ақты ыстық қан тасты қарған,
Үй қожасы кетсе, құлды кім уатар естен танған?

805 Еңреді ер: «Жарық Күнім! Үйіңді бұл түнек басты.
Бірге өзіңмен таңды әкеттің: күн батты да жарық қашты.
Көк жебеге көздеп атқан дәлдеп тура қойып басты,
Айырыламын шаттығымнан, көзден толқын төгіп жасты!»





XXIII хикая

**РОСТЕВАН ПАТШАНЫҢ АВТАНДИЛДІҢ ЖАСЫРЫН ҚАШЫП
КЕТКЕНДІГІ ТУРАЛЫ БІЛУІ**

- 806 Енді арнаймын хикаямды Автандилге сапар шеккен.
Ростен де жұрттан безіп, азалы ауыр ойға шөккен;
Ұлықтарды үрей қылды патша түрі қаһар төккен,
Шақырған соң, уәзірі де келді шошып, қалш-қалш еткен.
- 807 Қорқып, құлдай құлап мүлдем,
тұрды алдында уәзір тахтың,
Айтты патша: «Арадағы көпірді сен отқа жақтың!
Кеше өзіңе ызаланып, нәлет оқып, қарғыс аттым,
Білем, бірақ жүрегің пәк, босқа айыптап, кінә тақтым.
- 808 Кешегі айтқан сөздеріңді баста қайта жасқанбастан,
«Кек — тамыры сұмдық істің» — дер дана ойы аспанға асқан.
Не істесең де, ойлан, толған, сәл жеңіске мастанбастан.
Автандилдің уақиғасын айт түгелдей саспай бастан!»
- 809 Бірақ, еске ап уәзірдің ол кешегі айтқан кейбір сөзін,
Деді: «Дұрыс болдым қарсы, ағаттыққа етпей төзім!
Саған аян — кернесе ашу, ұмытамын өзімді-өзім?
Бітті! Қайтып сөз бастасаң, көрмес сені мәңгі көзім!..»



- 810 Шерге шомған уәзірге айтты ол Автандилдің қашқандығын,
Халайықтың үстін қалың қара қайғы басқандығын,
Деді уәзір: «Еске түсті кеше үрей боп сасқандығым,
Ағызамға барман, үстен құласа да аспан бүгін!»
- 811 Жұмсап патша хабаршыны, Автандилдің қашқан жайын
Білмек болды. Келмеді ешкім, күтіп патша нажағайын.
Сезіп патша сұмдық істі, халыққа айтты шегіп уайым:
«Сұмдық! Бізді тастапты ер, жүзді жеңсе, мыңға дайын!»
- 812 Күрсінді де, күйінді де салбыратты патша басын,
Құлды құды: «Келсін уәзір айтсын бәрін, жасырмасын.
Келсін малғұн құбылмалы, қорықпай құлық асырған
соң!» —
Жетті уәзір үрейлене әміршіден, ашынған соң.
- 813 Жақындады ол зәресі ұшып. Патша, бірақ, алмай сәлем,
Сұрады одан: «Жоқ па рас Күн?
Бұлтқа батқан айдай әлем!»
Ростенге айтты уәзір: «Кетті спасспет салып әлек,
Күн жоқ енді, дүние — түнек, кешу сұрап айтпан дәлел!»
- 814 Ростеван тырнап бетін, жұлды ағарған сақал-шашын,
Еңреді де үрей қылды хакімдердің қарт пен жасын:
«Қалай қиып тастады екен шәкірт сүйген ғұламасын?
Қай тарапқа бағытталдың, орным басар жас жолдасым?!
- 815 Қор боп шетте солмауың хақ, жар болса егер ақыл-санаң,
Ордам енді — қайғы ұясы, о, шәкіртім жақын маған!
Қаран қалдым! Бар ма біреу айтатын сөз нақыл саған?
Зарықтырсаң бұрылмастан, шаттық болмас жақындаған.
- 816 Қайтып рас өзіңменен жүрмес пе екем аңдарды атып,
Жүргеніңді көрмес пе екем бар қауымды таңырқатып.
Келмес пе екен сол күндерім отыратын ән шырқатып.
Бақ пен тахтың керегі не жоғалған соң Күнім батып.
- 817 Білем, саған қиын жолда қауіп емес жоқтық, аштық,
Оғыңа ұшар аң мен құстар көлдер менен ну ағаштық.
Мүмкін тәңрім жебеп өзі, жеңілдетер жан жарасын,
Бірақ, шегіп көрге кірсем, шегер жаным жалаңаштық!»
- 818 Бекзадалар сарайға енді алдияры кел деген соң,
Уәзірлер де жетті түгел Ростенді көрмеген соң!

Сақал-шашын жұлды бәрі: «Кетті қашып ер!» деген соң,
Айқайласты. «Түнердік біз, жүректі шер кернеген соң!»

- 819 Жұртпен бөліп қайғы-зілін, патша еңреді уанбастан,
Деді өксіп: «Сұмдық, сұмдық! Жоғалды Күн!
Тұманды аспан!
Кінәсіз ек, кетті асыл тек бізбен бірге тұра алмастан!
Ер кеткенін естісе жау қалар қалай қуанбастан!»
- 820 Еңреді ел, егілді бел. Тоқтады жұрт жылады да,
Айтты патша: «Кеткен бар ма серік болып ұланыма?»
Ер Шаймерден сонда келіп Ростеннің тура алдына
Спаспеттің хатын беріп, сыбырлады құлағына.
- 821 Деді ол сонда: «Бұл қағазды бөлмесінде соңғы жатқан
Қалдырыпты, кейін бір құл берді әкеліп, жолды тапқан.
Жолдас, доссыз ер Автандил кетті алысқа салып «аттан!»
Өлтір мені! Басқа жол жоқ мендей жанға қарғыс атқан!»
- 822 Хатты оқысып болғаннан соң патша ағзам шұлғып басын,
Деді: «Біздің бар қосынға қаралы күн жариялансын.
Мейлі жетім, жесірлер де Арсыға арнап оң батасын,
Жасағаннан спаспетке тілек тілеп, төксін жасын!»





0603040
002010333

XXIV хикая

АВТАНДИЛДІҢ ЕКІНШІ РЕТ ТАРИЭЛЬДІ ІЗДЕП КЕТУІ

- 823 Күннен қашып шалғайласа, қою төгер ай шұғласын,
Бірақ аппақ атқан таңның айдан нұры болар басым.
Сол сияқты күн түспесе, жояр көркін бақ розасы,
Ғашығынан айырылған жан жұтады қан, төгіп жасын.
- 824 Хикая етем Автандилдің сандалуын, қайғы зарын.
Жортуылшы ер кезді әлемді, жуып жасы көз жанарын:
«Жолды жарық етсең — тасам, қашсаң — басар қараңғылық!
Ту үстімнен күн боп,
Нұрым!» — деп шақырды ол сүйген жарын.
- 825 Томсарды да, тастай қатып, мұңға батып үнсіз ғашық.
Асау Тигр толқынындай жатты көзден толқын тасып.
Қойды іздеуді, жәбірленді, әуреленді ол азабы асып,
Пайда бар ма бос шабудан боз саңлаққа қамшы басып!
- 826 «Тинатинім! Жарық көрмей қапасқа енер сенен кеткен!
Жүрегіммен қанжарластым, ызғар өпті денемді өктем.
Зарығамын көруді ойлап бір өзіңді елеңдеткен,
Азабы ауыр ғашықтықтың, жасып бұқтым, келем дермен!

- 827 Сенсіз өмір маған — қараң! Дертім — ауыр! Бар ма шара?
Тастар-ақ ем бұл фәниді, жанған Нұрға салам жара.
Болмас үшін қайнар бұлақ ғашығымның қайғысына!
Көтерейін бар азапты, еңірейін де жеке дара!
- 828 Уә, Жарық Күн, дүние көркі, алтын отпен торқаланған.
Сен төксең нұр әлемге бір жұлдыздарың ортаға алған,
Сенің сызған жолдарыңмен планеттер жортады алдан!
Қуанышты кездесеем деп сүйгеніммен қорытам алдан!
- 829 «Күн — алланың жанған жүзі», — айтуынша даналардың,
Доспен мені қосақтаған достық шынжыр! Жарадармын.
Жақұтты іздеп, солсам күз кеп, інжу тасқа саналармын!..
Шегем азап қызды көрсем, айрылыссам — жамалар мұң».
- 830 Май шамдай-ақ еріп, жанып, тоқтата алмай жасын төкті,
Досты әлемнен іздеп таппай, оған қасірет бұлты шөкті.
Көріп алтын жұлдыздарды жарқыраған жауып көкті,
Ұқсатты да әрқайсысын ғашығына кеңес шертті.
- 831 Түнгі айға да ол бір тіл қатты: «Түс төменге құдай үшін!
Көкте жүзіп көрсетесің ғашық дертін, қиял күшін.
Қауіп пенен үрейді өзің емеспісің азайтушым,
Көрсет маған ғашығымның жарқын жүзін, айдай түсін!»
- 832 Тұрды ол қарап ұясына алтын арай күннің батқан,
Өзегі өрт боп жатты өзен жағасында толқын атқан.
Қабылдады көздің қанын күліп өзен сылдыр қаққан,
Түсті ауыр ұзақ жолға, күтіп алып таңды атқан.
- 833 Көрдідағы ер Автандил алабында таудың биік
Қашқан аңды, тартты садақ, құлап жерде жатты киік.
Тағамданып, ойлады ол: «Жарымасын үлес тиіп,
Роза түгіл көк гүл де жоқ, ұлғайды арман, тарттым күйік!»
- 834 Автандилдің жол азабын суреттеуге тіл де жетпес,
Іздеді ол сүйген досын болу үшін бір күн беттес:
Тырнап бетін раушан гүлдей жуды жүзін қанмен кетпес...
Көрді үңгірді, атты бұрды, бардай онда адам ниеттес.
- 835 Ол үңгірден еңреп жылап шықты қарсы Асмаат ерге,
Төгіп мөлдір шаттық жасын көздерінен батқан шерге.




ҚАЗАҚСТАН
ЖАЛҒЫЗ ЖҮРІП

Жортуылшы құшты қызды туысындай әсерлене: Жалғыз жүріп жабыққан жан жеткендей боп туған жерге!

- 836 Айтты қызға сонда Автандил: «Қайда менің дос-туысым?»
Қыз жас төкті екі көзден, созып көкке босқа уысын:
«Сен кеткен соң кешікпей ол тастады тау қос-қуысын.
Күттім хабар — тиіп қанжар жүрегімнің осты у ішін!»
- 837 Өткір найза қадалғандай жас жаһангез ыршып түсті:
«Адам жанын білу, Асма, — деді ол, — ғажап тылсым күшті!
Сертті ұмытты ер жүрсектағы басып дәйім қыл-сым үстін.
Ант бұзбайтын ардақ қана жөнге салар қырсықты істі!
- 838 Егер оны көре алмасам, өмірімді өксу қажамай ма?
Ұмытты да ер жан жолдасын, жоғалды ұқсап азалы айға.
Қайда ол кетті бұзып сертті, шөлкесті аллам жазалай ма?
Амал қанша, қойдым басты үстен төнген нажағайға!»
- 839 Айтты оған қыз: «Жөні де бар, өкпелеуің ақиқатты,
Айтам, бірақ шындық заңын, берсең маған бұл сағатты:
Жалғыз ғана жанған жүрек ұстай алар серт пен антты, —
Тариэльдің жүрегі — тас, енді оған өлім тәтті.
- 840 Жүрек, рух, ақыл, сана — келтіре алар ойдың көркін,
Сана менен рух өлер көтере алмай жүрек дертін.
Қажып, халі кеткен жанды аяу да жөн емін-еркін!
Ұмытпаңыз Тариэльді, ұмытса да ол берген сертін!
- 841 Кешеулеттің, кетті ол кезіп, жан ағаңа тақпа айып,
Оның шерін түгел бастан айта да алман таңғажайып.
Азаптарын суреттеуге сөз таба алман мен бір лайық,
Өзім дағы сол азаптан бола жаздап жүрмін ғайып.
- 842 Білген жанға жара бар ма Тариэльдің жарасындай?
Баласы Адам көрген емес азапты ауыр дәл осындай».
Оның жасы тулап аққан бейне Тигр арнасындай,
Жөңкілуде бұйраланып — аласұрып жарға сыймай.
- 843 «Сол қайғылы қоштасатын сағатта мен жасым төктім:
«Қайтып келсе ер Автандил сені сұрап, не демекпін?»
Берді ол жауап: «Кетпен көрмей жан досымды Күнкелбетті,
Тастай да алман, тіпті, шалғай ордасын бұл қасіреттің.



- 844 Досты сату маған күнә, досты мәңгі ұмытпаспын.
Күтем оны, сел болғанша толқындары аққан жастың.
Өлсем, тоспай — еңіресін, күңіретіп аспан астын.
Сау қалуым екі талай, мүмкін тіпті қала алмаспын».
- 845 Мен жалғызбын. Соққы да жоқ бұдан күшті және үрейлі!
Не істеу керек? Бұлтты көзде жас толқыны дірілдейді.
Қатал жазмыш аямастан сый үстіне сыйын берді.
Ғажап! Менің көз жастарым көзіне ажал ілінбейді.
- 846 Қытайда бар бір нақыл сөз таулардағы тасқа жазған:
«Достан безген — өзіне өзі дұшпан болар ақылы азған!»
Роза жүзі жан досыңның зафран тартып, тіпті тозған,
Кезгіншіге жәрдемші бол, сақтап қапас ордан қазған!»
- 847 Айтты Автандил: «Досым үшін қызмет ету менің жолым,
Қалай тұрам, амалсыздан байланбаса екі қолым.
Дүние кезіп, досты таппай кетсем босқа, — маған өлім,
Іздер марал шөлдегенде көлеңке мен судың молын!
- 848 Инжу жүзді патша қыздың сипаты артық гәуһар тастан,—
Жүрегіне махаббаттық қоспай жүрек, кеттім тастап.
Келісе алмай Ростенмен, Орда ісіне араласпай,
Жасырынып қаштым елден, досты өлкеме айырбастап.
- 849 Қожам менің жарық жұлдыз емес пе еді астында аспан,
Бір алланың сүйген құлы — кеттім соны тыңдамастан.
Болған жоқ сөт әлі, тіпті, көк құшағын маған ашқан,
Кезіп енді кең ғаламды сандаламын бір тынбастан.
- 850 Берем жәрдем дос ағама, еле-өлгенше бұзбан сертті,
Ұйқы-күлкі көрмей шауып, ұлғайттым да қайғы дертті!
Қайда ол батыр елден безіп жас жаныма жаққан өртті,
Іздеп оны кең ғаламнан дымым құрып, шаршап біттім.
- 851 О Асматым! Кезсем тағы бұл ғаламды жанып жаным!
Өткен іске өкінбеймін, даналықтың еске ап заңын.
Таба алмасам Тариэльді — көрмеуім хақ өмір таңын,
Ал содан соң алла алдында не деп берем мен жауабын!».
- 852 Жатқан сұлап кең далаға бұрды батыр аттың басын,
Бір өзеннен жүзіп өтіп, кетті жанап тау жартасын.



XXV хикая

АРЫСТАН МЕН ЖОЛБАРЫСТЫ ӨЛТІРІП ОТЫРҒАН ЖЕРІНДЕ
ТАРИЭЛЬДІ АВТАНДИЛДІҢ ТАУЫП АЛУЫ

- 858 Мұнды Автандил жолға түсті зарығумен жанып, талып.
Биік таудың көлеңкесі жатты жалпақ алапты алып.
Ер көрді де иесіз бос жүрген оттап қара атты анық,
«Тариэльдің табылды өзі!» — деп қуанды айғай салып.
- 859 Ескі шерді ұмытты ер, жүрегі де ойнақтады,
Шығып жаны жаһаннамнан торқалы үлкен тойға аттады.
Құлпырды ердің ерні раушан кішкене аузы оймақтай боп,
Ұшты Автандил, бейне құйын, достың жайын ойлап тағы.
- 860 Қалың қопа ортасында ер Тариэль отыр ғажап,
Солған жүзін қайғы басқан! Көрдi екен қандай азап!
Жағасы оның жыртылыпты, боялған бет қанға аздап, —
Бейне көрдегі аруақтай етіпті оны тағдыр мазақ?
- 861 Жанында өлген бір арыстан жатыр, қанжар қанға батқан,
Көрдi Автандил жолбарысты ар жағында сұлап жатқан.
Көздің қара орманынан ағып бұлақ толқын атқан,
От жүрегі Тариэльдің сөніп енді мұз боп қатқан.



- 862 Сөніп ердің ой-санасы, көрмей көзі күн шапағын,
Сезгендей ол жайғандығын сұмпайы ажал сұм құшағын
Ал, Автандил сұрағына көріп жауап алмағанын.
Аттан ілез қарғып түсіп, құшты аймалап қаһарманын.
- 863 Еңіреген ерді құшып жасын сүртіп, жалбарынды,
Жақын келіп, ыңырсған ер үніне жалғады үнді:
«Көрдің бе, ерім, келіп тұрмын, тоқтатқам жоқ сандалуды!»
Бірақ Таризель тіл қатпады — құрып сүлде, жан қалулы!
- 864 Сүреттейін — кезгіншіміз, жұмып қатты еріндерін.
Жасын төкті, жанған күндей көз жанары көрінбеді.
Есін жиып спаспетті құшты, ерні дірілдеді,
Көркі әлемдік қос жаһангез, сәл жымыып күлімдеді.
- 865 Айтты Таризель: «Мың рахмет, келдің тура бұзбай сертті,
Көрдің бе бұл тас шамыңды жанған білте май ғып ертті.
Қалдыр мені! Енді алдыңда өксімеспін көп еңреп те!
Көм жақсылап аңнан аулақ, өлем — өлім күйін шертті!»
- 866 Айтты Автандил: «Нысанаға жету керек қажырлықпен,
Махаббат пен сын ұрығын бізге тәңірім қазір де еккен.
Біз пендеміз қатал тағдыр алдына кеп тағзым еткен, —
Өзіңе өзің қол көтерсең мәз боп Ібліс күлер көктен!
- 867 Қиындықтың жеңу жолын данышпандық үйретеді:
Ер еңремес, салса ол егес, жар тасты да күйретеді.
Кейде қасірет бақытсызды шар тарапқа сүйретеді,
Албырт адам көк жебеге өзін оңай түйретеді.
- 868 Даналықтың жолы даңғыл, көздер тура болашағын:
Шөлді кезіп су іздеген көл орнына — табар сағым.
Бұл дүниеден жиіркенгенмен көре алар ма жарық жаның?
Не таппақшы, ем іздеген жазылуына жоқ жараның?
- 869 Кім бар ғашық болмаған бір? Кім бар жаны лауламаған?
Кім бар достан айрылмаған? Дерт отына кім жанбаған?
Ешбір пенде заңнан аттап, ашындан — пайда алмаған?
Гүл жұлам деп тікенекке тап боп бәрі ойбайлаған!
- 870 Розаға қойса сұрақ: «Көркің — лағыл кереметті,
Ал, сабағың — тікенекті?» — Роза сонда былай депті:

«Тәттіні тек біле аларсың, татсаң дәмін ащы өттің,
Қыз жалпыға бірдей болса, ешкім де оған бұрмас бетті».

- 871 Бұл пікірі тіпті сонау өмірі қысқа розаның,
Мехнатсыз рахат көрген көрдің бе әлде жердің жанын?
Жақсылық пен жаманшылық — мәңгі жолдас, білсең мәнін.
Опасыз деп бұл фәниді сөгудің бос таппан сәнін!
- 872 Тыңда уағыз! Атқа қон да шық сапарға өзімменен!
Санаң — сөніп, ойларыңды бұлт боп басқан сезім деген.
Тілегіңе қарсы шапсаң кең ғаламды кезуменен,
Орындалар ұлы арманың! Айға асарсың төзуменен!»
- 873 Берді жауап Таризель де: «Тіл күрмелді, біткен күшім,
Ой таусылып, санам сөнген, кінә қойма — өзің түсін!
Азапқа да шыдай алмас сөге алмаған сұм жазмышын,
Көрім таяу. Ұйықтау мәңгі — ойым мен бұл көрген түсім.
- 874 Өлім күтіп, жасағанға жалбарынам, иемін бас!
Кездестір деп сүйгеніммен ол дүниеде, төгемін жас.
Көптен күткен бұл тілегім. Кім айтар, деп: «Орындалмас!»
Ұмытпа, дос, сол бір сәтте қабырыма топырақ шаш!
- 875 Болдым енді ғарыштағы ғашығымды көруге асық,
Па! Пейіште жүрген қандай сүйгеніңмен құшақтасып!
Жыласа ол — бірге жылап, күлсе — күлсем қойнымды ашып,
Жүзді тыңдап, сезімінің соңына ерген болмас пасық!
- 876 Жер азабы ауыр маған. Шындықты айтам шаршап, жасқан,
Саналулы сағаттарым — шақырады қарсы ап аспан.
Өлген тәнім кімге қажет, іздеп жаным жайлы орын,
Ұмтыламын тынышты таза-пәк дүниеге сәуле шашқан.
- 877 Айтқан ақыл-кеңесті де жетпес күшім тыңдауға енді,
Өлім келіп жайды құшақ — дәрменсіз жан улауда енді!
Мынау жалған қайда барсам кір деп көрге шулауда енді,
Тәңрім де өзі қабырымды терең қазып қулауда енді.
- 878 Даналық не ол? Мәжнүнге нақыл-кеңес пайда бермес.
Ашынамын, бос уағыз сөз шаттық беріп, жүрек кермес.
Күн шұғласын құша алмаса, раушан өспес жайда дербес,
Тында досым: «Өлім күткен —
уағызды ұқпас, тойға да енбес!»



- 879 Айтты Автандил ағасына, қайсарланып: «Қатқан тасын,
Бұл жалғанды тастағанмен мақсатқа тез жете алмассың!
Әлден, күштен, тіріл қайта, неге өзіңе өзің қассың?»
Көнбеді ер — қан жұтумен өтсе өмірі, қажымас кім?
- 880 Айтты Автандил: «Дос! Байқаймын, көрмейсің сен жасын
көздің,
Мені жаттай сыртқа тепсең, көріспей-ақ шыдап, төздім.
Өлім күтсе — солар раушан арасында бір лездің!
Жалғыз ғана тілегім бар — мағынасын түсін сөздің:
- 881 Түрі — гәуһар, жүзі — раушан сүйгенім бар күнкелбетті,
Іздеп сені сол Күнімді Аравияға тастап кеттім.
Патша әміріне құлақ аспай, сені іздеуге бұрдым бетті.
Егер өлсең, жан досыңды мәңгі еңретіп тентіреттің.
- 882 Тілегім бар, десең егер: достым күлсін шат боп тасып,
О жан аға! Жорытайық жүйріктерге қамшы басып,
Сүйтіп қу да бойымдағы жатқан шерді шерге ұласып,
Тілегіңді қал да, орында, қоштасқан соң, құшақтасып!
- 883 Ал кетейік жұпар шашқан гүлді алаңмен желдей есіп!»
Білді: жүйрік жүрісінен достар көңілі кетер өсіп.
Қарады олар бір-біріне ойға шомып, елжіресіп,
Тұрды ер ұшып, масаттанып, айтты тек бір сөзді кесіп:
- 884 «Әкел атты!» — деп қаһарман Автандилге иек қақты.
Ол әкелді, ырғып батыр, үзеңгіге ілді аяқты.
Тізе қосып, құла түзде екі қыран жұлдызша ақты,
Жанып Тариэль ұқсатты өзі күнге күлген қызғалдақты.
- 885 Автандилдің, күйге бөлеп, сылдыр қақты сұлу сөзі.
Ерні жанған қызыл жақұт, тәтті де еді бал мінезі.
Қартты ұландай ұйытады сұлу сазды оның лебізі,
Тариэльдің болды бұл бір шерді серпе қуған кезі.
- 886 Ер Автандил ағасынан қашқан дертті көрдідағы,
Гәуһар жүзі мың құлпырды роза гүлдей бақшадағы.
Тәуіптей боп жара емдеген, асқақ ойға байып тағы,
Парасатты сөздерменен албырттықты айыптады.
- 887 Қайта туған ер Тариэль тыңдады енді Автандилді:
«Досқа әр қашан айт сырыңды жүрегіңде жатқан зілді.


Билегінде қиялыңды торлаған қыз білезігі,
Соны, асылым, бағаласаң — табуың хақ батқан Күнді».

- 888 Айтты Тариэль: «Қызды көкке көтеруге тіл жетпейді!
Ол — шаттығым. Бірақ, шетте мені ол шат қып тебрентпейді.
Әлемнің кең қайғысы сең мені осындай еңретпейді!
Құлаққа өсек — қорғасын оқ, ащы жусан — тілді өртейді».
- 889 Деді Автандил: «Сөзің рас! Басқа жауап күткен жоқпын!
Сырды шертем:
жанған өрт ем, енді дерттен біткен шоқпын,—
Сен ұмыттың Асмағ қызды көздерінен меруерт төккен,
Айтсам шындық, бұл — азғындық: сөзім —
найза, өзім-оқпын:
- 890 Қолында бар білезігің көркіменен көзді тартқан,
Бұл сияқты кереметті көрген жанның шаттығы артқан.
Асмағ — асыл қызметкерің, сөгем сені, тілді тартпан,
Ондай адал қарындасты ұмытып сен, шықтың шарттан.
- 891 Күнкелбетпен араңызда ол хабаршы боп сан қуантты,
Болып күндей, күлкі білмей тасыды да талай хатты.
Күннен жарық патша қыздың жандай досын ұмытып сен,
Ізгіні үрдей көзге де ілмей, болмақсың ба парасатты?»
- 892 Берді жауап Тариэль де: «Жараладың ауыр сөзбен,
Рас, Асмағ менімен де, Нестанмен де шерге төзген!
Ашындым көп мәжнүн боп, сөнер енді жалын тез де,
Алда аруды туғанымдай алыстатпан екі көзден».
- 893 Тариэльдің қайтып жүзін жуған да жоқ меруерт жас,—
Жәйнай түсті қаһармандар қуанышпен қосқан соң бас!
Еріндері — алқызыл гүл, тістері оның — аппақ алмас.
Жылы сөзбен арбай білсе, жылан да іннен шықпай қалмас.
- 894 Айтты Автандил: «Жаным фида достым үшін. Түпсіз терең,
Ор да мені тоқтата алмас. Қажырлы бол! Қайғыңды жең!
Пайда да жоқ ғалымдықтан, залымды ұққан болса егер,—
Өлім іздеп түңілгенге бола қоймас ешбір дәрі ем.
- 895 Табарсың ба жанға пайда өзіңді өзің жардан тастап,
Жазмыш әуел жазса нені, сонда апарар сені бастап.
Алгүл солмас үш тәулікте күнді түнге айырбастап,
Тәңрім жазса — даңқтың оған атармыз біз жауға қастап!»



- 896 Тариэль де досына айтты: «Сенің сөзің қымбат маған,
Ғибрат сөзді саналы ұқса, даналықтан қашар надай,
Азабымды азайтуға табылар ма жәрдемші адам?
Сен де, мендей қыз тұтқыны. Назарың сал, мұңым шағам!
- 897 Балауыздың жалын — досы, тисе шамға өршіп, өнер,
Түнге батқан күндей болып суға түссе-ақ лез сөнер.
Шер шеккенге түсінікті қасіреті дерт өбкеннің,
Мен жанам, дос, тас шамдай боп,
жанған сайын жалын сөнер».






XXVI хикая

**ТАРИЭЛЬДІҢ АРЫСТАН МЕН ЖОЛБАРЫСТЫ ӨЛТІРГЕНДІГІ
ТУРАЛЫ**

- 898 «Бастан-аяқ көргенімді баяндайын қалдырмастан,
Назарыңды хикаяма бөлем, деміңді алдырмастан.
Күтіп сенің келуіңді жүрдім шерден айрылмастан,
Қадды үңгір. Қара атты ерттеп міндім ілез шалдырмастан».
- 899 Бір жотаға жақындадым бойлай өтіп ну-жынысты,
Арыетанның алдында мен көрдім жортқан жолбарысты.
Мен де үңілдім, ғашықтардай әуелде олар көзге түсті,
Кейін, бірақ — аймаласпай, бірінен аң бірі ығысты.
- 900 Нәзік қыздай бұратылып арыстанды барыс құшты;
Таңқалдым да қалдым қатып, көрдім сол сәт қызық істі.
Екі айбарлы аң арсылдасты бірін-бірі сілкіп күшті,
Барыс қашты. Ал, арыстан — қуып жетіп салды ұрысты.
- 901 Аймаласты, тағы айқасты, кездескендей топта жиын,
Бірін бірі жықты таршып, ойын я ұрыс — білу қиын.
Сұм әйелдей жөнелгенде жылпос барыс жылжып кейін,
Қуып жетіп жықты арыстан жерге оны, тартып сыйын.

- 902 Айғайладым арыстанға: «Ердің ісін істемедің,
Ғашығыңды қаңсылатып аямастан тістеледің!»
Қанжарды алып айқастым кеп бардай жанған іште кегім,
Шаптым бастан, — өлді арыстан, бітпепті әлі күш дегенің!
- 903 Ал қанжарсыз тұра ұмтылдым барысқа ала алтын киген,
Құшпақ едім ғашығымдай құштарланған қалпымменен,
Қан ыршытты от етімнен тырнақтары салқын тиген,
Жықтым бұрап, алқымынан сықтым қатты қарқынменен.
- 904 Қайта ұмтылды қайсарлана қанға бояп бар денемді,
Өлтірдім де жерге оны ұрып, саябырлап алдым демді...
Сол сәтте мен есіме алдым соңғы ұрысын сүйгенімнің,
Жанды жүрек. Көр, Автандил, көзден аққан енді өзенді.
- 905 Туысымдай айттым сырды, жердегі өмір қандай ауыр?
Кім ем кеше? Енді арқалап азап жүгін — болдым жауыр.
Өлім күтем, жарама ем бере де алмас мынау дәуір...»
Деп еңреді шерлі батыр, елжіреді жүрек, бауыр.





XXVII хикая

**АВТАНДИЛ МЕН ТАРИЭЛЬДИҢ ҮҢГІРГЕ ҚАЙТЫШ КЕЛІШ
АСМАТПЕН КЕЗДЕСУІ**

- 906 Еңіреді ер Автандил жан досына иілді де,
Айтты: «Арысым, Нұрды тапсаң, күндей болар күйің мүлде:
Тәңірім — жар: қатал тағдыр түйілмеді, түйілді не?
Бір күнгідей болмас бәрі, кездесе алсақ биыл Гүлге.
- 907 Ғашықтарды пәле аңдиды, шыдамдық қыл іштей енді,
Кейін келіп шаттық құшар әуелде у ішкен ерді.
Біл, махаббат — ажал тажал, үрей боп та ол түске енеді,
Бірақ түбі — сол махаббат қажығанға күш береді».
- 908 Ерлер қажып келе жатты, бұл жалғанға қарғыс атты,
Тау қойнынан көрді екеуі шыққан қарсы қыз АсMATты.
Туғанындай құшақтады айбынды ерлер перизатты,
Қыз да еңіреп, қуаныштың жасын жерге бұршақтатты.
- 909 Қыз сөйледі: «Тәңірім, өзің бұл дүниеңді гүлдендірген,
Жоқтан бар ғып пендеңді де шапақ шашқан нұрға ендірген.
Ақыл, сана, ойымызға өнер құйып, жыр бердірген.
Енді арман жоқ — қос ағамды құшақтасқан бір көрдім мен».



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ АДАБИЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

- 910 Айтты Тариэль «Мені азаптың айбалтасы жаралады,
Сәт пен бірге жүрер қырсық: езер қайғы дара адамды.
Өмір заңы келеді осылай зырлап ұдай, сараланып,
Сені аяймын. Амалым жоқ — түнек басқан бар алаңды.
- 911 Шөлдеген жан ішер суды кір, тазасын қарамастан!
Кепкен қауға төктім жаңбыр мөлдір жастан аямастан,
Еңреп дайым шегем уайым, жүрегімді жара басқан,
Солды раушан, інжу беттің көркі әлпетсіз сары ағаштан!»
- 912 Автандил де ойға шомды нұрлы күн-қыз еске түсіп:
«Сенсіз қайғым асқар таудай, тұр таяу кеп өлім қысып.
Ғашығынан айрылғанға мынау дүние — жай бір құсық!
Кім біледі, барам қандай жаһаннамға енді ығысып?
- 913 Білер роза солатынын, бұлт кеп басса күннің көзін,
Білер пенде мұңға енерін, құшса түнек түннің өзін.
Асыл тастай қатай, жүрек, қиындыққа етіп төзім,
Тыңдау үшін қалқатайдың дәл қасына жетіп сөзін!»
- 914 Еңіреудегі екі досты езіп тағы қайғы жеңді,
Ішінде аздап шоқ қызарған үңгірге кеп Асмаат енді.
Жолбарыстың терілерін төседі әкеп. Ерлер кіріп,
Отырысып жайланысып, кеңес құрды, алды демді.
- 915 Қақтап етті жанған шоққа баппен Асмаат асықпастан,
Берді әкеліп батырларға сыр шертісіп асып-тасқан.
«Жеңіз!» — деді ол Тариэльге, дәмнен безіп, сасып қашқан,
Түк татпады ол — таң болды қыз, айыптыдай,
жасықты асқан.
- 916 Болса сөзің парасатты, тыңдап досың құлақ асар,
Бір сөзін де қалдырмастан ұғу үшін жанталасар.
Сөнген өрттің түтініне ескі армандар келеді ұқсас,
Еске алсаң азапты өткен, қайғылылар қайта жасар.
- 917 Түнді өткізді тар үңгірде айбынды ерлер арыстандай,
Сыр шерттісті шыңға өрлеген асқақ оймен жарысқандай:
Ескі армандар қайта оралып жас қайғымен табысқандай,
Қайта анттасты қос қаһарман балпаң басқан барыс паңдай.
- 918 Айтты Тариэль: «Тым кең өріс менің сөзім ала да алмас,
Ізгі ісінді төңрім өзі бағаламай қала да алмас.



- 927 Беттен қайтпа, тілегің мен жүрегіңнің біл де жайын,
Дана болсаң даналықпен күт өмірдің нажағайын.
Ісің игі, түсің сұлу, сөйле ағызып тілдің майын.
Халайықты қайран қалдыр: болма жай бір қарапайым.
- 928 Басқа сенен сұрағым жоқ — бір жыл күтсең болды маған,
Тұтқын қызға, ішемін ант, сөзсіз, іздеп жолды табам.
Майда келген гүлмен бірге хабар алып келсем саған.
Қуанарсың, жолаушыдай итін көріп абалаған.
- 929 Егер болмай сапар сәті, өтсе көп жыл мерзімінен,
Адал досың ғайып болып, кетті дей біл жер жүзінен
Айт: «Тағдыр да қуды ерді жерден нәсіп тергізуден».
Кейін зарла я жылжы алға, көтеріліп өрге ізіңмен.
- 930 Етпе айып, сөздерім мен ойларым бар бұлтқа батқан!
Кім біледі, неден өлім — желден, судан, астағы аттан?
Айтамын наз, хайуандай болмаған соң тілсіз қатқан...
Білу қиын сұм тағдырдың оғы қандай көздеп атқан?»
- 931 Таризель де ағытылды: «Ерек емес көптен де мен.
Біл жәйімді — шырайымды, жойып нұрды, шөккем неден?
Талабыңды тасқа ұрмай-ақ қалайын да өкпемменен.
Амал қанша! Іс те бітпес тағдырды бос сөккенменен.
- 932 Біл, тым ауыр жаһангезге жерді шарлау көрмей елді,
Болам ба үйде я далада — маған бөрі көрдей енді.
Тілек — бұйрық! Аттан! Білем — жөнсіз қайсар өрлемейді,
Бірақ өзің сырт айналсаң, мен де енейін көрге мейлі».
- 933 Өстіп сертті бекітті де бітірді ерлер әңгімесін,
Аулап аңды, тартысты олар садақтардан көк жебесін.
Үңгірге тез оралды да күңреністі тағы еңіресіп, —
Таяу қалған айрылысу екеуінің де шығарды есін.
- 934 Оқырмандар, еңіремеңдер көздеріңді тұман басып!
Дос жүректер айрылысса, мұңды ой басар ұрандасып,
Жара ұлғаяр. Ізгілік пен жауыздық та жүр арбасып.
Жаһангезге бөрі де аян. Аттансын ер құралды асып.
- 935 Аттарына отырды ерлер таң әлемге тарағанда,
Көздерінен несер төкті жабысқан соң жара жанға.




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Алгүл беттер жойды түрін батқандай нақ қара қанға,
Арыстандар азғаны — рас: жазмыш ісі — шара бар ма!

- 936 Еңіреп, қарғап сұм жазмышты, тастады ерлер үңгірді де,
Өксіді Асмаат: «Алыстама, Ай! — Үңгіріме түн кірді де, —
Қапастандым. Бұл жалғанда мені төңрім күлдірді ме?
Жоқ! Жылатты — жүрегімді тағдырыма тілдірді де».
- 937 Таныс емес сүрлеулермен қаһармандар кетті жүріп,
Дем алуға жалпақ теңіз жағасына түсті келіп.
Қақпай кірпік, таң атқанша дерт өртіне кетті сүңгіп,
Жерде ерлер еңірегенде, тұрды үстінде көк күңреніп.
- 938 Айтты Автандил: «Бұрынғыдай сорғаламас жасым енді,
Түсінбеймін, неге ұмыттың Фридондай асыл ерді!
Тіпті, ерітіп сапарға ұзақ, алмасам да қасыма ерді,
Білер ем де Шұғла жайын қуанар ем тасып енді».
- 939 Ер Таризель тағы еске алды патшаменен кездескенін,
Айтты үйінде Фридонмен әзілдесіп, сөйлескенін:
«Теңізді өрлей шығысқа тарт, келсе онда із кеспегің,
Кер де ет баян — оған аян болсын Айды іздескенің».
- 940 Аң аулады екі батыр. Бір киікті алды да атып,
Шоққа қақтап еттен сәл бір болар-болмас қойды татып.
Сонсын емен жапырағынан күрке жасап, қалды жатып,
Қарғап көкті опа бермей, қойған азапты арқалатып.
- 941 Айрылысу аян болды! Таң шығы да жылады іштен.
Сөздерінен сең тулады, сел шулады құлап үстен.
Көл-көздерден, бұйраланып, жоңкіле ақты бұлақ үстем.
Құшақтасты екі арыстан жердің шерін сұрап ішкен.
- 942 Сөйтіп ерлер айрылысты көзден көлдей төгіп жасты,
Кетті Таризель батыс жаққа, ер Автандил — шығысқа асты,
Еңірескенде, арттарына қарап ерлер, бұрып басты,
Бұлты қаптап, мұңға енгендей болды жалпақ аспан асты.



0-006940
0000000000



XXVIII хикая

**АВТАНДИЛДІҢ НҰРАДИН-ФРИДОНҒА АТТАНУЫ ЖӘНЕ ОЛ
ЕКЕУІНІҢ МУЛГАЗАНЗАРДА КЕЗДЕСУІ**

- 943 «О, сұм дүние! Қуып доптай, неге әуре еттің бұл пендеңді
Мендей саған сенгендердің бәрін таудай қайғы жеңді!
Жаудай аңдып, қыршынынан жүрсің қиып талай ерді
Тағдыр алған тасаттығын тәңрі ұмытпас, тәңрім кең-ді!»
- 944 Еңіреумен ер Автандил күңіреңтті астын көктің:
«Көздерімнен бұрын бұршақ, енді — бұйра толқын төктім.
Ол дүниеде кездесудей айрылысудың қайғысы өктем,
Ала-құла адам жаны, ойлап соны бұлтқа шектім!»
- 945 Көзден тамған қанды жасқа тойды алабтың аң мен құсы,
Өртенді өзек. Түн-жүреkte байқалмады таң белгісі.
Ойлап батыр сүйген қызын өрши түсті күйініші;
Ашса раушан еріндерін, сәуле шашты меруерт тісі.
- 946 Ашбелі оның тұр бұралып сабағындай қызыл гүлдің,
Түссіз қою тұман басты гәуһар жүзін сол лағылдың.
Қажырланды ер, тойтармақ боп қатерлі өлім шабуылын:
«Безіп Күннен, түнге құмар екенімді енді білдім!»



ӘЛІМДІК
ҚАҒАЗАТ

- 947 Айтты күнге батыр қарап: «Ұқсас саған Шұғылажүздім!
Сәуле шашып Шұғылажүздей, қалқып қана көкте жүздің.
Шапағыңмен шаттанайын көріп бәрін қалған іздің,
Енді бірақ екеуің де нұр төкпейсің — күдер үздім!
- 948 Бұлт басса егер көкте күнді, аласұрып дауыл туар:
Бақыт тастап кетсе, алыстап, бетті жастан жауын жуар.
Дерт пен өрттен үрейленбес шың басына шыққан шынар,
Жас жараға қанжар тисе, жан жабығып, тән қансырар».
- 949 Жалбарынды күнге Автандил сандалумен қажып, талған:
«Жебе, Күнім құдіретті, дертті үдетті мынау жалған.
Мейір төксең, патшаны да жасайсың сен сорлы адамнан,
Түнді қу да, ғашығыма жеткіз мені үйде қалған!
- 950 Зурә жұлдыз, жұлдызысың сен қырсықтың! Күйдір мені!
Тастап түпсіз тұңғыыққа түнек түнге сүйдір мені.
Шер мен мұңның қалың нуын үстіме әкеп үйдір менің,
Айт та аруға азабымды, көз жасымды тыйдыр менің!
- 951 Ал сен, Мұштар, қорғаушысың асқақтық пен ізгілікті!
Жынды жүрек шәлкестенсе, жой, жөнде де, жүз күдікті.
Жаралыға жәрдемдес те, пәрменді істе — төзгілікті,
Сұмды аластап арамыздан, баста өмірге қызғылықты.
- 952 О сен, Марс, семсерді өткір шаныш тәніме аямастан!
Денемді ыстық жусын қанмен аямастан саялы аспан!
Сүйгеніме айт азабымды, көңіліне де қарамастан,
Көр, мінекей — біткен халім, жанымды да жара басқан!
- 953 О Шолпаным — таң жұлдызы! Сүйген қызым жандырды ғой,
Жүзіңде інжу күміс күлкі талайды естен тандырды ғой.
Аялы Айым, ақ дидарың бар әлемге салдырды ой,
Үңілгеннің, түңілдірмей, көз құрышын қандырдың ғой.
- 954 О Отарид — сен жақтаушым! Жаһанкезге көзіңді сал,
Жүректі өртеп шұғыласымен, тұтқын етті мені Өрімтал.
Азабымды жаз суреттеп, жасым — сия, қалам — белім, —
Құмырсақдай. Жетем, егер кенет төніп келмесе ажал.
- 955 Жебе, аспанда Ай! Тіпті ежелден сәйкес саған түрім менің:
Серігі едім Күннің жанған, оның мәңгі нұрында едім.




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Тағдыр тартқан азабын айт сүйгеніме — сырым менің,
Ұмытпасын! Есімі оның — аузымдағы жырым менің!

- 956 Жеті жұлдыз аспандағы көрген мені азап шеккен:
Отарид, Муштар, Күн мен Зурә беріп жарық, сәуле сепкен.
Күңіренген күйімді естіп Шолпан мен Ай, Марс көкпен,
Айтсын барып ғашығыма мен сорлыны шерге шөккен!
- 957 Жүрек тоқтап, жауыңменен алысуға жетпей күшің,
Күтсең өлім, қоштағаның қарғыс атқан Ібліс ісін.
Байқа, сені қолаң шашты сұлу алда мерт етпесін,
Шаттық — жеңіл, ауыр мұңға төзе білу жолын түсін!
- 958 Тым келте бұл өмір — жалған, келген кенет азапқа төз,
Күт те Күнмен кездесуді, шер туралы сөйлеме сөз!» —
Деді де ол әнге басты, бұлбұл сазы таусылмай лез,
Сәнді әуенді шырқады әнді, мөлдір жасқа толды екі көз.
- 959 Тау, орманнан шықты аң мен құс тыңдау үшін қайғылы әнді,
Тіпті судан тастар да, ырғып шығып, әнмен ләззәттанды,
Елтіп күйге, мұңды сазға бөледі олар бар ғаламды,
Авандилдің көз жасынан ақты тулап өзен сәнді.





XXIX хикая

АВТАНДИЛДІҢ НҰРАДИН-ФРИДОНҒА КЕЛУІ

- 960 Міне, үшінші ай, теңізді өрлей келеді ер селдей көшкен,
Көріп кенет бір қайықты, толқында ойнап, желдей ескен.
Ер Автандил қойды сұрақ: «Айт, кімдерсіз, кідірместен?
Өлкең не деп аталады? Патшаңыз кім даңқы өскен?»
- 961 Жауап берді: «О, қаһарман! Сен пейіштің алма ағашы,
Бізде сені етер мадақ жыраулардың ғұламасы.
Бұл Фридон патшалығы, мынау Түрік шекарасы,
Тыңда, айтайық,— көр етпесең көзімізді, Күн Шұғыласы.
- 962 Өлкемізді басқарады Фридон патша ерлігі асқан,
Өрге шапқан өжет сардар, сансыз қолы жерді басқан,
Айбынды елін аяласын деп бізге оны берді аспан,
Қилы айқасты қанжарласқан бұл арыстан көрді жастан!»
- Айтты батыр: «Кенет бізді кездестірді хақтағалам,
Патшаңызды көрсетіңіз сәті түскен шақта маған.
Барсам, қарсы алуы хақ айбарлы алтын тахтағы адам».
Қайықшылар келді таяу, бірі қалмай жақтамаған:



- 964 «Мынау соқпақ — Мұлғазарға. Билейді оны даңқы асқан
Ұлы патша, садақ тартып, дұшпанымен қарсыласқан.
Жол — апталық! Біздің патша өртіне өлім қарсы басқан,—
Көрсө ол шат ардагерді даңқы көлбеп Арсыға асқан».
- 965 Айтты Автандил: «Бекер мені мақтайсыздар, туыстарым!
Раушан гүл шешек атпас, құшса қыстың уыс қарын.
Ертеде ерек даңққа өрлеп, майдандарда ту ұстадым,
Патша үйінің болып көркі, сол үйде өзім тыныстадым».
- 966 Қоштасты да, елсіз жолмен алға қарай айдады атты,
Маржан тісті, шынар түсті ер Автандил күн сымбатты.
Шерді ұмытып, алғыс төкті бір аллаға берген сәтті,
Ай жүзіне нәркес көзден қуаныштың толқыны ақты.
- 967 Қаһарманды көргендердің бәрі иіліп тәжім етті;
Жүгірісіп шықты үйлерден кәрілер де әжім бетті.
Ілесе алмай қалғандардың ет жүрегін елжіретті,
Жолдас етті жол білетін жігіттерді ер жүректі.
- 968 Мұлғазардың шетіне кеп бір уақытта жол тірелді,
Салттыларды көрді ол шапқан шуға бөлеп жасыл белді.
Дала болды азан-қазан зырылдауық үрлеп желді,
Көк жебелер жайратты аңды жерге ағызып қаннан селді.
- 969 Автандил де қойды сұрақ біреуіне нояндардың:
«Кімдер қырған қамап аулап бәрін түгел бұл аңдардың?»
Берді жауап: «Бұл патшамыз бұзған талай дуалдарды,
Бүгін де аңда сап жүр ойран жәрдемімен ұландардың».
- 970 Шапты Автандил топ жиылған дөңге қарай алыстағы,
Тіл жетпейді сипаттауға айға шапқан Арыстанды!
Көркіменен асам ба деп күнде онымен жарысқан-ды,
Қыпша белі өрімталдай, мінезге бай, әрі ұстамды.
- 971 Мөлдір аспан теңізінде бір бүркітті көрді халық,
Тартты садақ сонда Автандил көк жебені қолына алып.
Садақ қылы зу еткенде-ақ құс та құлап түсті барып,
Қанжығаға байлады оны, тұрды аналар аң-таң қалып.
- 972 Алда қорған. Сол төбеде Фридонның тұр шатыры,
Патша ағзамды жан-жағынан алған қоршап қырық батыры.

Автандил де аңшылармен аяндады тауға ақырын,
Ал Фридон түсіне алмай, жұртқа қарап тұрды ақыры.

- 973 Патша құлға: «Жөнсіздерді жазаладым бұған дейін?!
Соны ұмытып, аңды тастап, неге аңшылар қайтты кейін?»
Құл ұмтылды Автандилге — көрді пейіш алма ағашын,
Патша әмірін ұмытты да кереметке салды зейін.
- 974 Ер Автандил көрді дағы Фридонның қызметкерін,
Деді: «Айт сізді іздеп келді бір жаһангез, кемеңгерім!
Дүние кезген ерді көрсең, түсер еске ежелдегің,
Біледі де туысындай Тариэльдей ердің ерін».
- 975 Құл қайтты да патшаға айтты, тыңдады ағзам сөзді ұғып:
«Қарсы алдымнан пайда болды бір жарық Күн бұлттан
шығып.
Дана да бұл ерді көрсе есі кетіп, қалар мүлгіп,
Ол — жан досы Тариэльдің тағдыр қуып келген ығып».
- 976 Кенет шаттық Нұрадиннің тұла бойын кетті басып,
Масаттанды ол көргендей-ақ шын жан досын құшақтасып.
Шапқан шақта жел бозартты беттің қызыл розасын,—
Құстай ұшты жас қонаққа, қуанышы судай тасып,
- 977 Патша дөңнен түсіп төмен қарады да басын бұрып,
Салды айғай: «Шықты алдымнан жарық шұғыла бұлтты
сырып.
Сипаттауға мынау Күнді жетпес күшім, құдай ұрып!»
Фридонға сәлем берді ер, өксіп қатты, жылап тұрып.
- 978 Екі батыр аймаласты бір атаның баласындай,
Сүйді Фридон спаспетті шын көзінің қарасындай.
Жүздерінен шұғла төкті қою нұрдың арнасындай,
Әлемде ешкім көрмегенді кереметті дәл осындай!
- 979 Бұл дүниеде Фридонға табу қиын ерді теңдес,
Автандилдің төккен нұрын патша нұры, бірақ жеңбес,—
Күн шапағы жұлдыздардың жоар түрін, болса да өңдес,
Шамның оты күндіз түссіз, түнде — жайнап жанар, сөнбес.
- 980 Нұрадиннің шатырына аттанды олар мініп атқа,
Аң аулауды тоқтатты жұрт, кез боп басқа салтанатқа;
Ғажап мейман шаттық берді әлеуметке: досқа, жатқа,
Мұндай салды — сұлу жанды жаратқан тек жалғыз хақ та.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТ АРХИВІ

- 981 Айтты Автандил Фридонға: «Ризамын, аштың қақпа,
Баяндайын, қайдан келем, асығамын қай тарапқа.
Таныстым да Тариэльмен болдым досы қан боп қатқан,
Сенді ол маған, болды да ағам, серт байластық болашаққа.
- 982 Өлкем — ұлы Аравия, ұлығымын Ростанның,
Әкем — өмір, мен Автандил — қолбасшысы Гүлстанның.
Төрелердің әулетімін. Жаумен талай жұлысқанмын —
Жерді қорғап, найза қолға ап, майдандарда ту ұстадым.
- 983 Бір күні ағзам аңға шығып, жанында орман барша көппен,
Керді ғажап жаһангезді еңіреп-көзден жасын төккен;
Шақырған ек, бұрылмастан әлгі арыстан ойға шөккен,
Отырды еңіреп от боп жанып, теріс айналып әлеуметтен.
- 984 «Шәлкесті ұстап әкеліңдер!» — деді Ростен беріп жарлық,
Бірақ, әлгі ер ашуланып, қуған құлдар өлді барлық;
Қамшыменен қырды ол бәрін ерлік жасап таңғаларлық, —
Білдік сонда Айға шабу екендігін алаңғасарлық.
- 985 Түсіне алмай бұл тылсымға патша егіліп еңіреді.
Жалғыз жылап жабықты әкім кірердей дәл көріне енді.
Шәлкесті іздеп мен жөнелдім, көрмегенді көріп енді,
Орындаймын қыз әмірін ауыр азап шегіп енді.
- 986 Түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмей үш жыл жол кештім де,
Жаһан кездім. Кенет содан бір түріктер кездесті де, —
Маған түзу бағыт берді: «Түс ізіне тез!» — десті де,
Тауып ақыр қаһарманды туыс еттім, сөйлестім де.
- 987 Тұрады ол үңгірінде диюлардың, емес жалғыз,
Өз елінен ертіп алған жанында оның тағы бар қыз.
Махаббаттың жалынында жануда енді ол жас уыз,
Оған жәрдем бермегенді алла аямас, атар қарғыс!
- 988 Қызметкер қыз, аты — Асма, тынбай көзден төккен жасын,
Күтеді оны ер, арыстандай, арыстанның жас баласын,
Күңренеді ол көреді де тағдырының масқарасын,
Адамнан да қашады алыс, қарғап ғалам кең даласын.
- 989 Маған сеніп, патша қыздың хикая етті ұрланғанын,
Он жыл бойы шаттығынан айырылып құр қалғанын.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Зарланулы оның халін мен де айта алмай тұра алмадым?
Көрдім, көрде ер нұрға ұмтылып, тал шыбықтай бұралғанын.

- 990 Сенің берген тұлпарыңмен жортып ол дүние кезген,
Желдей есіп, селдей көшіп бұл фәниден мүлдем безген.
Қашады енді аңдай үркіп пенде ісінен еңсені езген,
Қыз бен жалғыз мен ғанамын Таризельдің дертін сезген!
- 991 Дос ағама бұзбан алда шын жүректен сертті берген,
Қиындықтың шегіп бәрін іштім досым ішкен шерден.
Жарасына шифа іздедім кешіп өтіп шөлден, көлден,
Көрдім қайтып Ростенді көкірегін қайғы көрген!
- 992 Дайындалдым тағы жолға. Патша ойлады жібермеуді,
Жасырынып қаштым сонсын қабылдамай шідерлеуді.
Елден бездім, дүние кездім, үзбей алдан күдер де енді,
Біттім қажып жан досымның жүрегіне ем тілеуде енді.
- 993 Біліп, достық шартымызды мәңгілікке сізді қосқан,
Сізді іздедім. Сенен, күндей, әруақытта шаттық тосқам.
Көрсет жолды Перизатқа қайғысы өткір жүректі осқан,
Көргенді оны — шұғыла сүйіп, жоғалтқанды —
түнек тосқан.
- 994 Фридон да батырға айтты Таризельдің түгел жайын,
Екеуі де еңірей түсті жылжып сағат озған сайын.
Бір ғана мұң жүрекке екі бірдей беріп нажағайын,
Алма бетке кірпіктерден тамып тұрды жастар дәйім.
- 995 Нөкерлер де азапты ауыр көтере алмай шаршап талды,
Шердің дүлей дауылында жанып жүрек пәршаланды.
Патша еңіреп, айрылысқан жеті жылды есіне алды,
Қарғап-сілеп әлпеті өшкен мынау фәни сұм жалғанды:
- 996 «Сипаттауға жетпейді тіл сені, Таризель, кереметті!
Сен күнді де жолдан бұрып, басқардың бар планетті.
Көрер көзге — жомарттықтың арнасысың құдіретті,
Алып сенен жалын шұғла дүние болды нұр сәулетті!
- 997 Сенен шалғай кеткен жанға керегі не даңқы жердің!
Зарығумен сені көрген арманы бар қандай ердің?
Егер мені сыртқа тепсең — өлдім, онда — орға итердің,
Мынау әлем маған — түнек, қамалындай қайғы шердің!»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АПИКАСЫ

- 998 Патша Фридон ізгілікпен бұрылды да Автандилге,
Дос мейманды туысындай өз үйіне — шақырды елге,
Кездескенді таңғалтып ер түрімен де, даусымен де,
Екі көзі күңгірттенді ұқсап бейне түпсіз көлге.
- 999 Кірді олар астанаға. Көз жіберіп қалай да алға,
Тұрды алыстан көзді тартып мемлекеттік сарайлар да.
Жат өлкеден келген мейман болып ғажап талайларға,
Сенді, әдемі киінісіп сапқа тұрды малайлар да!
- 1000 Автандил мен ер Фридон қатарласып отырысты,
Жүз шамалы маңғаз мырза табақтас боп жүгіністі.
Шерткенде сыр патша менен батыр қонақ меруерт тісті:
Болды інжу, лағыл, гәуһәр нұр шашқандай түрлі-түсті.
- 1001 Сылдыр қақты шөлмектерден шарап пенен шербет тәтті,
Алды Автандил бұл сыйлықтан құрмет пенен бал ләззатты.
Кеселерді тостағанмен ауыстырды. Спаспеттің
Нұрлы жүзі оттай жайнап үйдің ішін жарқыратты!
- 1002 Бір күн, бір түн той созылып, үйді түрлі тағамды да,
Мерекеге батып белден той тарады таң алдында.
Моншаға әкеп Автандилді жарық қылған жаһанды да,
Үлде менен бүлдеге орап, сыйлық тартты оған мұнда.
- 1003 Дем алды осы патшалықта сейіл-сауық соңына еріп,
Қопаларда аң аулады досқа достың қолын беріп.
Жебесінен құстар құлап, жатты тулап аңдар өліп,
Фридонның мергендері қайран қалды мұны көріп.
- 1004 Патшаға ол айтты бір күн: «Тыңда, ағзам мархабатты,
Қиын қиып сені тастау, тастау және бұл жаннатты.
Бірақ қалу маған айып, жанымды шер жалындатты, —
Жол хауіпті, өзіме өлім, босқа өлтірсем бұл сағатты.
- 1005 Рас, сенсіз өмір — өксу. Көзден меруерт төгермін де.
Кешеулетсем — мешеу күнім. Ұлы үмітім сөнер мүлде.
Жолаушы адам сәтті бұзса, бастар өзін өлер күнге.
Көрсет жолды жанған Күнге іздемесем шөггермін де».
- 1006 Деді Фридон: «О қаһарман! Жан баламдай сен қымбатты,
Азап оғы қадалса да қайғыланба, деп: «Күн батты!»

Жауыңа төн жолбарыстай бер де аллаға махаббатты,
Босағамнан кетсең аттап, жояр үйім бұл сымбатты.

1007 Қосам саған сақшыларды — осы болды ұйғарғаным,
Жөн болады жолдас етіп құлдарымды сыйға алғаным.
Қару-жарақ, қашырларды ал — сендік болсын жиғандарым,
Алған беттен қайтпасын деп бәрін саған сыйға арнадым!»

1008 Берді патша Автандилге төрт құл-ерді даңқы асқан,
Қалқан, сауыт, құрыш телпек,
жалт-жұлт егіп сәуле шашқан,
Алпыс ожау алтын берді спасетке шалқып тасқан,
Және бір ат, ер-тоқымға өрнек салған гәуһар тастан.

1009 Қашырға сол артты аямай түрлі керек жол азықты,
Шекараға тоқтады кеп көріп ала жол қазықты.
Жылап, патша раушан жүзін жуды мөлдір меруерт жаспен,
Деп: «Кетсең сен,—
сары аязды қыс кеп басар бұл жазықты!»

1010 Бағытталды жағаға ерлер толқыны асау көбік атқан,
Көрген жерге Фридон қызды нұрыменен күнді ұялтқан.
Айтты патша Автандилге қыздың жайын, түспей аттан,
Көздің мөлдір көлдерінен қалпында жас сорғалатқан:

1011 «Қаракөмір теңізшілер Шұғла-қызды мұнда әкелді,
Оның нұры, бетке жапқан пердені өтіп, сәуле берді.
Сол аруды азат ету ойы билеп мені жеңді,
Бірақ қайық, құстай зулап, қызды алды да толқынға енді».

1012 Патша еңіреп егілді де, құшты досын — жанған гүлді,
Сүйісті екі ер есіне алып қызықты артта қалған күнді.
Серт жібімен қосақтасқан қоштасты да екі асыл тек,
Шерге шомған, аза болған нояндарды таң қалдырды.





XXX хикая

**НҰРАДИН-ФРИДОННАН ШЫҒЫШ АВТАНДИЛДІҢ
НЕСТАН-ДАРЕДЖАНДЫ ІЗДЕП КЕТҮІ**


- 1013 Жорытты ер, жолға түсіп, жайнап жүзі толған айдай.
Есіне алып Тинатинін ізгілікке болған айғақ.
«О, сұм дүние! Мұндай күйге душар еттің мені қайдан.
Жаралы ем бір өзіңнен. Шексіз мынау шолған аймақ.
- 1014 Үш Жалынның өрттей лебі күйдіреді ұрып бетке.
Тас жүрегім, бөлшектеніп, неге айналды үш кесекке?
Бір найза үш жара салмас, қандай сойқан күш десек те.
Тинатиным — шер арнасы, түсек те отқа, түспесек те!»
- 1015 Теңізді өрлей келе жатты паң Автандил төрт құлды ертіп,
Тариэльге шербет іздеп, күңіренді шер күйін шертіп.
Күні-түні еңіреуден өрши түсіп жүрек дерті,
Налыды ер сұм жалғанға жегі құрттай жеген кертіп.
- 1016 Кездескеннің бәрінен де ол сұрай берді тұтқын қызды,
Күн-түн қатып жүз күн жүрді, пана қылып тау мен құзды.
Ақырында ол жалпақ теңіз жағасынан тауып ізді,
Кездестірді керуендерді кезген жалпақ жапан түзді.

- 1017 Керуеншілер жатыр екен бір бұғазды көлді жайлап,
Жүректі үрей кернесе де, тәуекелге белді байлап!
Ер Автандил әдеппенен сәлемдесті «ағатай!»-лап,
Жөн сұрады: «Қайдан? Қайда алдыңыздар бағыт сайлап?»
- 1018 Тұрды Ұсам, паң сәудегер, беделді, ізгі керуен басы —
Сәлдесіне қойып қолын — ол құрметтеу ишарасы:
«Сен — бір бізге жұбанышсың, түрің жанған күн шұғласы,
Тыңдасаңыз — айтайық біз керуеншілер хикаясын!»
- 1019 Деді Ұсам спаспетке: «Сәудегерміз Бағдадтан,
Үмбетіміз Мұхамбеттің, татпаймыз да біз шараптан.
Ұлы теңіз патшасына бағытталдық күн-түн қатқан:
Тек толайым жияздардан жүгіміз бар мол ғып артқан.
- 1020 Жағада анау таптық кенет шала жансар бір адамды,
Есін жиып, әлденген соң білдік одан біз хабарды:
«О, ғажап жан, айт жасырмай, қандай сені ызғар алды?»
Берді жауап: «Тірлігім — той, жалын жаным мұздаған-ды!»
- 1021 Шыққан едік Мысырдан біз алыс жаққа бағытталып,
Жиһаздармен кемелерге міндік содан арып-талып...
Қарақшылар қамағанда білдік төнген қауыпты анық,
Суға ағызды достарымды... Жаттым, есім ауып қалып!»
- 1022 О, Арыстан күн келбетті! Тіпті үрейлі, күдіктіміз, —
Жүруге алға жасқанамыз, көп көргеміз бүлікті біз.
Қайтсақ кейін, жұрдай болып ойсыраймыз, біліп тұрмыз,
Кетудің де, қалудың да жолын таппай, құрып тұрмыз!»
- 1023 Айтты Автандил: «Еңіреу мен ашындан бар ма түсім,
Маңдайға әуел жазған болса, бұзу қиын жазмыш ісін!
Мен сіздерге кетсем еріп, ешбір жаудан болмас қысым!
Жаннан безіп жауға төнсем — көрерсіздер қанжар күшін».
- 1024 Саудагерлер — сәуегейлер! Сөйлеп кетті керуен басы:
«Бұл ер — қорған! Үрей өшсін, керуеннің бұл қожасы.
Біз үшін не қарақшы енді? Бізбен —
шыңның қаршығасы!» —
Деп көтерді желкенді енді, Гүланшаро — нысанасы.
- 1025 Дауыл тұрып, теңіз тулап, алас ұрып толқып тасты,
Қыран батыр көрді кенет — көк жиектен бір кеме асты.

Дәл үстінде ұзын жалау желмен бірге желп-желп етіді,
Темір тұмсық алып кеме бұларға кеп қатарласты.

- 1026 «Ұр, ат, батыр!» — деп дауыстап, қарақшылар айғайласты,
Зәресі ұшып сәудегерлер, жалбарынып, ойбайласты;
Айтты спаспет: «Қорқпаңыздар! Төнем жауға,
ойран бастап,
Я өлемін, я жоямын — мен өлімге қойғам басты.
- 1027 Жар болса аллам — жау қауіпсіз, төнсе-дағы жүзден асып!
Жар болмаса — бәрі босқа, ағар қаным судай тасып!
Дос та, ағаң да, зор қамал да сақтай алмас, қорқсаң жасып,
Соны есіңе ал! Жеңер өжет, қаһарланса қарсыласып!
- 1028 Сіз — сәудегер, қорқасыңдар үрейленіп қан майданнан,
Тығылыңдар, оққа ұшпаңдар, емеспін ер қайралмаған.
Үрей мерей әпермейді! Қарсылассам қайранды алғам!
Көрсетемін көздеріңе жау кемесін ойрандалған!»
- 1029 Жолбарыстай шапшаңдықпен сауыт киді Автандил де,
Күрзисін де қолына алды жігерлене әптен мүлде;
Жеңуіне жетіп көзі, ұқсап шешек атқан гүлге, —
Өзірленді шайқасқа ірі алу үшін саптан жүлде.
- 1030 Қарақшылар таяу келіп, ереуілдеп, үрей берді,
Сәудегерлер үрейлері барған сайын үдей берді.
Ал Автандил жау әлегін аспанға атып, күрей келді,
Барған сайын шегіп уайым дұшпан жасып жүдей берді.
- 1031 Зұлым дұшпан үрке қашты тәніне арам жара түсіп,
Кемелерін шұғыл бұрып, жаға көздеп қашты ығысып.
Автандил де салды әлек қуып жетіп, қайта ұрысып,
Олжа орнына өлім тапты қарақшылар, зафран құсып.
- 1032 Қарақшылар кейін зытып, қасқыр қуған қойдай үрікті,
Оңай сауға күткен жауға ессіз ажал уын бүрікті.
Бір сегізін бір құшып ап, тоғызыншыны ұрып жықты, —
Бұққанның да, қорыққанның да аямастан басын қырықты.
- 1033 Ер Автандил өлтіре ұрды қаныпезер ұрыларды,
Егілді олар: «О ая, ер! Бізді тағдыр қырын алды!»
Жазаламай жай қалдырды ол аяғына жығылғанды,
Жақтамас хақ үрей билеп қан майданда қырылғанды.






- 1034 О, адамзат! Даурықпа бос кейбір ісің болса сәтті!
Ерлік босқа, сезбесе хақ ісіңді егер парасатты.
Жанып бітер сәл ұшқыннан бәйтерек те бір зәмәтта,
Қаласа хақ — қияр қияқ еменді де тастай қатты.
- 1035 Автандил кеп ең алдымен ашты барлық трюмдерді,
Қарақшылар кемесіне келіп бәрі жиылды енді.
Ұсам, мәз боп, достарына түрлі жиһаз-бұйым бөліп,
Айбарлы ерге — Автандилге тәңірісіндей сыйынды енді.
- 1036 Жалынды ерді сипаттауға тек дананың жетер тілі.
Ерлік ісін жырлай да алмас асқан ақын — сөз бұлбұлы.
Сау қалғандар салды айғай: «Бұл алланың мол мейірімі,
Таң сәулесі қуып түнді, күн шұғласы құшты жылы!»
- 1037 Сүйді әлеумет нұрлы әлпетті ердің бетін, шашын-дағы,
Дәріптеді айбынды ерді, деп: «Қаһарман ғасырдағы!»
Асылында, жасын еді Автандилдің ашынғаны!
Әр кез жаудың осындайға душар болар басынғаны!»
- 1038 Айтты ер: «Дәйім ризамын тәңіріме, тағдырыма!
Тағдыр жазса, біздер дайын сән құруға, қаңғыруға.
Тылсым күш те, бір сынды іс те бағынады таң нұрына,
Ғұламалар, осыны айтып, әрқашан да жаңғыруда.
- 1039 Өмір үшін борыштымыз алла алдында бәріміз де,
Кім біз? — Кіршік! Сіңген, бірақ, сол рухтың нәрі бізге.
Жауды жеңдім жалғыз ғана жасаушы ием әмірімен,
Жиһаз толған кеме — сыйлық жасыңызға, кәріңізге!»
- 1040 Егер батыр, жауды жеңіп, майдандарда болып жалын,
Үздік шығып, озып жұрттан, алса барып жау қамалын,—
Нөкерлерден артта қалған естір мадақ — сөздің балын:
Телпегінің сынғандығын, тәні қанға боялғанын.
- 1041 Таң атқанша босатты олар жиһаз толған кемелерді,
Өздеріне бұйымды асыл тасып үйіп, төге берді.
Кеме ішінде қалдырды да құнсыз қоқыс көнелерді,
Өрт жіберді, лаулап кеме, сүңгіп суға сөне берді.
- 1042 Айтты Ұсам достар сөзін Автандилге, шала қызбай:
«Сен бір құрыш, біз еритін жұмсақ затпыз, балауыздай.



Барлық олжа — өзіңдікі! Өзің — жүзген арамызда. Ай
 Бөл сәл үлес, деуші болса: «Біз үлессіз қаламыз ба-ей? 1933»

- 1043 Айтты Автандил: «Дос пен туыс! Сырды шертсем,
 таңғаларсыз.
 Ұсам! Көзден меруерт тіздің, жүзім үздің — аңғарарсыз.
 Мен кім? Сізді жебеді аллам, болмаса алла, жалған — арсыз.
 Ақбоз Атым — бар дәулетім. Басқасын сіз малданарсыз.
- 1044 Егерде мен байлық қусам бұл өмірде зырлап аққан,
 Кетпес едім кең дәулеттен, салтанаттан, алтын тахтан.
 Байлық не ол? Кетем тезде іздеп бақыт болашақтан.
 Түсем хауіпті ауыр жолға, тірлік сұрап жалғыз хақтан.
- 1045 Хисабы жоқ шетсіз-шексіз, табысым бар ұшан-теңіз.
 Бөліп бәрін алыңыздар бұл байлықты сіз есепсіз.
 Жалғыз сұрақ: мені алыңдар — мен болайын керуеншіңіз,
 Басқаға бұл сырды ашпаңдар, емессіздер ақ ниетсіз.
- 1046 Сұрағанға айтыңыздар: «Бар байлықтың бұл қожасы!
 Ерлігімді әйгілемей, дей салыңдар: «Керуен басы».
 Сәудегерлік киім киіп, базар кезем — сөз расы!
 Жалбарынам, сақталсын деп бұл сырымның құпиясы!»
- 1047 Бақыт құшқан сәудегерлер кереметті шаттыққа енді,
 Қаһарманды дәріптеді: «Майданда ер жауды жеңді!
 Біз дайынбыз бір мүлтіксіз орындауға тілегіңді,
 Біз — саған құл! Сен —
 жарық Күн, таба алмадық саған теңді!»
- 1048 Мадақтады Автандилді үстіне інжу-маржан шашып,
 :Бірақ оның әсем көркі інжуден де кетті асып.
 Сәудегерлер желкенді іліп, жөнелгенде алға басып,
 Кемелерге жөнсіз жел де ұлғаймады, қарсыласып.





XXXI хикая

АВТАНДИЛДІҢ ГҮЛАНШАРОҒА КЕЛГЕНДІГІ ТУРАЛЫ

- 1049 Шынар бойлы ер Автандил жетті теңіз жағасына;
Жатты алдыңда ғажап шаһар ну бақшаның арасында.
Мың құлпырып жанған гүлдер, күнге еркелеп, жарасуда.
Әсемдігін бұл өлкенің бейнелер сөз табарсың ба?!
- 1050 Тұрды таяу жағаға кеп сол бір кеме айбынды алып,
Автандил де шапан киді сәудегердей дайындалып.
Аң-таң қалып, білмек болды жаһангездің жайын халық.
Бұйрық күтті жүкшілер де жүрген дал боп дәйім налып.
- 1051 Бақшашы шал шықты бақтан көріп көркем Автандилді,
Білісті тез, күлісті лез, танып шешек атқан гүлді.
Ер Автандил сұрап барлық шаһар жайын жаттан білді:
«Кім боласыз? Тілің қай тіл? Патшаңыз я датқан кім-ді?
- 1052 Білгім келді дәл анықтап, сіздің елде не бағалы?
Қандай зат көп? Көп пе еліңде қайыршы мен кем бағалы?»
Айтты бірі: «О, көріктім, түрің күнмен тең бағалы,
Шаһар сырын баяндасам, бере аларсың сен бағаны.




- 1053 Алдыңда бұл — Теңізстан! Шалғай оның шекарасы,
Көне, көркем Гүланшаро — осы өлкенің астанасы,
Шеттен келген кемелердің бола да алар баспанасы.
Ел ағасы — Сұрхан-Мәлік — біледі оны аспан асты.
- 1054 Қарт адамдар жасарады біздің елге келсе шеттен,
Ойын-сауық, той жасаймыз, масайраймыз елше өктем.
Бақтарымыз төрт тәулікте арылмайды бәйшешектен,
Бұл ел жауға жайсыз қарап, досты алар қошаметпен.
- 1055 Мұнда қулық-сұмдықтармен іс істейді сәудегерлер,
Алу, сату, пайда өндіру, өршіп өскен қолөнерлер.
Тым кенеттен көтеріліп жатыр байып кейбіреулер,
Бір жылдан соң қарыздарын түгел төлеп кей кедейлер.
- 1056 Бақшасында істеймін мен шаһарлық бас сәудегердің,
Халқымыз бар ескі салтты, үстінен нұр жауған елдің.
Жолаушы ер қалып егер, десе: аз уақыт алам демді,
Алдан қожа қарайды өзі бәрін қымбат нәрселердің.
- 1057 Шет өлкелік сәудегерлер алыс жолдан келісімен,
Сызылып кеп сыйлық тартып, танысады ел ісімен.
Жиһаз бенен тастарды асыл алмасады жең үшін,
Содан кейін, базарға еніп, іс істейді келісіммен.
- 1058 Біз парызды сіз тәрізді көрікті ердің сымбатына:
Бөлеміз үй, қарамастан арзанына, қымбатына.
Амал қанша, бас сәудегер — мырза Үстейін жол қатуда,
Үйде болса, қошаметтік көрсетер ед ұлғатты ұлға.
- 1059 Қалды үйінде Үсейіннің Фатимасы еркелеткен.
Қожасындай қонақ күткіш, өріне өмір ерте жеткен.
Сый мейманға ол, ыңғайлана, жүрек сырын шертеді еппен,
Жаратқан хақ, салмастан дақ,
жанын да оның көркем еткен».
- 1060 Айтты Автандил: «Көп рахмет! Жетсін жедел ханымыңыз!»
Бағбан кетті жүрегі өртті Фатимаға жаны уыз.
Қуантты кеп бәйбішені: «Жөнсіз бейқам қалуыңыз:
Келді дана. Алдында оның, нұрға айнала, табылығыз!
- 1061 Алыс елдік ол сәудегер, иесі үлкен керуеннің.
Қыпша белін қиылдырған қырсығы осы серуеннің.

Ерекше әсем киімінен тұрмын түрін көріп ердің,
Дәу де болса өкілі ол мол дәулетті берік елдің».


- 1062 Жұмсап ханым сәудегерге жіберді көп қызметкерді,
Жайластырып жүгін түгел, ер ханымды іздеп келді.
Жүзі — раушан, ерні — райхан, меруерт тісі тізбектеліп,
Тұрды Арыстан, тәсілі ерек жолбарыстай жүз бүктелген.
- 1063 Болды айқай-шу. Шаһарлықтар тастап шатыр, дүкендерін,
Шықты алаңға көру үшін күн келбетті ердің ерін.
Көркем жаннан көз аудармай, ыза болып кейбіреулер —
Өздерінің көрді оған ғашық болған әйелдерін.





XXXII хикая
АВТАНДИЛДІҢ ФАТИМАҒА КЕЛУІ

- 1064 Үсейіннің сұлу жары қызғалдақтай киінді де, —
Тағзым етті лағыл бетті ер көркіне, сүйінді де.
Сәлемдесті бақшаға еніп, ибалықпен иілді де,
Масаттанды, балқи түсіп, ұқсатқандай күйін гүлге.
- 1065 Фатима әсем жас келіншек бойын күтіп сылаңдаған,
Қара торы, дөңгелек жүз, көзі ойнақшып тұра алмаған,
Шарап ішкіш. Әншілер де оған дәйім жыр арнаған.
Үлде менен бұлде кисе ол, тал шыбықтай бұрандаған.
- 1066 Ханымға ер сыйлық тартып, әлеуметті таңқалдырды,
Сыйлық — алтын! Ер де өзіне ұқсатты бір жанған нұрды.
Жұрт риза! Жас Автандил болды әлемдік паңдарға үлгі,
Ішті, жеді. Кетті ер қайтып. Мұны барлық маңдар білді.
- 1067 Фатимаға заттар сатты келіп батыр ертеңінде,
Алды жиһаз жомарт ханым, кездесті де ер теңіне.
Мырза Автандил достарына келіп сырды шертеді де,
Тапсырады: «Құпияны ашпаңыздар! — Ерте мүлде!»
- 1068 Фатимаға Автандил де жүрді сырын, ұйып, ашқан,
Ханым да ұшты, жұлдыздардан тақса алқасын биік аспан:
Інжу сөздер меруерт тістен жатты ұшқындап тыйылмастан,
Раминді сүйген Вистай Фатиманы жалын басқан.



XXXIII хикая

ФАТИМАНЫҢ АВАНДИЛГЕ АУҒАН ІЛТИФАТЫ

- 1069 Қатындардан қашқан жақсы, жеңіп жанған от ләзатты!
Құшып, қысып ол құл қылар беріп нәрден балдай тәтті.
Ал кейіннен жау боп төнер ұмытар да сол зәматты,
Әр әйелге айтпа сырын өміріңнің болған сәтті.
- 1070 Түсінде өңдей Фатима енді көрді Авандил балғын жүзім,
Тастап нәпсі жүрегіне махаббаттың жалынды ізін;
Жалын өршіп, жара ұлғайды, сезіп ләззат ханым күзін,
Аласұрды: «Бұл не? Өмірдің сезгендей-ақ жаным күзін?»
- 1071 Сырымды айтсам?..
Бетін бұрып, біле де алмас жайды нашар,
Ал жасырсам?.. Жалынға еніп қайғы үстіне қайғы ұласар.
Жазайын да хатты, өлейін! Онсыз бұлт кеп айды басар,
Сұрамасаң, тәуіптен ем жараның дерт аузын ашар!»
- 1072 Авандилге жазды хатты, айтып дертін өртендірген,
Шешті сырын сүйгеніне жүрегіне от боп кірген.
Осы сырда мұң терең-ді оқығанды дертке ендірген,
Достық жырын, ләззат сырын терең бойлай шерткен білген.




XXXIV хикая

ФАТИМАНЫҢ АВТАНДИЛГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 1073 «О, жарық Нұр! Акбар аллам берген саған күннің көркін,
Сен жоқ болсаң, асқан бай да қайыршының киер бөркін.
Көрген сені, көбелектей, отқа өзін тастар еркін,
Шұғыла төксең, кең аспан да жұлдыздарға болмас төркін!
- 1074 Сұлулығың жанды жеңіп, шұғла сеуіп көзді ұялтқан!
Алгүл көрсе, мүлде елжіреп, бұлбұл құс та ән шырқатқан,
Көркіңе әсем — гүлдер күндес. Түсін мені ойға батқан,
Сенем егер нұр төкпесең. Сенсің маған таң боп атқан.
- 1075 Тәңрім куә, ұялып мен, айтпай жүрек махаббатын,
Қайғы жүгін арқаладым, сезбей сезім салтанатын,
Кірпіктерің — тізген жебе, жүрегіме дақ салатын,
Мейріңді төк, әйтпегенде халім қалмас жақсаратын.
- 1076 Жақсы хабар алғанымша бұл хатыма, жанар жаным,
Жүректе — түн, таң боп кірсең, сөніп мүлдем қалар жалын.
Үмітіме сәулеңнен төк, тесіп шық та бұлт саңлауын,
Тірілтпесең өзің аяп, түннен жаман болар халім!»

- 1077 Фатима тез жазған хатын жіберді де спаспетке,
Қалды күтіп. Ойлады ер: «Бастан бақыт ұшпас көкке!»
Ойлай ма екен сорлы ханым мені өзіне тұстас деп те.
Жарым—Жалғыз. Бұл арбаушы, болса да ару, ұқсас көпке.
- 1078 Ұмтылма бос, қара қарға, раушан гүлге әсем сәнді,
Раушанды әлі жырға қосып шырқаған жоқ бұлбұл әнді.
Қу нәпсіге бағындырма, құрық салып, жан мен тәнді...
Көрмегем-ді бұрын мұндай сандырақ сөз, мылжыңдауды!
- 1079 Көп ойланды ер дел-сал болып, күдіктеніп, алдағы істен,
Айтты өзіне: «Алдымдағы тұрған істің салмағы үстем:
Шың — арманым, мұнар — жаным, қара бұлт та қалмады
үстен.
Жоқты табу жолында жөн уға қосып бал тағы ішсем.
- 1080 Байқаймын мен, Фатима, рас, жолаушыдан бұрмас бетті,
Тәрізді ол құрметтейтін өз жанына сырлас дертті.
Нестан жайлы айтар, мүмкін,
жанын жаққан мұңдасқа өртті.
Жан жарасын жамау үшін әйел шіркін тұрмас та епті.
- 1081 Егер әйел сүйсе мені минуты үшін рахаттық,
Ұмытар да ар-намысты, ұялмай-ақ табар шаттық,
Ашар сонда маған түгел жүрегінің тылсым сырын,
Нем кетеді? Бар қылмысым — болса ізгілі махаббаттық?
- 1082 Жебемесе жалғыз аллам, кім қолдамақ жәрдемдесіп?
Өткен — өлік, ертеңгі — үміт: қашқан түлкі, желдей есіп?
Дүние — жұмбақ, көлеңкеден тон жамылған кеш тәрізді,
Құмыраның қалмас суы ішіндегі, болса тесік!»





XXXV хикая

АВТАНДИЛДІҢ ФАТИМАҒА ЖАУАП ХАТЫ


- 1083 Жазды Автандил: «Хатыңды алдым, көтеріпсің көкке мені,
Оздың менен. Жалындадым, ұқсап жанған шөпке тегі!
Сәл көріспеу — жүрекке оқ. Деме, жаным: «Өкпеледі!»
Екі жүрек бірдей соқты, енді әр қарай сөкпе мені!»
- 1084 Фатиманың қуанышын тіл де жетпес суреттеуге,
Жазды ол: «Жаным! Бар арманым —
жетсе күшім құрметтеуге,—
Бүгілейін. Түңілмейін. Шыдамасын сыр шертпеуге.
Қас қарайса-ақ жет кідірмей құшақ ашық құрметті ерге!»
- 1085 Ер Автандил, жайнап гүл-гүл дайындалды ханым жаққа,
Бірақ бір құл атпен шауып жетті-дағы, жауып қақпа.
Айтты сөзін Фатиманың: «Кел кешігіп, Күн, құшаққа!»
Спаспетті ашу билеп айтты: «Бұл не? Я мазақ па?»
- 1086 Таныс жолмен келді-дағы ханым сөзін тыңдамастан,
Фатиманың бөлмесіне кірді ол, ойы шыңнан асқан.
Шықты ханым үрейленіп қарсы алдынан тура басқан,
Басында ала бұлт ойнады — аппақ-ала шудалы аспан.

- 1087 Құшты келіп ер әйелді — ләззат оты дүлейленді.
Кенет кіріп бір жас ұлан, есі кетіп, сілейді енді,
Ал, ұланның серіктері бір сәт қызып, үдей беріп,
Автандилге батпай, өттең, зәресі ұшып үрейленді.
- 1088 Көріп кірген жас ұланды Фатима да қалшылдады.
Ұлан аң-таң. Болды аян ыласқа ару малшынғаны.
Айтты: «Мыстан! Таң атқанша аянбастан аршында әлі!
Кейін, керім, аршыла алсаң, сұңқарым бол нар шыңдағы.
- 1089 О, салдақы! Бұл масқара! Табаныңа таптағаның!
Таң да атар! Таң атқанша иманыңды жатта, ханым!
У ішкізем, есепке алмай тәбетіңнің шаппағанын.
Айтқанымды ақтамасам, босқа өзімді мақтағаным!»
- 1090 Терісіне сыймай, тулап, зәматта ұлан ғайып болды,
Фатима еңіреп жыртты бетін, жүзіне екі айып толды.
Көзден бұлақ жатты құлап кір келбетін шәйіп те оңды:
«Өлтіріңдер! Менде кінә!» — деп өтінді жәйіп қолды.
- 1091 «Баласы мен еріне опа етпегенге обал бар ма?
Тек өлімнің оғы атылсын мен сияқты добалдарға!
Екі жүзге елден безген қосылатын қоғам бар ма?
Енді маған дүние қаран, өз басымды соғам жарға!»
- 1092 Аң-таң болып Автандил де жылауына бұл ханымның,
Деді: «Неге еңірейсің? Жәні қалай бұрқауыңның?
Неге ұлан қорқытады? Мәні қалай шырқауының?
Мән-жәйіңді айт, өксуді қой, дымы құрып тұр халімнің!»
- 1093 «О, Арыстан, — деді ханым, — мынау өмір маған қаран!
Айтсам-дағы лаулап тағы өрши түсер бойда жарам!
Балларыма, жан жарыма опасыз боп, болдым арам,
Сен қадалдың көк жебедей, айналам ор: қайда барам?»
- 1094 Пасық жанға тәңірім өзі қаһар зәрін төгер көктен,
Жүрегіме сен боп кірдің жұпар исін себер көктем.
Түсінсең, жас, батпаққа ылас батқан жанға нелер шөкпес,
Тәуіп те оған ем таба алмас, болса да ерек шебер де өктем!
- 1095 Жалынамын: сен серімсің таң жіберген өміріме
Қазір бар да ұланды өлтір, ортақ болам өліміне.

Ем табарсың сонда ғана Фатиманың көңіліне,
Қайтып кел де, тыңда елжіреп, хикаямның бөлімін де.

- 1096 Я болмаса жүгіңді арт та жөнел жүзіп теңізбенен,
Таста мәңгі Гүланшарды сыр емшегін емізбеген.
Әйтпегенде босқа өлеміз — басқа жолды жөн іздеген.
Масқара етпек мені әлгі сұм — ол тектес жан өгізбенен!»
- 1097 Аянышты Фатиманы тыңдады да ер сілейді енді,
Оттай жайнап, көздері ойнап, одан бір сөз тілей берді:
«Білдім: неге үрейлендің, неге ұлан да үдей келді,
Қорықпа, сәл тос, жаһаннамға жіберейін дүлейді енді.
- 1098 Шақыр құлды. Ұлан үйін көрсетсін ол білдірместен,
Іс істеймін еш жағдайды, еш нәрсені бүлдірместен:
Өлтіремін жауызды сол атпастан да, күйдірместен,
Күт, бәрін де реттеймін арыңа кір тидірместен».
- 1099 Өр Автандил кетті аттанып Фатиманың құлыменен,
Айтты ханым: «Бұл бір сәтте тоңған жүрек жылы неден?
Өрем қапса өр көкірек, жүзігін ал пұлыменен,
Жүзікті оған мен бергемін. Келсең алып — құны менен!»





XXXVI хикая


АВТАНДИЛДІҢ ЧАЧНАГИРДІ ӨЛТИРУ

- 1100 Бұғазға өтті ер Автандил ұйықтап жатқан көшелермен,
Қырда бір үй тұр гүл жайнап түріне түр еселеген.
Көк мәрмөрдан баспалдақ көп көкке қарай өсе берген,
Ою, өрнек көз тартады, мың құлпырып, неше жерден.
- 1101 Тоқтады ер таяу келіп сол үйдің кең шарбағына,
Қаршығадай, қырғауылды түсіретін қармағына.
Серігі айтты: «Дәуде болса ол терезенің ар жағында
Отыр бейқам, ойға бойлап батқаннан соң зар жанына».
- 1102 Көрді Автандил: күзетшілер отыр қалғып үй алдында,
Жақындады еппенен ер, қолына алмай құралды да.
Кеңірдектен сығып қатты, көтеріп тез бір алды да,
Өлтірді оңай, соғыстырып бастан миын шығарды да.
- 1103 Есікті ашып Чачнагирге кірді батыр, қайрап тісті,
Өршеленген кектің қаны тамырларда қайнап күшті.
Қарғып жетіп көтерді де, жолбарыстай жайнап түсі,
Ұрып жерге, кеудесіне қадады өткір қанжарды ұшты.



- 1104 Достарға — күн, жауына — ажал,
ұқсатқандай құздың ағын,
Фатиманың жүзігі мен алды кесіп бір саусағын,
Жөнелді алып жаудың төнін дариядағы толқынды ағын,
Бүлдірмеуге зират қазып сонау дөңес-белдің маңын.
- 1105 Қапас түннің тыныштығында дұшпаннан ер алды кекті,
Құрбанына қадады роза өткір де улы тікенекті.
Өлді ұлан — мейірімсіз жан қашып кейін зытып кетті.
Шапшаң басып, ілгері асып, жылжып қана аттап епті.
- 1106 Фатимаға ер арыстан, көркіменен дара да асқан,
Келді де айтты: «Жоқ болды жау сағатта өзін қара басқан.
Оған кәу қызметкерің және сонау сары ала аспан,
Мынау жүзік, мынау қанжар қанды айқасқа араласқан.
- 1107 Айт, ханым, сыр түгел бастан, жасырмастан талмай тамам,
Қандай хаупі бар еді оның, бұл өлген жан қандай адам?»
Фатима айтты, сүйіп сонда: «Енді, ерім, сайрай да алам,
Ұлан өлді — жымдай болдым, бұдан былай ойбайламан.
- 1108 Балларым да, ерім де, өзім қайта тудым бүгін енді,
Сен — арыстан даңқы асқан, түсті үстен жүгім енді!
Дұшпан өлді, сырды ағытпай отыра алман бұғып енді,—
Тыңда, шертем әңгімемді, тізе алдында бүгіп енді!»





XXXVII хикая

**ФАТИМАНЫҢ НЕСТАН-ДАРЕДЖАН ТУРАЛЫ АЙТҚАН
ХИКАЯСЫ**

- 1109 «Біздің елдің дәстүрі бар: Науырызда — жаңа жылда,
Шықпайды ешкім алыс жолға, дүкендерін жабады да,
Әсем сәнді киім киіп, жайнайды да, жанады да,
Той жасайды алдиярлар елді жиып сарайына.
- 1110 Сәудегерлер сол күні кеп патшаға әкеп сыйлық тартып,
Алады одан қымбат тарту бар байлықтан бағасы артық,
Ірі байлар бәсекеде біреуінен біреуі артып,
Он күн ойнап сырнай, керней, шарапты да ішер сарқып.
- 1111 Үсейін де өмірге енсе, сәудегерлер болып басы,
Мен де жиям ханымдарды — сақтап дәстүр қағидасын.
Апарамыз сансыз тарту сыйлап ханша шақырғасын,
Гаремге үлкен әйелдердің жиып барлық көрі, жасын.
- 1112 Сол жаңа жыл — Наурыз күні біз сарайда сыйлық паштық,
Патшадан да тарту алып, жалпы ойынға араластық.
Содан кейін, хош айтысып, ханшаменен құшақтастық,
Біздің үйге келіп тағы көрші әйелдер ойын аштық.



- 1113 Төмендегі баққа бардым біраздан соң ханымдармен,
Жұбайлары әнші, күйші, бишілердің жанымда ерген;
Толды баққа сәнді әйелдер әсем сазды әнін берген,
Көңілдендім достарыммен менің үшін жанын берген.
- 1114 Бақшада тұр орындықтар үстіне гүл жұпар сепкен,
Ар жағында теңіз жоны құшақтасқан көкжиекпен;
Құрдым кеңес ханымдармен сөздерінен меруерт төккен,
Кешті өткіздім көңіл ашып, әзілдесіп, ойнап көппен.
- 1115 Жүрді күндер тағам тасып, сөзге ұйыттым ханымдарды,
Кенет шер лек жүрегім жеп, түнердім кеп,— жаным жанды.
Сезіп оны әйелдер де кетті тарап, дамылдандым,
Жалғыз қалдым, бірақ жаным барған сайын жалынданды.
- 1116 Көкжиекке көз жіберіп, терең сырға бойлай бердім.
Бір сәл сергіп, кейін тағы зілді азапты ойларға ендім.
Теңізде аққан бір ноқатты құштарлана, тоймай көрдім.
Нәсте ол? Құс па? Білуге ынта болып қанат қомдай бердім.
- 1117 Көрдім анық, бір уақытта жағаға кеп тұрды қайық,
Бәдәуилер ескекті ескен баққа қарап, тұрды байып,
Ортасында бір тұтқын қыз күндей жанып нұрды жайып,
Отыр үнсіз, дегендей-ақ: «Тылсым күштен сырды ұғайық».
- 1118 Тұрды қайық жағаға кеп, көлеңкеде түскен бақтан,
Екі ескекші, қарап, білді — жоқ ешбір жан дабыл қаққан.
Жан жоқ елсіз жағада бұл, қорықпаса тек жалғыз хақтан!
Сығалап мен қарай бердім — арай көрдім теңіз жақтан.
- 1119 Бәдәуилер шықты қырға бір зембілді еппен алып.
Сол зембілден — шықты бір қыз түскен күндей көктен анық,
Басында бар қара шәлі, киініпті көкке оранып,
Күн болса да, айға айналып, ақ сәулесін төккен арып.
- 1120 Бұрылды ару, шұғласымен жарқыратып таудың құзын,
Жанған от та жояр түрін, көрсе осы бір ару жүзін.
Түсте ол күннің жойған нұрын,
түнде ұялтып көк жұлдызын,
Жасырындым тасаға кеп, көріп жердің бұл күн қызын.
- 1121 Үш-төрт құлды шақырдым да түсіндірдім жалпы жайды,
Деп: «Көріңдер Үндістаннан келген мынау алтын Айды!

Бәдәуиден сұраңыздар осы ғажап тұтқын жайлы.
Сатса, алыңдар — мұндай байлық ешқайдан табылмайды!

- 1122 Келіспесе саудаға егер, алыңыздар қызды күшпен,
Көргім кеп тұр бұл бір Нұрды сәуле шашқан біздің үстен!
Жігіттерім қызды алмақ боп сөйлегенде үздік үстем,
Бәдәуилер қарсыласты, айырылысып ізгі түстен.
- 1123 Сездім, емес тіпті де олар жер пендесі сөзді ұғарлық,
Құлдарға айттым: «Өлтіріңдер!» —
Орындалды лез жарлық!
Өліктерін ағызды да түсіп терең суға қарғып,
Қызды алдыма қойды әкеліп барлық әлем таңғаларлық.
- 1124 Бұл аруды сипаттауға сөз таба алмас шешендер де!
Көрсө қызды, күн де өзін күллі әлемге көсем дер ме!?
Суретші де бұл қыз түрін түсіре алса, өшем дер ме...
Ол — Перизат! Алтын нұрдан төккен қою нәсер жерге!»
- 1125 Фатима да еңіреді енді айтып қыздың хикаясын,
Автандил де өксіп жылап меруерттей төкті жасын.
Өз-өздерін ұмытты олар тек еске алып Күн Шұғыласын,
Меруерт жастан тулап тасқан жуды өзен бет розасын.
- 1126 Автандил де айтты өксіп: «Сөзіңізден бал тамады!»
Созды ханым хикаяны: «Бұл — жыр басы, қалқам, әлі.
Әлпештедім шерлі қызды дәл сіңлімдей. — Әлхам алла!
Бердім бөлме, деп: «Мен шатпын, сенен де мұң тарқалады».
- 1127 Сұрақ қойдым: «Кімсің? Қандай бақытты елде туып едің?
Кім салды екен шерлі азапқа таң Шолпанын қуып елден?»
Бірақ ару, гүл боп өшкен, үндеместен жұмып ернін,
Еңреді де іше берді тағдырының уын берген!
- 1128 Босқа ойландым жарасына ем табам деп жәрдемдесіп,
Жылай берді ол, құлай берді ол, шер теңізін белден кешіп,
Лағыл бетке нәркес көзден ақты бұлақ әр демде өсіп,
Мен де өртендім, бір дертке ендім,
қиялыммен пәрменді өсіп.
- 1129 Айтты ару: «Асылымсың артығырақ анамнан да,
Сырды шертсем, үңілерсің — түңілерсің ғаламнан да.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Мен — бір қуғын. Не көрсе де қатал тағдыр алаңдар ма?
Айтсам, тілің ұлы иеме тиер, қорқам — амал бар ма?»

1130 Түйдім: «Нұрды ренжітсем, күнәм естен тандырмай ма?
Күнді алуға ұмтылғанды шұғласы оның жандырмай ма?
Сабыр етсем, ағытар қыз сырдың бәрін, қалдырмай да:
Қалай Шолпан сәулесі алтын жүзі салқын алдырды Айға?»





XXXVIII хикая

**ФАТИМАНЫҢ НЕСТАН-ДАРЕДЖАНДЫ САҚТАУЫ ЖӘНЕ
ОЛ ТУРАЛЫ ҮСЕЙИНГЕ АЙТУЫ**

- 1131 «Аруды айтам шұғласымен тұтылдырған күнді аспанда,
Жанымда ұстап Жарық Айды, бақыт құшып,
шыңға асқамда.
Перде ілуші ем терезеге үйді қою нұр басқанда,
Үнсіз ғана еңірейтін қыз ант ішкендей сырласпауға.
- 1132 Күттім сөйтіп аруды енді сәру белді, күн келбетті,
Екі көзім қарасындай. Күн артынан түн кеп жетті:
Жүрдім кіріп жасырынып қарағыма күйген, дертті,
Құпия сыр тасуды одан бір бәдәуи үйренді епті.
- 1133 Жыр төгер ем, тіл жетпейді аруды асқан дәріптеуге!
Күн-түн ұдай еңіреді қыз, дерті ұлғайып, жарып кеуде!
Өксуінен уанды ол сәл шаршап мүлдем, талып кейде.
Онсыз маған өмір қаран, мен — зарлаған ғарып пенде.
- 1134 Көз шарасын толтырды жас тулап ағып, толқын атқан,
Қос құдыққа ақық ұшты жебелер де тұрды батқан.
Мөлдір бұлақ жатты құлап кеселерден гәуһарлатқан,
Инжу бетке егіз меруерт түсіп жатты сылдыр қаққан.



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
САНАТ АКАДЕМИЯСЫ

- 1135 Жалбарындым, сұрап сырын, аядым да Перизатты:
«О, айт, сәулем! Неге осынша жас жүрегің шер ұлғайтты?»
Шынар ағаш жапырағынан жас меруерті құлап жатты,
Кім жібімес бұл қайғыға, күңіреніп, жылап қатты.
- 1136 Ұйқы көрмей дөңбекшіп қыз, серпе берді тек көрпесін,
Шұғла жүзі жанды шамдай жамылса да бет пердесін;
Кей сағатта сәл бір қалғып сезді ұйқының дөп бермесін,
Нәр татпады, қайтсін сорлы хақ жәрдемін көп көргенсін.
- 1137 Білсем-дағы бұдан бұрын не тамаша бұйымдарды,
Шәлісі мен қыз көйлегін көргенде мен ұйып қалдым,
Мынау жиһаз көз құрышын қандыра алар жиылғанның,
Мың мәнермен жасай білген қиыстырып қиыннан кім?
- 1138 Жеке үйде жұрт көзінен саяқ қызды жасырдым мен,
Көрсетпестен еріме де, өнерімді асырдым мен.
Патшаға айтса, болар сұмдық деп пәледен қашырдым мен,
Сақтап солай күн күндесін, дайым оған бас ұрдым мен.
- 1139 Тағы ойладым:
Жолым жабық — сақтау қиын панасызды, —
Тылсым жаннан білген дұрыс еппен тартып, жаңа сырды!
Үсенге аян болса бұл іс, жебер ме деп, аласұрып,
Елеңдедім, дел-сал болып, іздегендей жанашырды.
- 1140 Ойхой, жүрек! Жанып талдың, жалыныңды бір басайын,
Күтіп күшті дертке дәрмен, Үсенге енді сырды ашайын.
Антың ішіп, бермесе серт — аулақтайын, қырды асайын.
Хақтан қорқып, сертті ұстаса,
ағытпай ма жырды осы Айым.
- 1141 Бір күні өзім еріме айттым, еркелетіп, сүйіп беттен:
«Ашам бір сыр, алдымда ант іш сатпауыңа шын ниетпен,
Өзіңменен өлсін бірге бұл бір ғажап сырым шерткен».
Берді ол жауап:
«Қарғыс атсын мені, егер шықсам серттен!
- 1142 Ант ішемін айтпауға сыр әезіл кеп арбаса да,
Дос та, қас та, қарт та,
жас та «сырды шерт» деп зарласа да».
Үсейінге айттым сонсоң, әуел дәтім бармаса да:
«Көрсетемін бір күн-қызды, құптамай ол сарнаса да».
- 1143 Бөлмеге еніп көрді де ерім бұл ғажайып кереметті,
Күйдіргендей Күн шұғласы ыршып кейін, елең етті,




94036940
808 4000933

Салды айғай: «Бұл бір шұғла күн шұғласын желек еткен,
Періште боп, түсіп көктен, нұр нөсерін себелетті!»

- 1144 Мен де айттым: «Рас мынау емес шығар жердің қызы?»
Тыңдап мені мың құлпырды Үсейіндей ердің жүзі!
Айттым оған: «Неге ай жүзін айғыштаған шердің ізі?
Шертсін сырын — екеуімізге әйгі болсын зер мінезі».
- 1145 Айттым қызға: «Ағыт сырды күдіктеніп, таңғалмай-ақ,
Білсең, Айым,
жалғыз жаным жәй таба алмай жанған лаулап!
Шиға іздейік — ізгі жанға кімдер екен салған қармақ?
Лағыл едің — уайым жедің, бар қажытқан қандай салмақ».
- 1146 Күнкелбетті тіл қатпады, қарап маған қаһарланып,
Раушан ерін ар жағынан меруерт тістер қатар жанып,
Түсті баққа қос жыланның көлеңкесі қатарланып,
Жапты айдаһар жарық күнді ұясына батарда анық».
- 1147 Елжіреп бір шертпеді сыр саяқ сұлу дара қалған,
Жалт қарады жолбарыстың қаншығындай жараланған.
Содан тағы егілді де көз шарасы шала жанған, —
«Шығыңыздар!» — деді бізге — екеуімізге араға алған».
- 1148 Біз де өксідік, жасты төгіп, жарқын жүзді қызбен бірге,
Илікпестен әуестікке күн өткізген бізбен бірге.
Нәр татпастан қадалды ол тек өзіне көз сүзгендерге,
Жалбарындық сарғайма деп күңіренген күзбен бірге».
- 1149 Айтты Үсейін: «Перизаттың лаулатпайық жанын жанған!
Пенде үшін жаралмаған анау ерін лағылданған!
Адамды езер —
мынау қыздан айырылған шағында — арман,
Бұл қыз үшін болсын құрбан балларым мен малым қалған».
- 1150 Бізді ол қызға тұрды тартып бір сиқыр күш —
жай құмарлық,
Көрсек Нұрды бақыт тауып, көре алмасақ қайғыландық.
Шырмауына түстік те оның,
жан таба алмай жайды ұғарлық,
Сауда ісінің орнына енді тілеп осы қайғыны алдық».





XXXIX хикая

ҮСЕЙІННІҢ НЕСТАН-ДАРЕДЖАН ТУРАЛЫ ПАТШАҒА АЙТУЫ

- 1151 «Өтті түндер, өтті күндер, жыл да жылжып алға қарай,
Айтты ерім: «Кемеңгерім — халқы үстінен жанған арай,
Сыйлық тартам, бағасы артқан алдиярға барды аямай!»
Дедім: «Дұрыс, үлкен ұят, кетсе әмірге жан қарамай!»
- 1152 Алтын, асыл тасты Үсейін дайындады. Кетпек жүріп.
Дедім: «Сақ бол,
барғаннан соң жүрме ағзамға сыр білдіріп!
Әйгілеме жұмбақ жанды барлық істі құр бүлдіріп».
«Одан да өшіп өлген жақсы!» — деді ерім, бір күлдіріп.
- 1153 Салтанатпен барып ерім патша үйіне, тарту тартты,
Шын досындай қабылдаған көрді Үсейін патша қартты.
Алды әмір де мол сыйлықты, мырзамның да даңқы артты,
Амал қанша, бірақ байым әуелде айтқан бұзды шартты!
- 1154 Делі Үсейін патшаменен көтерді сан кеселерді,
Бойға шарап тараған соң сөйлеп желдей есе берді.
Мекке қалды, Құран қалды, даурығып ол өсе берді!
Қарғадай боп, қарқ-қарқ күліп, мисыз есек бөсе берді!



- 1155 Патша сөзін тыңдады ол құлақ түріп, аузын ашып:
«Патшалардың патшасы да бұл тартуға болар ғашық.
Мынау інжу, жақұттарың қалай маған болды нәсіп!
Тәйірі тең бе бұған менің байлықтарым жатқан тасып!»
- 1156 Айтты Үсейін: «Ұлы патшам! Өзің бізді әлдилеген.
Шафхаттығың — шаттық беріп, кеудемізде жан билеген.
Өзің төккен мейір жебеп, балқып дәйім ән-күйменен,
Шалқып өмір өткіземін сол ән-күймен сәнді үйде мен.
- 1157 Алдиярым, жан қиярым, өзімде жоқ саған тарлық!
Бір өзіңе тартуым лек, ол тарту тек патшаларлық.
Көрсек жанған жердің Күнін, той жасарсың ат шабарлық,
Сізге күндей келін таптым —
ол қыз тек бір патша аларлық».
- 1158 Қайтем созып хикаяны!? Жаңа қайғы жараны ашты:
Патшаға айтып қыздың жайын күйеуімді қара басты.
Патшамыз мәз, үстімнен жаз үркіп, қыспен араласты,
Дүлейлендім, үрейлендім, күткендей-ақ дар ағашты!»
- 1159 Отыр ем мен үйде жалғыз әртүрлі ойға терең кетіп,
Бір уақыт жас патшаның бас қызметкері әрең жетіп,
Соңына ерген нөкерлермен жарты жүздей, ереулетіп,
Салды әлекет — үрейлендім, қалш-қалш етіп, зәрем кетіп.
- 1160 Білдім келген шапқыншыдан түскен басқа өмір күзін,
Депті патша: «Жеткіз Күнді, жарық қылған жердің жүзін.
Кешіктірмей, қошаметпен, кең сарайға кіргізіңдер!»
Үстімнен көк құлағандай бір сұр боп, бір жанды жүзім.
- 1161 Қойдым сұрақ: «Көздеріңе елестеген ол қыз қандай?»
Берді жауап: «Қызды айтамыз жүзі жанған нажағайдай!»
Маған патша елестеді көкте отырған бір құдайдай,
Қалшылдадым, тәлтіректеп, не тұрып, не отыра алмай.
- 1162 Ұштым қызға, жас уызға, көздерімнен жасты төгіп,
Сыбыр еттім: «О Күн Нұры! Тағдыр бұлты басты шөгіп.
Сел топаны, жайпап бәрін, жатыр тулап, тасты соғып:
Сені әкетпек патша үйіне, жан жарасын ашты, сөгіп».
- 1163 Айтты сұлу: «Бағым сөнген, жазмыш уын уыстатты!
Аямастан саялы аспан жас жанымды қылыштатты.



Першаланған жаным жанған қашан, тіпті, тыныс тапты?
 Торға түскен сорлы басты қанжар сынса, қылыш жапты?

- 1164 Төгілсе де жас меруерті көздерінен — кеселерден;
 Тұрды сұлу, жолбарыстай, жігері өршіп еселенген.
 Жат жерлерде көп сандалып азапты ауыр кеше білген,
 Бекінді қыз, қабыл алып дерттің өртін өсе берген.
- 1165 Астағы үйге түстім барып қазнаны қойған үйіп,
 Инжу, маржан, гәуһарларды бір табаққа тердім жиып.
 Баға жетпес ділдаларды аяғам жоқ, бердім қиып.
 Қыздың жалпақ белбеуіне тіктім бәрін, — кетті сыйып.
- 1166 Сыбыр еттім: «Сағатта ауыр болар қажет. Ақ ниетім!»
 Тасаттыққа бердім байлап кереметтің кереметін,
 Шықты алдияр, болып даяр, қарсы алуға Күнсәулетін,
 Үн қатпады жас перизат, төніп төмен, жауып бетін.
- 1167 Жиылды жұрт, құйылды жұрт жан-жақтағы көшелерден,
 Дабыл қағып, сабылды ағып, жамырасты неше жерден.
 Көріп патша Құрма Ағашын пейіште еркін өсе берген,
 Салды айғай: «Бұл — Күн Нұры көшемізге нәсері енген!»
- 1168 Бұл тамаша Таң Шапағын көрген пенде көрге айналды,
 Айтты патша: «Шалғай пейіш енді бүгін төрге айналды!»
 Түс пе әлде бұл? Ұмытпасам игі еді мен де алламды,
 Бұл арудың Мәжнүнi кезуде рас кең жалғанды!»
- 1169 Жаны налып, жанына алып, білу үшін жайын қыздың,
 Айтты патша:
 «Шерт сырынды алдында ел-жұрт қайныңыздың!»
 Жайнаса да, жүзінде ару тұр таңбасы қайғылы іздің,
 Дегендей ол: терең ойға өткен шерлер жәйлі жүздім.
- 1170 Сый-сипатқа ілтифат та болмай, патша ордасында —
 Отырды ару, ойға бойлап, салып ойнақ сор басында.
 Алгүл ерні құлшырса да, мінезі ұқсап қорғасынға,
 Қиялымен жортуда еді ол мініп қасірет жорғасына!
- 1171 Су патшасы айтты жұртқа: «Сырды ұғыну — парыз бізге,
 Бұл қызда бар екі жұмбақ, түсініксіз бәрімізге:
 Бұл бір ғашық болған асық, досын тауып, нәр іздеуге,
 Бірақ дәйім телміруде, шифа болмас дәріміз де.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ҰЛТ АРХИВІ

- 1172 Я болмаса, теңсіз сұлу — асқан дана әулие бір,
Жүрегіне ләззат — шаттық, ал жай үрей, — салмайтын кір,
Алмайды ол пәледен — шер, күліп келген бақыттан — нұр,
Қиялымен көгершіндей ұшады ол тек аспанда құр.
- 1173 Құдай жазса менің балам қайтар шеттен, жеңіп жауды,
Ал әзірше сұлу мұнда жүрсін ойнап, кезіп бауды,
Үйленген соң ұғар ұлым сыры терең ғажап жанды,
Күтсін Айым кеткен Күнді кезіп шөлді, орман, тауды!»
- 1174 Ал, ханзада өжет батыр шар тарапқа даңқы кеткен,
Күшті, айбынды, сұңғақ бойлы,
жас қолбасшы жаңа ержеткен.
Бір жыл бойы жүр жорықта, бітпей соғыс, қайтпай шеттен,
Патша соған қоспақ қызды сәуле төккен айдай беттен.
- 1175 Жарқ-жүрқ еткен жиһаздарды әкелді арнап тұтқын қызға,
Күндес оның сұлу көркі аспандағы көп жұлдызға!
Неке қиып, алтын тәжді кигізді ағзам жас уызға,
Құлпырды қыз раушан гүлдей тұрған дара биік құзда.
- 1176 Айтты патша: «Апарыңдар қызды отауға дайындалған!»
Қыз нұр төкті, бейне жұлдыз, әрбір зәмат сайын жанған.
Алтын таққа отырды ару жасу біліп майырылмаған,
Патша-дағы қалды қарап қарағына қайырылмаған.
- 1177 Қойды тоғыз жас әтекті күзетуге тұтқын Айды,
Жасады ірі тамаша той сыйлап бірдей жарлы, байды.
Аруды асқақ тартқаны үшін Үсейінге бөлді пайды,
Сый қонақтар отырысты дәстүрменен алып жайды.
- 1178 Отырды жұрт, шарап жеңген, болып мең-зең, тарамастан,
Сөкті Нестан бұл жазмышты: «Кетті бақыт қарамастан!
Кімді сүйдім? Кімге қоспақ? Ой мен үміт араласқан!
Не істеу керек? Қандай жол бар? Жүрегімді жара басқан!
- 1179 Алма бетім солмауы — аян! Тұтқын тордан шығармын да!
Болмаса Арсы маған қарсы шынардай боп сынармын ба?
Дана адам, пана іздеуге орға ырғымай, құлар құмға:
Қиын сында, санам солмай, сан сайысқа шыдармын да!»
- 1180 Күзетшіге айтты Күн-қыз: «Сәт іздедім, таба алмадым!
Жат жерге жар болғаннан да, артық көрге қамалғаным.

Көрер патшаң баласына жар алам деп зар алғанын,
Думан-тойдың — бәрі босқа! Жан-жүйеме таралған мүйіз!

- 1181 Адыра қалсын тәж бен тағың! Жолым басқа мүлдем менің.
Ханзадаңыз гүл болса да көргім келмес гүлденгенін!
Мен үшін не патша үкімі? Басқа алдымда сүрлеу менің,
Мынау сәнді сарайыңда қалсам, құрыр сүлдем менің.
- 1182 Жүрегіме пышақ сұғып, кірсем суық қара жерге:
Берер патша бәріңді де тізіп байлап жендеттерге.
Одан-дағы байлықты алып тіккен мықтап бұл белбеуге, —
Қашуыма дем берсеңдер батпассыңдар қайғы-шерге!»
- 1183 Әтектерге інжу, мәржан үйді ару аямастан.
Тәжді ырғытты шексіз қымбат бағасына қарамастан.
Айтты: «Достар, дем бәріңдер жүрегіме жара басқан
Босатыңдар!» — Көздерінде ыза мен шер араласқан!
- 1184 Көргеннен соң тастарды асыл, саналарын тұман басып,
Күзетшілер кетті балқып, құптап қызды ұрандасып,
Келісті лез кетуге тез белдеріне құралды асып...
Алтын — арна пасықтыққа, ант ішсең де Құранды ашып!
- 1185 Алтын адам көзін алдап, сергелдеңге салар өмірін,
Мәңгі ұңғыт қып соңына ертіп, арамдыққа бұрар көңлін.
Өшкенге де, өскенге де салқын ғана қарар үңіліп,
Бұрып жұртты жер-тамыққа, таза аспанға — жабар жолын.
- 1186 Сорлы әтектер қызды қолдап, сарп етті мынау кешті.
Қыз киімін ауыстырып, өз киімін түгел шешті.
Той бөлмесін жанай өтіп, зытып сұлу желдей есті...
Сөйтіп, жарқын Ай, жоғалып, Аждаһаның жолын кесті.
- 1187 Қыз соңынан күзетшілер өздері де түгел қашты.
«Фатима!» — деп үрейленген шықты дауыс, есік ашты.
Қыстым, сүйдім, танып қызды, о да жылап құшақтасты,
Бірақ ару, зәресі ұшып, кірмеді үйге, жаман састы.
- 1188 Айтты Нестан «Пара қылдым тастарыңды берген маған.
Бұл істеген жақсылығың қайтсын саған бір алладан.
Қалу мұнда — хауіп мүлдем, бер бір жүйрік бұлаңдаған,
Қаша алмай тез қолға түссем, өзімізге болар жаман».




- 1189 Мен әкелген ерттеулі атқа, нұрдай жайнап, Дареджаным
Мінді қарғып, көздері ойнап ұмытқандай бар арманын.
Дедім: «Күн кеп жүгендеді жердің алып арыстанын.
Дән еккен ем, бірақ оны өз қолыммен ора алмадым!»
- 1190 Жабылды ымырт, естілді шу, саятшыдай аңды қаққан,—
Қоршады кеп біздің үйді көп сақшылар түрлі жақтан.
Оларға айттым:
«Қашқан қызды тапсаң үйден я бұл бақтан,
Басымды кеп қырқсын патша жетсін-дағы тұрып тахтан!»
- 1191 Үйді тінтіп түк таба алмай патшаға олар кетті қайтып,
Сол уақыттан патша өксуде сағат сайын шерді ұлғайтып.
Жоғалып Күн, нұрлы аспанды бұлт басқанын көріп айқын,
Еңіреуде ұдай қара киіп, аза салып, мұңын айтып.
- 1192 Қыз туралы айтам кейін, болмауы анық сөзім жалған,
Тыңда жайын кешегі ердің, құрбан етіп өзің шалған.
Мен ешкі едім! Ал чачнагир — теке еді бір иесіз қалған...
Жоқ қасиет үрейлі ер мен қызда әркімге көзін салған.
- 1193 Ерім маған жеркенішті. Ал маған кеп, болып ғашық,
Сол чачнагир — патша досы, жүрді әрдайым құшақтасып,
Ой тәйір-ай! Өтті бір сәт, мауқын бастым, ләззаттасып!
Енді оның аққан қанын көрдім — кетті шаттық тасып.
- 1194 Қатындығым билеп бойды айтқам әуел бір кенеттен,
Мен арқылы қашқандығын сұлу қыздың келген шеттен.
Ескі досым ашар еді сол абайсыз сырды шерткен,—
Сен өлтірдің, енді ол ұлан хауіпті емес мәңгі кеткен!
- 1195 Кейде, еске ап ол бұл жағдайды, қорқытатын зәремді алып,
Сені әуелі шақырған ем, балқып, толқып, әрең барып,
Кейін қалаға оралғанын чачнагирдің дәл аңғарып,
Кездесуді басқа күнге қалдырғам-ды жарам жанып.
- 1196 Тілімді алмай сен кеп жеттің, бір ғайыптан ол да келді.
Екі серім, кездестірдің қылмысты ауыр жолда мені.
Төніп ұлан, бейне жылан, маған ажал жолдап еді.
Дедім сасып: «Бұл екі оттан сақтап тәңрім, қолда мені!»
- 1197 Тірі қалса қыз туралы ол айтар еді бар әлемге,
Ажал қаупіне айнарлар еді қан боп қатқан жара менде.

Қаһарлы әмір бұйрық берсе, кекке ашылған араны ед де
Таспен ұрып өлтіре сап, тапсырар ед қара жерге. 3023.000033

- 1198 Жәрдем бердің! Пәрменді ерім, сая болсын саған аспан.
Қалдың қорғап сұр жыланнан мені бүйтіп қара басқан.
Енді келіп дертті үрейге өртті үмітім араласқан!
Өлім қауіпін қуып мүлдем, жамадың кеп жараны ашқан!»
- 1199 Айтты Автандил Фатимаға: «Бір мәтел сөз еске түсті:
«Дұшпаннан да қатты ашынған жақын жаннан қауіп күшті!»
Саналы адам сырды да ашпас, бола да алмас жылан түсті.
Үрейленбе — чачнагир жоқ, оны асау толқын құшты!»
- 1200 Айт сен маған қыз тағдырын бастан-аяқ жасырмастан,
Сөйле көрген-білгеніңді қалдырмастан, асырмастан!»
Берді жауап Фатима да: «Қыз нұрына бас ұрды аспан,
Жоғалды Күн, жерге ең беріп, мәңгі өшпейтін —
ғасырға асқан!»





XL хикая

**НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ТҮТҚЫН БОЛҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ
ФАТИМАНЫҢ АВАНДИЛГЕ АЙТҚАН ӘНГІМЕСІ**

- 1201 «О сұм дүние! Арбаушы Ібліс күлген бізді мазақ етіп,
Сұмдығыңды ұққан кім бар, зұлымдықты жазалы етіп?
Тұтылған соң жарық Шұғла барады өмір азабы өтіп,
Бұл өмірдің соңы — шіру, өлім құшса, қаза жетіп.
- 1202 Жоғалды Күн тіршіліктің дүниесіне паң боп енген,
Жоғалды Нұр мұң мен зардың алабына таң жіберген.
Бұл жанымды шалған жалын, үзілді енді жан күдерден.
Жас бұлағы жуды, сел боп, көкірегімді қайғы керген.
- 1203 Бақытсызбын! Балларым да үйде маған жеркенішті.
Күндіз — қиял ғажап қызда, түнде —
оны ойлап көрем түсті.
Ал, Үсейін ант бұзушы, бүлдіруші елеулі істі, —
Беле алмайды енді өзіммен тән ләззатын — тәтті үлесті.
- 1204 Мені бір кеш қайғы ой жеңді. Ұясына кірді күн де,
Керуеншілер сарайына бару еді тілегім де.
Ойлап ұдай Күнкелбетті кетті сыздап жүрегім де.
«Анттан тайған адам — азғын!» — дедім, солып реңім де.

- 1205 Бақшаға енді бір жолаушы. Артына үш адам ерген.
Тұрпаттары құл тәрізді — көйлектері кенептерден.
Қоржындардың аузын ашып, орын алып бөлек жерден,
Тағамданды. Кеңес құрды — төгілді сөз нөсерленген.
- 1206 Біреуі айтты: «Мұнда бізді, демалсақ, жан қақпас беттен.
Келдік біздер шар тараптан, ал кездестік тым кенеттен.
Келдік қайдан, кімдерміз біз? Танысайық шын ниетпен!
Тағам татып, сөз бастаңдар хикаядан өткен-кеткен».
- 1207 Жаһангездер селдей тасып, кірісті бір әңгімеге,
Деді бір құл: «Алдамшы өмір жасамайды мәңгі неге?
Тілден меруерт төгем зарлап: «Қуыс сөзді әңгі!» — деме!
Ұйып тыңдап аңғарарсың дәмдіні де, сәндіні де:
- 1208 Каджетидің патшасының мен едім бір епті құлы.
Патша ағзамның кәрілік жеңген сырқатпенен өтті күні.
Ақыры ағзам дүние салды, қалды жетім бір-екі ұлы,
Жетімдерді бір жеңгесі құшағына тартты жылы.
- 1209 Дулардухт — даңқы асқан патша әйелдің ардақты аты,
Жауға ажал боп, ұлықтарға артқан оның махаббаты;
Родь пенен жас Росан — мирасқорлар өсті ер жетіп,
Каджелерге мерейі үстем болып, асты салтанаты.
- 1210 Шет патшада ханшаның бұл сіңлісі бір қаза тапты,
Қайғы жұтқан уәзірлердің бетін жас пен аза жапты:
Кім естіртер ханшаға енді жарық Күнін таза батқан?»
Айтты сонда Рошан ер майдандарда бұзған сапты:
- 1211 «Керегі не онда барып егілудің, бос сарнаудың?
Одан-дағы, олжа іздеп, тыста жолын тосам жаудың.
Сөт берсе хақ — баюым қақ, үрлеп дүлей соғыс дауылын,
Дулардухтпен барып кейін бата оқырмыз, тосар баурым!»
- 1212 Тағы айтты ер: «Кетем мен де сіздер жүрген іздерменен!»
Жүз кісі алды, дегендей-ақ: «Жан қалмасын бізге ермеген.
Күндіз-түні жолды барлап, жонды шарлап түздерде кең,
Ел тонады қалпында олар мұз жүрегін күз кернеген.
- 1213 Бір күн кеште кең белесте кеңесіп біз келе жаттық.
Кенеттен бір көрінді нұр, — ғажайып сыр, ойға баттық.

«Жерге көктен күн кеп шөккен» —

деп бәріміз таң боп қаттық,

Терең тылсым бермей сусын,

шерге шомдық, көрмей шаттық.

- 1214 Деп таластық: күн бе, ай ма — көктен түсіп, жерде туған,
Жүрдік қарсы сол бір нұрға түн түнегін серпе қуған.
Еппен қоршап орағыттық қамау үшін бұл ғажапты,
Кенет сол нұр кетті сөйлеп, қорыққан да жоқ айғай-шудан.
- 1215 Деді ол: «Сіз кім орағытып, жолаушыны қамалаған?
Ұлы теңіз патшасынан мен елші, атын сабалаған».
Ат үстінде көріп жалын саусақтарды салаланған,
Тыңдамастан Нұрды адасқан қамай бердік шамалы адам.
- 1216 Жарқын жүзді жарық Шұғла нажағайдай сәуле төкті,
Таңдай түннен үрке туған жарық қылды жер мен көкті.
Тамаша елес, наз айтқандай, таңқалдырды барша көпті,
Меруерт тістер шұғла сүйіп, қабағына ашу шөкті,
- 1217 Салт аттыға қарадық біз ай сымбатын нұрға малған,
Сездік байқап, ол тек бізге уәкілмін деп айтты жалған.
Біліп Рошак қыз екенін, жолын кесіп қоршап алдан,
Ұстады кеп шылбырынан — көрдік Күнді тұтқындалған.
- 1218 Босқа қыздан біз сұрадық: «Қандай шалғай келдің шеттен?
Қай тарапқа сапар шектің? Шықтың қандай мемлекеттен?»
Жауап бермей сорлы сұлу жылай берді солқ-солқ еткен...
Тажал Жылан Айды көрсе, аяп оны сүймес беттен!
- 1219 Біле алмадық ақиқатты — жасырды қыз сырын бізден,
Тілден балын төкпесе де, жаба алмады нұрын бізден.
Кенет ол бір өзгеріліп, ұқсатты да түрін күзге,
Жанарынан жалын шашып, қарап қойды қырын көзбен.
- 1220 Деді Рошак: «Өмірдің қыз ішкен уын кеселерден,
Анық мұның айтпастығы дерттің өртін өсе берген.
Көк қожасы, көзі шалса, көрер құлын неше белден, —
Тәңрім тағы патшамызға сыйлық тартты еселенген!
- 1221 Бұл тартуды алса алладан ханшамыздың даңқы асар,
Дуладурхты қызды қабыл етер-дағы, шалқып тасар,
Ал жасырсақ аруды одан — қаһарланып зәрін шашар,
Жолы үлкеннің алдында айып жасағанның — бағы қашар»



- 1222 Қолбасшының жарлығына қарсы болмай жанжал салып,
Төте жолмен Каджетиге Перизатты кеттік алып.
Қошаметтеп кереметті, кейітпедік сөзбен шалып,
Бірақ сұлу жүзін жылу жуа берді жасқа малып.
- 1223 Көсемге айтты: «Қарт құлыңыз сұрайды ағзам ұлықсатын!
Теңіздегі елді аралап кету еді бар мақсатым:
Алып жиһаз, Гүланшардың көру еді түр сипатын,
Істі аяқтап, тез оралып, жету қуып Рошақты».
- 1224 Мұндай қызық хикаяға тыңдаушылар құлақ түрді,
Мен қуандым таныс іске — көздерімде бұлақ тұрды.
Табам деген үміт билеп, күдік кернеп улаттырды,
Бақыт таптым, қыс көктем боп, жүрегіме жұмақ кірді.
- 1225 Жолаушыны өз қасыма шақырдым да жалбарындым,
Бастан-аяқ айт деп қызық уақиғасын жанған Нұрдың:
«Уа, ардақтым, сөздеріңнен меруерт төгіп, таңғалдырдың.
Бұлбұл бақта ән шырқаса, ең әсемін таңдар гүлдің.
- 1226 Болды менде қос бәдәуи сиқырлы істе дес бермейтін,
Ғайып түсті, тылсым күшті, басқа шауып, төске өрлейтін.
Аттандырып ол екеуін Каджетиге ескермейтін,
Айттым: «Барып кіріңіздер Нестан қызға қастерлейтін!»
- 1227 Мен оларды үш күн тостым, төртінші күн олар жетті,
Айтты: «Теңіз ар жағына Дуладурхт жауға кетті.
Шұғласымен ерттей лаулап, адамзатты майша еріткен
Ғажап қызды патша ұлына жесір ғылып белгілепті.
- 1228 «Болсын жары Росанның!— Дуладурхт жар таратқан.—
Каджетиге қайтып келіп, жиып жұртты шар тараптан!
Қосам Күнді жиеніме әуелгі айтқан шықпай шарттан!»—
Деп сапарға кетті жүріп, құрып қызға бір тар қақпан.
- 1229 Дуладурхт алды өзімен сиқырлықтың шеберлерін,
Сезгендей-ақ бұл сапарда жаудан азап шегер жерін.
Қалдырыпты қамалда да қаруланған нөкерлерін,
Байқауымша Дуладурхт сияқты емес келер бүгін.
- 1230 Қоршалынған қаласы оның тас қамалмен адам өтпес,
Дуалдар бар асқар заңғар атсаң оған оғың жетпес.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қақпасында алып кілт тұр, астында оның үңгірлі өткел,
Асқан биік мұнарада отыр сұлу күн сәулеттес.

- 1231 Мұнараны қоршайды ерлер майдандарда шыққан дара:
Он мың қыран аттан салса, жау тәніне салар жара.
Үш қақпаның әрқайсында күзетші бар тура үш мыңнан...
Тағдыр бізді сынға салмақ, бас тартуға бар ма шара!»

- 1232 Фатиманың тыңдап сөзін Автандилді ой кернеді,
Бірақ, түпкі құпиясын сақтап берік, сыр бермеді.
Қолын созып жалғыз хаққа, көкірегін нұр кернеді,
Айғай салды: «Үміт жанды, тұр тәңірім гүл бергелі!

- 1233 Кім ұнатпас сен сипаттас, бейне асыл тас, дара жанды,
Бұл әңгімең ойды билеп, ұйытқандай бар адамды,—
Қаджет жайын түгелдей шерт, енді жаным жараланды.
Өздері рух, жын болса егер, қайтеді олар жай адамды?

- 1234 Тұтқын қызға менің тағы аса түсті аянышым!
Каджі малғұн сиқыр болса, ол сұмдарға әйел не үшін?»
Фатима айтты: «Босқа сенің алма бетің жойды түсін!
Каджілер — жан, тас қамалда сақтайтұғын қайтпас күшін.

- 1235 Каджілердің күші неде? Біліп барлық тылсым ісін,
Сиқырлықтың жасайды елге барлық түрін, бар әдісін!
Айтады аңыз: айқасқан қол жеңіс таппай, көріп қысым,
Қан майданда қор боп өлер амалсыздан, қайрап тісін.

- 1236 Ол Каджілер көзді байлап, ойран етіп көк пен жерді,
Теңіздерде дауыл жасап, батырады кемелерді.
Суға батпай, отқа күймей, суалдырып теңіздерді,
Күнге орнатып қараңғы түн, түнге шашар сәулелерді.

- 1237 Адамзаттан Каджілердің тек сиқырлы күші артық,
Ал олардың денелері тіпті де әлсіз, осал, шартық».
Айтты батыр: «Жүрегімнің қуанышы кетті артып,
Өзің жылы хабарыңды жеткізген соң түптен сарқып!»

- 1238 Масайрады ол, көзден жасын тоқтата алмай нәсерлетіп:
«Ұлына адам пәледен соң шаттық лебі есер, жетіп!
Жасаушы өмір мәңгіліктен сан мың жылды күңдірентіп,—
Ұлы әміршім рақым етсе, күлер пенде күй тебірентіп!»



- 1239 Шат ер алғыс айтты аллаға, жасамай-ақ білместімі,
Нәпсісі өршіп Фатима ару қылын шертті күндестімі,
Бұрын да ол төнге дәру іздеп өзі күнде өстіпті,
Құшып енді жас қонағын, болды онымен үндес тіпті.
- 1240 Фатима ермен ләззаттасты түн көрпесін жауып үстен,
Бірақ батыр берілген жоқ оған көңлі ауып үстем.
Тинатині тұрды алдында достық балын қанып ішкен,
Аласұрды от жүрегі лаулай түсіп жалын іштен.
- 1241 Еңіреді ер, көлдей етіп көзден жасын атқылатып,
Қос жанары бейне қайық, тұңғыыққа жатты батып,
Түйді: «Арабтың Розасын қидым қалай, антты сатып,
Бұлбұл едім, құзғын болдым, өлімтікті қатты ұнатып!»
- 1242 Қара тасты балқытқандай жастары ақты ақық көлдің,
Түсті көлге, бейне нудай, көлеңкесі кірпіктердің.
Ал, Фатима рахатқа енді, ерттеп көктің көк дүлділін,
Құзғын теңер бұлбұлға өзін маңайында роза гүлдің.
- 1243 Ерте тұрып ер Автандил шомылды да гүлдеді енді,
Ханым, сыйлап, спаспетке тартты үлде мен бүлдені енді:
Киіп таза киімдерді ол тым ерекше түрге де енді,
Айтты ханым: «Алтын Айым, шерді ұмытып түрлен енді!»
- 1244 Ойлады ер: «Жасырмастан айтам түгел күйімді енді!»
Шешті-дағы тастады үстен сәудегерлік киімдерді.
Батырлардай жарақтанып жарқ-жұрқ етіп киінді енді,—
Фатима да Арыстанға сәлем-сауқат сыйын берді.
- 1245 Фатима әкеп алдына ердің қойды үйіп көп тамақты,
Автандилдің ай жүзінде күміс күлкі сылдыр қақты.
Көрмей ханым үстінде ердің сәудегерлік көк халатты,
Күлді: «Күнім! Бұл қалпыңда көрінесің тым сымбатты!»
- 1246 Шын сүйсініп Фатима да қонағынан тапты үлесті,
Тұтқын батыр тіл қатпастан езу тартып, сақтығы өсті.
Көріп ханым айбатты ерді, төсіне оның тақап төсті,
Құшақтады. Ал батырдың барған сайын шаттығы өшті.
- 1247 Тағамданып, қоштасты ер. Төсегінде, тұман басып,
Кетті ұйқыға: көрді түсте — Раушанға Шынар ғашық.

Тұрды ұйқыдан —

пасықтық пен ғашықтықта тұр арбасып:
«Фатима енді келсін! — деді, —
барады үдеп құмар да асып!»


- 1248 Ашылды есік. Қиғаш қасты Фатима енді жетті шалқып:
«О, Шынарым, аяғыңа жығыламын, кеттім балқып!»
Отырғанда ханым таяу жүрегін от өтті шарпып,
Асыл арманы аялаған қиялы ердің ұшты қалқып.
- 1249 Сонда батыр Фатимаға: «Жүрегімнің айтам зарын,
Сөздерім — у, жыландай дәл тілдерімнің төгем зәрін,
Жарам — жалын: алдыңа әкеп жәйіп түгел берем бәрін,
Ашық айтсам, мені өлтірген емес сенің көз жанарың.
- 1250 Сәудегер де керуенші емес менің мынау қара басым,
Жасырдым мен спаспеттің бар екенін Аравиясы,
Тірегі едім Ростеннің — шыққан шыңға дара ағашы,
Қарауымда барлық қазна — енді өзің бір саралашы!
- 1251 Фатимажан! Жәрдемің бер кезгіншіге келген шеттен!
Сүйдім де бір жарық Күнді, өзім өскен елден кеткем.
Махаббаттың тасқындары топан түсті селден де өктем,
Кеттім тастап Ростенді шықпай қызға берген серттен.
- 1252 Бағы сөнген досқа жәрдем беру үшін елден бездім,
Жеті жерді жарық қылған сұлуды іздеп дүние кездім.
Оны сүйген Үнді ері жаспен нұрын жойып көздің,
Арыстандай найзаға ұшқан, азапқа ауыр шыдап төзді».
- 1253 Айтты Автандил Фатимаға хикаясын қырсықты істің,
Екі иығын жапқан досын терісімен жолбарыстың:
«Біл сол батыр қайғы жұтқан, сенен шербет суын ішсін,
Қыз шаттансын, кірпіктері қанатындай ұшқан құстың.
- 1254 Фатимажан! Тұтқын қызды шығарайық шырмау тордан,
Кос ғашықты таң шапағы құшар кенет, шықса ордан.
Төгер бізге әлем алғыс, құтылса олар мынау сордан,
Кездесе Айлар, күйрер берік қатал тағдыр құрған қорған.
- 1255 Дайында тез сиқыршыны Каджетиге жетсін барып,
Жетсін барып Тариэльден қуанышты хабар алып,
Қыз Дареджан Каджет сырын ашса бізге хатқа салып,
Біліп бәрін, шығармыз біз қара түнді қаққа жарып».



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ АДАБИЕТ ҚАЗАНАСЫ

- 1256 Фатима айтты: «Құдіретті аллам! Бұл шешімің тигілі күшті,
Сегі түссе істеуім хақ мәңгі өшпейтін ізгілі істі».
Жары Үсеннің шақырғанда, қап-қара құл көмір түсті
Кірді. Айтты ханым оған: «Саған мәлім жердің үсті!..»
- 1257 Сиқыршылар ішінде өзің боласың шын жеңісті ерден,
Жебеп еппен, сақта дерттен осы, міне, еміс келген.
Тұтқын қыздың кедір-бұдыр тағдыры енді, тегістелген,
Жет сонда!» Ұшты сиқыр көлбеп, сан сапарда жеңіс көрген.





XLI хикая

ФАТИМАНЫҢ НЕСТАН-ДАРЕДЖАНҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 1258 Фатима хат жазды: «Нұрым! Жер жаһанға сәуле берген,
Сенен кенет айырылған жан, шерге шомып, әуреленген.
Сырай үндім, емес пе едің көктің қызы зәуреленген,—
Лағыл жүзбен, бал мінезбен келіп біздің дәуірге енген.
- 1259 Айтпап едің азапты ауыр хикаясын өміріңнің,
Білдім кенет тарихыңды,— гүлдері өсті көңілімнің.
Жеткіз жедел хабарыңды Тариэльге, өмірі — мұң,—
Күл көк гүлдей, бітті сәті көзден жасты төгуіңнің!
- 1260 Ер Автандил жас қолбасшы, ерлігі мен даңқы асқан,
Ел ағасы, әскер басы, кең құшағын халқына ашқан.
Шәкірті бұл Ростеннің, елден асқан салты жастан,
Кемеңгер қыз, бұл қыранға ағыт сырды шалқып астам.
- 1261 Жібереміз хабаршыны. Жағдайыңды айт, тәжді керім,
Теңіздердің аржағынан қайтпақ қашан Каджілерің?
Көп пе әскері? Әйгі ет бізге қабілетті тәж иелерін!
Күшті ме олар? Жеңе ала ма қан майданда ердің ерін?

- 1262 Каджет жәйін етіп баян бізге түгел қалдырмастан,
Жібер сәлем ғашығыңа: оны, у беріп, қандырды аспан.
Жеңіс жақын, таң да жетер, көтеріліп, сан қырды асқан,
Келер жарың өзіңменен жанын беріп, жанды ұрласқан».
- 1263 Құл ханымнан хатты алып, сиқыр болып ұшты көкке,
Деді ханым: «Тұтқын қызға айт:
босқа жылап күшті төкпе!»
Сиқыршы құл шапанының етектерін қанат қылып,
Қаршығадай зулады тез көкшіл күмбез түсті көкте.
- 1264 Ғайып болды ол, мөлдір аспан лағыл алқа тағынғанда,
Сағатында Каджетидің түн пердесін жамылғанда,
Кірді еппен қақпа жақтан — күзетші де шағын маңда,
Шаттық хабар апаруға тұтқын қызға — сағынғанға.
- 1265 Есіктері қыздың сәл бір тырс-тырс етті ашылғандай,
Шашты шайтан бейнесінде құл кірді, үрей қашырғандай.
Зәр түбіне зөре кетті кірді де арысз басынғандай:
Қыз құбылды қырмыз бетін зафран басып, жасырғандай.
- 1266 Айтты сиқыр: «Тәңрім мәңгі зарықтырмас Бәйшешекті!
Фатиманың өкілімін, хабаршымын сол себепті.
Хатты ал, оқы! Әйтпегенде бұл қапасқа жол шегет кім?
Туды Күнің! Күл, Бұлбұлым! Шер де ұрығын өлшеп екті!»
- 1267 Үңілді ару деп: «Бұл малғұн бейнесі әлде немелердің?»
Көзін жапты көлеңкесі қатар тізген жебелердің.
Хатты да алды дегендей-ақ: «Бұл жалғанда мені елер кім?»
Оқыды да егілді-ай кеп: «Туды, — деп, — нұр себелер күн!»
- 1268 Құлдан сонда сұрады қыз: «Айтты кімдер келген ерге
Бұл халімді? Менің шеккен шеріме шер тең келер ме?»
Жауап қатты: «Ол — беймәлім өзіме де, өңгелерге:
Болдың ғайып, біз мұңайып, бір сені ойлап еңрегенде!»
- 1269 Фатиманың жүрегіне ет қанжар болып қадалдың да,
Көзінен жас нөсерлеттің, тұрып жылап дәл алдында.
Содан оған жайымды айттым шайтанға өзім айналдым да,
Төңірі куә, еңреуде ол әлі күнге, — қайранмын да.
- 1270 Келді бір күн бір шетелдік дәл пейіштің шынарындай,
Айтты өзіңді ханым оған, айтса көңлі тынарындай...

Іздепті ер сені көп жыл тағдырының сыңарындай.
Сол жұмсады, мен де атылдым, бар азапқа шыдар ұлдай».

- 1271 Шапқыншыға айтты Нестан: «Шындығы бар бұл хабардың!
Кімнен білді ол екенімді ортасында дуалдардың?
Жан жарыма жетсін зары бетін жаспен жуа алғанның,
Хат арқылы білсін жөйін шын жүректен қуанғанның!»





XLII хикая

НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ФАТИМАҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

1272 Жазды Күн-қыз:

«Анамнан да артық көрген ең қымбаттым!
Тұтқын болдым, қурап солдым, жанған күн ем,
түнге баттым.
Тағдыр сыны ұмыттырды тәтті дәмін шын ләззаттың!
Аздап енді дергім сөнді себі тиіп жазған хаттың.

1273 Беріп үміт азаттыққа қасіретімді жеңілдетің,
Құздағы тас қапасында отырамын бұл Қаджеттің,
Дарбаза мен өткелдер көп — бәрінде де көп күзет тым,
Сорға біткен шоқ махаббат шын күйзелтті,— енді не еттім?

1274 Шын сұрапыл берік мынау тас қамалды жау қаласы.
Ұлықтармен кетті шетке Дулардухт, тауларды асып.
Сан сақшымен қоршаланған дуалдардың мұнарасы,
Бұл иілмес, болса-дағы қандай ердің сыбағасы.

1275 Болса да астам ер Автандил бере де алмас маған ерік,
Босқа қор боп шегер азап сертті ақтауға,— қамал берік;



Көрдi ол, рас, күн көздi ердi бұл жаһанға берген көрiк,
Ғашығымсыз шаттығым — зәр, қатал тағдыр кеткен берiп.

1276 Ашпадым да сырды саған сонау шерлi күндерде өткен,
Қарғадым да жазмышымды менi қор ғып тентiреткен.
Ал ендi өзiм жалбарынам алдыңа кеп шын ниетпен:
Ғашығымға айт:

шын мен десе, қайтсын мынау алған беттен.

1277 Жетер бiзге өткен қайғы! Жүрегiмдi жара басқан
Жандырмасын. Жанса —

өлермiн шер мен мұңнан араласқан.

Не болмақпын, жан жарыма төнсе ажал қарамастан?

Одан да өлтiр өзiң ұрып, аза салсын қаралы аспан!


1278 Тариэльге тартам сыйлық. Сұрадың — жөн! Қуанамын.
Жаулығымның шетiн жыртып жiберейiн. Дуал — алдым.
Кейде егiлiп еңрегенде сол тартумен уана алдым,
Жаулықты алсам,

дәл алдымда тұрды елестеп Шынар әр күн».





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ



XLIII хикая

НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ҒАШЫҒЫНА ЖАЗҒАН ХАТЫ

- 1279 Сүйгеніне ол жазды хатты кірпіктері қырауланып,
Сөндірердей дерт жалынын маздап жанған бұраңдалып.
Алгүл ерні інжу тісін шұғла шашқан тұр аңғарып,
Ізгі оқушым мір оғындай қалсын сөзбен құралданып:
- 1280 «Қалқам! Оқып, мән-жайымды түсінерсің мынау хаттан.
Тәнім — қалам, өтім — сия, жаным — аяз қыраулатқан.
Қағаз етіп ет-жүректі сәлем жаздым шұбарлатқан.
Біз бөлекпіз қадалған соң жазмыш оғы Шынарға атқан!
- 1281 Байқайсың ба, не ғаламат! Жалпақ жаһан шерге енген!
Төксе де күн жарық сәуле, қою нұр жоқ жерге келген.
Ғұламалар жер тылсымын шешсе де ауыр сергелдеңмен,
Шек жоқ шеккен қайғы-мұңда, өткен де аз өрге өрлеумен.
- 1282 Дүлей дүние, қатал уақыт тентіретті бұлай бізді,
Білем, алда қуанта алмас шын есіркеп құдай бізді!
Түпкі сырын жұртқа шашпай жан-сәуелешің жылайды ізгі:
Жүрегіме семсер кіріп, көрудемін ұдай күзді?!



- 1283 Сені өлі деп шерге шомдым, күңірендім, үрейлендім,
Бос күрестен қажып мүлдем, ну қайғыдан дүлейлендім!
Жасым төгем жасағанға, қуанышым үдейді енді, —
Мұң салмағы жеңілдеуін тағдырымнан тілей бердім.
- 1284 Сенің, жаным, жүрегіңнің жүзім шырын қорек еттім.
Көңліме де көркі көктем миуалы үлкен терек ектің!
Тар қапаста бір өзіңнен басқа мені жебемек кім?
Махаббатың -- гүл бақшасы жұпар шашқан керемет тым.
- 1285 Баяндайын, аялда, Айым, қилы қырсық әңгімемді,
Бұл әңгімем — мұң һәм кілең, сол мың мұңнан жан жүдеді.
Көрдім пана Фатимадан — сая тапты сәл жүрегім:
Өлем енді пәлеленді, кеше ғана ән-жыр еді.
- 1286 Қапас түндей келген төніп көрдім талай пәлелерді,
Тағдырым да қаңғыруда. Тәңірім соққы және берді.
Каджі үрейлі! Оның елге үрейлігі — дәлел енді.
Өртін жақса, оған қарсы қоя аласың кәне неңді?
- 1287 Мен қамалда. Биік оның көз жетпейтін мұнарасы,
Қамал менен мұнараның мұнар басқан шың арасы.
Қарауылды басқарады өжет те өткір ғұламасы,
Жауыз бенен ізгі айқасса, болмақ па, айтшы, жын арашы?
- 1288 Ешбір күш жоқ Каджілерді жеңетұғын бұл ғаламда,
Кенет келіп Күнім сөнсе, құшағыма түнді алам да:
Өлсең — өшем, күлге айналып, дерт өртіңде шырмалам да,
Мені ұмыт та орал елге — өзің өскен нұрлы аралға!
- 1289 Ашынып бос, қалқам, жанып қажымашы, жыламашы!
Жау бағында енді гүлдеп бола алмаспын алма ағашы,
Өмірім — түнек, құласа егер құздың биік қаршығасы —
Онда пана болмас маған мынау Каджет мұнарасы.
- 1290 Болам, Күнім, сенің Айың күн астында ішіп антты,
Мейлі үш Күн кеп арадағы бұзса-дағы, түсіп, антты!
Серттен таймас, біл,
Жұлдызың түн төнсе де құшып жатты.
Жалбарын тек жалғыз хаққа — сол бұл күйге ұшыратты.
- 1291 Тіле алладан жалбарынып — сақтай гөр деп желден, будан,
Сүмбіл шашты сүйгеніңді оттан, селді келген судан.

Қанат берсін тілегіме, азат етіп шер мен удан.
Күн серігі Ай болуға мәңгілікті белім буғам.

- 1292 Сенсіз өмір күнде де жоқ, күлген күннің сен бөлшегі!
Алып та астам арыстанның күн мен ғана келешегі,
Жүрегіме кірер жарық, сәуле ішінде көрсем сені.
Өмірім өшсе, әлдиге алар өлім мені өр де еңселі!
- 1293 Жаным — сендік, қорықпаймын да өлердегі, тіпті, азаптан,
Сөнбей мәңгі жасамақпын көр астында бетім жапқан.
Ауыр жарам сенсіз, жаным, жүрегімді түртіп шаққан,
Жалбарынам, ұмыт мені, берік мынау түскен қақпан!
- 1294 Жет Үндінің даласына, шегуде әкем құлшылықты,
Шерім — шемен: жойды дұшпан Үндістанда тіршілікті.
Жау әскерін жайпай соғып, аямастан ұршы мықты,
Жоймай естен тіпті де әстем құрап біткен бір Шыбықты.
- 1295 Қайғылы арыз айтып қайта сені тағы мазаламан.
Жүрекке жол табар жүрек, бізді тағдыр жазалаған.
Өлерімде көрейін тек қарғаларды қарқылдаған,
Тірлікте тек қосам азап азабыңа сарқылмаған.
- 1296 Өзің берген көк жаулықты, күтіп көп жыл, Құран еттім,
Шетін жыртып жіберейін, сақтап мәңгі тұмар еткін!
Көзімдей көр, деп:
«Жұлдызым, жерде жүзіп, жылап өтті»...
Төнді бізге кекті ашуы көктен жеті планеттің!»
- 1297 Бітті жазып. Сүйгеніне дайын болды қыздың хаты,
Жаулығының шетін жыртып орады қыз, жазылды аты.
Екі иықта қара бұрым — қыран құстың қос қанаты,
Кірпік қақса, аңқи түсті беттің жұпар — ароматы.
- 1298 Каджі тәріз қап-қара құл хатты алды да, көлбеп ұшты,
Зулады ағып Фатимаға. Гүланшардың шөлдеді үсті.
Масаттанды Автандил де көріп жанған сөнген істі,
Жайды қолын жасағанға. Шаттық сезім кернеді ішті.
- 1299 Ханымға айтты ер: «Ғажап! Алдым қолға бақыт жеребесін,
Рахмет саған, абзал адам бұдан артық берер несін!
Жетті сағат! Достар да енді көтеріп көк селебесін!
Ойрандауға Каджілерді дабыл қағып келе берсін!»

1300 Ханым да айтты:

«Кетсең,— қалам, бәйтеректей құрап семген,
Түнек басар, қалсам Күннен, жүрегіме нұр боп енген!
Бірақ, маған қарайлама, жет Нестанға жәрдемменен,
Қирату жөн тас қамалды, бұрын барып Каджілерден!»

1301 Айтты батыр, шақырды да Фридонның құлдарына:


«Өлік едік, қайта тудық, қиял — шаттық шыңдарында.
Сұлу жайын біліп, қандым, әңгіме көп тыңдар ұлға,
Таяу шайқас! Зер салыңдар алда да үлкен сын барына!»

1302 Дұғай сәлем Фридонға,— даңқты патша датқаңызға:
Асығамын — тартам төте. Сіз шерлі ойға батпаңыз да.
Жисын әскер. Сіздер мұны құпия етіп сақтаңыз да,
Бар дәулетті бөлем, еркің: сақтасаң да, сатсаңыз да.

1303 Адал қызмет атқардыңыз. Фридонға келемін де,
Бәріңді, рас құрмет етем, бөліп байлық беремін де.
Бәліңіздер олжаны алған, жебедіңдер керегінде,
Дат десең де, жат десең де — кейін өзім көремін де.

1304 Әзірше осы!— Көңіл қошы қожаңыздай келбеттіге!»
Тартты ол жиһаз кемесімен—алтын, маржан, меруертті де:
«Алыңыз да түгел бәрін: «Бізді спасетт тебірентті де.
Қожаңа бер мынау хатты күңіреткен жер-көкті де».





XLIV хикая

НҰРАДИН-ФРИДОНҒА АВТАНДИЛДІҢ ЖАЗҒАН ХАТЫ

1305 Жазды Автандил:

«Фридоным! Сен талаймен байқасқансың,
Күндей жайнап, жекпе-жекте арыстандай шайқасқансың,
Дінсіздерге тыйым салып, дұшпаныңмен айқасқансың,
Сәлемімді ал, қайтты ерлерің,
жауды өзіммен жайпасқан соң!

1306 Шегіп ауыр азапты үлкен енді алдымда зор үмітпен,
Мақсатыма келдім таяу көп жыл бойы, іздеп күткен.
Таптым жолды, сағат жақын, кездесуге Күнсәулетпен.
Ғашығын да шығарармыз ордан терең, біз деп біткен.

1307 Теңдесі жоқ жарық Шұғла ішінде отыр тар қапастың,
Жолым ауыр, асығып мен жүйрігіме қамшы бастым.
Раушан жүзін жуды өзені қыз көзінен аққан жастың.
Қаджілер жоқ, тек әскері ішінде отыр қамал тастың.


1308 Мен қайтадан қажырландым. Бұл хабарға шаттанайық,
Жойқын жауға, жолбарыстай, тізе қосып аттанайық!
Сен қыран құс шыңдарды алған, үрейлену — жатқа лайық.
Балауыздай тасты еріттің, от боп, жауды атқылайық.



- 1309 Асығамын саған соқпай, шын досыңның түсін жайын, 0419359430
Құтқарайық тұтқын қызды — отыр қамал ішінде Айың, 2002 0000000000
Жауды аямай жайпау үшін болсын досым, күшің дайын, —
Сенем: білем, қанды айқасқа құштарлығың мышырдайын!
- 1310 Жігіттерің ізетті екен, иілетін сөзге мүлгіп,
Әр жерде олар болды қалқан, қалды қайран өзге үңіліп.
О, мін тақпан ерлеріңе, жоқ болса алтын, жез де мүлік, —
Дана айтады: «Ізгі адамнан туар ізгі көзге ілініп».
- 1311 Көркем жүзді Автандил ер құлға хатты берді-дағы,
Күлді, жақұт ерні жайнап, мақпал шашы — жердің бағы.
Айтты сәлем Фридонға деп: «... Сарқылды шер бұлағы!» —
Тістер аппақ шапақ шашты ашылғанда ерні лағыл.
- 1312 Сөйтті де ер теңізбенен кету үшін мінді қайық.
Хош, Гүланшар, — гүл шаһары, жанына еткен гүлді лайық!
Әне, айырылып көрікті ерден Фатима да тұр мұңайып,
Халайық та қамығуда көріп болған Күнді ғайып.
- 1313 Фатима, Үсен, қалың қауым, мұңға бойлап зәбірленді:
«О, Жарық Күн, сені қайтып көре алмасақ, тәуір ме енді?
Адамға Алла жанашырға елжірейтін бауыр берді,
Не болмақпыз? Біздің үшін өзгерілер дәуір де енді!»



308 31701933




XLV хикая

**АВТАНДИЛДІҢ ГУЛАНШАРОДАН КЕТПІШ ТАРИЭЛЬМЕН
КЕЗДЕСУІ**

- 1314 Ер Автандил сол теңізден шыққаннан соң, болып сәті,
Жағаменен кетті жалғыз — құстай ұшты Ақбоз аты.
Сезіп досқа көрсеткенін бір үлкен іс парасатты,
Көкте аллаға алғыс төкті, ауып адал махаббаты.
- 1315 Күлді көктем. Шөптер жайнап, таң шығымен меруерттенді,
Роза гүлдер, ғашық болып, мың құлпыртты гүлді өртенді.
Жалын жүзді Нұр Ракка таяу келді сыр шерткелі,
Көктем исі, жұпар төгіп, беттен өбіп ерді өртеді.
- 1316 Күн күркіреп, түйіліп бұлт, жерді інжу-маржан жапты.
Гүлдей ерні ер, жақындап кеп раушандарға, құрған сапты.
Айтты: «Гүлді тамашалап, жаным менің шаттық тапты,
Гүлдей сұлу сүйгеніме тез жетуге көңілім шапты!»
- 1317 Досқа беріп ықыласын, жылай берді ер өксіп еңірей,
Тариэльді шақырса да таңқалтты ешкім жауап бермей!
Кезіп батыр көк орайлы жат өлкені, жаһангердей!
Талай барыс, арыстанды қылышымен өтті сермей.



ՀԱՅԿԱՍՏԱՆԻ
ՆԱԽԱՐԱՐԱԿԱՆ



Հ հմք. 200.



- 1318 Көріп үңгірді айтты өзіне: «Болам ермен енді бірге.
Душар болған достым қайда қайғы-шер мен пәлелерге?
Егер көрсем, жеткіземін шаттық хабар Таризельге,
Көре алмасам —
Бос сандалдым жатқан мынау жалпақ жерде.
- 1319 Қорқам, алдан тағы да аллам жіберер деп сәтсіздікті!
Көре алар ма екем досты? Әлде ол мүлдем мені ұмытты?»
Шолып түгел төңіректі, шолып түгел жер мен көкті,
Таризельді табармын ба деген үмітті ойға шөкті.
- 1320 Жақындады қалың нуға, қопаларды көктей өтіп,
Деді: «Қайда Таризелім? Өлді ме әлде ажал жетіп?»
Көрді, — нудан бір жарық нұр сәуле шашып жатты кетіп,
Досы екен ол күндей жанған, қылышы да жарқ-жұрқ етіп.
- 1321 Жатыр құлап бір арыстан. Көрінбейді тұлпар аты.
Қою қызыл қанға батқан қылышының көк болаты.
Сақтанды сәл ер Таризель естіп даусын Автандилдің,
Танып бірақ дос-туысын, ұшты атылып, жоқ қанаты.
- 1322 Семсерін ер тастай салып, сөз де айта алмай асып-сасып,
Нұрлы жүзден, көкте күнмен таласқандай, сәуле шашып,
Бауырласқан дос-інісін аймалады қойнын ашып,
Жадырады жаны елжіреп, құшақтады мауқын басып.
- 1323 Ер Таризель қуанды тым ұмытқандай ескі шерді,
Қанды жастар ну кірпікке алқызылды сәуле берді.
Қарағайдай сұңғақ батыр иілді де: «Тәубе,— деді,—
Асау тағдыр алдында өзім бүге алмаспын тіземді енді!»
- 1324 Ер Автандил азап шеккен жан досына мойнын бұрды,
Лағыл ерін ар жағынан інжу тістер мың құлпырды:
«Төңірім өзі қайта өсірмек семген кеше Раушан Гүлді,
Енді тыңда хикаясын тұтқын қыздың шашқан нұрды!»
- 1325 Айтты Таризель: «Келдің есен, қуанамын, қарашығым,
Жаным шексіз шаттыққа енді, масайрадым, жанашырым.
Көрдім — бердің дертке шифа, бастың удай жара ашуын,
Жасағанның өз қолында тағдыры адам баласының!»
- 1326 Сене де алмай бұл хабарға, қобалжып ол тіл қатпады.
Сонда Автандил көзге жас ап уақиғаны сипаттады.
Ерні гүлдей Нестан жайын біліп Таризель бұл хаттағы,
Басты ерніне қыз тартуын, шаттығы да шыңға аттады.



- 1327 Ойға шомды ол түпсіз терең, танып қыздың орамалын,
Екі көзі қарауытты, қара тұман орап алдын.
Кірпіктері, қара тудай құлап, жапты көз жанарын,
Мұндай ауыр болмас шері Қайыс пенен Саламанның.
- 1328 Жатты Тариэль естен танып, үстінен жай құлағандай:
Автандил таң. Дүние мең-зең болып, өксіп жылағандай.
Қуаныштан дулап дене, жанып күлге айналғандай,
Сағатта ауыр айбынды ерге болу керек жәрдем қандай?!
- 1329 Өрши түсті қайғы-зары күңіренумен Автандилдің,
Жапты айдындай екі көзін қанаттары жас бұлбұлдың;
Фонтан атты аспанға тік еріндерден алқызылды,
Алмас балға тиіп қатты қаны ыршыды қос лағылдың
- 1330 Деді Автандил жасын төгіп, дал-дұл етіп бетін жыртып:
«Тек делі адам жәрдем берер досқа бүйтіп болып ынтық!
Лаулап жалын өрши түсті сөндірмек ем шоқты бүркіп,—
Шексіз шаттық ойнақтатар от жүректі кенет түртіп.
- 1331 Өрескелдік ісімменен дос жарасын тым ұлғайттым,
Мынау ісім болды ағат деп енді өзіме өзім айттым.
Тәжірибеміз, қиын іске кездесе, айтар: «Енді қайттым?»
Асықпаған күлкі болмас, ой — арнасы ар-ұяттың».
- 1332 Тариэль талып жатты қамыс көлеңкесін сая қылып,
Шерлі Автандил су іздеді белді бая-шая қылып.
Босқа! Арыстан өлген жерде болған жайды баяғы ұғып,
Бүрікті сол аң қаныменен ер кеудесін саябыр қып.
- 1333 Арыстанның қаныменен бүріккенде ер кеп достың бетін,
Көрді Тариэль көзін ашып, жандай досын — күн сәулетін.
Жанған нұрдай көз жанары қаһарманның жарқ-жұрқ етіп,
Көк мұнардай өзгертті ілез спаспеттің ай келбетін.
- 1334 Роза гүлге апат жетер қонса келіп қыс қырауы,
Шілде ыстығы көктен төнсе — шыдай алмас көктем бауы;
Сары аяз бен сарша тамыз күлген гүлдің қатал жауы
Болғаннан соң пайда әкелмес бұлбұл құстың шырқағаны.
- 1335 Сондай жүрек табиғаты тұрақты боп қала алмайды:
Қуаныш пен қайғыға өлшем, туласа да, таба алмайды,
Қатал өмір аямастан шат жанға да салар қайғы,
Сұм жалғанға сенген — надан, саналыға ол саналмайды.

- 1336** Ашты хатты Тариэль де тағзым етіп тағдырына,
Ой-санасын биледі үрей солған ерді қаңғыруда.
Жасаурап көз кірпіктері, тіпті, ұқсамай таң нұрына,
Сөкті Автандил дос-ағасын сүйенді де заңды ырымға:
- 1337** «Шерлі үрейге жауып жолды, ұмыт артта қалған күнді,
Күлкіменен күнді өткізіп теру үшін алдан гүлді.
Жорық бастап абақтыдан шығарайық жанған Күнді,
Перизатқа бастаймын жол, жойып тағдыр салған мұңды.
- 1338** Тыңдап қыздан сүйінші хабар жүрегіңді шаттық керсін!
Жүйрікке мін, Каджетиге қолды басқар, — кемеңгерсің.
Қылышымыз қырғын жасап, қаджілерге өлім берсін!
Жауды жайпап, қайтқан кекті қуанышпен елің көрсін!»
- 1339** Інісінен ер Тариэль жайын қыздың сұрады енді,
Қарауытқан көздерінен жанды жайнап шырақ енді.
Шұғла тиген жақұт тастай жүзі жайнап шыға келді,
Тәңрі нұры ізгі жанға мәңгі жауып тұрар енді.
- 1340** Автандилге айтты Тариэль: «Алдыңда көп борышым бар.
Бұл тамаша жеңісіңді қостап дана, қорысын ар.
Гүлді бүркее, құлпырар да мейрімге үлкен сору ұшырар.
Нәркес көздің тыйдың жасын, шыңға шыққан торы Шынар.
- 1341** Бұл істеген жақсылығың қайтсын, жаным, бір алладан,
Енді мейрін төгер тәңірім, болса бұрын құр алдаған?»
Екеуі де атқа отырды шаттық кернеп тұра алмаған,
Қуантуға қыз Асматты мұңнан мойнын бұра алмаған.
- 1342** Отыр еді ойға шомып етегінде қыз жартастың!
Көрді ол шапқан Тариэль ерді, жарық қылып аспан астын!
Екі батыр ән шырқады бейне әніндей сандуғаштың,
Киінбестен ұшты Асма т баласындай қарлығаштың.
- 1343** Білетін қыз бұрын талай Тариэльдің еңрегенін,
Аң-таң болды енді, бүгін көріп бұрын көрмегенін.
Тәлтіректесп мас адамдай басты ол үстін жер-кеменің
Сене де алмай, сезе де алмай бақытқа асқақ өрлегенін.
- 1344** Меруерт тістен сәуле шашып екі қыран күлім қақты:
«О Асма т жан, тәжірім жебеп, бақыт үстен күнін жақты.
Табылды ізі тұтқын қыздың енді жүрек тыным тапты,
Құтқарылдық азап сордан, бойды шаттық шымырлатты!»




- 1345 Қарғып аттан Автандил де шаттығы өрлеп, түсті келіп,
Талдай нәзік қолдарымен Асма т ерді құшты келіп;
Сүйді ерді — заңғарларда кездеспей ме үстіп елік:
«Айт қыз жәйін!
Кең ғаламда жан жоқ сенен күшті дерлік!»
- 1346 Берді Автандил қызға хатты Дареджаннан-кереметтен,
Дірілдеп кеп, сыр ілмек боп, қыз хатты алды елең еткен.
Деді ер: «Қуан, табылды Нұр, тәңрім өзі жебемек кең?
Әлемде ертең қалқиды Ай ақ саулесін себелеткен!»
- 1347 Танып Асма т Дареджанның сол хаттағы қол жазбасын.
Есі кетті, тіпті ересен бір қуаныш сыйға алғасын.
Сөл тұрды да білмей бұған иланарын, иланбасын,
Деді: «Енді өрге өрлерміз тағдыр осылай ұйғарғасын!»
- 1348 Айтты қызға ер Автандил: «Шаттан, жаным,
қырға шықтым.
Жойды шаттық енді зарын зәбірлік пен жоқшылықтың.
Күн келеді, бұлттар үрікті. Қысқа өмірі зұлымдықтың,
Ал дүниеде ғұмыры ұзақ ізгілік пен жақсылықтың!»
- 1349 Үндістанның тұтқын болған хикая етіп қызын енді,
Құшақтасып бұлар тағы жүректердің күзін жеңді.
Жебелердей кірпіктерден моншақтатып жүзімдерді,
Алланы еске ап, сыр шертісті, өткендерді тізіп енді.
- 1350 Жасағанға алғыс төкті: «Дұрыс жолмен басқарасың!
Жауыздықтан қоршайсың да ізгілікті аспан астын!»
Бата оқыды Таризель де, айтып аллам тастамасын,
Асма т жайды ас, жиып үлкен кең үңгірді — баспанасын.
- 1351 Айтты Таризель спасетке: «Нұрлы өлкенің қарағайы!
Біл, сөзімде жалғандық жоқ, Аравияның жаралы Айы.
Үңгірді алғам диуалардан, болып көктің нажағайы.
Бұл хисапсыз қазна — біздік, біз әлемнің таза байы.
- 1352 Тартпайтынды бұл қазна бұрын тағдыр көмген ерді,
Аямастан мол дәулеттен енді алсақ, іс жөнделеді»,—
Деп қалмастан қыз Асма ттан үңгірге ерлер енген еді,
Көрді алында шойынды есік қырықтан астам бөлмелерді.
- 1353 Ашты да есік жиды түгел мол байлықты — тартынбады,
Қараңғыда інжу, гәуһар, жақұт, лағыл жарқылдады.
Шексіз қазына жатыр сыймай, төрізді емес сарқылмалы,
Үйді аямай ақ алмас пен ат басындай алтындарды.

16035940
010-11701033

- 1354 Үңгірдің бар қырық бөлмесі, ашсаң ішін — байлық толған,
Неше түрлі сауыт-сайман, тізіп қатар, саппен қойған.
Қару-жарақ таудай-таудай үйіліпті қоймаларда,
Көзді тартты бір зіл сандық, аузында кілт, жерден ойған.
- 1355 Үстен жазған: «Мұнда сайман, не бір ғажап таңқаларлық!
Телпек, сауыт, өткір қанжар — алмасы асыл бессориялық.
Каджі айқасса диюлармен — бұл құралдар тек соларлық,
Мұқтаждар тек ашсын мұны, патшалардан алып жарлық».
- 1356 Бұзып кілтті алды бұлар үш батырлық сауыт-сайман,
Жаудың қолы батпауы үшін айдалада ашса майдан.
Телпек — қорған, қылыш — жауға үрейлірек нажағайдан,
Бәрі осының соғыс үшін әкелінген түрлі жайдан.
- 1357 Сауыттарын киді ерлер — тұрды үңіліп жаршыл аспан!
Асыл құрыш ерге қалқан сәтте жаумен қарсыласқан.
Өткір қылыш шөптей қырқар темірді де балқытпастан,
Ерлерге, рас, қару қымбат құр інжуден, алтын, тастан!
- 1358 Қорытты ерлер:
«Шер мен мұңға тыйым салар уақыт болды.
Тәңірім өзі енді бізге көрсете алар бақыт жолды», —
Деп екеуі құралды алып, алды-арттарын түгел шолды:
Бір бөлегін буды жеке қуантуға Фридонды.
- 1359 Алып біраз іріктеулі алтын мен тас кесектерін,
Тапты кейін үңгір менен бөлмелердің есіктерін.
Айтты Автандил: «Өткір қылыш өркендетпес өшіккенін!
Түнді өткізіп, таңсәріден аттанамыз, несіпті ерім!»
- 1360 Көр, суретшім, алдыңда тұр екі қыран елден асқан,
Бұл Қос Күнді жалпақ жерге нұр шашсын деп
берген аспан.
Екеуі де айбынды алып, қан майданда өрге басқан,
Ажал оғын дайындауда каджілерге көрге қашқан.





XLVI хикая

**ТАРИЭЛЬ МЕН АВТАНДИЛДІҢ НҰРАДИН-ФРИДОНҒА
АТТАНУЫ**

- 1361 Таң атты. Ерлер сапар шекті Фридонның ордасына,
Кезекпенен қызды екеуі мінгестірді жорғасына.
Бір уыстай беріп алтын алды үшінші ат жолда асыға,
Жол бастаушы Автандил де балқуда ұқсап қорғасынға.
- 1362 Табын жылқы-арғымақты екі арыстан ұшыратты,
Патша малы екендігін сол бір сәтте-ақ түсіне апты.
Айтты Тариэль жан досына: «Бір топ үйір қысырақты —
Кетсек қуып, жетер патша, шайқаспақ боп, ішіп антты.
- 1363 Патша аттарын біз қуайық. Көріп бізді анадайдан,
Шабар Фридон әскерімен ашу үшін қанды майдан,
Кейін, бірақ, танып бізді қуанар, деп: «Келді қайдан?
Орынды өзiл түзетпей ме түзу жолдан жанды тайған».
- 1364 Жақсы аттарды таңдап тауып, салды олар бұғалықты,
Жылқышылар от лаулатты, көріп озбыр бұ халықты:
«Ғажап! Біздің Фридонға қарсы ер жерде туа алыпты!
Ешкім тізе бүктіре алмас: майданда ашық жығар мықты».



- 1365 Жасап үрей, бейне дүлей, қуды екі ер малшыларды.
Аламанды көріп төнген патша да атын қамшылады:
«Жәрдем! Жәрдем! Тез жет бізге өлкеміздің шам шырағы!
Қауіп күшті!» — деген сұсты селк еткізді жар Шынарды.
- 1366 Ұшты патша тұлпарымен ақ тұйғындай алас ұрып,
Әскерлері қалды артында — көрген бе ол жан асырып?
Танып, бірақ қос қыранды құйындатқан таласа ырғып,
Жан достарын білді Фридон бара жатқан сәл асыр ғып.
- 1367 «Хош келдіңіз, қымбат туыс!» — деді әмірге Тариэль де,
Нұрадин күлді келіп таяу жалғыз жаны жарым ерге:
Қанжарлассақ, жаным, бізге күлер жас та, көрілер де,
Одан да біз той жасайық — шаттыққа әзір дәрі менде!»
- 1368 Батырларға ер, сызылып кеп, ілтифатпен тізе бүкті,
Құшақтады достары да көрсетісіп ізгілікті.
Дұға оқып, деді патша: «Әділ аллам ізгіні ұқты!» —
Бектер де кеп сүйді ерлерді:
«Ұмыттық, — деп, — біз күдікті».
- 1369 Дауыстады ер Фридон: «Құса болдым мен сарғайып,
Қалған күнім — саған құлдық, бар десеңіз сардарда айып!»
Екі Күнге кездесті кеп Жарық Жұлдыз таңғажайып,
Достар жүзін таң шапағы нұрландырды маңға жайып.
- 1370 Нұрадиннің шатырына кірді ерлер төрелермен,
Патша жақын отырғызды спаспетті ере келген.
Дәл төрінде алтын тахта — ер Тариэль ерек елден!
Қабылдады қаруларды Нұрадиндей көне мерген.
- 1371 Айтты Тариэль Фридонға: «Әкелдік біз аз затты арнап,
Диюлардың бар байлығын келсек алып, жол ұзармақ».
Патша оларға тағзым етіп, патшаға енген әскердей нақ,
Деді:
«Мұндай байлықты мен көргенім жоқ қолмен қармап!»
- 1372 Жабылды ымырт. Дем алды ерлер Фридонның сарайында,
Таңсәріде моншаға енді шомып күннің арайына.
Ұлы патша сол бір сәтте ұқсап ұлық малайына,
Әсем киім-бұйымдардың тартты ерлерге талайын да.
- 1373 Айтты ерлерге: «Ағат, рас, түсіп қожа әбігерге,
Қонақтардың бұзса ұйқысын — боялғандай жаны кірге.



Сәл кешігу, бірақ, — қылмыс. Ерте мен кеш бәрі бір ме?
 Басқа лаж жоқ, қосайық тез каджілерге барып ірге.

- 1374 Әскерлердің аламыз біз екі-үш жүздей батылдарын,
 Қан майданда қалың жауға жолбарыстай атылғанын.
 Ең алдымен ойрандасақ каджілердің батырларын,
 Шығар, күліп, шұғла шашып, бізді мұңға батырған Күн!

- 1375 Сол сұрапыл Каджетиде ертеде бір болғаным бар,
 Жартасқа ұқсас күмбездерді үрейлене шолғаным бар.
 Тек тосыннан, жасырынып, қапылыста төнбесе онда,
 Беттетпес те кілең тажал — қамал іші толған олар».


- 1376 Патша сөзін мақұлдасты. Фридон да мінді атқа.
 Өз үйінде қалдырды да, тартты сыйлық қыз Асмаатқа;
 Қаруланып үш жүз әскер бір кісідей тұрды сапқа.
 Сабыр еткен ақыр жетер мұрат пенен салтанатқа.

- 1377 Жат теңізден өтті де лез жорытты ерлер күн-түн қатып.
 Барлаушы да жіберді алға жау жағынан тың тыңдатып.
 Достарға айтты ол:
 «Каджа — жақын. Түнге әзірше ол тұр сыр айтып.
 Тоқтау керек сақтық үшін! Ұяға күн кірсін батып».

- 1378 Қорытты ерлер, Фридонның сөзіне ізгі жүгінді де,
 Жылжыды алға, аялдамай, жету үшін бүгін Гүлге.
 Аңғарды алған заңғарланған көзге қамал ілінді де.
 Жатыр бейқам сақшылар да, жалғап қосып түнін күнге.

- 1379 Он мың сақшы жүр күзетіп қамалға енер үңгір алдын,
 Арыстандар көрді: ай қалқып, түнін қуған бұл қамалдың.
 Қорытты ерлер: «Бір әдісін таппаса ерек, жынды алар
 кім, —
 Көсемге ерсе, білеміз біз жүз батырдың мыңды аларын».





XLVII хикая

**ФРИДОН МЕН АВТАНДИЛДІҢ ЖӘНЕ ТАРИЭЛЬДІҢ КАДЖЕТ
ҚАМАЛЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ МӘЖІЛІСІ**

- 1380** Нұрадин айтты батырларға: «Тыңдаңыздар уағызымды:
Шағын күшпен қорқам каджі сындырар деп сағымызды;
Бос даурығу күштіміз деп көркейте алмас тағы бізді,
Ал қоршаумен жеңбек болсақ, жояр болашағымызды.
- 1381** Жас кезімнен үйрендім көп айла, әдістің әрбір түрін,
Қарғу, ырғу өнерінің қалдырғам жоқ бір де бірін:
Тартқан биік арқандармен тайсалмастан талай жүрдім,
Құрбыларым көре алмайтын сақтаушы еді жүрек кірін.
- 1382** Кім бар шебер анау дуал тістеріне арқанды алып —
Іле алатын байлап жақсы? Болсаң, тұрмай, бар қамданып!
Ашылса сәл маған сүрлеу сол дуалға арқандалып,
Ішемін ант, жау станын қиратуға талқан салып.
- 1383** Қалқанды алып қаруыммен тұңғыыққа түпсіз терең,
Түсем де ырғып, құйындай боп,
жаудың қашқан соңына ерем.
Сол уақытта алас ұрып дабылыма тез жетіңдер,
Қарауылды қырамын да бас қақпаны ашып берем!»



0419359430
3.02.0000000000

- 1384 Айтты Автандил:
«Патшам! Сенің қайтпаған-ды жаудан бетің,
Жарақатты болған емес сенің бұлшықтанған етің,
Бірақ қатер жоспарыңыз! Байқа жерден көз жететін,
Тыңда дуал сақшыларын мезгілінде сөйлесетін.—
- 1385 Күзетшілер естісе егер қару-құрал даңғырлауын,
Сені кенет мерт етер де дуалдардың аңдыр маңын.
Содан кейін жебелерден нөсерлетіп жаңбырларын,
Түндей төнер, біз көрерміз есімізден тандырғанын!
- 1386 Одан-дағы сіздер қалып, тығылыңдар, сабыр етіп,
Мен барайын жолаушыдай сақшыларды жарып өтіп.
Құралдарды қашырға артып, сөудегер боп барып жегіп,
Жау жасағын ойрандатам бар күшімді сарп етіп.
- 1387 Барам жалғыз, маған парыз қатал жауды алдап-арбау?
Сөудегер боп кірем де онда жасап алам сәл бір барлау.
Кііп кенет сауытымды, айбарланып «аттан!» салып,
Жар болса аллам,
жау шебінде бастауым хақ жылау-сарнау.
- 1388 Қақпа алдында тұрғандарды жайпап өзім лез кетейін,
Жетіп сонда сендер де онда төпеп жауды тездетіңдер.
Өтіп әрі, төгіп көрді, шабуылды өрлетіңдер...
Қостар бұл бір шешімді әділ, болса әділ жер бетінде ер.
- 1389 Деді Тариэль: «Екеуің де ерлерсіңдер қайтпас беттен!
Сізден асқан қыран бар ма іздесек бұл планеттен?!
Қынабынан қылышты алып, «майдан!» дейсіз шын ниетпен,
Керек сізге үшінші дос сағатта ауыр келіп жеткен.
- 1390 Менің сізге тиер пайдам, қажып, рас, жүрсем де арып,
Қорқам бірақ, соғыс шуы ғашығыма жетсе барып:
Қарар төмен мұнарадан, сонда даусым жерді жарып —
Таңғалтпаса сүйгенімді, неге керек мынау жарық?!
- 1391 Өз ісіме мен жауапты — пікірлерім дұрыс менің!
Жөн, жорыққа бастап өзім, таңсәріден кіріскенім.
Қапыда жау білер сонда бал орнына у ішкенім,
Дұшпан қанын судай төксем, әйгі болар бұл істерім.
- 1392 Тықсырамыз қоршап жауды қан майданға қызу кіріп,
Тұңғыш мақсат — үш қақпаны талқан етіп бұзу, кіріп,
Сонда біздің үш жүз ердің әр қайсысы жүзін қырып,
Қаджілерге төгер кәрін жанын тәннен үзілдіріп!»

- 1393 Деді Фридон: «Мақұлдаймын, айттың тура ақиқатты!
Өттең саған тарту еттім Меранымды — бұл қара атты.
Білсем егер Каджет үшін күресетін бұл сағатты,
Онда, алдыңда сыйлық тартып, болмас едім мархабатты!»
- 1394 Деді-дағы езу тартып, әзілдесіп достар күлді.
Күлді де ерлер даналы ой мен көркем сөзден төкті гүлді.
Ұмытпастан мақсатты да бірін-бірі шаттандырды,
Шабуылға мінді үшеуі асқан жүйрік үш дүлдүлді.
- 1395 Қажырланды, әзірленді, өрши түсіп сенімдері,
Мақтап тарлан Тариэльді жердің екі егілді ері.
Жігіттерден әрқайсысы алды жүзден кемінде енді,
Жер қайысты. Үш сұңқар да буды белді өлімге енді.





XLVIII хикая

**КАДЖЕТ ҚАМАЛЫНЫҢ АЛЫНУЫ ЖӘНЕ
НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ АЗАТ ЕТІЛУІ**

- 1396 Үш батырды тұрмын көріп айдан да алтын түрі артық,
Үшеуі де сәулеленген көктен күннің нұры шарпып.
Сұңғақ Тариэль, тежеп атын, айқасқа тұр ынтасы артып,
Бейне алмастай жарқ-жұрқ етті үшеуі де көзді тартып.
- 1397 Қандай күште бұл ерлерді көрсе, үрей боп, жасымай ма?
Көк, күркіреп, нөсер төксе, дариялар да тасымай ма:
Тау өзені шапшыса үдеп, ақ көбігін шашып айға,
Теңізде асау, буырқанып, туламай ма, ашынбай ма?
- 1398 Автандил мен Фридоннан табу қиын басым ерді,
Ал Тариэль қаһарланса, жайпамай ма, басып сеңді.
Жымың қақпас бір жұлдыз да, құшса күн,
нұр шашып, жерді,
Тыңдаңыздар! Майдан сырын берейін бір ашып енді:
- 1399 Майдан жонын бөлді үшке. Әрқайсына — бір қақпадан.
Үш жүз салтты жүрді ілгері — ерлер-ді ешкім мін тақпаған.
Барлаушылар кетті алға, қалпында сол тіл қатпаған.
Үш қаһарман шықты жолға жүйріктермен бұлғақтаған.

- 1400 Жүрді алға тізбектелмей. Батырлар да жанды күндей,
Сақшылар да жатты мүлгіп, жайпарылар лалды гүлдей.
Каджімерді қара басып, жасайтұғын қамды білмей,
Жез телпекті салттылардың жеткендігін қалды білмей.
- 1401 Тебінгілеп тұлпарларын телпекті ерлер дүлейленді,
Қақпа алдында қарауыл да сасып, қашып, үрейленді.
Бастарына пәле орнатып, каджілерді жүндей төпеп,
Азан-қазан әлекет қып жау жасағын күрей келді.
- 1402 Каджілерге түсті бүгін қатал тағдыр жеребесі:
Күнді жапқан Кроностың жерге жетті көлеңкесі,
Түн салбырап төмен төніп, қашып жерден таң сәулесі,
Таудай-таудай жатты үйіліп пәршаланған жау денесі.
- 1403 Дұшпанға үрей — Тариэльдің күркіреген дауысы қатты,
Жыртты, шапты ол сауыт, қалқан және талай қорамсақты.
Кірді қаптап қалаға ерлер, кірді басып барлық жақты,
Дуал тасын тау ғып үйіп, жауды турап, дабыл қақты.
- 1404 Ер Автандил Фридонға алас ұрып, жетті сасып,
Зәресі ұшып жау жеңілді, қан төгілді судай тасып.
Барыс тонды ерді іздеп, шақырысты айғайласып:
«Қайдасың, дос ер Тариэль? Даусың шығар, хабарласып».
- 1405 Бірақ шықпай даусы достың, іздеп кейін бұлар барды!
Көрді құлап, жайратылған, қиратылған дуалдарды.
Көрді сынған телпектерді, көрді өшкен ұландарды:
Өліпті он мың жау әскері — қан кеп жапты бұл аңғарды.
- 1406 Сақшылар мен барлаушылар жатыр жайрап, дүние салған,
Қирап, сынып қалқандары, арам төніп қанға малған,
Кілттер күйреп, қақпалардан топсаларды жұлған, алған,—
Бәрінде де Тариэльдік алып қолдың ізі қалған!
- 1407 Жерді тесіп салған жолмен өтті ерлер мұнараға;
Енді Аждаһа үстемдік қып келмес Айға, бұл араға!
Жалаң басты Тариэльмен құшақтасты Шынар Ағаш,
Төс, еріндер тақаспастан өткен талай жыл арада.
- 1408 Қуаныштың жастары ыршып, қанып құрыш құшақтасты:
Шолпан менен Зурә жұлдыз шағылысты — шуақ басты.




ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТ АРХИВІ

Күн Нұрына Қырмызы кеп — шұғла жұтып, тұрақтасты,
Жүректердің түнегіне таң сәулелі шырақ шашты.

- 1409 Ер Таризель сүйді құшып Дареджанды, иілді де,
Аймаласып, айға да асып жеңісті іске сүйінді де.
Қос батыр да көріп жайды, бір сәл тұрып түйілді де,
Ғашықтардың ұқсатқандай болды ендігі күйін гүлге.
- 1410 Төңкеріп көз достарына ару Нестан езу тартты,
Алғыс төкті Күн мен Айға орындаған достық шартты.
Еңбегі мол ерлерді қыз аймалады, қысып қатты,
Автандил мен Фридонның Күнге, гүлдей, ынтасы артты.
- 1411 Пейіште өскен қарағайдай Таризельді дәріптесті,
Тұрды ол мүлгіп, нұрға сүңгіп, айдай туған жарып кешті.
Өздері астам арыстандай, ал жаулары — сарық да ешкі:
«Қайран қамал қанға батты, өлді сансыз ғарып!» — десті.
- 1412 Үш жүз ердің қамалға енген ден жартысы дүние салды.
Қаза қайғы Фридонға, бірақ жеңіс — күй қоса алды.
Жау жағының қалғандарын қайта қырып, түйресе алды,
Мол қазына қолға түсіп, бөлді реттеп, — үйлесе алды.
- 1413 Артты жүкті әкелді де қашырлар мен түйелерді,
Жақұт, гәуһар, меруертті де тау төбе ғып үйе берді.
Бар мүлікті болғаннан соң керуенге тиеп енді,
Отырғызды бір күймеге күндей қызды киелі енді.
- 1414 Алпыс әскер қалдырылды күзетуге бұл қамалды,
Қосып қамал байлығына жер жұлдызы — Нестанды алды.
Сөйтіп дереу ұлы теңіз патшасына бағытталды,
Деп: «Шаттыққа енуіне Фатимаға аз уақыт қалды!»





XLIX хикая

ТАРИЭЛЬДІҢ ТЕҢІЗ ПАТШАСЫНЫҢ ЕЛІНЕ КЕЛУІ

- 1415 Ұлы теңіз патшасына шапқыншы ерден хат жеткізді:
«Мен Тариэль — дұшпанға үрей. Ойламаңыз жат деп бізді.
Нұрды әкелем жанды жеген, шық алдымнан ат жеккізіп,
Мақсат — көру өзіңді енді, аймаласын сәт кеп сізді!
- 1416 Каджі — талқан! Олжам да көп!
Ұмыттық та зарлы еңреуді!
Патшам! Сенің ізгілігің сәтті ісіме жәрдем берді.
Көрсеткен соң Фатимаңыз қызға анадай жәрдемдерді,
Алдыңызда борышым — тау! Жомартпын да пәрменді енді!
- 1417 Бар мақсатым — Сізді көру, көру сіздің мемлекетті,
Тарту ету сізге сыйға бай қамалды — сом Каджетті.
Бұл қамалдық бекініске сарбаздарын мемлекеттің —
Жіберіңіз, асығамын жанымда ару нұр сәулетті!
- 1418 Үсейінге — бас көпеске айт, жіберсін тез жамағатын,
Нестан досын — көңіл хошын — көрсін, жетсін сабап атын.
Тек Фатима болды арудың дертіне ем таба алатын,
Зарлағанда, тар қамалға сыр шертуге бара алатын!»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

- 1419 Таризельден хатты алды да, құл асығып, өмірге енді,
Өмір де ерек елең етіп, жайнай түсті, тәуірленді.
Бір аллаға мінажат қып, жүрегіне дәру берді.
Сөлден соң-ақ атқа отырды қынап белбеу сәру белді.
- 1420 Патша қызға сыйлық арнап, керуенге артты бұйым:
Қымбат жиһаз, інжу, жақұт және түрлі жібек киім.
Патшаға еріп Фатима да кетті жүріп, тастап үйін,
Қосылысқан қос Айға арнап өзір етіп тарту сыйын.
- 1421 Үш қаһарман қарсы шықты, патша ағзамды қабылдауға,
Құшақтасты. Алқақотан отырды сәл дамылдауға.
Таризельді дәріптесі, жарып кешті ол жалындауда,
Күн-қыз жайнап масайраумен қонақтарды қабылдауда.
- 1422 Фатима да мың құлпырды, көріп көркем Дареджанды,
Сүйді де айтты:
«Жаным, көп жыл жүректегі жарам жанды.
Күнің болам, өзіме енді бұл кең әлем қараң қалды!
Пәле бітіп, ізгіліктің тамырлары тарамданды!»
- 1423 Құшақтасты Фатимамен сызылып кеп сұлу Нестан:
«Жүрекке ием таң жіберді, келген еді жылынбастан.
Ұғынды аспан, масайрайын, бұрынғыдай тығылмастан,—
Көктем күлсе, раушан да күн нұрымен сыбырласқан».
- 1424 Той жасалды кереметті тым ерекше таңқаларлық,
Осы тойдың даңқы қатты тарап жатты маңға барлық.
Әскерлер мен достарға да тартты сыйлық мың қаралық,
Тарту таудай! Болды, рас, жомарттықты ел аңғарарлық.
- 1425 Үйді аямай ағзам да барқыт, кілем, жібектерді,
Алтын тахпен аялады Таризельдей тілекті ерді.
Батыл тарлан шегіне арман жетті де үдеп, түлеп берді,
Кеше ғана ол көзін ілмей, күндіз күлмей жыл өткерді.
- 1426 Нестан да алып не бір асыл бұйымдар мен киімдерді,
Патшаны үлкен алғысқа орап, сызылып кеп қиылды енді.
Сол бір сәтте төніп Нұрға бар халайық үйілді кеп,
Жүректерден шапшып атқан қанды фонтан тыйылды енді.
- 1427 Тәңрім өзі Фридон мен Автандилдей жебеуде ерді:
Сыйлық етіп тартты оларға күміс ерлі бедеулерді.

Берді және оқалы тон, алтын-кісе белбеулерді,
Суырылып шығып ешкім: «Патша сараң!» — демеуге енді.

- 1428 Ер Тариэль кетті сөйлеп: «Арналады сырым сізге,
Алдиярым — жан қиярым, шұғла шашты нұрың бізге.
Сыйлығың — тау. Мен бір асау кездескен көп бұрын күзге,
Енді ежелгі жазмышымыз қарамас-ты қырын бізге!»
- 1429 Айтты ағзам: «Айбынды ерім! Бөліп бізге назарыңды,
Көргендерге жіберіп жаз, көрмегенді аза қылдың.
Сен тәуірі пейіштегі құлпыра өскен таза гүлдің,
Кетсең тастап, өрши түсер дертті өрті азабымның!»
- 1430 Фатимаға айтты Тариэль: «Болдың қымбат қарындастай!
Борыштымын, өтеу қиын байлығымның бәрін де ашпай.
Керуендегі бар мүлікті саған тартам, тарынбастан,
Қабылдай бер! Дос жанына жол табарда жаңылмас та Ай!»
- 1431 Фатима ерге тағзым етті, қиылып кеп, ұялғандай:
«Күннің күңі ем, кетсең тастап, көз нәсерін тиям қалай?
Сенсіз өмір — өлімге тең, болам, калсаң сый алғандай,
Уа, дариха, өздеріңсіз тағы да азап жиям қандай?»
- 1432 Тариэль мен Нестан, жайнап, күндей жерге сәуле берген,
Ағытты сыр: «Аяулы әмір, асып жатқан дәурені өрден!
Біреуге ән-күй, шаттық төксе, біреуге аллам әуре берген.
Ұлықсат ет! Үндістанға қайтсын Айың Зәуреге ерген.
- 1433 Достасса да, сағатта ауыр айрылмайтын адам бар ма?
Беріңіз бір үлкен кеме: алда асу мен қамалдар да!»
Айтты, патша: «Сізден қалу — өзіме өлім, амал бар ма?
Аттаныңдар! Менің лаулап жана берсін жарам жанда!»
- 1434 Қонақтарға су патшасы бір керемет кеме берді.
Аллаға алғыс төккен Ай, Күн тағдырына не дер енді?
Еңреді ел. Кеткендерге көкпен күн нұр себе берді.
Ал Фатима, бұлтқа бойлап, көзден жасын төге берді.





Л х и к а я

**ТЕҢІЗ ПАТШАСЫМЕН ҚОШТАСЫП, ТАРИЭЛЬДІҢ
НҰРАДИН-ФРИДОННЫҢ ЕЛІНЕ КЕЛУІ**


- 1435 Үш ер сумен Фридонның өлкесіне келіп жетті,
Келіп жетті, бір-біріне жолда достық сырын шертті.
Күлкі мен ән — сұлу нәзік — кең даланың жырын шертті,
Гәуһар, жақұт шағылысып, сөндірді кеп бұрынғы өртті.
- 1436 Асмағқа да ақбаршыны — жақтаушыны жіберткізді:
«Фридон ер достарымен жаудың күнін түнерткізді!
Бізбен бірге енді Алтын Ай — қуды аулаққа жүрек күзді,
Ызғарлы өмір өтті бастан, бастайды ізгі тілек бізді!»
- 1437 Ұзақ сапар шекті Ару шымылдықты күйме үстінде,
Қуанысып, жас баладай, ерлер шаттық үйді үстіне.
Келіп олар Фридонның еліне, даңқ жиды үстіне!
Көрмеген-ді кең дүниеде мұндай дарқан сыйды ешкім де.
- 1438 Сарайшылар бағасы артық жолбасшысын қабылдады,
Дареджанды сүйіп Асмағ құшақтады, жалындады.
Бұл айқасқан екі адамды айырар жан табылмады,
Әлемге аян көп жыл Асмағ жан жарасын жамылғалы.

- 1439 АсмаТ қызды Нестан қысты еріндерден қатты сүйіп,
Деп: «Азапқа сені салдым, тағдыр оғы батты, тиіп.
Тағзым етем енді иеме, жан-жүйеме шаттық үйіп.
Сенің мендік жүрегінде бұл өмірде артты күйік!»
- 1440 Айтты АсмаТ: «Таңқаламын бұл ғажапқа, Жарық Нұрым!
Ашты бізге жасаушымыз өткен күннің жабық сырын.
Егер ханша бақыт құшса, мен де айтармын бақыт жырын.
Құл қожасын сүю деген ескілерден қалған ырым!»
- 1441 Қыз қонаққа бас иісті терең ойға бойлап қауым:
«Жасаушымыз — бақыт таңын мүмкін емес тойлатпауы!
Сезіп тұрмыз дерт өртінің тағы бізді толғантпауын,
Құдіретті аллам қажымай ма құлдарының ойлап қамын!»
- 1442 Сүйді әлеумет батырларды түрлерімен таңқалдырған.
Өксіп Фридон деді: «Ерлерім елді аяулы сан балдырған!
Тартып төңірім құшағына достарымды жауларды ұрған,—
Аттандырды пейішке пәк шаһиттерді болған құрбан.
- 1443 Айбынды ерлер қаза тауып, түнек түнге жан батуда,
Шапағатты болар да олар жетіп жұмақ-жәннатына!
Енді өксимін, дайындап-ақ жас толқынын жарға атуға,
Әлі күнге зілдей болып жүрегімде зар жатуда!»
- 1444 Патшаға еріп қалың әскер бәрі бірдей күңіренді,
Мұндай халде тіпті де олар көрмеген-ді бұрын ерді.
Жұбатты олар: «Неге семді райхандай шырын ернің,
Одан-дағы меймандарға тыңдатайық жырын елдің!
- 1445 Бір сен үшін майданда өлсе, арманы жоқ жігіттердің,
Білгірлікпен бастап қолды, жауды жайпап жығып бердің!»
Айтты сонда ол спасетке: «Талай шыңға шығып көрдің,
Енді ұмыт өткен мұңды — істе ісін үмітті ердің!»
- 1446 Айтты Автандил, жүзім үзген кірпіктерін төмендетіп:
«Ұмытайық азапты өткен, жасап көктем, елеңдетіп.
Арыстан ер Күнді түннен шығарды, елді елеңдетіп,
Бітті қайғы! Жоғалсын шер! Мұңаймайық төмен кетіп!»
- 1447 Мұлгазанзар! Жетті керуен Фридонның қаласына,
Ән-күйменен қарсы алды елі: кәрі, жасы, баласы да.

Сырнай сарнап, барабандар дабыл қақты дәл осында.
Қабылдауға көсемді ұлы шықты алдынан бәрі асыға.

- 1448 Көпестер де көру үшін ерлерді бұл даңқы асқан
Жүгірісті. Босты бәрі тұра алмастан шалқымастан.
Қалың қауым ұшты алаңға — тағзым етті салтына аспан,
Көсемдерді көрді әлеумет кең құшағын халқына ашқан.
- 1449 Көрді-дағы патша ағзамды келе жатқан дабыл қағып,
Шықты сарай малайлары белбеулері лағылданып.
Нөсер жауды сары алтыннан тоқтамастан дамылданып,
Ділделарды теріп түгел, өріп бұл ел сабылды ағып.





LI хикая

**НУРАДИН-ФРИДОННЫҢ САРАЙЫНДА ТАРИЭЛЬ МЕН
НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ НЕКЕСІН ҚИҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ**

- 1450 Сарайында Фридонның қойылды тах паңдарға асқан,
Маржан менен Жақұт жайнап,
Автандилдей жанды Алмас та.
Түр-сымбаты — көздің көркі, ой-санасы —
заңғарға асқан —
Қырандарды қабылдады ел, шарасы жоқ таңғалмасқа!
- 1451 Қос ғашыққа күйші тобы төкті әндерін жүректерден.
Шар тараптан келді адамдар ізгі де асыл тілектермен.
Көрдi илтифат барлық мейман Фридондай білекті ерден,
Көрдi күндей Дареджанды, мың құлпырып, түлеп берген.
- 1452 Тартты сыйлық Ай мен Күнге Фридоннан — ағзамнан:
Тайтұяқтан тоғыз бөлек. Алды ару қыз бағы жанған.
Бір қос уыс меруертке қосты әкеліп тағы маржан:
Болды осылай ғашықтардың айырылған шағы зардан.
- 1453 Тариэль мен Нестанға әкеп тағы екі алтын алқа берді,
Қосып алтын алқаға сол ақ пейілін сарқа берді.
Дәріптеді Автандилдей көктем көңлі шалқар ерді,
Ол да алтын ап ат басындай, бойдан шері тарқады енді.



- 1454 Бір табақта інжу, маржан, таудай болып, жатты үйіліп,
Спаспетке шешен патша соның бәрін тартты иіліп,
Жібек, пүліш, барқыттардан берілді көп салтты киім,
Көп жиһазды көрді, таң боп, достар түгіл жат жиылып.
- 1455 Созылды той үйінде осы Нұрадиннің сегіз күнге,
Тартуларға тарту қосып болды алғандар егіз жүлде.
Беленді ел ән мен күйге кез келіп бір семіз күнге,
Сарай іші болды дәл бір айналғандай теңіз-гүлге.
- 1456 Ер Таризель Фридонға айтып бұлай, төкті алғыс:
«Сені аға етіп маған берген, жарамды емдеп, көк-ті жалғыз.
Ант ішемін, тасаттығың болу үшін еш жылаусыз,
Жүрегіме шифа таптың. Ол күлген Гүл — мынау бал қыз.
- 1457 Тапты Автандил жарама ем, тірі аруақ — елес едім,
Ісіменен көркейтермін оның да алда келешегін.
Оны, жебеп, өрге өрлетіп, өзіңменен тел өсемін,
Тірегі ердің болып мәңгі, мәңгі бауырым деп өшемін!
- 1458 Алдында оның борышым мол, жетпес күшім төлеуге де,
Ойым — оны, құдай жазса, нұрға орап, бөлеу гүлге!
Ізгі арманды орындауда басқа алладан көнем кімге?
Әйтпегенде қой бағамын я тентіреп өлем мүлде.
- 1459 Білем, — ерге алдын ала қандай жәрдем етерімді,
Еріп оған ғашығыммен Аравияға кетерімді.
Батылдықпен патша алдында мақсатыма жетерімді!
Егер тойды ол жасамаса, бойдақ болып өтерімді!»
- 1460 Автандилге бұл сертті айтты ер Фридон көңілі өскен,
Езу тартты жас спаспет көп жыл шермен сөніп өшкен.
Деді: «Жөн бе, тәуіп іздеп жоқ жараға, семіп өшкен?
Тинатин қыз Каджетте емес, қайғы-зардың селін кешкен!
- 1461 Тәңірім жебеп қыз Тинатин патшалықты басқарады,
Араб елі аясында ол зәбір шекпес қастан әлі.
Каджілерден күштілер де жас ханшадан жасқанады,
Сүйсін досым жәрдемсіз-ақ тірегі тау жас баланы.
- 1462 Алла әмірін күтем алда — жебер дәйім аспан күші,
Аяса аспан, шарықтармын, жеңбес жаудың тасқан күші,
Өлсем — болар маған киім сөнбес күннің ақ сәулесі,
Тек сол Күнге жолды тапсам, мен — бақытқа басқан кісі.




- 1463 Тариэльге айт — жоқ өзімнің қулығым да, сұмдығым да
Тәлімсімей табына алам асқақ өмір шындығына.
Бағышталған жаным жанған Тариэльден сырды ұғуға,
Жан ағамның еркін еркі мәңгі өзімді құл қылуға.
- 1464 Ұмтылады ол маған шаттық әкелуге көптен күткен, —
Көрем бұдан дос жүрегін сезім өртін ерте үдеткен.
Сұлу сөз бен өткір қанжар керек емес істе біткен,
Жалғыз ғана жасағанға бас ию жөн шын ниетпен.
- 1465 Жан досыма жәрдем беріп, көрсете алсам кең өлкесін,
Үнді тағы сақтай да алар еңсесі ерек ел өркешін.
Дареджан да жанар шамдай, қуып тағдыр көлеңкесін,
Қас дұшпанның сол кезде біз баса алармыз жел өкпесін.
- 1466 Істей алсам егер осы тілегімді күткен көптен,
Аравияға аттанамын қопшасам да әлеуметпен.
Мүмкін ханым жеңілдетер жүректегі жалынды өктем,
Ғашықтықтың қайғысымен дос жарасын алда үдетпен».
- 1467 Айтты айбынды ер Тариэль Фридонды тыңдады да :
«Тайсалмайтын қайсарыңды өзі өмірдің шыңдады да.
Авандилім өмір берген бастап дәйім нұрлы ағымға,
Борыштымын. Өзіме аян онсыз бақыт құрмауым да.
- 1468 Авандилге жеткізіңіз, сөзімді ұқсын қарсыласпай,
Ростенге сәлем беру — парыз маған, Арсыға аспай.
Кетем қалай баяғы сол ағаттықты аршыла ашпай?
Қанға ұмтылар екі көзі қарауытқан қаршыға аштан.
- 1469 Таң сәриден шығам жолға — жұрттың сөзін құлаққа ілмен!
Бұлтармастан қарсы жүзсем, меруерт шашып,
бұлақ күлген.
Алдиярдың аяуы хақ жиһанкезді жылап кірген,
Құда түсем, иілем де, Тинатинді сұрап бірден».
- 1470 Фридон кеп спасетке айтты Тариэль қорытындысын,
Баяндады алған серттен қайтпайтұғын жортушы ісін.
Авандилді ұят билеп, күйдірді-ай кеп өрт у ішін,
Деп: «Ер ағам алдиярға бой бұрды сыр шерту үшін!»
- 1471 Ер Авандил сыннан өткен досқа келді жалбарынып,
Тізе бүгіп, төмен қарап, сырын шешті сәл жарылып:
«Ростенді мұңайтпайық, барып белге қанжар іліп,
Жеңгетайлық керек пе өзі, отырса ерді жан-жары ұғып!



- 1472 Сенің ойың өрескелдеу. Асыл аға, ойланайық!
Ағаттыққа шамданса әмір, оған мінеп, қойман айып
Менің дертім оны өртеді — алдында енді жорғалайық,
Патшаға бас имегенге қазбай ма екен ор халайық!
- 1473 Патша қыздың қолын сұрау дұрыс па екен спаспетке?
Намыстанса ару Айым, болар жаным ұқсас та өртке.
Алдиярым ақ дидарын бұрса, айтам ба ұстаз деп те?
Кешпес күнә ол. Күнкелбеттім кейін өзі құшпас кеп те!»
- 1474 Жәбірленген жан жолдасын ер Таризель көтерді де,
Айтты: «Айым, кездескенбіз бұрын бұдан бетер күнге!
Қиын маған алдыңдағы парызымды өтеу мүлде,
Бар ниетім — сені итеру бақытқа үлкен жетер күнге.
- 1475 Дұрыс емес аулақтауға уақытта дос сорға батқан!
Жазмышына жақпаған жан көзден жасын сорғалатқан.
Шын дос табар дәйім жолды жүрегіңе торда жатқан,
Ал бетпақтар көк жебесін қорға да атқан, зорға да атқан.
- 1476 Білем, сенің жүрегіңмен жүрегі бір Күнкелбеттің?
Қарт қабылдар құшақ жая — не бір қапас түндерді өттім.
Кемеңгер мен төменгі ерге кінәласу — мың бейнет тым.
Ханша менен тах иесіне тағзым етер күндер жетті.
- 1477 Ізгі ісімді көрсетем де сөзбен жеңем Ростанды,
Өтінемін күн-қызбенен қос деп өрен Арыстанды.
Қалай ыстық махаббаттар хош алмақшы алыстауды!
Қосылсаңыз құлпырарсыз, көркейтерсіз Гүлстанды».
- 1478 Ер Автандил Таризельдің шешімдерін қабылдады.
Келісті тез. Одан әрі қаралы ойды жамылмады.
Ал Фридон керуенді шеруге үлкен дайындады.
Алды айбарлы нояндар мен жүйріктерді бабындағы.





ЛІІ хикая

**ТАРИЭЛЬДИҢ ҮНГІРГЕ ҚАЙТЫП КЕЛІП МОЛ ҚАЗЫНАНЫ
КӨШІРІП ӘКЕТУІ ТУРАЛЫ**

- 1479 Бізді үйреткен Дион дана сөздерінің қымбат нарқы:
«Ұлы алланың рахметі мол ұждансыздың білген парқын.
Жанына адам жаз орнатып, зұлымдықты жойған сарқып,
Мәңгіден ол күдіретті күш тұрған ұстап даңқтың даңқын».
- 1480 Ростеннің өлкесіне жүрді ерлер бетті бұрып,
Ортасында Дареджан —
Күн шұғла шашқан бұлтты сырып;
Бұрымдары сәл теңселіп, көлеңкесін тұр түсіріп,
Раушан бетке сәуле төгіп, жалт-жұлт еткен мың құлпырып.
- 1481 Отыр шұғла күйме ішінде, теңдесі жоқ, жанған бағы,
Ерлер жолда аңды қырды, ақты тулап қан бұлағы.
Көрікті ерлер көрер көзге батырлардай майдандағы,
Сыйлық тартты Дареджанға артығырақ айдан-дағы.
- 1482 Төгіп Нестан айдай нұрын жұлдыздардың жойды көркін,
Көп күн жүрді жолмен ирек кең жазықта емін-еркін.
Жылжып шөлмен, ұйқы көрмей, ала да алмай бойға серпін,
Бұрды кейін бетті тауға жартастардан киген бөркін.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

- 1483 Айтты Тариэль: «Мынау үңгір, мұнда талай жасым шектім,
Айрылдым да Күнкелбеттен жер азабын басым шектім.
Диюлардың мол байлығын алыңыздар, асыл тектім,
Аң етімен құрмет жасап, тапсын көңлін Асмап көптің».
- 1484 Үңгірге кеп кірді ерлер сыртындағы биік құздың,
Піскен бұғы белдемесін жесті, дәмін сүйіп қыздың;
Демалысып масайрасты шаттыққа үлкен тиіп тізгін,
Бата оқысты тағамнан соң құрысын деп күйік біздің.
- 1485 Үш қаһарман қатарласып, кетті қулап залды үңгірді,
Үйілуді сансыз қазына батырларды таңқалдырды.
Есіктерге Тариэльдің басқан мөрі ең берген-ді,
Бақыт пен даңқ жабуы хақ бұл байлықты меңгергенді.
- 1486 Ашты Тариэль сандықтарды қоймасындай асыл кеннің,
Көріп, таң боп, есі кетті достарының қасында ердің.
Фридонның нояндары бөлді олжаны тасып енді,
Жайып тастап үстіне үңгір алдындағы жасыл белдің.
- 1487 Айтты Тариэль Фридонға: «Борышым көп бұл сағатта,
Бірақ тосар ізгі адамды бақыт пенен салтанат та,
Мен алмаймын мынау ұшан мол олжамнан мысқал зат та!
Мейлі бәрі болсын сендік, өзіндік қой алтын тах та!»
- 1488 Ер Фридон кінәласты жан досымен — Тариэльмен:
«Сен шын дарқан —
шалқып жатқан жомарттығың жаныңа ерген.
Қуатым бар құлататын бәйтеректі барып өрден,
Кетсең тастап,— өлем, досым: шықтым еріп арып елден!»
- 1489 Дайындады керуенді бәрін жиып түйелердің,
Тариэльдің ен байлығы жетті, міне, тиелер күн.
Тарты олар бағытымен Аравиядай киелі елдің,
Автандил — Ай, Күннен шалғай! Өзегі өрт боп күйе берді.
- 1490 Саршатамыз ыстық күннің жолда азабы қалжыратты...
Бір күні әсем мұнара мен қала үйлері көзді тартты:
Қызыл, жасыл киген халық Автандилге қарсы шапты,
Мадақтасып. Қуанғаннан көздерден жас бұршақтатты.
- 1491 Ростенге беріп хабар, жазды Тариэль: «Отағасым!
Ақ ниетім — әр уақытта қуанышың болсын басым!
Үндістаннан келем шалғай ұлы өлкеңе болып ғашық,
Әкелемін көктемнің жас ашылмаған Розасын!»



1501 Фридон да бірге аттанды. Патша көзін құмар жеңді.
Танып, айтты ол: «Бұл — Тариэль — үндістандық
Шынар — Келді!»

Илді де сәлемдесті, талдай белі сынар ма енді.
Арманы өшті. Жаны елжіреп, еңіремей шыдар ма енді.

1502 Ер Тариэль тағзым етті Ростеванды етіп мадақ,
Патша да ерді сүйді қысып еріндерін балға балап;
Содан кейін от көздерін Тариэльге — алға қадап,
Деді: «Күнім! Өлем егер кетсең тастап, шалға санап!»

1503 Арыстандай алып, сұңғақ ерді көріп аң-таң қалды,
Деп: «Жеңіске жаралған ер, тұр ернінен бал тамғалы!»
Фридон да сәлем беріп, реңге еніп, жалтаңдады.
Әттең әмір спаспетті күтіп, күйіп жаутаңдады.

1504 Айтты Тариэль, сызылып кеп, Ростенге — кемеңгерге:
«О ұлы әмір! Жалғыз мені дәріптесең, шөгем жерге!
Бар емес пе бұл жағдайда тұрған биік менен де өрде,
Неге аумады ықыласың Автандилдей елеулі ерге?»

1505 Аяулы абзал шәкіртіңіз жетер қазір сәлем беріп,
Отырайық! Жасыл белді қуанардай әлем көріп.
Келмеді деп спаспетпен кінәсі бар бәлен дерлік,—
Сіз сөкпеңіз. Кешіріңіз, болса айыбым әлі емдерлік!»

1506 Ұлы әмірлер отырысты әскерлердің қоршауында!
Жанды жүзі Тариэльдің ұқсап сарай зор шамына.
Бейне жұлдыз шұғла шашып тұрған төніп барша мыңға,
Сөздерінен інжу төкті Аравияның өр шалына:

1507 «Тұрмаймын мен болуға да ақбаршысы Автандилдің,
Өз айыбын мойындап ол мені сізге аттандырды.
Ол — жайнаған жарық жұлдыз! Бәрімізді шаттандырды,
Күн боп кіріп түнегіме, тірілтті өшіп батқан Нұрды.

1508 Фридонмен жалбарынам, о, әміршім, ісің артық.
Ер Автандил мені уатты дүние кезіп, күшін сарқып,
Өзі мендей арман қуып, жойды талай жауды тарпып...
Мазаңды алман бақытсыздық хикаясын сөйлеп артық!

1509 Үш жыл, міне, Автандил мен қыз жүрегі байланысты,
Еңіреп ер кең далада құр қиялмен айналысты.
Жалбарынам, сол бір жанған жүректерді жайластырып,
Қосыңыз Сіз қошаметпен көсем еткен Айға — Арысты.

- 1510 Уа, айбынды отағасым, бұл расым — жалбарынам!..
Автандил мен Тинатиндік болсын енді қалған мұраң! —
Деді де ол қыл шылбырды мойнына сап еңіреді.
Көрген елді қайран қылды ер Таризель салған ұран.
- 1511 Састы патша, көріп жатша тәжім еткен Таризельді.
Тағзым етті қайта өзі оған, басын иіп барып енді:
«Уа, Үндістан кемеңгері! Тіпті ұлғайды зарым енді.
Мынауың не? Ер емес пе ең даңқың кеткен жарып жерді!
- 1512 Қандай жоба құрсаңыз да сөздеріңді қабылдаймын!
Қызға қаза ойласаң да, айтпан тіпті: «Жалындаймын!»
Қынжылмай-ақ айтқаныңның бәрін түгел орындаймын.
Спаспет тең патша қызға — бөспе сөзге салынбаймын!
- 1513 Кең ғаламнан таба алмаспын артық күйеу спаспеттен,
Қазір менің паң қызымның Аравияға даңқы кеткен.
Тинатин — гүл, өзім солдым, семетін де уақыт жеткен.
Мейлі айбарлы Автандилім құрсын өмір Күнсәулетпен.
- 1514 Құлды күйеу ет десең де қорлады дер мен емеспін.
Спаспеттей елеулі ерді, кемеңгерді елемес кім?
Автандилмен ерегіскен ерсіз ескен жел емеспін,
Бата беріп екі жасқа алла алдында, келеді өшкім!»
- 1515 Автандилдің жақтаушысы тыңдап болып кемеңгерді,
Алғыс төгіп, аяғына құлады кеп,— төмендеді.
Сол сәт патша ізеттікпен қабыл алып беделді ерді,
Қайран қалып күндей көркем келбетіне елеңдеді.
- 1516 Нұрадин де спаспетке қайтты сүйінші жауап алып.
Қуанды өзі, шат боларын біліп ердің, тұрған налып;
Көп кешікпей екеуі де Ростенге таяу барып,
Тағзым етті, иілісіп, түсіп аттан, жаяу қалып.
- 1517 Ер Автандил төрелер мен Аравияның қарт патшасын,
Көрді-дағы орамалмен бетін жауып, бұрды басын:
Бұлт кеп бетін жапса-дағы төкпей ме ай мол шұғласын,
Сол сияқты ердің көркін қалай тығып жасырарсың?!
- 1518 Патша ернінен спаспеттің таяу келіп сүймек еді,
Жығылды кеп аяғына бір шат сезім билеп ерді:
«Тұр, ұялма! Армансызбын, қайтып даңқың үйге
келдің», —
Деп батырды ұлы патша өткір сөзбен түйреді енді.


- 1519 Автандилді құшақтады патша туған інісіндей:
«Сен қайғыма тыйым салдың, болар ма ерлік бұл ісіндей?
Патша қыз да, кірпіктері көк садақтың жебесіндей!
Отыр күтіп! Бар Күніңе! Нұр ал одан белесімдей!»
- 1520 Автандилдің сипатына Ростеванның көңілі ауды:
Аймалады аяулы ерін қайтып келген, жеңіп жауды.
Қыз бенен тах үйрете алар айбыны асқан ерді-асауды,
Ұмтылады бақытқа ұшан көп көрген жан жабырқауды.
- 1521 Айтты Автандил Ростенге: «Келдім саған Аймен алтын,
Неге, патшам, көруге оны асықпайсың, болып салқын.
Жаныңа ал қыз патшаны, сақтап елдің ескі салтын,
Сарайыңа күн боп еніп, таң болып сол жарқырайтын».
- 1522 Нестанына шалқып, балқып бар асыл тек әлем келді,
Күндей Нестан, шұғла шашып, сызылып кеп сәлем берді.
Нысанаға жетті ерлер де: қайғы ыдырап, жара емделді,
Көп жыл қайрап кек қылышын алды ақыры өрең демді!
- 1523 Тағзым етті патшасы Араб Дареджанға жарқын жүзді,
Келбеті оның ұқсатқандай көктен туған көп жұлдызды,
Күймесінен көркем Нестан қарт патшаға соқпақ сызды,
Ағытылды, таң боп, өмір сұлу сөзбен мақтап қызды:
- 1524 «Тіл жетпейді дәріптеуге! Бұл таң, сәуле бүркіп, атқан!
Әлде жарық жұлдыз ба өзі, сызып көкті, бір күле аққан.
Күн мен Айдан қашып Шолпан қапастыққа үркіп батқан,
Енді не ол қырмызы гүл жұпар ісін бүрқыратқан?»
- 1525 Шашып шапақ, жанарлары халайыққа қадалғанда,
Көздері өткір көрге айналып, тұра алмады адам маңда.
Қызды көріп, шаттыққа еніп, даналар да, надандар да,
Қоршап Нұрды қамалады, басып батыл қадамды алға.
- 1526 Күнкелбеттің соңына еріп, жүрді Таризель — ұланы өрттің,
Қыз нұрына тең келер ме нұры жеті планеттің!
Қаламгер мен зергерлер де қызға иіліп құлап өтті.
Сарайға енді! Қуанып жұрт көздің жасын бұлақ етті.
- 1527 Сызылып кеп, Тинатинге көрсетісті қошаметті.
Бұл бір сәтте әрқайсысы ару қызды көсем етті.
Таризель, Нестан иілгенде, алғыстарын еселетіп,
Лағыл жүздер, нұрға айналып, шам сәулесін мешеу етті.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

- 1528 Тахтан тұрып жас Тинатин меймандарын қабылдады. Айтты Таризель сонда қызға: «Енді жаным дамылдады! Өтті, Күнім, көп бір күндер сен қара бұлт жамылғалы! Енді тахқа Қос Нұр келіп отырап сәт шағын қалды!» —
- 1529 Дөп, жетектеп патша қызды алтын тахқа таяу келді, Қолтыққа алып сұлу мүсін Автандилдей аяулы ерді. Қос Күн жайнап, ұмытты да көңілдегі қаяуды енді, Рамин мен Вистей күлді. О жасаған, аяң кеңді!
- 1530 Отырды Екі Ай. Қыз Тинатин қызарды сәл ұялғандай. Бір сәт ару сұрғылттанды, жасын күшпен тия алғандай. Айтты әкесі: «Ұялма, Айым! Ізгі айықпас қиянды алмай. Өтті түнек, жетті тілек, болдым көктен сый алғандай.
- 1531 Балаларым! Ғұмырлыққа ант ішіндер, серттесіңдер! Азап — артта, енді бақыт белесінде өртше есіңдер. Аялы аспан саясында шаттық күйін шертпесін бе ер! Ертең өлсем, еңрендер де: «Елге келген дерт!» — десіңдер.
- 1532 Мырзаларға айтты ол уағыз, Автандилге бұрылды да: «Мынау патшаң! Той жасаңдар, сақтап ескі ырымды да. Маған тағдыр үлес бөлді, айырбастап шырыңды — уға, Бердім төрден ерге орынды, өзім төмен сырылдым да!»
- 1533 Патша Ростен ұқты сонда сансыз сардар, ерден сөзді: «Жерге бізді айналдырсын жаратушы жерден бізді. Тахқа адалды бағала да, жоғалт көзін екіжүздің, Қауіп төнсе, жебе — жауға орнатайық шер мен күзді!»
- 1534 Айтты Таризель патша қызға — жас уызға қошаметпен: «Көк түтіндей ұшты көкке шерлі күндер кешегі өткен. Ерің — інім, ал өзіңді — әуелден-ақ көсем еткем, Жау кеп төнсе еліңе, — өзім, өртті желдей есем өктем!»





ЛІІІ хикая

**АРАВИЯ ПАТШАСЫНЫҢ ҰЛЫҚСАТЫ БОЙЫНША
АВТАНДИЛДІҢ ТИНАТИНГЕ ҮЙЛЕНУІ**

- 1535 Ер Автандил тахқа отырды қолына алып елдің еркін,
Жанында отыр Тариәлі, келтіргендей жердің көркін.
Тинатин мен Нестан бөлді келген жұрттың есі-дертін.
Қос Күн туып, таяу келіп, шұғлаға жер болды төркін.
- 1536 Патша ашып той еркесіне, өлкесіне салды жарды:
Сойды әкеліп сан жеткісіз өгіздер мен бағландарды.
Құрметтеді тартулармен мәртебелі меймандарды,
Ал қос ханша жайнай түсті, жарық қылып ойды, аңғарды.
- 1537 Табақтар мен кеселерге алтынменен мәнерленген
Толды барлық асыл тастар әкелінген әр елдерден.
Жырлай алар мынау тойды тек ұлы ақын әлем көрген!
Шырқалды әндер жүректерді күйге бөлеп, нәр-ем берген.
- 1538 Ән мен күйге, әсем биге қосылды ел сүйінді де,
Үйді ортаға асыл тас пен жасыл жиһаз киімді де.
Шөлмектерден сылдыр қаққан шарафқа ерек үйілді де,
Таң алдында тарасты жұрт, патшасына иілді де.

- 1539 Пақырлар да белшесінен ен дәулетке қалды батып;
Жауды інжулер бұршақтай боп үстіне елдің таңырқатып.
Әркім алды бұйымдар мен алтындарды жарқыратып,
Ер Тариэль — күйеу қосшы той басқарды үш күн жатып.
- 1540 Төртінші күн меймандарға келіп патша қиылды да,
Айтты: «Күндей жүздеріңнен үйіме нұр жиылды да.
О Ай мен Күн! Сізден қалып өмір сүру қиын мұнда,
Алтын сырға іздеріңнен алсақ құйып — сыйың құлга!»
- 1541 Олар айтты: «Тартуың — тау! Сыпайылық сақта, арысым!»
Төрге орнатты алтын тахты — патша үйінің мақтанышын.
Автандил мен Тинатинді отырғызды мақтау үшін.
Үйді сыйлық қонақтарға, деп: «Біз қызмет атқарушың!».
- 1542 Тойға келген меймандарды Ростеван құрметтеді,
Қошаметтеп өзі бәрін. Әлі де ойнап тұр беттері.
Тойға енгендер мол сыйлықтан үлес алмай құр кетпеді,
Автандил мен Фридонды шексіз шаттық бірге өртеді.
- 1543 Айырықша құрметтелді Тариэль мен сұлу Нестан,
Екеуіне патша Ростен кең құшағын жылулы ашқан.
Тартты тәж бен оқалы тон, таңнан үркіп сырылды аспан...
Мұндай ерек тойды жырлап жазбаған жан бұрын дастан!
- 1544 Тартқан сыйлық еді лайық екеуіне, даңқы кеткен:
Романья тастары да көзді тартқан, жарқ-жұрқ еткен,
Үйді аямай жас өріктей мөлтілдеген меруерттен,
Тартты сансыз жүйріктерді жібек жалын желпілдеткен.
- 1545 Фридонға тартты інжуді үлкен тоғыз текшеменен,
Тоғыз қара арғымақты, желмаядай, жексе — желген.
Алғыс төкті Ростен де Тариэльдей өскен ерге,
Ішсе де ол көп, мас болған жоқ, ер емес пе екшеленген.
- 1546 Той суретін бітіретін келді ретім менің енді,
Отыз күн той созылды да бар халайық көңілденді.
Сый мен құрмет мәрелі ерге — Тариэльге өмір берді.
Асыл тастар шапағынан үйге сәуле төгілді енді.
- 1547 Ер Тариэль мың құлпырып жаңа ашылған бейне гүлдей,
Досы арқылы патшаға айтты: «Отыра алман енді үндемей,




Армансыз-ақ, кетпей, сізбен қалар едім мәңгі бірге,
Әттең сонау Үндістаным семіп, шөгіп, тұр гүлдемей!

- 1548 Тойтарылмас қажырлықпен ойран салып қуам жауды,
Күйінемін, алда мақсат — талқан ету бұғауларды.
Жүру ләзім, нашар халім, сізге мәлім тұра алмауым,
Қуанышпен көрісерміз, келсем бұзып дуалдарды.
- 1549 Айтты патша: «Жалтақтардың өмірін жан жарық дер ме?
Батылдықтың жалынды оты тұрсын лаулап, жарып кеуде.
Түн орнатсын хатайларға Автандил де барып бірге...
Той жасаңыз бостандықты алып бер де ғарыштерге».
- 1550 Ал Автандил Тариэльдің алдында ішті ердің антын,
Бірақ Тариэль жан досына айтты:
«Бұзба елдің салтын.
Қал қасында Тинатиннің — Алтын Айдың, асыл затым».
Берді ер жауап: «Таппассың сөз енді мені тоқтататын!
- 1551 Жалғыз кетсең, сөзсіз, мені сөгіп қатты кіналарсың!
Деп: «Әйелге айырбастап серттен тайды ұлан арсыз!»
Сенен қалсам, жазмышымды төлкек етіп, қуанар сұм.
Қиындықта достың үшін фида болсаң, — шын адамсың».
- 1552 Гәуһар жүзі нұрға шомған айтты Тариэль езу тартып:
«Жан досымнан айрылған соң кетпей ме үдеп қайғым
артып?
Күдіктенбе жай бір сөз деп! Жояйық жат жауды тарпып!»
Автандил де әзірленді тауысты да сырын сарқып.
- 1553 Жар тасталды, жиылды ерлер майдандарда тартынбаған,
Сексен мыңдай салтты әскерлер сауыттары жарқылдаған.
Қару-жарақ — Хорезмдік. Ерлер жаудан шарпылмаған
Сапқа тұрды. Патша еңіреді қайғысы әлі сарқылмаған.
- 1554 Таң атқанша ай мен шолпан қыдырады көкте жүзіп,
Түнде оларды көру оңай төріне аспан көзді сүзіп.
Сол жүрісін екі арудың таң шапағы кетер бұзып,
Өстіп зырлап, уақытты ұрлап, кідірмей-ақ өтер қызық.
- 1555 Дәл сондай-ақ жаппар ием елді аямай ақ ниетті,
Айырмақшы Екі Күнді — жердегі екі планетті!
Алгүл өңді екі сұлу құшақтасты тақап бетті,
Қоштасты да жасқа шомып, төкті көзден меруертті.



- 1556 Деді Нестан: «Кездесіппіз шаттық емес, жылау үшін
Сүйгеніңді ап кетсем елге, өрши де алмас қуанышың.
Қайтарып тұр хатыма хат қамыққанда, жұбанышым.
О да дауа күндерде ауыр жүректерді сынау үшін!»
- 1557 Жауап қатты қыз Тинатин: «Ұлғайды енді, Күнім, жарам!
Сенен қалған сәттен бастап болар менің күнім қараң.
Онан да еніп қара жерге мәңгі сонда тыныштық табам.
Ал өзіңе ұзақ өмір берсін жалғыз хақтағалам».
- 1558 Шерлі айырылысу алдында олар көп сүйісті құшақтасып,
Дареджанға қыз Тинатин тұрды қарап, қайғысы асып.
Бір-біріне қадалысты жүректерде от лауласып...
Екеуінің мұңы дария еді тулап, жатқан тасып!
- 1559 Ростен де түнек ойдың тереңіне сонша батып,
Күнренумен болды ұдай көзден жасын моншақтатып.
Екі көлден ақты өзендер, көбік шашып, бұрқыратып,
Тариэль де ай жүзінен қан ағызды сорғалатып.
- 1560 Қоштасарда патша ерге айтты қысып төске, сүйіп беттен:
«Сенің маған басқа бағаң талай қилы күйікті өткен!
Не болмақпын зәматта осы дәтің барып қиып кеткен?
Өзің әкеп шексіз шаттық, өзің қайғы үйіп кеткен!»
- 1561 Патшаменен құшақтасты даңқты сардар Тариэль де,
Еңрегені екі әмірдің болды лезде жария елге:
«Буырқансаң, сияқты едің бұрқап аққан дария өрден,
Сал-Салдан да бақытсызбын енді!» — деді қария ерге.
- 1562 Қол қозғалды. Қару артқан жүкті керуен соңына ерді,
Көрді алда әскер Автандил мен Фридонды, Тариэльді.
Сексен мың ер құрттай қаптап қайыстырды қара жерді,
Жалғыз тілек, жалғыз жүрек қостаушы үш кемеңгерді.





LIV хикая

**ТАРИЭЛЬ МЕН НЕСТАН-ДАРЕДЖАННЫҢ ҮНДІСТАН
ПАТШАСЫНЫҢ ӨЛГЕНДІГІН ЕСТҮІ**

- 1563 Көп күн жүрді. Бір күні олар кездестірді керуенді,
Қайран қалды көрді-дағы қара киген шеруді енді:
Сәудегерлер! Қызық — ұзын шаштары да өрулі екен,
Деді Тариэль: «Сөйлесейік, шаттанамын көріп елді!»
- 1564 Сөйлеп кетті тағы батыр көш көсемін тоқтатты да:
«Неге сізде қаралы күн? Әлде тағдыр оқты атты ма?»
Керуенші айтты: «Егілуде ел бір дананы жоқтап, тынбай.
Біз — мысырлық. Сауда ісімен салған едік соқпақ мұнда!»
- 1565 Ер Тариэль білмек болып Үнді жайын керуеннен,
Қойды сұрақ: «Жүрсіздер ме жай бір сейіл-серуенмен?»
Керуенші білмейді екен үнді тілін меруерттей,
Тек арабша ағытты сыр сөз інжуін теріп өрден.
- 1566 «Баяндашы, — деді Тариэль, — халі қандай Үндістанның?»
«Үндістанда, — жауап қатты, —
басталды үлкен у құсқан күні!
Мәңгілікке қоштасуда өмір менен тұрмыстан мың,
Бақыт деген сұм бейбаққа үні де өшті тырмысқанның!»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
НАҒАРНАҒАНАСЫ

- 1567 Қазір онда ел мұңға бойлап, қайғы-шері шерге ұласқан,
Үндістанның патшасы екен ер Парсадан елден асқан,
Қызына оның бір кездерде ғашық бопты Жер мен Аспан,
Өсіпті ару көкте күндей, мінез-құлқы зерделі, астам.
- 1568 Бір жас сардар осы аруды өр сезіммен сүйгенінде,
Хорезмнен күйеу бала келіпті ұқсап күйген гүлге.
Өлтіріпті оны ер ұлан. Бірақ қыздың күтушісі —
Мыстан Давар, қаһарланып, дайындапты күйреу — Гүлге.
- 1569 Давар бұрын каджілардың келіні екен еркелеткен,
Жесір қапты: арманы ұшан, егделікке ерте жеткен.
Бұл мыстанның Нестан қызды жойған шағын, өрт үдетіп,
Үндістанның жыраулары жырлап, күйді шертеді өктем.
- 1570 Үнді елі содан бастап айырылыпты келбетінен,
Ару Айды іздеп ұлан жоғалыпты жер бетінен.
Ата-анасы қартайыпты көздің жасын селдетумен,
Барлық Үнді күңіреніпті өрге арманын өрлетумен.
- 1571 Күндей қыздан айрылған соң патша, солып, сарғайыпты,
Ән мен күй де, сән мен би де тоқтап, қайғы марқайыпты.
Ер Парсадан кірді биыл қара жердің құшағына,
Батырыпты қатал тағдыр патша мінген тар қайықты».
- 1572 Ару әйел еңіреді- ай кеп, сәудегерді тыңдап алып,
Пердесін де ол жұлып тастап, кірді күңгірт мұңға барып.
Барыс тонды ер егілгенде бір кездерде мыңды аларлық,
Күңіренді әлем, селдей тулап, көбік шашып, шыңға қарғып.
- 1573 Күннің де өзі әлгі әйелден көркін көркем жасырғандай,
Көкнәрге ұқсап иілді қыз тағдырына бас ұрғандай.
Егер жырау дәріптесе осы аруды асыл қандай,
Болар еді, сөзсіз, мүлдем жырдың құтын қашырғандай.
- 1574 Бұлбұл Гүлді әсем үнмен жоқтап, жылап егілгенде,
Тұрды ел қарап, түнекке еніп, шерге шексіз көмілгендей.
Алма бетін жуды жасы таудан құлап төгілгендей,
Күндей жүзі күңгірттенді нұрлы өмірден шегінгендей.
- 1575 Жыртып бетін жылады қыз мауқын басып, қандырғандай,
Өксіді-ай кеп көкірегін дерт жалыны жандырғандай:



«Әке-жаным! Бұзық қызың, сені тастап, қаңғырды андай,
 Өлем енді, күйреткен соң қыр соңымнан тағдыр қалмай!»

- 1576 Жанарымның жарығы едің, зарлап өткен атам менің,
 О, сұм тағдыр!
 Білмей қалдым — сен де осынша қатал ма едің?»
 Кеше ғана көкте күнмен, шұғла төккен, қатарлы едің,
 Не масқара! Енді сол бір Арыстанның жат алды елін!»
- 1577 Тоқтады ақыр екі асыл тек тағы біраз зарлады да,
 Керуен басы қалды қайран: «Неге бұлар зар қағуда?»
 Айтты Тариэль біліп жайды: «Жеткен жан жоқ арманына,
 Өлгің — бізбіз! Болдық осылай, қатал тағдыр қарғады да.
- 1578 Сөйле ер қарай!» — деді ер, төніп, таяу келіп сәудегерге.
 Айтты: «Онда, Ерім, ойламаңыз, деп:
 «Өлкемнің дәурені өрде!»
 Жер қайысқан Хатай қолы қоршап еліңді әурелеуде,
 Күйреуде Үнді! Білмей қапты Рамаздай жау келерін.
- 1579 Құр сүлдесі қалған тәріз әйелінің Парсаданның,
 Астана — әлсіз. Мөлшері де аз Рамазға қарсы адамның.
 Қанды айқаста айлар бойы өліп көбі, шаршаған мың,
 Қорға еліңді, ер, күндей лаулап:
 мен тек жай бір жаршы адаммын.
- 1580 Әлдеқашан Үндістанда жарияланды қаралы күн,
 Біз — мысырлық! Өлген — миллион,
 сарнап қалған жаралы — мың!
 Мысыр менен Хатай да енді мәңгі достық шарт тарауда,
 Себебі сол бізге Рамаз ашылмауы аранының!»
- 1581 Алас ұрды арыстандай естіп Тариэль мұның бәрін,
 Білді түгел қанға шомып, Үндістанның ұрылғанын.
 Бір тәулікте-ақ жетті Үндіге. Көрді қолдар қырылғанын,
 Ту көтеріп төнді жауға, көзбен көріп сырылғанын.
- 1582 Бір тоқсанға созылды ұрыс. Ерлерге әлем қайран қалды,
 Қырылды жау қойдай қирап, қамалдар да ойрандалды.
 Шатырлармен жапты әкеп қызыл қанға тойған маңды,
 Даурығысты шарап ішіп, үйтіп отқа жайрандарды.





- 1587 Автандил мен Фридонды сарайлықтар дәріптесті: «Сендер бізге шұғла төккен қара түнек жарып кешті. Бізге парыз қызмет істеу алдарыңа барып...» десті. Алтыдағы арғымақтан оза да алмас арық бесті.
- 1588 Айтты патша: «Білем, Асма, күйзелдің көп зарлы дерттен, Ізгі ісіңмен астың мынау дүниедегі бар перзенттен. Үндістанның бір бөлшегін енді өзіңе тарту етем, Басқар соны, ұлығым боп, абыройы — астам, даңқы кеткен!
- 1589 Таңдап елден ерге шық та биле өлкеңді шетте еркін. Басқар мәңгі патшалықты, бізді туыс ет те төркін!» Құлады Асма аяғына: «Жана берсін бетте көркім, Өзіңе, ойым, күң боп өту: кем болмаспын, өткен өрт күн!»
- 1590 Үш жарқын дос елмен бірге мереке үлкен жасай да алды. Өздерін де ел көздерімен көріп әбден масайрады. Табақта алтын, мың құлпырып, інжу, лағыл тас ойнады. Әттең кенет Автандилге төнді кеп бір асау қайғы.
- 1591 Сезіп Тариэль мұңайғанын ердің ойлап Тинатинін, Айтты: «Неге шерге шомдың, алдында өзім сыйлайтының? Білем, қайғың жетеу еді, сегізіншісі қинайтынын, Айрылыссам, сезем қайғы кеудеме кең сыймайтынын!»
- 1592 Айтты Автандил: «Көп кешікпей туған елді көрермін де, Тастап сенің астанаңды, тағдырыма көнермін де. Мәңгі саған тәуелді боп, мәңгі сен деп сөнермін де, Қонаққа кеп өзің де ұдай, нұрға оранып, бөлен гүлге».
- 1593 Берді Тариэль Ростенге арнап алтын тонды оқалатқан! Берді қымбат тастарды асыл түнді күндей жарқыратқан, Деді: «Асқан кемеңгерге бұл сыйлығым менің тартқан!» Айтты Автандил:
«Сен Күнімсің артымда алыс қалып, батқан».
- 1594 Жіберді арнап Тинатинге жанат ішік Нестандағы: Бұл ішікті киген адам жанар күндей аспандағы. Берді тағы бір асыл тас қымбат барлық тастандағы. Көзді ұялтқан күндіз де ол сәулесімен шашқандағы.
- 1595 Тастап кету Тариэльді ауыр болды Автандилге: Екеуі де шерге жүзді, ұқсап кешкі батқан күнге,



Еңіреді ерлер, ұят болды достар түгіл, жаттан мүлде.
Айтты Автандил:

«Дүние — жендет, өлім оғын атқан гүлге!»

- 1596 Нұрадин мен ер Автандил орта жолдың кезеңінде
Қоштасты да кетті тартып әрқайсысы өз еліне.
Бітті сапар, бітті қайғы, шер өртемей өзегін де,
Аравияға жетті Автандил, жетті бақыт кезегі де.
- 1597 Қарсы алды ел мемлекеттің жас патшасын —
айбынды ерді,
Көріп батыр патша қызды ұмытты өткен қайғыны енді.
Тахқа отырды, қалды артта шер мен мұңға бай күндері,
Екі абзал жан, шұғла сүйіп, бір-біріне сай гүлдеді.
- 1598 Үш қаһарман күзетті үш дәулетті бай мемлекетті,
Араласып бір-бірімен көрсетісті сый құрметті.
Бағынбаған бассыздарды қанжарменен қатты үйретті.
Жауды жайпап, жерді ұлғайтып, бейбіттікке келіп жетті.
- 1599 Әлеуметке аямастан үйіп қардай дәулет төкті,
Жарылқады жетімді де, жесірді де — барша көпті.
Тыныштық орнап дүниеде, жел де жықпай жерде шөпті,
Тіпті, жыртқыш қасқыр менен ешкіні де достық өпті.

СОҢҒЫ СӨЗ

- 1600 Болып түстей я елестей жыр жорығы тәмәмдалды,
Өлді әмірлер. Фәни дүние, сәні кетіп, жалаң қалды.
Фәни қысқа қас қағымдай. Сұм бақидың қараңғы алды.
Мен бір месх Руставиден, менен бұл жыр жаралған-ды.
- 1601 Грузиндердің құдіреті — Давид сынды күн жолдасын —
Дәріптедім ескі әдетпен, ағыттым да жыр арнасын.
Ол құйындай өтті жайпап Батыс, Шығыс екі арасын,
Досын жебеп, дұшпанының қанға бояп құнсыз басын.
- 1602 Әлемге аян Давидке сай жыр бере алмай жүргендігім!
Мынау дастан —
жат патшалар жайында өмір сүрген бұрын.
Жырға қосып тіпті олардың өскен жерін, жүрген қырын,
Күй тебrentіп өр өлеңмен, дәріптедім мүлдем бүгін.



04.03.2020
04.03.2020

1603 Дүние — жалған, үстінде оның иректелген ауыр соқпақ,
Өмір — земат, зырлап аққан: бөгелер ме дәуір тоқтап?
Бәрі босқа пенделіктің! Тағдыр жағын тұр әне оқтап.
Шафхаттықпен дүниеде екі қойнына алар ол құшақтап.

1604 Хонели де сұлу сазын Амиранға арнап еді,
Ал Шавтели Абдул-Мессиді жырмен жүйрік барлап еді.
Тмогвели Диларгетті көкке өрлетті — арманы еді,
Таризельді Руставели хикая етті зарлап енді.

С о ң ы





ТҮСІНІКТЕР

- Амилахор** — патшаның бас жылқышысы.
- Әмірбар** — соғыс-теңіз министрі.
- Әмір-спасалар** — соғыс министрі.
- Аспироз** — Шолпан планетасы.
- Аспит** — улы жылан.
- Бессор** — қымбат тас.
- Борей** — солтүстік желі.
- Вис** — Фахр Эддин Гурганидің «Вис пен Рамин» атты дастанындағы кейіпкер қыз. Бұл дастан XI ғасырда грузин тіліне «Висрамиани» деген атпен (қара сөзбен) аударылған.
- Виссон** — күреңқызыл жібек мата.
- Габаон** — Палестинадағы бір таудың аты.
- Гепард** — аңға салуға үйрететін жолбарыс нәсілді хайуандардың бір түрі.
- Гишер** — қымбат тас, қара янтарь.
- Гулаишаро** — ақынның қиялынан шыққан бір мемлекеттің аты.
- Давид** (Давид Сослани) — Тамара патшаның екінші күйеуі (1207 жылы қайтыс болған).
- Дион** (Дионос, Дионский) — кейбір ғалымдардың айтуына қарағанда, бұл философ Дион болуға тиісті. Бірақ, профессор Ш. Нуцибидзенің пікірінше, мұнда әңгіме философ Дион туралы емес, XII ғасырдың басындағы Эрос ақынның өлеңдер жинағы туралымыс.
- Дракан** — ірі күміс ақша.
- Драхма** — ұсақ күміс ақша, жарты тиын.
- Зуал** — Сатурн (Зурә) планетасы.
- Индиго** — көк бояу.
- Каджі** — ертектерде айтылатын жын-дар мен малғұндардың адам тәрізді бір түрі.
- Каджеті** — сол каджілер тұратын берік тас қамал.



- Қайыс** — Өзірбайжан халқының асқан ұлы ақыны Низами Генжеуидің «Лейлі—Мәжнүн» атты дастанының бас кейіпкері.
- Кесарь** — патша, өмір.
- Кронос** — Сатурн планетасының екінші бір аты.
- Макрион** — күйеуқосшы.
- Марих** — Марс планетасы.
- Мерани**, меран — ертектерде айтылатын қанатты қара ат (тұлпар, дүлділ).
- Месхи** — Месхетияда (оңтүстік Грузияда) тұратын бір рудың аты.
- Мүтәллим** — шәкірт.
- Муринь** — бәдәуилер.
- Мүбарак** — шифа, ем.
- Мүштар** — Юпитер планетасы.
- Нарды** — шығыс елдеріндегі дойбы, шахмат сияқты ойындардың бір түрі.
- Отарид** — Меркурий планетасы.
- Пахтанина** — сүттің майын айырганнан соң қалатын сарсу.
- Рамин** — Фахр Эддин Гурганидың «Вис пен Рамин» атты дастанының кейіпкері.
- Саламан** — сол уақыттағы белгісіз бір шығарманың кейіпкері.
- Спаспет** — әскер басы, қолбасшы.
- Спасалар** — бұл да әскери өкімдердің бір түрі.
- Тмогвели Саргис** — XII ғасырдағы Грузия жазушысы, бізге жетпеген «Диаларгетиани» атты дастанның авторы.
- Формин** — музыкалық аспап.
- Хатаури** — қытай ақшасы.
- Хатай** — Солтүстік Қытай, қазіргі Шығыс Түркістан.
- Хатайлар** — сонда тұратын бір ру.
- Хонели** — Руставелиден бұрын өткен, «Амиран — Дареджаниани» атты дастанды жазған ақын.
- Чачнагир** — жеңдет.
- Чоган** — доп ойнағанда қолданылатын қалақша.
- Шавтели** — XII ғасырдағы грузин ақыны. Оның «Абдул-Мессия» атты дастанының бұл уақытта кейбір тараулары ғана бар.
- Шір** — гүлден өрген тәж, венюк.
- Эджиб** — патша сарайында патшаның хатшысы ретінде қызмет істейтін адам.
- Эзра** — Библияның көп томдарының бірінің авторы.





М А З М Ұ Н Ы

Ғабит Мүсірепов	Алғы сөз	5
Кіріспе	13
<i>I хикая</i>	Аравия патшасы Ростеван туралы	17
<i>II хикая</i>	Аравия патшасының жолбарыс тонды батырды көргендігі туралы	24
<i>III хикая</i>	Автандилдің тәуелді ұлықтарға қалдырған хаты	34
<i>IV хикая</i>	Автандилдің жолбарыс тонды батырды іздеп кетуі	36
<i>V хикая</i>	Тариэльдің Автандилге бастан кешкен қырсықты уақиғалары туралы айтқан хикаясы	52
<i>VI хикая</i>	Тариэльдің бірінші ғашық болғандығы туралы	56
<i>VII хикая</i>	Нестан-Дареджанның ғашығына жіберген хаты	61
<i>VIII хикая</i>	Тариэльдің Нестан-Дареджанға бірінші хаты	62
<i>IX хикая</i>	Хатай патшасына Тариэльдің жазған хаты	64
<i>X хикая</i>	Хатай патшасының Тариэльге жазған хаты	67
<i>XI хикая</i>	Хатайларды жеңгеннен соңғы Тариэльдің Үндістан патшасына жазған хаты	75
<i>XII хикая</i>	Нестан-Дареджанның Тариэльге жазған хаты	79
<i>XIII хикая</i>	Тариэльдің сүйгеніне жазған хаты	81
<i>XIV хикая</i>	Нестан-Дареджанның ұрланғандығын Тариэльдің білуі	89
<i>XV хикая</i>	Тариэльдің Нұрадин-Фридонмен кездескендігі туралы	93
<i>XVI хикая</i>	Нұрадин-Фридонның Тариэльдің жәрдемімен дұшпандарды жеңуі	96
<i>XVII хикая</i>	Нұрадин-Фридонның Нестан-Дареджан туралы айтқаны	98
<i>XVIII хикая</i>	Автандилдің Аравияғы қайтып келгендігі туралы	105



XIX хикая	Ростеван патшадан Автандилдің ұлықсат сұрағандығы туралы	112
XX хикая	Жасырынып кетер алдында Автандилдің Шаймерденмен сөйлесуі	118
XXI хикая	Автандилдің жасырынып кетер алдында Ростеван патшаға жазып қалдырған өсиеті	121
XXII хикая	Жасырынып кетер алдында Автандилдің намаз оқып, жалбарынуы	125
XXIII хикая	Ростеван патшаның Автандилдің жасырын қашып кеткендігі туралы білуі	127
XXIV хикая	Автандилдің екінші рет Таризельді іздеп кетуі	130
XXV хикая	Арыстан мен жолбарысты өлтіріп отырған жерінде Таризельді Автандилдің тауып алуы	135
XXVI хикая	Таризельдің арыстан мен жолбарысты өлтіргендігі туралы	141
XXVII хикая	Автандил мен Таризельдің үңгірге қайтып келіп Ас-матпен кездесуі	143
XXVIII хикая	Автандилдің Нұрадин-Фридонға аттануы және ол екеуінің Мулгазанзарда кездесуі	148
XXIX хикая	Автандилдің Нұрадин-Фридонға келуі	151
XXX хикая	Нұрадин-Фридоннан шығып Автандилдің Нестан-Дареджанды іздеп кетуі	158
XXXI хикая	Автандилдің Гүланшароға келгендігі туралы	163
XXXII хикая	Автандилдің Фатимаға келуі	166
XXXIII хикая	Фатиманың Автандилге ауған іліфаты	167
XXXIV хикая	Фатиманың Автандилге жазған хаты	168
XXXV хикая	Автандилдің Фатимаға жауап хаты	170
XXXVI хикая	Автандилдің Чачнагирді өлтіруі	173
XXXVII хикая	Фатиманың Нестан-Дареджан туралы айтқан хикаясы	175
XXXVIII хикая	Фатиманың Нестан-Дареджанды сақтауы және ол туралы Усейінге айтуы	179
XXXIX хикая	Усейіннің Нестан-Дареджан туралы патшаға айтуы	182
XL хикая	Нестан-Дареджанның тұтқын болғандығы туралы Фатиманың Автандилге айтқан әңгімесі	189
XL I хикая	Фатиманың Нестан-Дареджанға жазған хаты	197
XL II хикая	Нестан-Дареджанның Фатимаға жазған хаты	200
XL III хикая	Нестан-Дареджанның ғашығына жазған хаты	202
XL IV хикая	Нұрадин-Фридонға Автандилдің жазған хаты	206
XL V хикая	Автандилдің Гуланшародан кетіп Таризельмен кездесуі	208
XL VI хикая	Таризель мен Автандилдің Нұрадин-Фридонға аттануы	214
XL VII хикая	Фридон мен Автандилдің және Таризельдің Каджет қамалының жанындағы мәжілісі	217
XL VIII хикая	Каджет қамалының алынуы және Нестан-Дареджанның азат етілуі	220
XL IX хикая	Таризельдің теңіз патшасының еліне келуі	223
L хикая	Теңіз патшасымен қоштасып, Таризельдің Нұрадин-Фридонның еліне келуі	226
LI хикая	Нұрадин-Фридонның сарайында Таризель мен Нестан-Дареджанның некесін қиғандығы туралы	229
LII хикая	Таризельдің үңгірге қайтып келіп мол қазынаны көшіріп әкетуі туралы	233



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АПИТЕКАСЫ

<i>LIII хикая</i>	Аравия патшасының ұлықсаты бойынша Авандилдің Тинатинге үйленуі	240
<i>LIV хикая</i>	Тариэль мен Нестан-Дареджанның Үндістан патшасының өлгендігін естуі	244
<i>LV хикая</i>	Тариэль мен Нестан-Дареджанның тахқа отыруы туралы сөз	247
Соңғы сөз	, , ,	249
Түсініктер	, , ,	251



27

Шота Руставели
ВИТЯЗЬ В ТИГРОВОЙ ШКУРЕ
(п о э м а)

Переводчик Хамза Абдуллин

Издательство «Жазушы», Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105.

Редактор Б. Алдамжаров. Худ. редактор Б. Табылдиев. Техн. редактор Фаритденов. Корректор Н. Измаилова. Сдано в набор 11/IX-1973 г. Изд. № 325. Подписано к печати 5/III—1974 г. Бумага типографская № 1. 70×90¹/₁₆ = 16,0 печ. л.+7 вкл.—19,72 усл. печ. л. (12,3 уч.-изд. л.). Тираж 40 000 экз. Цена 1 р. 62 к. Заказ № 1908. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров КазССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.

Or 603
109
27095320
302-417099

6625